Бекітемін
«Гүлдер» жекеменшік
балабақшасының директоры
_____________ М.Е.Овезова

**2025-2026 ОҚУ ЖЫЛЫНА АРНАЛҒАН «АҚБИДАЙ» ЕРЕСЕК ТОБЫНЫҢ**
**ТӘРБИЕЛЕУ-БІЛІМ БЕРУ ПРОЦЕСІНІҢ ЦИКЛОГРАММАСЫ**
**/ЖЕЛТОҚСАН АЙЫ/**

Мектепке дейінгі ұйым (білім беру ұйымының атауы) «Гүлдер» балабақшасы

Топ: ересек топ «Ақбидай»

Балалардың жасы: 4 жастағы балалар

Қандай кезеңге жасалды (апта күндерін, айды, жылды көрсету): **01.12 - 05.12.2025ж.**

Педагогтің аты-жөні: Ержанова Н., Қайыр Ж.

| **Апта күндері** | ***Дүйсенбі*** | ***Сейсенбі*** | ***Сәрсенбі*** | ***Бейсенбі*** | ***Жұма*** |
|---|---|---|---|---|---|
| **Балаларды қабылдау** | Балаларды жақсы көңіл күймен қарсы алу және оларға қолайлы жағдай жасау. Баланың көңіл күйін, оның жеке пікірін, қызығушылығын анықтау.<br><br>Дамытушы мультфильмді қосып қарсы алу.<br>“Еркем-ай”<br>(қарым-қатынас іс-әрекеті, музыка) | . Балаларды жақсы көңіл күймен қарсы алу және оларға қолайлы жағдай жасау. Баланың көңіл күйін, оның жеке пікірін, қызығушылығын анықтау.<br>Бақшамызға барғанда,<br>Жолыққан бар жандарға<br>Ертемен ақ пейілмен<br>Ертемен ақ пейілмен<br>"Қайырлы таң!"- деймін мен.<br>Күндіз де елді елеймін:<br>Үйге кешке келемін,<br>Не дерімді білемін<br>«Кеш жарық!»-деп кіремін.<br>Шеңбер бойына тұрып, қимылдар жасайды.<br>(тіл дамыту және көркем әдебиет) | Балаларды жақсы көңіл күймен қарсы алу және оларға қолайлы жағдай жасау. Баланың көңіл күйін, оның жеке пікірін, қызығушылығын анықтау.<br>Білім тақырыбында әуенді қосып қарсы алу.<br>Сәлемдесу<br>Бақшамызға барғанда,<br>Жолыққан бар жандарға<br>Ертемен ақ пейілмен<br>"Қайырлы таң!"- деймін мен.<br>Күндіз де елді елеймін:<br>Үйге кешке келемін,<br>Не дерімді білемін<br>«Кеш жарық!» - деп кіремін.<br>(тіл дамыту және көркем әдебиет) | Балаларды жақсы көңіл күймен қарсы алу және оларға қолайлы жағдай жасау. Баланың көңіл күйін, оның жеке пікірін, қызығушылығын анықтау.<br><br>дамытушы мультфильмді қосып қарсы алу.<br>“Еркем-ай”<br>(қарым-қатынас іс-әрекеті, музыка) | Балаларды жақсы көңіл күймен қарсы алу және оларға қолайлы жағдай жасау. Баланың көңіл күйін, оның жеке пікірін, қызығушылығын анықтау.<br><br>«Күй күмбірі»<br>Күйді қосып, балаларды қарсы алу.<br>(музыка) |
| **Балаларды қабылдау** | Таңғы сүзгі: балалардың терісін, дене қызуын, сыртқы көрінісін тексеру. Балаларды жақсы көңіл күймен қарсы алу және оларға қолайлы жағдай жасау. Баланың көңіл күйін, оның жеке пікірін, қызығушылығын анықтау.<br><br>дамытушы мультфильмді қосып қарсы алу.<br>“Еркем-ай”<br>(қарым-қатынас іс-әрекеті, музыка) | Таңғы сүзгі: балалардың терісін, дене қызуын, сыртқы көрінісін тексеру. Балаларды жақсы көңіл күймен қарсы алу және оларға қолайлы жағдай жасау. Баланың көңіл күйін, оның жеке пікірін, қызығушылығын анықтау.<br>Бақшамызға барғанда,<br>Жолыққан бар жандарға<br>Ертемен ақ пейілмен<br>Ертемен ақ пейілмен<br>"Қайырлы таң!"- деймін мен.<br>Күндіз де елді елеймін:<br>Үйге кешке келемін, | Таңғы сүзгі: балалардың терісін, дене қызуын, сыртқы көрінісін тексеру. Балаларды жақсы көңіл күймен қарсы алу және оларға қолайлы жағдай жасау. Баланың көңіл күйін, оның жеке пікірін, қызығушылығын анықтау.<br>Білім тақырыбында әуенді қосып қарсы алу.<br>Сәлемдесу<br>Бақшамызға барғанда,<br>Жолыққан бар жандарға<br>Ертемен ақ пейілмен<br>"Қайырлы таң!"- деймін мен. | Таңғы сүзгі: балалардың терісін, дене қызуын, сыртқы көрінісін тексеру. Балаларды жақсы көңіл күймен қарсы алу және оларға қолайлы жағдай жасау. Баланың көңіл күйін, оның жеке пікірін, қызығушылығын анықтау.<br><br>дамытушы мультфильмді қосып қарсы алу.<br>“Еркем-ай”<br>(қарым-қатынас іс-әрекеті, музыка) | Таңғы сүзгі: балалардың терісін, дене қызуын, сыртқы көрінісін тексеру. Балаларды жақсы көңіл күймен қарсы алу және оларға қолайлы жағдай жасау. Баланың көңіл күйін, оның жеке пікірін, қызығушылығын анықтау.<br><br>«Күй күмбірі»<br>Күйді қосып, балаларды қарсы алу.<br>(музыка) |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | Не дерімді білемін<br>«Кеш жарық!»-деп кіремін.<br>Шеңбер бойына тұрып, қимылдар жасайды. (тіл дамыту және көркем әдебиет) | Күндіз де елді елеймін:<br>Үйге кешке келемін,<br>Не дерімді білемін<br>«Кеш жарық!» - деп кіремін.<br>(тіл дамыту және көркем әдебиет) | | |
| **Ата-аналармен немесе баланың басқа заңды өкілдерімен әңгімелесу, кеңес беру** | "Бала өміріндегі дәрумендердің маңызы" тақырыбында кеңес. | Ата-аналарға арналған кеңес: "Балабақшадағы сияқты күн тәртібін үй жағдайында ұйымдастыру". | Ата-аналар арналған кеңес: "Баланы дұрыс сөйлеуге қалай үйретуге болады". | Сұрақ-жауап: "Балада салауатты өмір салтын ұстануға бағытталған, отбасы дәстүрлері". | Айына бір рет "Отбасы күнін" өткізу. |
| **Балалардың іс-әрекеті (ойын, танымдық, коммуникативтік, шығармашылық, эксперименталдық, еңбек, қимыл, бейнелеу, дербес және басқалары)** | «Өнегелі тәрбие»<br>Еңбек тапсырмалары: "Бөлме өсімдіктерін суару".<br>(қоршаған әлеммен таныстыру, еңбек дағдылары)<br>Өсімдіктер, оларға күтім жасау (суару) туралы, өсімдіктердің өсуі үшін жер, топырақ, су, күн, жарық, ылғал, жылудың қажеттілігі туралы түсініктерді анықтау, дамыту; су құйғышпен суару тәсілдерін бекіту; берілген тапсырмаға жауапкершілікпен қарауды қалыптастыру; еңбек дағдыларын дамыту; қамқорлыққа, тазалыққа тәрбиелеу.<br><br>«Менің Қазақстаным»<br>Қазақстан Республикасының Гимн орындауы.<br>Мақсат-міндеттер. Балаларды патриоттық тәрбиені қалыптастырады.<br>(музыка)<br><br>Көркемсөзді мәнерлеп оқу жаттығуы.<br>(тіл дамыту және көркем әдебиет, қазақ тілі) | «Өнегелі тәрбие»<br>Еңбек тапсырмалары: "Ұйымдастырылған іс-әрекетке керек материалдар мен құрал-жабдықтарды дайындаймыз". (қоршаған әлеммен таныстыру, еңбек дағдылары)<br>Мақсат-міндеттері.<br>Балаларды ұйымдастырылған іс-әрекетке керек материалдар мен құрал-жабдықтарды таратуға, тиянақты жинауға дағдыландыру; берілген тапсырмаға жауапкершілікпен қарауды қалыптастыру: бастаған істі аяғына дейін жеткізе білу.<br><br>"Жалпы атауын бер" үстел үсті ойыны.<br>(қоршаған әлеммен таныстыру, тіл дамыту және көркем әдебиет)<br>Мақсат-міндеттері.<br>Балаларды бірнеше объектіні, затты ортақ белгісі, қасиеті бойынша жіктеп, біріктіріп, жіктеп, топтаманы дұрыс | «Өнегелі тәрбие»<br>Еңбек тапсырмалары: "Асхана бойынша кезекшілік".<br>(қоршаған әлеммен таныстыру, еңбек дағдылары)<br>Мақсат-міндеттері: топта кезекшілердің міндеттерін өз бетінше орындауға үйрету: нан салғыштарды, кружкаларды, тәрелкелер мен майлықтарды, ас құралдарын (қасықтар, шанышқылар) ретімен қою; берілген тапсырмаға жауапкершілікпен қарауды қалыптастыру.<br><br>"Домино" дидактикалық ойыны.<br>(қоршаған әлеммен таныстыру, основы математики)<br>Мақсат-міндеттер: баланың топтамалар жайлы білімдерін дамыту, пысықтау; сәйкес заттың бейнесін тауып дұрыс атауға, оның атқаратын қызметі жайында бір сөйлемді құрастыруға дағдыландыру; қабылдау, | «Өнегелі тәрбие»<br>Еңбек тапсырмалары: "Біздің шкафта тәртіп бар".<br>(қоршаған әлеммен таныстыру, еңбек дағдылары)<br>Мақсат-міндеттері: балаларға сыртқы киімге арналған шкафта заттарды бүктеу кезінде ұқыптылыққа үйрету.<br><br>Қауіпсіздік. "Кездейсоқ жағдайларда мен не істеймін?" жаттығуы<br>(қоршаған әлеммен таныстыру, тіл дамыту және көркем әдебиет)<br>Мақсат-міндеттері. кездейсоқ жағдайларда (адасып қалу, құлау) өзін дұрыс ұстауға үйрету; бейтаныс адамдармен қарым-қатынас жасау ережелерін бекіту.<br><br>Боямақ суреттермен жаттығулар.<br>(сурет салу, қоршаған әлеммен таныстыру)<br>Мақсат-міндеттері. Пішіннің шеткі сызығынан шықпай ырғақты түрде бояуды, сурет салуда еңкеймей, арқаны тік | Ұлттық сезім күні<br>«Өнегелі тәрбие»<br>Еңбек тапсырмалары: "Ойыншықтарды тәртіпте ұстау".<br>(қоршаған әлеммен таныстыру, еңбек дағдылары)<br>Мақсат-міндеттері.<br>Балалардың еңбек етуге деген оң көзқарасын тәрбиелеу, берілген тапсырмаға жауапкершілікпен қарауды қалыптастыру: бастаған істі аяғына дейін жеткізе білу, оны жақсы орындау.<br>Топты және ойын алаңын таза ұстауға, ойыншықтарды жинауда тәрбиешіге көмектесуге баулу: алжапқышын киюді үйрету; ойыншықтарды (қажет болғанда, жуу, кептіру) сүрту және орнына қою.<br>Тәртіпсіздікті көре білуді дамыту; ұқыптылыққа тәрбиелеу.<br><br>«Лото» үстел үсті ойыны.<br>Табиғи құбылыстар<br>(қоршаған әлеммен таныстыру) |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | Мақсат-міндеттері. Өлеңдерді жаттауда түрлі интонацияларды, үзілістерді, логикалық екпінді қолданып, оларды есте сақтауға үйрету. Қазақ тіліне тән дыбыстарды анық айтуға баулу. Отанды сүюге тәрбиелеу.<br>“Отан” (үзінді) (Мұқағали Мақатаев)<br>Мен оның түнін сүйем, күнін сүйем,<br>Ағынды өзен, асқар тау, гүлін сүйем.<br>Мен оның қасиетті тілін сүйем,<br>Мен оның құдіретті үнін сүйем.<br>Отан!<br>Отан!<br>Бәрінен биік екен.<br>Мен оны мәңгілікке сүйіп өтем.<br>Отанды сүймеуің де күйік екен,<br>Отанды сүйгенің де күйік екен…<br><br>Лего бөлшектерінен құрастыру.<br>(құрастыру, қазақ тілі, қоршаған әлеммен таныстыру)<br>Мақсат-мәндеттері. Құрылыс бөлшектеріне ұқыптылықпен қарау, ойнап болған соң оларды жинау және орнына қою, құрастыру барысында қауіпсіздік ережелерін сақтау; құрастырылған құрылыс бөлшектерінің кеңістікте орналасуын айқындау; құрылыс нәтижесін атаған кезде қазақ тіліне тән дыбыстарды айтуға ынталандыру; қоршаған заттардың адамға пайдасы | атай білу дағдыларын жетілдіру; сөздік қорларын байыту; ақыл-ой қабілетін дамыту.<br>Сөйлеуде жалпылауыш сөздерді қолдануға үйрету.<br>Балаларға лото карталары беріледі. Балалар белгілі карточкаларды топтастырып жалпы атауын атайды (жануарлар, құстар, үй құстары, үй жануарлары, құралдар, жиһаз, ыдыс-аяқ, ғимараттар, қыздардың және ұлдардың киімдері).<br><br>"Пазлды құра" ойын-жаттығуы.<br>(құрастыру, қоршаған әлеммен таныстыру)<br>Мақсат-міндеттер: қоршаған заттар туралы түсініктерді тиянақтау; құрастырылған пазл бөлшектерінің кеңістікте, жазықтықта, орналасуын айқындау, тұтас бейнені құрастыруға ынталандыру; салыстыру, жалпылау, заттарды дұрыс атауға; қодың ұсақ моторикасын, ойлау қабілетін дамыту. | зейін, ойлау қабілеттері, ұсақ қол моторикасын жетілдіру.<br>Ойын шарты.<br>Суреттері сәйкес келетін карточкалардың біріне қатарлап тізіп қою, кім бұрын барлық карточкаларын қояды, сол жеңіп шығады.<br>Қажетті құралдар: бірдей қос суреттер, әртүрлі объектілердің бейнеленген көлемдері 5×6 см карточкалар.<br><br>Көркем сөзді мәнерлеп оқу жаттығуы.<br>(тіл дамыту және көркем әдебиет)<br>Мақсат-міндеттері. Балалардың өлеңдерді тыңдауға, көркем сөзге, кітапқа қызығушылыққа баулу.<br>Тыңдалған шығарманың мазмұнын қайталап айтуға, қысқа өлеңдерді жатқа айтуға баулу.<br>"Сауысқан"<br>Ала қанат сауысқан,<br>Қырда ұшқан,<br>Тауда ұшқан.<br>Шықылықтап жүріп бұл,<br>Жер сырына қаныққан. | ұстап, дұрыс еркін отыруға, қауіпсіздікті сақтауға баулу; қоршаған орта заттары, олардың қасиеттері және қолданылуы туралы түсініктерін кеңейту.<br><br>Көркемсөзді мәнерлеп оқу жаттығуы.<br>(тіл дамыту және көркем әдебиет, қазақ тілі)<br>Мақсат-міндеттері. Өлеңдерді жаттауда түрлі интонацияларды, үзілістерді, логикалық екпінді қолданып, оларды есте сақтауға үйрету. Қазақ тіліне тән дыбыстарды анық айтуға баулу.<br>“Біздің ту” (Абрахман Асылбек)<br>Отан туы желбіреп,<br>Көз тартады құбыла.<br>Біз қараймыз елжіреп<br>Туған елдің туына.<br>Жарқырайды төбеден<br>Ту бетінде гербіміз:<br>Берекеге бөлеген<br>Алтын астық – белгіміз. | Мақсат-міндеттері. Балалардың табиғи құбылыстар туралы ұғымдарын байыту.<br>Балаларда мінез-құлық мәдениеті мен сыпайы қарым-қатынас негіздерін қалыптастыруды жалғастыру; өз өтінішін сыпайы түрде білдіру; қарапайым экологиялық білімдерін қалыптастыру.<br><br>Ұлттық ойын - ұлт қазынасы». Қазақтың ұлттық қозғалмалы ойыны «Ақ сандық, көк сандық». (дене тәрбиесі)<br>Мақсат-міндеттер. Балалардың қимылды ойындарға қызығушылықтарын дамыту; физикалық қасиеттерді (шапшаңдық, күш, шыдамдылық, икемділік, ептілікті) дамыту; ойын ережелерін бұзбай, саналы түрде сақтауға, ойнай білуге баулу; ойын жүргізушіні мұқият тыңдай білуге, достыққа тәрбиелеу.<br>Ертең ауылым көшеді,<br>Уық-буын шешеді.<br>Қара қойым қашады,<br>Құмалағын шашады.<br>Ақ сандық, көк сандық,<br>Арқан тарт, кілем арт! |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | туралы білімдерін бекіту; бастаған ісін аяғына дейін жеткізуге үйрету. | | | | |
| **Ертеңгілік жаттығу** | Жалпы дамыту жаттығулары (таяқшалармен)<br>(дене тәрбиесі, дербес әрекет)<br>1.Бастапқы қалып: дене тік, аяқ бірге, таяқша төменде.<br>1 - таяқшаларын жоғары көтереді; 2 - бастарына қояды; 3 - таяқшаны жоғары көтереді; 4 - бастапқы қалыпқа келу. (жаттығу 4 рет қайталанады).<br>2. Бастапқы қалып: дене тік, аяқ алшақ, таяқша төменде.<br>1 - таяқшаларын жоғары көтереді; 2 - қолын түзу ұстап, оң жаққа иіледі; 3 - таяқшаны жоғары көтеріп, тіктеледі; 4 - бастапқы қалыпқа келу. (жаттығу 4 рет қайталанады).<br>3. Бастапқы қалып: дене тік, аяқ бірге, таяқша төменде.<br>1 - 2 - отырып, таяқшаларын жоғары көтереді; 3 - 4 - бастапқы қалыпқа келу. (жаттығу 4 рет қайталанады).<br>4. Бастапқы қалып: дене тік, таяқшаны артқа ұстайды.<br>1 - 2 - таяқшаны жоғары көтеру; 3 - 4 - бастапқы қалыпқа келу. (жаттығу 4 рет қайталанады).<br>5. Бастапқы қалып: жерде отырады, аяқ алшақ, таяқшалар бас жағында.<br>1 - таяқшаларын жоғары көтереді; 2 - иіліп, таяқты оң аяғының басына тигізеді; 3 - тіктеліп, таяқты жоғары көтеру; 4 - бастапқы қалыпқа келу. (жаттығу 4 рет қайталанады).<br>6. Бастапқы қалып: дене тік, | Жалпы дамыту жаттығулары (таяқшалармен)<br>(дене тәрбиесі, дербес әрекет)<br>1. Бастапқы қалып: дене тік, аяқ бірге, таяқша төменде.<br>1 - таяқшаларын жоғары көтереді; 2 - бастарына қояды; 3 - таяқшаны жоғары көтереді; 4 - бастапқы қалыпқа келу.<br>(жаттығу 4 рет қайталанады).<br>2. Бастапқы қалып: дене тік, аяқ алшақ, таяқша төменде.<br>1 - таяқшаларын жоғары көтереді; 2 - қолын түзу ұстап, оң жаққа иіледі; 3 - таяқшаны жоғары көтеріп, тіктеледі; 4 - бастапқы қалыпқа келу. (жаттығу 4 рет қайталанады).<br>3. Бастапқы қалып: дене тік, аяқ бірге, таяқша төменде.<br>1 - 2 - отырып, таяқшаларын жоғары көтереді; 3 - 4 - бастапқы қалыпқа келу. (жаттығу 4 рет қайталанады).<br>4. Бастапқы қалып: дене тік, таяқшаны артқа ұстайды.<br>1 - 2 - таяқшаны жоғары көтеру; 3 - 4 - бастапқы қалыпқа келу. (жаттығу 4 рет қайталанады).<br>5. Бастапқы қалып: жерде отырады, аяқ алшақ, таяқшалар бас жағында.<br>1 - таяқшаларын жоғары көтереді; 2 - иіліп, таяқты оң аяғының басына тигізеді; 3 - тіктеліп, таяқты жоғары көтеру; 4 - бастапқы қалыпқа келу. (жаттығу 4 рет | Жалпы дамыту жаттығулары (таяқшалармен)<br>(дене тәрбиесі, дербес әрекет)<br>1. Бастапқы қалып: дене тік, аяқ бірге, таяқша төменде.<br>1 - таяқшаларын жоғары көтереді; 2 - бастарына қояды; 3 - таяқшаны жоғары көтереді; 4 - бастапқы қалыпқа келу.<br>(жаттығу 4 рет қайталанады).<br>2. Бастапқы қалып: дене тік, аяқ алшақ, таяқша төменде.<br>1 - таяқшаларын жоғары көтереді; 2 - қолын түзу ұстап, оң жаққа иіледі; 3 - таяқшаны жоғары көтеріп, тіктеледі; 4 - бастапқы қалыпқа келу. (жаттығу 4 рет қайталанады).<br>3. Бастапқы қалып: дене тік, аяқ бірге, таяқша төменде.<br>1 - 2 - отырып, таяқшаларын жоғары көтереді; 3 - 4 - бастапқы қалыпқа келу. (жаттығу 4 рет қайталанады).<br>4. Бастапқы қалып: дене тік, таяқшаны артқа ұстайды.<br>1 - 2 - таяқшаны жоғары көтеру; 3 - 4 - бастапқы қалыпқа келу. (жаттығу 4 рет қайталанады).<br>5. Бастапқы қалып: жерде отырады, аяқ алшақ, таяқшалар бас жағында.<br>1 - таяқшаларын жоғары көтереді; 2 - иіліп, таяқты оң аяғының басына тигізеді; 3 - тіктеліп, таяқты жоғары көтеру; 4 - бастапқы қалыпқа келу. (жаттығу 4 рет | Жалпы дамыту жаттығулары (таяқшалармен)<br>(дене тәрбиесі, дербес әрекет)<br>1. Бастапқы қалып: дене тік, аяқ бірге, таяқша төменде.<br>1 - таяқшаларын жоғары көтереді; 2 - бастарына қояды; 3 - таяқшаны жоғары көтереді; 4 - бастапқы қалыпқа келу.<br>(жаттығу 4 рет қайталанады).<br>2. Бастапқы қалып: дене тік, аяқ алшақ, таяқша төменде.<br>1 - таяқшаларын жоғары көтереді; 2 - қолын түзу ұстап, оң жаққа иіледі; 3 - таяқшаны жоғары көтеріп, тіктеледі; 4 - бастапқы қалыпқа келу. (жаттығу 4 рет қайталанады).<br>3. Бастапқы қалып: дене тік, аяқ бірге, таяқша төменде.<br>1 - 2 - отырып, таяқшаларын жоғары көтереді; 3 - 4 - бастапқы қалыпқа келу. (жаттығу 4 рет қайталанады).<br>4. Бастапқы қалып: дене тік, таяқшаны артқа ұстайды.<br>1 - 2 - таяқшаны жоғары көтеру; 3 - 4 - бастапқы қалыпқа келу. (жаттығу 4 рет қайталанады).<br>5. Бастапқы қалып: жерде отырады, аяқ алшақ, таяқшалар бас жағында.<br>1 - таяқшаларын жоғары көтереді; 2 - иіліп, таяқты оң аяғының басына тигізеді; 3 - тіктеліп, таяқты жоғары көтеру; 4 - бастапқы қалыпқа келу. (жаттығу 4 рет | Жалпы дамыту жаттығулары (таяқшалармен)<br>(дене тәрбиесі, дербес әрекет)<br>1. Бастапқы қалып: дене тік, аяқ бірге, таяқша төменде.<br>1 - таяқшаларын жоғары көтереді; 2 - бастарына қояды; 3 - таяқшаны жоғары көтереді; 4 - бастапқы қалыпқа келу.<br>(жаттығу 4 рет қайталанады).<br>2. Бастапқы қалып: дене тік, аяқ алшақ, таяқша төменде.<br>1 - таяқшаларын жоғары көтереді; 2 - қолын түзу ұстап, оң жаққа иіледі; 3 - таяқшаны жоғары көтеріп, тіктеледі; 4 - бастапқы қалыпқа келу. (жаттығу 4 рет қайталанады).<br>3. Бастапқы қалып: дене тік, аяқ бірге, таяқша төменде.<br>1 - 2 - отырып, таяқшаларын жоғары көтереді; 3 - 4 - бастапқы қалыпқа келу. (жаттығу 4 рет қайталанады).<br>4. Бастапқы қалып: дене тік, таяқшаны артқа ұстайды.<br>1 - 2 - таяқшаны жоғары көтеру; 3 - 4 - бастапқы қалыпқа келу. (жаттығу 4 рет қайталанады).<br>5. Бастапқы қалып: жерде отырады, аяқ алшақ, таяқшалар бас жағында.<br>1 - таяқшаларын жоғары көтереді; 2 - иіліп, таяқты оң аяғының басына тигізеді; 3 - тіктеліп, таяқты жоғары көтеру; 4 - бастапқы қалыпқа келу. (жаттығу 4 рет |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | аяқ бірге, таяқша төменде. 1 - таяқты жоғары ұстап, аяқты алшақ ұстап, секіру;<br>2 - бастапқы қалыпқа келу.<br>(жаттығу 4 рет қайталанады).<br>7. Бастапқы қалып: дене тік, аяқ бірге, қолды бүгіп, таяқшаны көкірек тұсында ұстау.<br>1 - таяқты жоғары ұстап, аяғын оң жаққа аяқтың ұшымен қою;<br>2 - бастапқы қалыпқа келу.<br>(жаттығу 4 рет қайталанады). | қайталанады).<br>6. Бастапқы қалып: дене тік, аяқ бірге, таяқша төменде. 1 - таяқты жоғары ұстап, аяқты алшақ ұстап, секіру;<br>2 - бастапқы қалыпқа келу.<br>(жаттығу 4 рет қайталанады).<br>7. Бастапқы қалып: дене тік, аяқ бірге, қолды бүгіп, таяқшаны көкірек тұсында ұстау.<br>1 - таяқты жоғары ұстап, аяғын оң жаққа аяқтың ұшымен қою;<br>2 - бастапқы қалыпқа келу.<br>(жаттығу 4 рет қайталанады). | қайталанады).<br>6. Бастапқы қалып: дене тік, аяқ бірге, таяқша төменде. 1 - таяқты жоғары ұстап, аяқты алшақ ұстап, секіру;<br>2 - бастапқы қалыпқа келу.<br>(жаттығу 4 рет қайталанады).<br>7. Бастапқы қалып: дене тік, аяқ бірге, қолды бүгіп, таяқшаны көкірек тұсында ұстау.<br>1 - таяқты жоғары ұстап, аяғын оң жаққа аяқтың ұшымен қою;<br>2 - бастапқы қалыпқа келу.<br>(жаттығу 4 рет қайталанады). | қайталанады).<br>6. Бастапқы қалып: дене тік, аяқ бірге, таяқша төменде. 1 - таяқты жоғары ұстап, аяқты алшақ ұстап, секіру;<br>2 - бастапқы қалыпқа келу.<br>(жаттығу 4 рет қайталанады).<br>7. Бастапқы қалып: дене тік, аяқ бірге, қолды бүгіп, таяқшаны көкірек тұсында ұстау.<br>1 - таяқты жоғары ұстап, аяғын оң жаққа аяқтың ұшымен қою;<br>2 - бастапқы қалыпқа келу.<br>(жаттығу 4 рет қайталанады). | қайталанады).<br>6. Бастапқы қалып: дене тік, аяқ бірге, таяқша төменде. 1 - таяқты жоғары ұстап, аяқты алшақ ұстап, секіру;<br>2 - бастапқы қалыпқа келу.<br>(жаттығу 4 рет қайталанады).<br>7. Бастапқы қалып: дене тік, аяқ бірге, қолды бүгіп, таяқшаны көкірек тұсында ұстау.<br>1 - таяқты жоғары ұстап, аяғын оң жаққа аяқтың ұшымен қою;<br>2 - бастапқы қалыпқа келу.<br>(жаттығу 4 рет қайталанады). |
| **Таңғы ас** | Гигиеналық дағдылар<br>(мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет, тіл дамыту және көркем әдебиет)<br>Мақсат-міндеттері.<br>Тамақтанар алдында, дәретханаға барғаннан кейін, ластанған кезде қолды өз бетінше сабынмен жууға үйрету. Тарақты, қол орамалды пайдалана білуді бекіту.<br>Тамақтану әдебін сақтау. Тамақты асықпай шайнау, асхана құралдарын (қасық, шанышқы), майлықты дұрыс қолдану, тамақтанып болғаннан кейін ауызды шаю.<br>Балаларға ауызды жауып жеуді, асты дыбыссыз шайнауды, асты төкпей-шашпай жеуді үйретуді жалғастыру.<br>Балалардың түрлі әрекеттерінде өлеңдерді тыңдауға, көркем сөзге қызығушылыққа баулу.<br>Көркем сөз<br>Микробтар қаскүнем,<br>Көрмесем де білемін.<br>Ішер кезде асты мен,<br>Қолды жуып жүремін. | | | | |
| **Ұйымдастырылған іс-әрекетті өткізуге дайындық** | «Менің Қазақстаным» - Қазақстан Республикасының әнұранын орындау.<br>«Аналар мектебі»: қабылдау бөлмесін "Қыс мезгілі" тақырыбына әшекейлеу.<br>Балалар кітапханасы жайында суреттерді қарастыру; туған өлкедегі қыс туралы фотосуреттерді қарастыру; өлеңдер мен әңгімелерді оқу: "Екі аяз", "Жыл мезгілдері" ертегілер; Қ. Көпішев «Ақ боран», А. Құнанбаев "Қыс", Ә. Дүйсенбиевтің «Қыс».<br>"Күй күмбірі": "Бұғының күйі" - Мырза (орындаған Мұрат Абылғазы) https://kitap.kz/music/2/murat-abugazynyng-oryndauyndagy-kuyler<br>«Өнегелі»: Көмек және игі істер. Тақырыбы: «Көмектесу не үшін маңызды?» Мақсаты: балаларда басқаларға көмектесуге деген ұмтылысты тәрбиелеу. | | | | |
| | "Қыс" мезгілінің ерекшеліктері.<br>Қыс" мезгілінің суретіне қарап әңгімелесу.<br>(қоршаған әлеммен таныстыру, тіл дамыту және көркем әдебиет) | Қыс мезгілі туралы тақпақтар айту.<br>(қоршаған әлеммен таныстыру, тіл дамыту және көркем әдебиет)<br>Мақсат-міндеттері.<br>Балалардың өлеңдерді | Мнемокесте бойынша отбасы туралы өлеңдер жаттау.<br>(қоршаған әлеммен таныстыру, тіл дамыту және көркем әдебиет)<br>Мақсат-міндеттері.<br>Тыңдалған шығарманың | Үстел-үсті ойыны: "Керекті киімді табыңыз".<br>(қоршаған әлеммен таныстыру, тіл дамыту және көркем әдебиет)<br>Мақсат-міндеттер: балаларға қысқы және жазғы киімдерді | "Қыс" мезгілінің ерекшеліктері. "Қыс" мезгілінің суретіне қарап әңгімелесу.<br>(қоршаған әлеммен таныстыру, тіл дамыту және көркем әдебиет) |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | Мақсат-міндеттері. Балаларды суретті өз бетінше қарап, сипаттауға үйретуді жалғастыру. Диалогтік сөйлеуді жетілдіру: әңгімеге қатысуға баулу, диалогке қатысушы үшін түсінікті сұрақтар қоюға және қойылған сұрақтарға дұрыс, толық жауап беруге баулу. | тыңдауға, көркем сөзге, кітапқа қызығушылыққа баулу. | мазмұнын қайталап айтуға, қысқа өлеңдерді жатқа айтуға баулу. | ажырата білуге, зейін, есте сақтау және логикалық ойлауға тәрбиелеу. | Мақсат-міндеттері. Диалогтік сөйлеуді жетілдіру: әңгімеге қатысуға баулу, диалогке қатысушы үшін түсінікті сұрақтар қоюға және қойылған сұрақтарға дұрыс, толық жауап беруге баулу. |
| **Кестеге сәйкес ҰІӘ** | Дене тәрбиесі<br>"Досқа нені үйретемін?"<br>Мақсат-міндеттері. Балаларға аяқтың ұшымен тұру; қолын беліне қойып, бір аяқпен тұруды; көлбеу тақтайдың үсітмен (ені 2 см, биіктігі 30-35 см) жоғары және төмен жүруді үйрету.<br>"Баскетбол" қимылды ойыны.<br>Мақсат-міндеттері. Екі топқа бөліп, баскетбол добына арналған торға белгіленген нысанадан аспай, допты көкірек тұсынан дәлдеп лақтыруды үйрету. | Қазақ тілі<br>"Қазақстан байлықтары. 5 дейін санау, кері санау".<br>Мақсат-міндеттері: балалардың еліміздің негізгі байлықтары туралы білімдерін кеңейту; "байлықты" дұрыс атауды қолданылу аясы туралы түсініктерін нақтылау.<br><br>Музыка<br>"Дала аппақ"<br>Мақсат-міндеттер. Балалардың әндегі төмен және жоғары дыбыстарды ажырата білу қабілетін жетілдіру; музыкадағы ырғақты сезіне білу қабілетін дамыту; музыка әуенімен жүгіруге және алға-артқа секіру дағдысына үйрету; музыкалық аспаптардың дыбысын ажырата білу және музыкалық аспапта ойнау қабілетін қалыптастыру. | Дене тәрбиесі<br>"Төрт тағандап еңбектеу".<br>Мақсат-міндеттері: балаларды сапта бірінің артынан бірі арақашықтықты сақтап, дене қалпын тексеріп, қатарға тұрғызуға үйрету. | Музыка<br>"Дала аппақ" (Бекіту)<br>Мақсат-міндеттер. Балалардың әндегі төмен және жоғары дыбыстарды ажырата білу қабілетін жетілдіру; музыкадағы ырғақты сезіне білу қабілетін дамыту; музыка әуенімен жүгіруге және алға-артқа секіру дағдысына үйретуді жалғастыру; музыкалық аспаптардың дыбысын ажырата білу және музыкалық аспапта ойнау қабілетін дамыту. | Дене тәрбиесі<br>"Сапты бұзбай еңбектейміз".<br>Мақсат-міндеттер: балаларды көлбеу тақтаймен (ені 2 см, биіктігі 30-35 см) жоғары және төмен жүгіруге; орта жылдамдықпен жүруді кезектестіре отырып, 40-50 метрге жүгіруге үйрету. |
| | Тіл дамыту және көркем әдебиеттен ойын-жаттығулар.<br>"Қазақстан картасы бойынша әңгімелесу. Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті: [-с], -з] дыбыстары".<br>Мақсат-міндеттер: Отанын | Тіл дамыту және көркем әдебиеттен ойын-жаттығулар.<br>"Көк тудың желбірегені".<br>Мақсат-міндеттер: балаларды еліміздің тәуелсіздігі туралы өлеңмен таныстыра отырып, жатқа айтуға үйрету. | Математика негіздерінен ойын-жаттығулар.<br>"Әжемнің құрақ көрпесі. Шаршы мен тіктөртбұрыш"<br>Мақсат-міндеттер: балалардың геометриялық пішіндер, тіктөртбұрыш пен | Қоршаған әлеммен таныстырудан ойын-жаттығулар.<br>"Қазақстан қалалары"<br>Мақсат-міндеттер: балаларды Қазақстанның картасымен таныстыра отырып, еліміздің | Жапсырудан ойын-жаттығулар.<br>"Тостағанды әшекейлейміз".<br>Мақсат-міндеттер: балаларды қағазды бұру арқылы, бұрыштарын кесіп алып, тостаған қимаүлгісін |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | сүю және басқа тақырыптарға қатысты [С], [З] дыбыстары бар сөздер мен фразаларды нақтылы айта білуге жаттықтыру, осы дыбыстардың артикуляциясын орындата отырып, сөздер құрамында, атап айтқанда, басында құлақпен қабылдауп, атауға үйрету. | | шаршының қасиеттері, жөніндегі білімдерін тиянақтау.<br><br>Сурет салудан ойын-жаттығулар.<br>"Әдемі көйлек киген Дана".<br>Мақсат-міндеттер: балаларды мерекелі киімді киген Дананың бейнесін салуға үйрету; сурет салуда қарапайым дене пропорциясын, басы және ұзын етек, жеңі бар көйлекті, бетіндегі көздері мен ауызы сияқты ұсақ бөлшектерді салу техникасын қалыптастыру. | қалаларын жатқа білуге үйрету.<br><br>Вариатив. Құрастыру "Зәулім сарай".<br>Мақсат-міндеттері. Балаларға құрамында текше, білеу, кірпіш, призма, арка, цилиндр бар құрылыс материалдар жинағынан зәулім сарайды құрастыруды үйрету; балалардың құрылыс материалдарымен жұмыс істеу іскерліктерін жетілдіру; викторина ойыны арқылы балалардың танымдық қабілеттерін дамыту. | қағаздың тең ортасына, көлденең орналастырып жапсыруды, тостағанның тең ортасына сол жақтан оңға қарай ""қошқар мүйіз"" оюларын жапсыруды үйрету. |
| **2-ші таңғы ас** | Тағамның атауын есте сақтауға, тазалыққа бейімдеу. "Тәбетіміз ашылды, ас болсын!" (мәдени-гигиеналық дағдылар) | | | | |
| **Серуенге дайындық** | (мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет, қоршаған әлеммен таныстыру)<br>«Экологиялық тәрбие». Бақылау күнтізбесінде ауа райын белгілеу (суық, жылы, күн шуақты, қар, жаңбыр жауды, жел соқты), соған сәйкес киіну туралы анықтау.<br>«Өнегелі тәрбие». Өзіне-өзі қызмет көрсету дағдыларын қалыптастыру: өз бетінше киіну мен шешінуді, киімдерді жинауды, ілуді, ересектің көмегімен оларды тазалау, құрғатуды жетілдіру; барлық түймелерін түймелеуді, ілмекті салуды, бір-біріне көмектесуді үйрету; өз киімдерін тануды, атауды, күтуді бекіту.<br>«Қауіпсіздік». Қауіпсіздік жайында ескертулер: Өз өмірінің қауіпсіздігінің қарапайым дағдыларын меңгеру (электр құралдарынан сақ болу, сіріңкемен ойнамау, терезенің алдына шықпау, баспалдаққа көтерілгенде және түскенде таяныштан ұстау); қоршаған ортада, табиғатта қарапайым тәртіп ережелерін білу (қоқыс тастамау, өздігінен от жақпау). | | | | |
| **Серуен** | «Экологиялық тәрбие». Шетенді бақылау. (қоршаған әлеммен таныстыру, тіл дамыту және көркем әдебиет)<br>Мақсат-міндеттері.<br>Өсімдіктердің жіктелуі туралы түсініктерді кеңейту: бұталар және ағаштар (бақша, орман). Өсімдіктердің тірі тіршілік иелері екендігін, олардың өсуі үшін жарықтың, жылудың қажеттілігін анықтау.<br>Қыс мезгілінде шетенді бақылауды жалғастыру, оны қатты аяздан қалай құтқаруға болатындығын айту. | «Қауіпсіздік». Жаяу жүргіншілерді бақылау. (экологиялық тәрбие, қарым-қатынас іс-әрекеті, танымдық іс-әрекет, зерттеу іс-әрекеті)<br>Мақсат-міндеттері. Жол бөліктері (тротуар, жолдың жүру бөлігі мен жаяу жүргіншілер өтетін жол және жерасты жолдары), бағдаршам белгілері, жолда жүру ережелері туралы білімдерін қалыптастыру<br>Зайда Елғондинова<br>«Светофор»<br>Көшеде ол тұрады, | Қардың жауғанын бақылау. (қоршаған әлеммен таныстыру, тіл дамыту және көркем әдебиет)<br>Мақсат-міндеттері.<br>Қарапайым себеп-салдарлық байланыстарды бақылау және қар қасиеттерін анықтау.<br>Ауа райы мен климаттық жағдайлардың өзгеруін бақылау. Қазақстанның түрлі аймақтарында ауа райының түрліше болуы туралы түсінік беру.<br>Табиғат құбылыстары туралы ұғымдарын (жел, қар) | «Қауіпсіздік». Қыстайтын құстарды бақылау. Сауысқан (қоршаған әлеммен таныстыру, тіл дамыту және көркем әдебиет)<br>Мақсат-міндеттері. Бақылау барысында жануарлар әлеміндегі маусымға тән көріністерді: қыста - құстардың қоректендірудің қажеттігі анықтау.<br>Қыстайтын құстардың түрі, қозғалуы, тіршілік ету ортасы, азығы, қысқа бейімделуі туралы ұғымдарын байыту. | «Экологиялық тәрбие». Терезедегі қырауды бақылау. (қоршаған әлеммен таныстыру, тіл дамыту және көркем әдебиет)<br>Жұмбақ.<br>Өнері жоқ, қолы жоқ, Сурет салуды біледі. (терезедегі қырау).<br>Ырым. Егер терезелердің екі әйнегі де буланса, аяз күшейе түседі.<br>Бақылау: шыныдағы өрнектердің пайда болуы туралы түсінік беру. Жылы, сулы булар салқын терезелер |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | Марфуға Айтқожина "Ақ қайыңдар"<br>Ақ қайыңдар алқаптарды алқымдап,<br>Кешкі арай жатыр шынды алтындап.<br>Самал желмен желпінеді тау тұтас,<br>Бой жазып бір таза ауада салқындап.<br><br>«Өнегелі тәрбие».<br>Ересек адамдармен бірге орындалатын қарапайым еңбек тапсырмалары: жолдарды қардан тазалау.<br>(қоршаған әлеммен таныстыру, еңбек дағдылары)<br>Шамасы келетін жұмысты орындау кезінде балалардың бастамасын қолдау. Еңбек жасауда қауіпсіздікті сақтауды қадағалау.<br><br>«Ұлттық ойын - ұлт қазынасы»<br>Қазақ халқының ұлттық ойыны. «Ақсерек – көксерек».<br>(дене тәрбиесі)<br>Мақсат-міндеттері. Таныс ойындарды ұйымдастыруда бастамашылдық, дербестік танытуға баулу. Ойындарда физикалық қасиеттерді (жылдамдық, күш, шыдамдылық, икемділік, ептілік) дамыту.<br>Қимылды ойындарда жетекші рөлді орындауға үйрету, ойын ережелерін саналы түрде сақтауға баулу.<br>– Ақсерек-ау, ақ серек,<br>Бізден сізге кім керек.<br>– Ақсерек-ау, ақ серек,<br>Сізден бізге ... (бала аты) керек. | Көрмей қалма сен оны.<br>Жанса қызыл шырағы:<br>«Тоқта, жолдас!» – дегені.<br><br>Көшеде ол тұрады,<br>Көрмей қалма сен оны.<br>Жанса сары шырағы:<br>«Ал, дайындал!» – дегені.<br><br>Көшеде ол тұрады,<br>Көрмей қалма сен оны.<br>Жанса жасыл шырағы:<br>«Ал, өте бер!» – дегені.<br><br>«Өнегелі тәрбие». Ересек адамдармен бірге орындалатын қарапайым еңбек тапсырмалары: ұжыммен қар тазалау.<br>(еңбек дағдылары)<br>Мақсат-міндеттері. Ағаш күрекшені қолдану қабілетін бекіту. Берілген тапсырмаға жауапкершілікпен қарауды қалыптастыру: бастаған істі аяғына дейін жеткізе білу, оны жақсы орындау.<br><br>«Ұлттық ойын - ұлт қазынасы».<br>«Қара сиыр» ұлттық қимыл-қозғалыс ойын.<br>(дене тәрбиесі)<br>Мақсат-міндеттер. Таныс ойындарды ұйымдастыруда бастамашылдық, дербестік танытуға баулу. Ойындарда физикалық қасиеттерді (жылдамдық, икемділік, ептілік) дамыту. Қимылды ойындарда жетекші рөлді орындауға үйрету, ойын ережелерін саналы түрде сақтауға баулу. Кеңістікті бағдарлай білуге, | кеңейту.<br>Маусымдық құбылыс - қардың жауы туралы білімдерін бекіту.<br><br>«Өнегелі тәрбие». Ересек адамдармен бірге орындалатын қарапайым еңбек тапсырмалары: ауладағы қарды белгілі бір жерге күрекпен салу; кіреберіске апаратын жолды тазарту.<br>(еңбек дағдылары)<br>Мақсат-міндеттері. Жұмысқа жауапкершілікпен қарауды қалыптастыру; ұжымдық тапсырмаларды орындауға үйрету. Бастаған істі аяғына дейін жеткізе білу, оны жақсы орындау.<br><br>«Ұлттық ойын - ұлт қазынасы».<br>Қазақ халқының қимылды ойыны. «Түйілген орамал»<br>(дене тәрбиесі, қазақ тілі)<br>Мақсат-міндеттері. Қазақ халық қимылды ойындарға қызығушылықты дамыту; ойындарда физикалық қасиеттерді (жылдамдық, икемділік, ептілік) дамыту; қимылды ойындарда жетекші рөлді орындауға үйрету, ойын ережелерін саналы түрде сақтауға баулу.<br>Ойын жүргізуші ойынды өзі бастайды.<br><br>"Аяз ата" қимыл-қозғалыс ойыны.<br>(дене тәрбиесі)<br>Мақсат-міндеттері.<br>Өзіне тән қимыл- | Балалардың түрлі әрекеттерінде өлеңдерді тыңдауға баулу.<br>Қауіпсіздік. Құстарды бақылауда қауіпсіздік ережелерін сақтауды қадағалау.<br>"Сауысқан"<br>Ала қанат сауысқан,<br>Қырда ұшқан,<br>Тауда ұшқан.<br>Шықылықтап жүріп бұл,<br>Жер сырына қаныққан.<br><br>«Ұлттық ойын - ұлт қазынасы»<br>Қазақ халқының ұлттық ойыны. «Ақсерек – көксерек».<br>(дене тәрбиесі)<br>Мақсат-міндеттері. Таныс ойындарды ұйымдастыруда бастамашылдық, дербестік танытуға баулу. Ойындарда физикалық қасиеттерді (жылдамдық, күш, шыдамдылық, икемділік, ептілік) дамыту.<br>Қимылды ойындарда жетекші рөлді орындауға үйрету, ойын ережелерін саналы түрде сақтауға баулу.<br>– Ақсерек-ау, ақ серек,<br>Бізден сізге кім керек.<br>– Ақсерек-ау, ақ серек,<br>Сізден бізге ... (бала аты) керек.<br><br>«Тепе-теңдікті сақтап жүрейік» қимылды жаттығуы.<br>(дене тәрбиесі)<br>Мақсат-міндеттері. Тепе-теңдікті сақтау: қолды екі жаққа созып, сызықтардар | шынысына буланып бір-бірімен біріктіріледі, мұзды кристалға айналады да керемет гүлдері бар мұзды бау-бақша пайда болады. Табиғаттың қысқы құбылыстарын байқауға және құбылыстарды атауға әрі қарай үйрету.<br><br>«Өнегелі тәрбие».<br>Ересек адамдармен бірге орындалатын қарапайым еңбек тапсырмалары: самалжайды ұсақ қоқыстан тазалау.<br>(қоршаған әлеммен таныстыру, еңбек дағдылары)<br>Шамасы келетін жұмысты орындау кезінде балалардың бастамасын қолдау. Еңбек жасауда қауіпсіздікті сақтауды қадағалау.<br><br>«Ұлттық ойын - ұлт қазынасы».<br>«Қасқұлақ» қазақ халқының қимылды ойыны.<br>(дене тәрбиесі)<br>Мақсат-міндеттері.<br>«Қасқұлақтан» тығылып алаңда бағдарлай білуді бекіту. Ойын ережесін сақтау («қасқұлақ» сөзді атаса сол адам өз орнында қалу керек), «күзетші» тобынан «қасқұлақты» қуу міндетті. Ойынды өзінің және басқа ойыншының әрекетімен келістіре білуін дамыту.<br><br>"Жағалаудан жағалауға" қимыл-қозғалыс ойыны.<br>(дене тәрбиесі)<br>Мақсат-міндеттері. Белгі |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | "Тым-тырақай" ойыны.<br>(дене тәрбиесі)<br>Мақсат-міндеттері. Балаларды ойын шартына сай ойнай білуге баулу; шапшаңдыққа, зеректікке, кеңістікті бағдарлау, жылдам жүгіре білу қабілеттерін дамыту.<br><br>«Лабиринт жолынан тайма» ойын-жаттығуы.<br>(дене тәрбиесі)<br>Мақсат-міндеттері. Бір сапта бір-бірден, арақашықты сақтап "жыланша" жүгіру техникасын жетілдіру; дене қимылдарын үлестіре білуді, зерек болуды дамыту.<br><br>Өзіндік еркін ойын әрекеттері: "Шанамен жарыс".<br>(дене тәрбиесі)<br>Мақсат-міндеттері. Аяғымен итере отырып, қар үйіндісіне белгі бойынша шанамен жылжу. | шапшаңдыққа, тапқырлыққа баулу, достыққа тәрбиелеу.<br><br>"Жағалаудан жағалауға" қимыл-қозғалыс ойыны.<br>(дене тәрбиесі)<br>Мақсат-міндеттері. Белгі бойынша белгілі бағытта жылдам жүгіру техникасын дамыту. Таныс ойындарды ұйымдастыруда бастамашылдық танытуға баулу. Ойын ережелерін саналы түрде сақтауға баулу. Жүгіруде қауіпсіздікті қадағалау.<br><br>«Тепе-теңдікті сақтап жүрейік» қимылды жаттығуы.<br>(дене тәрбиесі)<br>Мақсат-міндеттері. Тепе-теңдікті сақтау: қолды екі жаққа созып, сызықтардар бойымен және заттардан аттап өту техникаларын жетілдіру; қимылдарды үлестіруді үйрету.<br><br>Өзіндік еркін ойын әрекеттері: "Туға дейін секіру, "Қақпада".<br>(дене тәрбиесі)<br>Мақсат-міндеттері. Алға жылжыта отырып, екі аяқпен секіруге, жорғалауға жаттығу. | қозғалыстарды жасай білуге баулу; өз әрекеттерін ойынға қатысушылардың әрекеттерімен байланыстыруды үйретуді жалғастыру.<br><br>«Лабиринт жолынан тайма» ойын-жаттығуы.<br>(дене тәрбиесі)<br>Мақсат-міндеттері. Бір сапта бір-бірден, арақашықты сақтап "жыланша" жүгіру техникасын жетілдіру; дене қимылдарын үлестіре білуді, зерек болуды дамыту.<br><br>Өзіндік еркін ойын әрекеттері: "Нысанаға тигіз".<br>(дене тәрбиесі)<br>Мақсат-міндеттері. Дәлдікті дамыту, нысанаға затты дәлдеп лақтыруға үйрету. | бойымен және заттардан аттап өту техникаларын жетілдіру; қимылдарды үлестіруді үйрету.<br><br>«Ұлттық ойын - ұлт қазынасы».<br>Қазақ халқының ұлттық ойыны. «Оқтау тартыс».<br>(дене тәрбиесі)<br>Мақсат-міндеттері. Балалардың қазақ ұлттық қимылды ойындарға қызығушылығын арттыру; шағын топтарға бірігіп, келесідей әрекет етуге (белгі бойынша арқанды мен қарама-қарсы топ балаларын өзіне тарту) үйрету; физикалық қасиеттерді (күш, шыдамдылық, икемділік, ептілік) дамыту.<br>Өздігінен ойналатын ойындар. Балал<br><br>«Өнегелі тәрбие».<br>Еңбек әрекеті: құстарды қоректендіру.<br>(қоршаған әлеммен таныстыру, еңбек дағдылары)<br>Шамасы келетін жұмысты орындау кезінде балалардың бастамасын қолдау: қыстайтын құстарды қоректендіру; қамқорлыққа тәрбиелеу.<br>Құстарға жақындамауды қадағалау. | бойынша белгілі бағытта жылдам жүгіру техникасын дамыту. Таныс ойындарды ұйымдастыруда бастамашылдық танытуға баулу. Ойын ережелерін саналы түрде сақтауға баулу. Жүгіруде қауіпсіздікті қадағалау.<br><br>«Нысанаға тигіз» ойын-жаттығуы.<br>(дене тәрбиесі)<br>Оң және сол қолмен, көздеп лақтыру кезінде қалыпты жағдайды сақтай білу. Ойын барысында балаларды шапшаңдыққа, икемділікке баулу. Қызығушылықтарын арттыру.<br><br>Өз бетімен ойындар: ойында өз әрекетін жолдастарының әрекетімен келістіре білуге ынталандыру. (дене тәрбиесі) |
| **Серуеннен оралу** | Гигиеналық дағдылар<br>(мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет, тіл дамыту және көркем әдебиет)<br>Мақсат-міндеттері.<br>«Өнегелі тәрбие». Өзіне-өзі қызмет көрсету дағдыларын қалыптастыру: Балаларды киімдерін жүйелі түрде шешу, шкаф сөрелеріне киімдерін, кептіретін жерге қолғаптарын, аяқ-киімдерін орналастыру, қолдарын жуу. | | | | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | Тамақтанар алдында, дәретханаға барғаннан кейін, ластанған кезде қолды өз бетінше сабынмен жууға үйрету. Тарақты, қол орамалды пайдалана білуді бекіту.<br>Балаларды ұқыптылыққа, тазалыққа, өзінің сыртқы келбетін қадағалауды әдетке айналдыруға баулу.<br>Балалардың түрлі әрекеттерінде көркем сөзге қызығушылыққа баулу.<br>«Үнемді тұтыну». Жуынғанда суды үнемді пайдалануға үйрету. | | | | |
| **Түскі ас** | Гигиеналық дағдылар<br>(мәдени-гигиеналық дағдылар, сауықтыру-шынықтыру шаралары)<br>Тамақтану әдебін сақтау. Тамақты асықпай шайнау, асхана құралдарын (қасық, шанышқы), майлықты дұрыс қолдану, тамақтанып болғаннан кейін ауызды шаю. Ас ішу мәдениетімен таныстырып отыру. Қасық, шанышқыны дұрыс пайдалануды үйрету. Ас ішкенде сөйлемеу.<br>«Үнемділік». «Суды, тамақты, энергияны үнемді тұтыну» - табиғи ресурстарға ұқыпты қарауды қалыптастыру. Берілген асты құрметтеп, тауысып жеудің маңызды екенін түсіндіру. Астан соң беті-қолды жуу, тамақты шаю.<br>Микробтар қаскүнем,<br>Көрмесем де білемін.<br>Ішер кезде асты мен,<br>Қолды жуып жүремін. | | | | |
| **Күндізгі ұйқы** | Релаксацияға арналған жаттығу: "Менің көзім".<br>Мақсат-міндеттері. Тыныш ұйқыға қолайлы жағдай жасау. | Киімдерін ұқыпты орындыққа іліп (немесе арнайы сөреге) қоюды үйретуді жалғастыру.<br>«Әлем ғажабы» ертегісін тыңдату. (BilimKids медиа бөліміндегі ертегісі)<br>(тіл дамыту және көркем әдебиет) | Киімдерін ұқыпты орындыққа іліп (немесе арнайы сөреге) қоюды үйрету.<br>Аудио Қ. Абдильдинаның әні «Айым болып тудың ба».<br>(музыка) | Киімдерін ұқыпты орындыққа іліп (немесе арнайы сөреге) қоюды үйретуді жалғастыру.<br>«Әнші бай» ертегісін тыңдату. (BilimKids медиа бөліміндегі ертегісі)<br>(тіл дамыту және көркем әдебиет) | Киімдерін ұқыпты орындыққа іліп (немесе арнайы сөреге) қоюды үйретуді жалғастыру.<br>«Құйрықтар» ертегісін оқып беру. (тіл дамыту және көркем әдебиет)<br>Балалардың түрлі әрекеттерінде ертегілерді тыңдауға, көркем сөзге, кітапқа қызығушылыққа баулу. |
| **Ұйқыдан біртіндеп ояту, сауықтыру шаралары** | Сауықтыру-шынықтыру шаралары.<br>(дене тәрбиесі, дербес әрекет, қоршаған әлеммен таныстыру, еңбек дағдылары)<br>Мақсат-міндеттері. Балаларды ақырын (сипап, көркемсөз, музыканы қосу арқылы) ояту.<br>Жалпақтабандылықтың алдын-алу үшін "денсаулық" (қабырғалы) жолдармен жалаң аяқ жүру, аяқтарды уқалау, аяқтың бұлшықеттерін, денсаулықты нығайту, денені тік ұстауға тәрбиелеу; тыныс алу жолдарын шынықтыру.<br>Домала, доп, домала (екі қолды айналдыру)<br>Балшыққа тек жолама (сұқ саусақпен ескерту жасау)<br>Жек көремін оныңды (сұқ саусақты оң және сол жаққа қозғау)<br>Бүлдіресің қолыңды (екі қолының алақандарын жоғары көтеріп айналдыру)<br>Секіріп өт ордан да, (екі қолды жұдырықтап кезек-кезек бірінің үстінен бірін секірту)<br>Секіріп өт жолдан да, (екі қолды жұдырықтап кезек-кезек бірінің үстінен бірін секірту)<br>Қуса күшік жетпесін (баяу жүгіру)<br>Мәшине басып кетпесін (мәшиненің рулін айналдыру)<br>Балаларды ұқыптылыққа, тазалыққа, өзінің сыртқы келбетін қадағалауды әдетке айналдыруға баулу. Дәретханаға барғаннан кейін, ластанған кезде қолды өз бетінше сабынмен жууға, тісін тазалауға үйрету. Тарақты, қол орамалды пайдалана білуді бекіту.<br>Көркемсөз | | | | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | Түскі ұйқы уақыты,<br>Төсегіме жатамын.<br>Ақ көрпемді жамылып<br>Тәтті ұйқыға батамын.<br>«Өнегелі тәрбие». Еңбек әрекеті: "Төсектерді төсеуде (жинауға) күтушіге көмек көрсету".<br>Мақсат-міндеттері. Балаларды өз төсек-орындарын ажыратуға үйрету; шамасы келетін жұмысты орындау кезінде балалардың бастамасын қолдау, ересектерге қол жетімді көмек көрсетуге, ұқыптылыққа тәрбиелеу. | | | | |
| **Бесін ас** | Гигиеналық дағдылар<br>(мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет)<br>Мақсат-міндеттер: өз сыртқы келбетін қадағалап, жолдастарының сыртқы келбетіндегі кемшіліктерді еске салып, оларға көмектесуге ниет білдіруді дағдыға айналдыру. Тігісте жыртылған киімді тігу қабілетін жетілдіру.<br>Көркем сөз<br>Микробтар қаскүнем,<br>Көрмесем де білемін.<br>Ішер кезде асты мен,<br>Қолды жуып жүремін. | | | | |
| **Балалардың дербес іс-әрекеті (қимылдық, ұлттық, сюжетті-рөлдік, үстел үсті-баспа және басқа ойындар), бейнелеу іс-әрекеті, кітап қарау және басқалары)** | «Қаржылық сауаттылық».<br>Сюжетті-рөлдік ойын.<br>"Сұлулық салоны".<br>(қоршаған әлеммен таныстыру, тіл дамыту және көркем әдебиет)<br>Мақсат-міндеттер: балалардың сұлулық салонында жұмыс атқаратын мамандар (шаштаразшы, мастер маникюр, педикюр шебері, бет әрлеуші) жайлы түсініктерін бекіту; жағымды қарым-қатынас орнатуға, әдептілікке, жауапкершілікке тәрбиелеу.<br>Балаларға "табыс көзі" ұғымы жайында, табыстың негізінде уақыт, білім мен қабілеттер, қойылған нәтижеге жету жатқаны туралы түсіндіру; ойын шарты бойынша қызмет үшін жасалатын "төлем", қарапайым есеп (тең, кем, артық, көп, аз) әрекеттерін бекіту; ойындағы мамандықтар туралы түсініктер қалыптастыру; еңбекті және адамдардың еңбегін | Сюжетті-рөлдік ойын.<br>"Отбасы".<br>(қоршаған әлеммен таныстыру, тіл дамыту және көркем әдебиет)<br>Мақсат-міндеттер: балалардың отбасы мүшелері туралы түсініктерін бекіту; отбасы мүшелерінің жанұядағы рөлін пысықтау; үлкенге деген құрмет сезімдерін, жақынына деген сүйіспеншілікке тәрбиелеу.<br>Керекті құрал-жабдықтар.<br>Отбасы мүшелеріне қажет заттар: көзілдірік, ыдыстар, алжапқыш, кітап, газет, сыпырғыш, шелек пен орамал, ойыншықтар, ойыншық тұрмыстық техника т. б<br><br>«Ұлттық ойын - ұлт қазынасы».<br>Қазақ халқының ұлттық ойыны. «Оқтау тартыс».<br>(дене тәрбиесі)<br>Мақсат-міндеттері. | Математика негіздерінен ойындар (2)<br>"Үшбұрыш пен дөңгелек бір үйшікте тұрады".<br>Мақсат-міндеттер: балаларды геометриалық пішіндер (дөңгелек, үшбұрыш) жайлы балалардың білім деңгейін анықтау; "бір" және "көп" деген ұғымдарды ажырату дағдыларын дамыту.<br><br>Сюжетті-рөлдік ойын.<br>"Театр". (тіл дамыту және көркем әдебиет)<br>Мақсат-міндеттер: ойын барысында балалар мен бірге театрдың орны, адам өміріне қандай пайдасы бар екенін анықтау; әртіс, режиссер, оператор, жарық беруші, гардеробшы, капельдинер, костюм бойынша декоратор, суретші, лицеист сияқты мамандар туралы білімдерін бекіту; ағымды қарым-қатынас орнату; мәдениет орындарындағы тәртіп | Көркемсөзді мәнерлеп оқу жаттығуы.<br>(тіл дамыту және көркем әдебиет, қазақ тілі)<br>Мақсат-міндеттері. Өлеңдерді жаттауда түрлі интонацияларды, үзілістерді, логикалық екпінді қолданып, оларды есте сақтауға үйрету. Қазақ тіліне тән дыбыстарды анық айтуға баулу. Отанды сүюге тәрбиелеу.<br>“Отан” (үзінді) (Мұқағали Мақатаев)<br>Мен оның түнін сүйем, күнін сүйем,<br>Ағынды өзен, асқар тау, гүлін сүйем.<br>Мен оның қасиетті тілін сүйем,<br>Мен оның құдіретті үнін сүйем.<br>Отан!<br>Отан!<br>Бәрінен биік екен.<br>Мен оны мәңгілікке сүйіп өтем.<br>Отанды сүймеуің де күйік | Сюжетті-рөлдік ойын:<br>"Ұшақпен саяхат". (қоршаған әлеммен таныстыру, тіл дамыту және көркем әдебиет)<br>Мақсат-міндеттер: балалардың әуе көліктері, ұшақ оның қолданысы, ұшаққа қызмет көрсету әдістері жайлы білімін кеңейту. Жер пейзаждарының сұлулығын көре білуді үйрету, ұшқыш мамандығына құрметпен карауға, батылдыққа тәрбиелеу, сөздік қорларын кеңейту: "ұшақ", "ұшқыш", "стюардесса", "ұшу".<br><br>«Ұлттық ойын - ұлт қазынасы»<br>Қазақ халқының ұлттық ойындары. «Итеріспек» ойыны.<br>(дене тәрбиесі)<br>Мақсат-міндеттер.<br>Балалардың дене күшін, аяқ-қол қимылдарының ептілігін дамыту. |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | құрметтеуге баулу.<br><br>Керекті құрал-жабдықтар. Ойыншық құралдар және жапсырмалар (қатты қағазбен, пластиктан), шаштаразшы, маникюр, педикюр шебері, бет әрлеуші сияқты мамандар қолданатын; перчаткалар, халаттар, бас киімдер мен алжапқыштар; журналдар; төлем жасайтын жетондар мен карточкалар.<br><br>«Ұлттық ойын - ұлт қазынасы» "Тақия тастамақ" ұлттық ойыны.<br>(дене тәрбиесі)<br>Мақсат-міндеттері. Ұлттық қимылды ойындарды ойнату; ереже бойынша әділ ойнауға үйрету; дене координациясын, кеңістікті бағдарлау қасиеттерін дамыту; жылдамдыққа, сезгіштікке, сақтыққа, тапқырлыққа тәрбиелеу. | Балалардың қазақ ұлттық қимылды ойындарға қызығушылығын арттыру; шағын топтарға бірігіп, келесідей әрекет етуге (белгі бойынша арқанды мен қарама-қарсы топ балаларын өзіне тарту) үйрету; физикалық қасиеттерді (күш, шыдамдылық, икемділік, ептілік) дамыту.<br><br>"Су, аспан, жер" дидактикалық ойыны.<br>(қоршаған әлеммен таныстыру, тіл дамыту және көркем әдебиет)<br>Мақсат-міндеттер: балалардың тірі табиғат нысандары жайлы білімдерін бекіту; құстар, өсімдіктер, жануарлардың жіктелуі туралы ұғымдарын жетілдіру; ойлау қабілетін, қиялдарын, зейіндерін дамыту; сөздік қорды белсендіру; тапқырлыққа, байқампаздыққа тәрбиелеу. | ережелерін пысықтау; сөйлеу мәнерін дамыту; достыққа тәрбиелеу.<br>Керекті құрал-жабдықтар. Сахна орны. "Театр" жазбасы; сахна макеті, сахналық қойылымдарға қажет (үй, ағаш, қоршау және мүмкіншілік болса перделер т.б.), кейіпкерлер костюмдері, кейіпкерлер қолына ұстайтын құралдар. | екен,<br>Отанды сүйгенің де күйік екен…<br><br>Сюжетті-рөлдік ойын "Экологтар".<br>(қоршаған әлеммен таныстыру, тіл дамыту және көркем әдебиет)<br>Мақсат-міндеттер: эколог жұмысы жайлы түсінік беру. Әлеуметтік шығармашылыққа жағдай туғызу және мадақтау, ойын желісіне сәйкес топшаларға бөліну біліктіліктерін, сөйлеу дағдысын қалыптастыру. Балалардың эколог жұмысының адамгершілік бағыты оның табиғатты сақтауға ықпалы, әлеуметтік маңыздылығы жайлы ұғымдарын кеңейту.<br>Ойын соңында тәрбиеші балалармен бірге қорытынды жасауы мүмкін: адам табиғат алдындағы жауапкершілікті сезіну керек.<br><br>«Ұлттық ойын - ұлт қазынасы»<br>Ұлттық ойын. "Аударыспақ"<br>(дене тәрбиесі)<br>Мақсат-міндеттері. Таныс ойындарды ұйымдастыруда бастамашылдық, дербестік танытуға баулу. Ойындарда физикалық қасиеттерді (жылдамдық, күш, шыдамдылық, икемділік, ептілік).<br>Қауіпсіздікті қадағалау. | |
| **Балалармен жеке жұмыс** | Жыл мезгілі туралы әңгіме.<br>(қоршаған әлеммен таныстыру, | Көркем сөзді мәнерлеп оқу жаттығуы. | Дидактикалық ойын.<br>"Ғажайып дорба". | Дидактикалық ойын.<br>"Не артық?" | Дамытушы ойын.<br>"Қимылдар тізбегі". |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | тіл дамыту және көркем әдебиет)<br>Мақсат-міндеттері.<br>Мақсат-міндеттері. Балаларды әңгіме айтуға үйрету: суретті өз бетінше қарап, сипаттауға, әңгімелер құрастыруға баулу. Құбылыстар, оқиғалар туралы ақпаратты талқылауға баулу. Қарапайым сұрақтарға егжей-тегжейлі жауап беру қабілеттерін жетілдіру. | (тіл дамыту және көркем әдебиет)<br>Мақсат-міндеттері. Балалардың өлеңдерді тыңдауға, көркем сөзге, кітапқа қызығушылыққа баулу.<br>Тыңдалған шығарманың мазмұнын қайталап айтуға, қысқа өлеңдерді, санамақтарды жатқа айтуға, шығарма мазмұны мен сипатына сәйкес тақпақтарды, өлеңдерді жаттауда түрлі интонацияларды, үзілістерді, логикалық екпінді қолданып, оларды есте сақтауға баулу.<br>Абдрахман Асылбеков «Қыс»<br>Қандай суық қыс деген,<br>Қалтырайды құс деген.<br>Құлақшынды кимесең,<br>Құлағыңды тістеген.<br><br>Қандай қызық қыс деген,<br>Бәрін шебер істеген.<br>Бақша-бауды, тауды да<br>Бояған ақ түспенен. | (тіл дамыту және көркем әдебиет, танымдық дағдылар)<br>Мақсат-міндеттер. Балаларды әңгіме айтуға үйрету: заттарды өз бетінше қарап, сипаттауға, әңгімелер құрастыруға баулу.<br>Балалардың заттар туралы ұғымдарын тиянақтау; байланыстыра сөйлеу, ойлау, зейін, түйсік қабілеттерін дамыту.<br>Құралдар: дорба, түрлі ойыншықтар мен заттар.<br>Шарты.<br>Балалардың алдына шыққан ойыншы қолын дорбаға салып, затты ұстап, сипап сезу арқылы тануға тырысуы; көргеннен кейін, заттың қандай материалдан жасалғаны, адамға қажеті туралы баяндау. | Мақсат-міндеттер.<br>Балалардың заттар мен құбылыстар классификациясы жөніндегі білімдері бекіту; аналитикалық және синтетикалық қабілеттерін, елестету, зейін қабілеттерін дамыту.<br>Құралдар: бірнеше заттар топтамалары немесе олардың заттық сурет-карточкалары.<br>Шарты: жүргізуші бір топтамаға қатысты және оған жатпайтын заттарды атайды (көрсетеді), ойыншылар артық затты атау керек. Заттардың жалпы саны төртеу болады.<br>(тіл дамыту, танымдық дағдылар) | Мақсат-міндеттер. Балаларды белгілі қимылдар тізбегіне қарап, есте сақтап, тура сол қимылдар тізбегін дәлме-дәл қайта көрсетуде жаттықтыру; есте сақтау, зейін, ойлау, кеңістікті бағдарлау қабілеттерін дамыту; достыққа, ұйымшылдаққа тәрбиелеу.<br>Педагог немесе балалардың бірі қалған балалардың алдында бірнеше қимылдар тізбегінің (кешенін) көрсетеді. Балалар мұқият қарап болғаннан кейін есте сақтап, қимылдарды қайта жаңғыртады.<br>(тіл дамыту, танымдық дағдылар) |
| **Серуенге дайындық** | (мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет, қоршаған әлеммен таныстыру)<br>«Өнегелі тәрбие». Өзіне-өзі қызмет көрсету дағдыларын қалыптастыру: ауа райына сәйкес киіну; өз бетінше киіну мен шешінуді, киімдерді жинауды, ілуді, ересектің көмегімен оларды тазалау, құрғатуды жетілдіру; барлық түймелерін түймелеуді, ілмекті салуды, бір-біріне көмектесуді үйрету; өз киімдерін тануды, атауды, күтуді бекіту.<br>«Қауіпсіздік». Қауіпсіздік жайында ескертулер: Өз өмірінің қауіпсіздігінің қарапайым дағдыларын меңгеру (электр құралдарынан сақ болу, сіріңкемен ойнамау, терезенің алдына шықпау, баспалдаққа көтерілгенде және түскенде таяныштан ұстау); қоршаған ортада, табиғатта қарапайым тәртіп ережелерін білу (қоқыс тастамау, өздігінен от жақпау). | | | | |
| **Серуен** | «Экологиялық тәрбие». Шыршаларды бақылау.<br>(қоршаған әлеммен таныстыру, тіл дамыту және көркем әдебиет)<br>Мақсат-міндеттері. Өсімдіктердің жіктелуі туралы түсініктерді кеңейту: бұталар және ағаштар (бақша, орман). | «Қауіпсіздік». Жүк автокөлігін бақылау.<br>(қоршаған әлеммен таныстыру, тіл дамыту және көркем әдебиет)<br>Мақсат-міндеттері. Көлік түрлері, жол бөліктері (тротуар, жолдың жүру бөлігі), бағдаршам белгілері, | «Қауіпсіздік». Кешкі уақыттағы күнді бақылау.<br>(қоршаған әлеммен таныстыру, тіл дамыту және көркем әдебиет)<br>Мақсат-міндеттері. Өлі табиғат құбылыстары мен заттары туралы ұғымдарын кеңейту. | Қыстайтын құстарды бақылау. Торғай<br>(қоршаған әлеммен таныстыру, тіл дамыту және көркем әдебиет)<br>Мақсат-міндеттері. Бақылау барысында жануарлар әлеміндегі маусымға тән көріністерді: қыста - | Ауа райын бақылау.<br>(қоршаған әлеммен таныстыру, тіл дамыту және көркем әдебиет)<br>Мақсат-міндеттері. Табиғат құбылыстары туралы ұғымдарын (жел, жаңбыр, тұман, қар) кеңейту.<br>Ауа райы мен климаттық |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | Өсімдіктердің тірі тіршілік иелері екендігін, олардың өсуі үшін жарықтың, жылудың қажеттілігін анықтау.<br>Қазақстанның түрлі аймақтарында ауа райының түрліше болуы туралы түсінік беру.<br>Шыршаның құрылымы туралы түсінік қалыптастыру.<br>Ескен Елубаев<br>"Шырша қаншада?"<br>Жапырақ сарғайғаны –<br>Қартайғаны.<br>Қара шаш ағарғаны –<br>Қартайғаны.<br>Боз жусан қарайғаны –<br>Қартайғаны.<br>Осыдан байқағаны:<br>Тек қана жасыл шырша<br>Өң беріп қартаймайды.<br>Қанша жас жасағанын<br>Ешкім де айта алмайды.<br><br>«Өз үйіңді тап» қимыл-қозғалыс ойыны.<br>(дене тәрбиесі)<br>Мақсат-міндеттері. Таныс ойындарды ұйымдастыруда бастамашылдық, дербестік танытуға баулу.<br>Ептілікті, белгі бойынша жылдам әрекет ету біліктерін дамыту, ойын ережесін нақты орындауға дағдыландыру.<br><br>«Нысанаға тигіз» ойын-жаттығуы.<br>(дене тәрбиесі)<br>Оң және сол қолмен, көздеп лақтыру кезінде қалыпты жағдайды сақтай білу. Ойын барысында балаларды шапшаңдыққа, икемділікке баулу. Қызығушылықтарын | жолда жүру ережелері туралы білімдерін қалыптастыру.<br>Жүргізуші мамандығы туралы жалпы білімдерін қалыптастыру. Жүк мәшинесінің құрылысы туралы білімді бекіту (кузов, кабина және тағы басқа), олардың атауын білу; жеңіл автокөліктен ажыратуға, өзгенің еңбегін бағалай білуге үйрету.<br>Ақылбек Шаяхмет<br>Көлік жоқта жүк тасисың дорбалап...<br>Көлік жоқта жүк тасисың дорбалап,<br>Ет аз болса, ас жасайсың салмалап,<br>Шам жоқ болса, жүре алмайсың сұрамай,<br>Қараңғыда жан-жағыңды қармалап.<br>***<br>Жүк көлігін алыпты<br>Ауыр жүкке жарыпты.<br>Жол жөндеуге қажетті<br>Топырақты тасыпты.<br><br>«Өз үйіңді тап» қимыл-қозғалыс ойыны.<br>(дене тәрбиесі)<br>Мақсат-міндеттері. Таныс ойындарды ұйымдастыруда бастамашылдық, дербестік танытуға баулу.<br>Ептілікті, белгі бойынша жылдам әрекет ету біліктерін дамыту, ойын ережесін нақты орындауға дағдыландыру.<br><br>«Ордан секіріп өт» ойын-жаттығуы.<br>(дене тәрбиесі)<br>Мақсат-міндеттері. 2–3 метр | Бақылау күнтізбесінде ауа райын белгілеу (суық, жылы, күн шуақты, қар, жаңбыр жауды, жел соқты), соған сәйкес киіну. Күннің кешкі уақытта төмен түсіп, батып, түннің басталуына ықпал ететінін түсіндіру.<br>Күннің көзіне тура қарамау туралы қауіпсіздік ережесін бекіту, фотопленканы, күн көзілдірігін пайдалануды ұсыну.<br>Мағжан Жұмабаев<br>Алтын күн батып барады,<br>Күйдіріп көктің жиегін.<br>Күн туралы мақал-мәтелдер:<br>– Соқырға күн де қараңғы, түн де қараңғы.<br>– Батар күннің атары бар.<br><br>«Лабиринт жолынан тайма» ойын-жаттығуы.<br>(дене тәрбиесі)<br>Мақсат-міндеттері. Бір сапта бір-бірден, арақашықты сақтап "жыланша" жүгіру техникасын жетілдіру; дене қимылдарын үлестіре білуді, зерек болуды дамыту.<br><br>Өз бетімен ойындар.<br>(қоршаған әлеммен таныстыру, дене тәрбиесі)<br>Балаларды адамгершілікке, өзара көмек беруге, ренжіген балаға жанашырлық танытуға, бірге, келісіп ойнауға, құрдастарының өтініші бойынша ойыншықтарымен бөлісуге баулу.<br>Дене шынықтыру құралдарын, спорттық және қимылды ойындарға арналған | құстардың коректендірудің қажеттігі анықтау.<br>Қыстайтын құстардың түрі, қозғалуы, тіршілік ету ортасы, азығы, қысқа бейімделуі туралы ұғымдарын байыту.<br>Қауіпсіздік. Құстарды бақылауда қауіпсіздік ережелерін сақтауды қадағалау.<br>Жақан Смақов "Торғай ағаш қорғайды"<br>Шыр-шыр еткен торғайды<br>Қорғамасаң, болмайды.<br>Кіп-кішкентай торғайлар<br>Ағаштарды қорғайды.<br><br>Таспен атып торғайды,<br>Ұя бұзған оңбайды.<br>Құс өкпелеп кетеді,<br>Бақшамызға қонбайды.<br><br>«Ордан секіріп өт» ойын-жаттығуы.<br>(дене тәрбиесі)<br>Мақсат-міндеттері. 2–3 метр қашықтыққа алға ұмтылып қос аяқпен секіру техникасын жетілдіру; физикалық қасиеттерді (күш, шыдамдылық, икемділік, ептілік) дамыту.<br><br>«Өнегелі тәрбие», «Қауіпсіздік».<br>Еңбек әрекеті: құстарды коректендіру.<br>(қоршаған әлеммен таныстыру, еңбек дағдылары)<br>Шамасы келетін жұмысты орындау кезінде балалардың бастамасын қолдау: қыстайтын құстарды коректендіру; қамқорлыққа | жағдайлардың өзгеруін бақылау. Қазақстанның түрлі аймақтарында ауа райының түрліше болуы туралы түсінік беру.<br>"Қыс" (Қадыр Мырза Әлі)<br>Қыс келді, қыс иықтап,<br>Қалды аюлар ұйықтап.<br>Қыс келді, қыс мұз-қарлы,<br>Қыраулы да ызғарлы.<br>Қыс келді, қыс боранды!<br>Қырат көрпе оранды.<br>Қыс келді, қыс мықты анық,<br>Қайтсе де біз ықпадық.<br>Қыс келді, қыс уайым ба?<br>Қандық біздер ойынға!<br><br>«Бос орын» қимылды ойыны.<br>(дене тәрбиесі)<br>Мақсат-міндеттері. Таныс ойындарды ұйымдастыруда бастамашылдық, дербестік танытуға баулу. Ойындарда физикалық қасиеттерді (жылдамдық, икемділік, ептілік, шапшаңдық) дамыту.<br>Ойын ережелерін саналы түрде сақтауға баулу.<br><br>«Тепе-теңдікті сақтап жүрейік» қимылды жаттығуы.<br>(дене тәрбиесі)<br>Мақсат-міндеттері. Тепе-теңдікті сақтау: қолды екі жаққа созып, сызықтардар бойымен және заттардан аттап өту техникаларын жетілдіру; қимылдарды үлестіруді үйрету.<br><br>Өз бетімен ойындар.<br>(қоршаған әлеммен таныстыру, дене тәрбиесі)<br>Балаларды адамгершілікке, |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | арттыру.<br><br>Өз бетімен ойындар.<br>(қоршаған әлеммен таныстыру, дене тәрбиесі)<br>Балаларды адамгершілікке, өзара көмек беруге, ренжіген балаға жанашырлық танытуға, бірге, келісіп ойнауға, құрдастарының өтініші бойынша ойыншықтарымен бөлісуге баулу.<br>Дене шынықтыру құралдарын, спорттық және қимылды ойындарға арналған атрибуттарды пайдалануға ынталандыру.<br><br>«Өнегелі тәрбие». Еңбек әрекеті: ойыншықтарды жинау.<br>(еңбек дағдылары, қоршаған әлеммен таныстыру)<br>Балаларды ойыншықтарға ұқыпты қарауға, берілген тапсырмаға жауапкершілікпен қарауға, ойыншықтарды жинауда тәрбиешіге көмектесуге баулу. | қашықтыққа алға ұмтылып қос аяқпен секіру техникасын жетілдіру; физикалық қасиеттерді (күш, шыдамдылық, икемділік, ептілік) дамыту.<br><br>Өз бетімен ойындар.<br>(қоршаған әлеммен таныстыру, дене тәрбиесі)<br>Балаларды адамгершілікке, өзара көмек беруге, ренжіген балаға жанашырлық танытуға, бірге, келісіп ойнауға, құрдастарының өтініші бойынша ойыншықтарымен бөлісуге баулу.<br>Дене шынықтыру құралдарын, спорттық және қимылды ойындарға арналған атрибуттарды пайдалануға ынталандыру.<br><br>«Өнегелі тәрбие». Еңбек әрекеті: ойыншықтарды жинау.<br>(еңбек дағдылары, қоршаған әлеммен таныстыру)<br>Балаларды ойыншықтарға ұқыпты қарауға, берілген тапсырмаға жауапкершілікпен қарауға, ойыншықтарды жинауда тәрбиешіге көмектесуге баулу. | атрибуттарды пайдалануға ынталандыру.<br><br>«Өнегелі тәрбие». Еңбек әрекеті: ойыншықтарды жинау.<br>(еңбек дағдылары, қоршаған әлеммен таныстыру)<br>Балаларды ойыншықтарға ұқыпты қарауға, берілген тапсырмаға жауапкершілікпен қарауға, ойыншықтарды жинауда тәрбиешіге көмектесуге баулу. | тәрбиелеу.<br>Құстарға жақындамауды қадағалау.<br><br>Өз бетімен ойындар.<br>(қоршаған әлеммен таныстыру, дене тәрбиесі)<br>Балаларды адамгершілікке, өзара көмек беруге, ренжіген балаға жанашырлық танытуға, бірге, келісіп ойнауға, құрдастарының өтініші бойынша ойыншықтарымен бөлісуге баулу.<br>Дене шынықтыру құралдарын, спорттық және қимылды ойындарға арналған атрибуттарды пайдалануға ынталандыру. | өзара көмек беруге, ренжіген балаға жанашырлық танытуға, бірге, келісіп ойнауға, құрдастарының өтініші бойынша ойыншықтарымен бөлісуге баулу.<br>Дене шынықтыру құралдарын, спорттық және қимылды ойындарға арналған атрибуттарды пайдалануға ынталандыру.<br><br>«Өнегелі тәрбие». Еңбек әрекеті: ойыншықтарды жинау.<br>(еңбек дағдылары, қоршаған әлеммен таныстыру)<br>Балаларды ойыншықтарға ұқыпты қарауға, берілген тапсырмаға жауапкершілікпен қарауға, ойыншықтарды жинауда тәрбиешіге көмектесуге баулу. |
| **Серуеннен оралу** | Гигиеналық дағдылар<br>(мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет, тіл дамыту және көркем әдебиет)<br>Мақсат-міндеттері.<br>«Өнегелі тәрбие». Өзіне-өзі қызмет көрсету дағдыларын қалыптастыру: Балаларды киімдерін жүйелі түрде шешу, шкаф сөрелеріне киімдерін, кептіретін жерге қолғаптарын, аяқ-киімдерін орналастыру, қолдарын жуу.<br>Тамақтанар алдында, дәретханаға барғаннан кейін, ластанған кезде қолды өз бетінше сабынмен жууға үйрету. Тарақты, қол орамалды пайдалана білуді бекіту.<br>Балаларды ұқыптылыққа, тазалыққа, өзінің сыртқы келбетін қадағалауды әдетке айналдыруға баулу. | | | | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | Балалардың түрлі әрекеттерінде көркем сөзге қызығушылыққа баулу.<br>«Үнемді тұтыну». Жуынғанда суды үнемді пайдалануға үйрету. | | | | |
| **Кешкі ас** | Таза және ұқыпты тамақтану. Тамақтану мәдениетін қалыптастыру. Асты тауысып жеуге үйрету. (мәдени-гигиеналық дағдылар) | | | | |
| **Балалардың дербес іс-әрекеті (қимылдық, ұлттық, сюжетті-рөлдік, үстел үсті-баспа және басқа ойындар), бейнелеу іс-әрекеті, кітап қарау және басқалары)** | Кітап бұрышында: өткен тақырыптар бойынша суреттерді қарау, сипаттау; ертегілерді есте жаңғырту, кейіпкерлердің сөздерін қайталау.<br>Міндеттер. Қазақстан халқының мәдениетімен, салт-дәстүрлерімен таныстыру арқылы түрлі балалар әрекетінде балалардың ауызша сөйлеуін дамыту.<br>(коммуникативті дағдылар, тіл дамыту және көркем әдебиет, қазақ тілі)<br>Музыкалық аспаптармен ойындар. Балабақша туралы әндер тыңдау. (музыка)<br>Міндеттер. Балалардың музыкаға деген қызығушылығын тудыру, оны тыңдауға ынталандыру, музыкалық шығармаларды эмоционалды қабылдауды дамыту.<br>Өнер бұрышында балабақшаны, ойыншықтарды мүсіндеу, жапсыру, суретін бояу. (шығармашылық дағдылар, сурет салу, жапсыру, мүсіндеу)<br>Міндеттер. Жапсыру мен шығармашылық әрекетке қызығушылықты, шығармашылық қабілетті, қиялды дамыту. Жеке заттарды және бірдей заттарды қайталап салу және олардың қасына басқа заттарды бейнелеу арқылы сюжеттік композицияларды салу. | Кітап бұрышында: өткен тақырыптар бойынша суреттерді қарау, сипаттау; ертегілерді есте жаңғырту, кейіпкерлердің сөздерін қайталау.<br>Міндеттер. Қазақстан халқының мәдениетімен, салт-дәстүрлерімен таныстыру арқылы түрлі балалар әрекетінде балалардың ауызша сөйлеуін дамыту.<br>(коммуникативті дағдылар, тіл дамыту және көркем әдебиет, қазақ тілі)<br>Музыкалық аспаптармен ойындар. Балабақша туралы әндер тыңдау. (музыка)<br>Міндеттер. Балалардың музыкаға деген қызығушылығын тудыру, оны тыңдауға ынталандыру, музыкалық шығармаларды эмоционалды қабылдауды дамыту.<br>Өнер бұрышында балабақшаны, ойыншықтарды мүсіндеу, жапсыру, суретін бояу. (шығармашылық дағдылар, сурет салу, жапсыру, мүсіндеу)<br>Міндеттер. Жапсыру мен шығармашылық әрекетке қызығушылықты, шығармашылық қабілетті, қиялды дамыту. Жеке заттарды және бірдей заттарды қайталап салу және олардың қасына басқа | Кітап бұрышында: өткен тақырыптар бойынша суреттерді қарау, сипаттау; ертегілерді есте жаңғырту, кейіпкерлердің сөздерін қайталау.<br>Міндеттер. Қазақстан халқының мәдениетімен, салт-дәстүрлерімен таныстыру арқылы түрлі балалар әрекетінде балалардың ауызша сөйлеуін дамыту.<br>(коммуникативті дағдылар, тіл дамыту және көркем әдебиет, қазақ тілі)<br>Музыкалық аспаптармен ойындар. Балабақша туралы әндер тыңдау. (музыка)<br>Міндеттер. Балалардың музыкаға деген қызығушылығын тудыру, оны тыңдауға ынталандыру, музыкалық шығармаларды эмоционалды қабылдауды дамыту.<br>Өнер бұрышында балабақшаны, ойыншықтарды мүсіндеу, жапсыру, суретін бояу. (шығармашылық дағдылар, сурет салу, жапсыру, мүсіндеу)<br>Міндеттер. Жапсыру мен шығармашылық әрекетке қызығушылықты, шығармашылық қабілетті, қиялды дамыту. Жеке заттарды және бірдей заттарды қайталап салу және олардың қасына басқа | Кітап бұрышында: өткен тақырыптар бойынша суреттерді қарау, сипаттау; ертегілерді есте жаңғырту, кейіпкерлердің сөздерін қайталау.<br>Міндеттер. Қазақстан халқының мәдениетімен, салт-дәстүрлерімен таныстыру арқылы түрлі балалар әрекетінде балалардың ауызша сөйлеуін дамыту.<br>(коммуникативті дағдылар, тіл дамыту және көркем әдебиет, қазақ тілі)<br>Музыкалық аспаптармен ойындар. Балабақша туралы әндер тыңдау. (музыка)<br>Міндеттер. Балалардың музыкаға деген қызығушылығын тудыру, оны тыңдауға ынталандыру, музыкалық шығармаларды эмоционалды қабылдауды дамыту.<br>Өнер бұрышында балабақшаны, ойыншықтарды мүсіндеу, жапсыру, суретін бояу. (шығармашылық дағдылар, сурет салу, жапсыру, мүсіндеу)<br>Міндеттер. Жапсыру мен шығармашылық әрекетке қызығушылықты, шығармашылық қабілетті, қиялды дамыту. Жеке заттарды және бірдей заттарды қайталап салу және олардың қасына басқа | Кітап бұрышында: өткен тақырыптар бойынша суреттерді қарау, сипаттау; ертегілерді есте жаңғырту, кейіпкерлердің сөздерін қайталау.<br>Міндеттер. Қазақстан халқының мәдениетімен, салт-дәстүрлерімен таныстыру арқылы түрлі балалар әрекетінде балалардың ауызша сөйлеуін дамыту.<br>(коммуникативті дағдылар, тіл дамыту және көркем әдебиет, қазақ тілі)<br>Музыкалық аспаптармен ойындар. Балабақша туралы әндер тыңдау. (музыка)<br>Міндеттер. Балалардың музыкаға деген қызығушылығын тудыру, оны тыңдауға ынталандыру, музыкалық шығармаларды эмоционалды қабылдауды дамыту.<br>Өнер бұрышында балабақшаны, ойыншықтарды мүсіндеу, жапсыру, суретін бояу. (шығармашылық дағдылар, сурет салу, жапсыру, мүсіндеу)<br>Міндеттер. Жапсыру мен шығармашылық әрекетке қызығушылықты, шығармашылық қабілетті, қиялды дамыту. Жеке заттарды және бірдей заттарды қайталап салу және олардың қасына басқа |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | Қолдың ұсақ және ірі моторикасын дамытатын ойындар. (құрастыру)<br>Міндеттер. Құрылыс материалдарынан, «лего» конструкторлардан құрастыру. | заттарды бейнелеу арқылы сюжеттік композицияларды салу.<br>Қолдың ұсақ және ірі моторикасын дамытатын ойындар. (құрастыру)<br>Міндеттер. Құрылыс материалдарынан, «лего» конструкторлардан құрастыру. | заттарды бейнелеу арқылы сюжеттік композицияларды салу.<br>Қолдың ұсақ және ірі моторикасын дамытатын ойындар. (құрастыру)<br>Міндеттер. Құрылыс материалдарынан, «лего» конструкторлардан құрастыру. | заттарды бейнелеу арқылы сюжеттік композицияларды салу.<br>Қолдың ұсақ және ірі моторикасын дамытатын ойындар. (құрастыру)<br>Міндеттер. Құрылыс материалдарынан, «лего» конструкторлардан құрастыру. | заттарды бейнелеу арқылы сюжеттік композицияларды салу.<br>Қолдың ұсақ және ірі моторикасын дамытатын ойындар. (құрастыру)<br>Міндеттер. Құрылыс материалдарынан, «лего» конструкторлардан құрастыру. |
| **Балалардың үйге қайтуы** | "Бала өміріндегі дәрумендердің маңызы" тақырыбында кеңес. | Ата-аналарға арналған кеңес: "Балабақшадағы сияқты күн тәртібін үй жағдайында ұйымдастыру". | Ата-аналар арналған кеңес: "Баланы дұрыс сөйлеуге қалай үйретуге болады". | Сұрақ-жауап: "Балада салауатты өмір салтын ұстануға бағытталған, отбасы дәстүрлері". | Айына бір рет "Отбасы күнін" өткізу. |

**08.12 - 12.12.2025ж.**

| **Апта күндері** | ***Дүйсенбі*** | ***Сейсенбі*** | ***Сәрсенбі*** | ***Бейсенбі*** | ***Жұма*** |
|---|---|---|---|---|---|
| **Балаларды қабылдау** | Балаларды жақсы көңіл күймен қарсы алу және оларға қолайлы жағдай жасау. Баланың көңіл күйін, оның жеке пікірін, қызығушылығын анықтау.<br>Сәлемдесу<br>Қуанамын мен де<br>Қуанасың сен де,<br>Қуанайық достарым!<br>Арайлап атқан күнге!<br>(қарым-қатынас іс-әрекеті) | Балаларды жақсы көңіл күймен қарсы алу және оларға қолайлы жағдай жасау. Баланың көңіл күйін, оның жеке пікірін, қызығушылығын анықтау.<br>Сәлемдесу<br>Бақыт толы шеңберге,<br>Шаттық толы шеңберге,<br>Қол ұстасып келдік біз,<br>Жан достармыз енді біз.<br>(қарым-қатынас іс-әрекеті) | Балаларды жақсы көңіл күймен қарсы алу және оларға қолайлы жағдай жасау. Баланың көңіл күйін, оның жеке пікірін, қызығушылығын анықтау.<br>Сәлемдесу<br>Достарымның барлығын,<br>Сыйлап, жақсы көремін.<br>Алақаным арқылы<br>Жылуымды беремін.<br>(қарым-қатынас іс-әрекеті) | Балаларды жақсы көңіл күймен қарсы алу және оларға қолайлы жағдай жасау. Баланың көңіл күйін, оның жеке пікірін, қызығушылығын анықтау.<br>Сәлемдесу<br>Достарымның барлығын,<br>Сыйлап, жақсы көремін.<br>Алақаным арқылы<br>Жылуымды беремін.<br>(қарым-қатынас іс-әрекеті) | Балаларды жақсы көңіл күймен қарсы алу және оларға қолайлы жағдай жасау. Баланың көңіл күйін, оның жеке пікірін, қызығушылығын анықтау.<br><br>«Күй күмбірі»<br>Күйді қосып, балаларды қарсы алу.<br>(музыка) |
| **Ата-аналармен немесе баланың басқа заңды өкілдерімен әңгімелесу, кеңес беру** | "Балаңызға қандай ойыншық таңдайсыз" атты сауалнама. | "Тәуелсіздік - тірегім" тақырыбында газет көрмесі. | "Балаңыздың күн режимін қалай сақтаймыз" тақырыбында әңгімелесу. | Жаңа Жылды қарсы алу туралы әңгіме. Мерекеге өлеңдер мен әндерді үйрену. | «Баланың эмоциялық жағдайы». |
| **Балалардың іс-әрекеті (ойын, танымдық, коммуникативтік,** | «Өнегелі тәрбие»<br>Еңбек тапсырмалары: "Бөлме өсімдіктеріне күтім жасау". (қоршаған әлеммен таныстыру, еңбек дағдылары)<br>Мақсат-міндеттері. Бөлме | «Өнегелі тәрбие»<br>Еңбек тапсырмалары: "Ойыннан кейін топта тәртіп орнату". (қоршаған әлеммен таныстыру, еңбек дағдылары)<br>Мақсат-міндеттер: | «Өнегелі тәрбие»<br>Еңбек тапсырмалары: "Бөлме өсімдіктеріндегі топырақты қопсыту".<br>(қоршаған әлеммен таныстыру, еңбек дағдылары) | «Өнегелі тәрбие»<br>Еңбек тапсырмалары: "Ұйымдастырылған іс-әрекетке керек материалдар мен құрал-жабдықтарды дайындаймыз". (қоршаған | Ұлттық сезім күні<br>«Өнегелі тәрбие»<br>Еңбек тапсырмалары: "Бөлме өсімдіктерін суару".<br>(қоршаған әлеммен таныстыру, еңбек дағдылары) |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| **шығармашылық, эксперименталдық, еңбек, қимыл, бейнелеу, дербес және басқалары)** | өсімдіктеріне күтім жасауға үйрету: жерді қопсыту, суару, жапырақтардың шаңын сүрту. Өсімдіктерді таза ұстау әдістері туралы бұрын алған білімдерін нақтылау. Балалардың еңбек етуге деген оң көзқарасын тәрбиелеу, берілген тапсырмаға жауапкершілікпен қарауды қалыптастыру: бастаған істі аяғына дейін жеткізе білу, оны жақсы орындау.<br><br>«Менің Қазақстаным» Қазақстан Республикасының Гимн орындауы.<br>Мақсат-міндеттер. Балаларды патриоттық тәрбиені қалыптастырады.<br>(музыка)<br><br>«Оқиғалар».<br>(тіл дамыту және көркем әдебиет)<br>Мақсат-міндеттері: тиісті сөздерді тауып құрастыру, буынға бөлу. Баланың ой-өрісін, зейінін дамыту<br>Ойын атрибуттары: оқиғаларды бейнелейтін суреттер, оқиғалар жайында айтылған сөздер.<br>Ойынның барысы: балалар өздеріне ұнаған сюжетті суреттерді алады. Сол суретте айтылған тиісті сөздерді тауып астына құрастырады. Солай бірнеше оқиғалар суреттерге байланысты қойылады.<br><br>"Мозаика", "Лото" үстел үсті ойындары.<br>(математика негіздері, қоршаған әлеммен таныстыру, | балалардың тәртіпке деген саналы ұмтылысын, ойыннан кейін ойыншықтарды жинастыру әдетін қалыптастыру. Жұмыс жоспарын құру, алдағы қызмет үшін қажетті материалдарды таңдау қабілетін жетілдіру.<br><br>«Шаршы құрастыр».<br>(математика негіздері, құрастыру)<br>Мақсат-міндеттері: балаларды бөлшектерден бүтін бір зат құрастыруға үйрету.<br>Балалар ақ шаршының үстіне бөліктерге бөлінген түрлі түсті шаршыны құрастырып қояды. Бөлшектерден бүтін бір зат жасайды. Балалар қиналған жағдайда тәрбиеші оларға көмектеседі. Шаршының қанша бөліктен тұратынын санайды, құрастырылған шаршының түсін айтады.<br>1-нұсқа: әрбір бала өзі жеке жинайды.<br>2-нұсқа: шаршыны топ болып жинайды (қайсысы жылдам?)<br>3-нұсқа: жеке немесе топпен, кім жылдам орындаса, күрделірек түрін беру.<br><br>Отбасы туралы санамақты мәнерлеп айту, жаттау жаттығуы.<br>(тіл дамыту және көркем әдебиет)<br>Мақсат-міндеттері. Халық ауыз әдебиеті шығармаларымен таныстыру, санамақ айту өнеріне баулу, | Мақсат-міндеттері: балаларды жабық өсімдіктерге күтім жасауға үйрету; балаларға өсімдіктердің топырағын не үшін қопсыту керектігі туралы білім беру; қопсыту әдістері мен оған қажетті заттарды пайдалану ережелерін бекіту. Еңбек дағдыларын, ұқыптылықты дамыту. Экологиялық мәдениетті, қоршаған табиғатқа ұқыпты қарауды тәрбиелеу.<br><br>«Жұбын тап».<br>(қоршаған әлеммен таныстыру, основы математики)<br>Мақсат-міндеттері. Өсімдіктердің жіктелуі туралы ұғымдарды жетілдіру. Балалардың ақыл-ойын, тілін дамыту, зейінді болуға тәрбиелеу.<br>Ойын атрибуттары: жемістер мен көгөністерге байланысты текшелер.<br>Ойынның барысы:<br>Ойынға 3-4 бала қатысуға болады. Балалар суреті бар текшелерді (доминоны) бөліп алады да, ойын бастайды. Аталған бала бірінші болып текшені қояды, қалған балалар қойылған суретке байланысты өздерінде бар текшелерді ретімен қояды. Кімнің қолындағы текше бұрын бітсе, сол жеңеді.<br><br>Музыкалық ойын жаттығулар "Сиқырлы текше".<br>(музыка) | әлеммен таныстыру, еңбек дағдылары)<br>Мақсат-міндеттері.<br>Балаларды ұйымдастырылған іс-әрекетке керек материалдар мен құрал-жабдықтарды таратуға, тиянақты жинауға дағдыландыру; берілген тапсырмаға жауапкершілікпен қарауды қалыптастыру: бастаған істі аяғына дейін жеткізе білу.<br><br>STEAM<br>(құрастыру)<br>https://bilimkids.kz/steam/57?l=3<br>«Сиқырлы қағаз шариктер» ойыны<br>Міндеттер: балалардың шариктерді жасау техникасын қолдана отырып, өздеріне таныс суреттердің әртүрлі сұлбаларын саусақтардың арасына, алақандардың арасына умаждалған, бұралған қағаздан жасау дағдыларын дамыту және бекіту; құрылымдық материалдың, қағаздың, майлықтардың (икемділік, пішін қабылдау) әртүрлі қасиеттерін және конструктивті әрекеттерді (умаждау, бұрау, желімдеу, сұлба контуры шегінде қағаз шариктермен толтыру) жасауға мүмкіндік беру, ойластырылған сұлбаның үстіңгі бетін жасаудың негізгі әдістерінің тізбегін еске сақтауға ықпал ету; материалдарды пайдалану кезінде қауіпсіздік | Өсімдіктер, оларға күтім жасау (суару) туралы, өсімдіктердің өсуі үшін жер, топырақ, су, күн, жарық, ылғал, жылудың қажеттілігі туралы түсініктерді анықтау, дамыту; су құйғышпен суару тәсілдерін бекіту; берілген тапсырмаға жауапкершілікпен қарауды қалыптастыру; еңбек дағдыларын дамыту; қамқорлыққа, тазалыққа тәрбиелеу.<br><br>"Домино" дидактикалық ойыны.<br>(математика негіздері, қоршаған әлеммен таныстыру)<br>Мақсат-міндеттер: баланың топтамалар жайлы білімдерін дамыту, пысықтау; сәйкес заттың бейнесін тауып дұрыс атауға, оның атқаратын қызметі жайында бір сөйлемді құрастыруға дағдыландыру; қабылдау, зейін, ойлау қабілеттері, ұсақ қол моторикасын желілдіру.<br>Ойын шарты.<br>Суреттері сәйкес келетін карточкалардың біріне қатарлап тізіп қою, кім бұрын барлық карточкаларын қояды, сол жеңіп шығады.<br>Қажетті құралдар: бірдей қос суреттер, әртүрлі объектілердің бейнеленген көлемдері 5×6 см карточкалар.<br><br>Шағын кітапхана.<br>(тіл дамыту және көркем әдебиет) |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | қазақ тілі)<br>Мақсат-міндеттер: қоршаған әлемдегі объектілер мен құбылыстар туралы, өсімдіктердің, жануарлардың, заттардың жіктелуі туралы, геометриялық пішіндер туралы білімді тиянақтау; заттарды атауда қазақ тіліне тән дыбыстарды нақтылы айтуға ынталандыру; ақыл-ой қабілеттерін, қолдың ұсақ моторикасын дамыту. | қызығушылықты арттыру; көркем сөзді ырғаққа сай мәнерлеп айтуға дағдыландыру; ұсақ қол моторикасын дамыту.<br>Бір үйде біз нешеуміз?<br>Кел, санайық екеуіміз.<br>Бас бармақ – әкем,<br>Балаң үйрек – шешем,<br>Ортан терек – ағам.<br>Шылдыр шүмек – мен,<br>Кішкентай бөбек – сен.<br>Бір үйде біз нешеуміз?<br>Бір үйде біз бесеуміз. | Мақсат-міндеттер. Текшедегі аңдардың дауысын келтіріп, тембырын өзгерту мүмкіндігінше жоғару көтеру. | ережелерін бекіту.<br><br>Көркем сөзді мәнерлеп оқу жаттығуы.<br>(тіл дамыту және көркем әдебиет)<br>Мақсат-міндеттері. Балалардың өлеңдерді тыңдауға, көркем сөзге, кітапқа қызығушылыққа баулу.<br>Тыңдалған шығарманың мазмұнын қайталап айтуға, қысқа өлеңдерді, санамақтарды жатқа айтуға, шығарма мазмұны мен сипатына сәйкес тақпақтарды, өлеңдерді жаттауда түрлі интонацияларды, үзілістерді, логикалық екпінді қолданып, оларды есте сақтауға баулу.<br>Абдрахман Асылбеков «Қыс»<br>Қандай суық қыс деген,<br>Қалтырайды құс деген.<br>Құлақшынды кимесең,<br>Құлағыңды тістеген.<br><br>Қандай қызық қыс деген,<br>Бәрін шебер істеген.<br>Бақша-бауды, тауды да<br>Бояған ақ түспенен. | Мақсат-міндеттер.<br>Кітаптардың суреттерін қарау арқылы қандай ертегі туралы екенін айтуға үйрету.<br>Балалардың кітапқа қызығушылыққа баулу.<br>Шығарма мазмұны бойынша сұрақтарға жауап беруге, ересектермен бірге ертегі мен әңгіменің басын, соңын ойдан құрастыруға баулу.<br>Балалардың кітаптағы иллюстрацияларды өз бетінше қарастырып, ертегі, әңгіме құрастыруына мүмкіндік беру. |
| **Ертеңгілік жаттығу** | Жалпы дамыту жаттығулары (таяқшалармен)<br>(дене тәрбиесі, дербес әрекет)<br>1.Бастапқы қалып: дене тік, аяқ бірге, таяқша төменде.<br>1 - таяқшаларын жоғары көтереді; 2 - бастарына қояды; 3 - таяқшаны жоғары көтереді; 4 - бастапқы қалыпқа келу.<br>(жаттығу 4 рет қайталанады).<br>2. Бастапқы қалып: дене тік, аяқ алшақ, таяқша төменде. | Жалпы дамыту жаттығулары (таяқшалармен)<br>(дене тәрбиесі, дербес әрекет)<br>1. Бастапқы қалып: дене тік, аяқ бірге, таяқша төменде.<br>1 - таяқшаларын жоғары көтереді; 2 - бастарына қояды; 3 - таяқшаны жоғары көтереді; 4 - бастапқы қалыпқа келу.<br>(жаттығу 4 рет қайталанады).<br>2. Бастапқы қалып: дене тік, | Жалпы дамыту жаттығулары (таяқшалармен)<br>(дене тәрбиесі, дербес әрекет)<br>1. Бастапқы қалып: дене тік, аяқ бірге, таяқша төменде.<br>1 - таяқшаларын жоғары көтереді; 2 - бастарына қояды; 3 - таяқшаны жоғары көтереді; 4 - бастапқы қалыпқа келу.<br>(жаттығу 4 рет қайталанады).<br>2. Бастапқы қалып: дене тік, | Жалпы дамыту жаттығулары (таяқшалармен)<br>(дене тәрбиесі, дербес әрекет)<br>1. Бастапқы қалып: дене тік, аяқ бірге, таяқша төменде.<br>1 - таяқшаларын жоғары көтереді; 2 - бастарына қояды; 3 - таяқшаны жоғары көтереді; 4 - бастапқы қалыпқа келу.<br>(жаттығу 4 рет қайталанады).<br>2. Бастапқы қалып: дене тік, | Жалпы дамыту жаттығулары (таяқшалармен)<br>(дене тәрбиесі, дербес әрекет)<br>1. Бастапқы қалып: дене тік, аяқ бірге, таяқша төменде.<br>1 - таяқшаларын жоғары көтереді; 2 - бастарына қояды; 3 - таяқшаны жоғары көтереді; 4 - бастапқы қалыпқа келу.<br>(жаттығу 4 рет қайталанады).<br>2. Бастапқы қалып: дене тік, |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | 1 - таяқшаларын жоғары көтереді; 2 - қолын түзу ұстап, оң жаққа иіледі; 3 - таяқшаны жоғары көтеріп, тіктеледі; 4 - бастапқы қалыпқа келу. (жаттығу 4 рет қайталанады).<br>3. Бастапқы қалып: дене тік, аяқ бірге, таяқша төменде.<br>1 - 2 - отырып, таяқшаларын жоғары көтереді; 3 - 4 - бастапқы қалыпқа келу. (жаттығу 4 рет қайталанады).<br>4. Бастапқы қалып: дене тік, таяқшаны артқа ұстайды.<br>1 - 2 - таяқшаны жоғары көтеру; 3 - 4 - бастапқы қалыпқа келу. (жаттығу 4 рет қайталанады).<br>5. Бастапқы қалып: жерде отырады, аяқ алшақ, таяқшалар бас жағында.<br>1 - таяқшаларын жоғары көтереді; 2 - иіліп, таяқты оң аяғының басына тигізеді; 3 - тіктеліп, таяқты жоғары көтеру; 4 - бастапқы қалыпқа келу. (жаттығу 4 рет қайталанады).<br>6. Бастапқы қалып: дене тік, аяқ бірге, таяқша төменде. 1 - таяқты жоғары ұстап, аяқты алшақ ұстап, секіру;<br>2 - бастапқы қалыпқа келу. (жаттығу 4 рет қайталанады).<br>7. Бастапқы қалып: дене тік, аяқ бірге, қолды бүгіп, таяқшаны көкірек тұсында ұстау.<br>1 - таяқты жоғары ұстап, аяғын оң жаққа аяқтың ұшымен қою;<br>2 - бастапқы қалыпқа келу. (жаттығу 4 рет қайталанады). | аяқ алшақ, таяқша төменде.<br>1 - таяқшаларын жоғары көтереді; 2 - қолын түзу ұстап, оң жаққа иіледі; 3 - таяқшаны жоғары көтеріп, тіктеледі; 4 - бастапқы қалыпқа келу. (жаттығу 4 рет қайталанады).<br>3. Бастапқы қалып: дене тік, аяқ бірге, таяқша төменде.<br>1 - 2 - отырып, таяқшаларын жоғары көтереді; 3 - 4 - бастапқы қалыпқа келу. (жаттығу 4 рет қайталанады).<br>4. Бастапқы қалып: дене тік, таяқшаны артқа ұстайды.<br>1 - 2 - таяқшаны жоғары көтеру; 3 - 4 - бастапқы қалыпқа келу. (жаттығу 4 рет қайталанады).<br>5. Бастапқы қалып: жерде отырады, аяқ алшақ, таяқшалар бас жағында.<br>1 - таяқшаларын жоғары көтереді; 2 - иіліп, таяқты оң аяғының басына тигізеді; 3 - тіктеліп, таяқты жоғары көтеру; 4 - бастапқы қалыпқа келу. (жаттығу 4 рет қайталанады).<br>6. Бастапқы қалып: дене тік, аяқ бірге, таяқша төменде. 1 - таяқты жоғары ұстап, аяқты алшақ ұстап, секіру;<br>2 - бастапқы қалыпқа келу. (жаттығу 4 рет қайталанады).<br>7. Бастапқы қалып: дене тік, аяқ бірге, қолды бүгіп, таяқшаны көкірек тұсында ұстау.<br>1 - таяқты жоғары ұстап, аяғын оң жаққа аяқтың ұшымен қою;<br>2 - бастапқы қалыпқа келу. (жаттығу 4 рет қайталанады). | аяқ алшақ, таяқша төменде.<br>1 - таяқшаларын жоғары көтереді; 2 - қолын түзу ұстап, оң жаққа иіледі; 3 - таяқшаны жоғары көтеріп, тіктеледі; 4 - бастапқы қалыпқа келу. (жаттығу 4 рет қайталанады).<br>3. Бастапқы қалып: дене тік, аяқ бірге, таяқша төменде.<br>1 - 2 - отырып, таяқшаларын жоғары көтереді; 3 - 4 - бастапқы қалыпқа келу. (жаттығу 4 рет қайталанады).<br>4. Бастапқы қалып: дене тік, таяқшаны артқа ұстайды.<br>1 - 2 - таяқшаны жоғары көтеру; 3 - 4 - бастапқы қалыпқа келу. (жаттығу 4 рет қайталанады).<br>5. Бастапқы қалып: жерде отырады, аяқ алшақ, таяқшалар бас жағында.<br>1 - таяқшаларын жоғары көтереді; 2 - иіліп, таяқты оң аяғының басына тигізеді; 3 - тіктеліп, таяқты жоғары көтеру; 4 - бастапқы қалыпқа келу. (жаттығу 4 рет қайталанады).<br>6. Бастапқы қалып: дене тік, аяқ бірге, таяқша төменде. 1 - таяқты жоғары ұстап, аяқты алшақ ұстап, секіру;<br>2 - бастапқы қалыпқа келу. (жаттығу 4 рет қайталанады).<br>7. Бастапқы қалып: дене тік, аяқ бірге, қолды бүгіп, таяқшаны көкірек тұсында ұстау.<br>1 - таяқты жоғары ұстап, аяғын оң жаққа аяқтың ұшымен қою;<br>2 - бастапқы қалыпқа келу. (жаттығу 4 рет қайталанады). | аяқ алшақ, таяқша төменде.<br>1 - таяқшаларын жоғары көтереді; 2 - қолын түзу ұстап, оң жаққа иіледі; 3 - таяқшаны жоғары көтеріп, тіктеледі; 4 - бастапқы қалыпқа келу. (жаттығу 4 рет қайталанады).<br>3. Бастапқы қалып: дене тік, аяқ бірге, таяқша төменде.<br>1 - 2 - отырып, таяқшаларын жоғары көтереді; 3 - 4 - бастапқы қалыпқа келу. (жаттығу 4 рет қайталанады).<br>4. Бастапқы қалып: дене тік, таяқшаны артқа ұстайды.<br>1 - 2 - таяқшаны жоғары көтеру; 3 - 4 - бастапқы қалыпқа келу. (жаттығу 4 рет қайталанады).<br>5. Бастапқы қалып: жерде отырады, аяқ алшақ, таяқшалар бас жағында.<br>1 - таяқшаларын жоғары көтереді; 2 - иіліп, таяқты оң аяғының басына тигізеді; 3 - тіктеліп, таяқты жоғары көтеру; 4 - бастапқы қалыпқа келу. (жаттығу 4 рет қайталанады).<br>6. Бастапқы қалып: дене тік, аяқ бірге, таяқша төменде. 1 - таяқты жоғары ұстап, аяқты алшақ ұстап, секіру;<br>2 - бастапқы қалыпқа келу. (жаттығу 4 рет қайталанады).<br>7. Бастапқы қалып: дене тік, аяқ бірге, қолды бүгіп, таяқшаны көкірек тұсында ұстау.<br>1 - таяқты жоғары ұстап, аяғын оң жаққа аяқтың ұшымен қою;<br>2 - бастапқы қалыпқа келу. (жаттығу 4 рет қайталанады). | аяқ алшақ, таяқша төменде.<br>1 - таяқшаларын жоғары көтереді; 2 - қолын түзу ұстап, оң жаққа иіледі; 3 - таяқшаны жоғары көтеріп, тіктеледі; 4 - бастапқы қалыпқа келу. (жаттығу 4 рет қайталанады).<br>3. Бастапқы қалып: дене тік, аяқ бірге, таяқша төменде.<br>1 - 2 - отырып, таяқшаларын жоғары көтереді; 3 - 4 - бастапқы қалыпқа келу. (жаттығу 4 рет қайталанады).<br>4. Бастапқы қалып: дене тік, таяқшаны артқа ұстайды.<br>1 - 2 - таяқшаны жоғары көтеру; 3 - 4 - бастапқы қалыпқа келу. (жаттығу 4 рет қайталанады).<br>5. Бастапқы қалып: жерде отырады, аяқ алшақ, таяқшалар бас жағында.<br>1 - таяқшаларын жоғары көтереді; 2 - иіліп, таяқты оң аяғының басына тигізеді; 3 - тіктеліп, таяқты жоғары көтеру; 4 - бастапқы қалыпқа келу. (жаттығу 4 рет қайталанады).<br>6. Бастапқы қалып: дене тік, аяқ бірге, таяқша төменде. 1 - таяқты жоғары ұстап, аяқты алшақ ұстап, секіру;<br>2 - бастапқы қалыпқа келу. (жаттығу 4 рет қайталанады).<br>7. Бастапқы қалып: дене тік, аяқ бірге, қолды бүгіп, таяқшаны көкірек тұсында ұстау.<br>1 - таяқты жоғары ұстап, аяғын оң жаққа аяқтың ұшымен қою;<br>2 - бастапқы қалыпқа келу. (жаттығу 4 рет қайталанады). |

<table>
<tr><td rowspan="1">Таңғы ас</td><td colspan="5">Гигиеналық дағдылар<br>(мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет, тіл дамыту және көркем әдебиет)<br>Мақсат-міндеттері.<br>Тамақтанар алдында, дәретханаға барғаннан кейін, ластанған кезде қолды өз бетінше сабынмен жууға үйрету. Тарақты, қол орамалды пайдалана білуді бекіту.<br>Тамақтану әдебін сақтау. Тамақты асықпай шайнау, асхана құралдарын (қасық, шанышқы), майлықты дұрыс қолдану, тамақтанып болғаннан кейін ауызды шаю.<br>Балаларға ауызды жауып жеуді, асты дыбыссыз шайнауды, асты төкпей-шашпай жеуді үйретуді жалғастыру.<br>Балалардың түрлі әрекеттерінде өлеңдерді тыңдауға, көркем сөзге қызығушылыққа баулу.<br>Ас ішу мәдениетімен таныстырып отыру. Асты сөйлемей ішу. Астан соң беті-қолды жуу.<br>А. Меңжановтың "Тазалықтың досы".<br>Сылдырлайды сылдыр су.<br>Мөлдір суға қолыңды жу.<br>Жуынсаң сен әрдайым,<br>Аппақ бетің маңдайың.<br>Тазалықтың досы,<br>Су дегенің осы.<br>(мәдени-гигиеналық дағдылар, көркем сөз)</td></tr>
<tr><td rowspan="2">Ұйымдастырылған іс-әрекетті өткізуге дайындық</td><td colspan="5">«Менің Қазақстаным» - Қазақстан Республикасының әнұранын орындау.<br>«Аналар мектебі»: қабылдау бөлмесін "Тәуелсіздік күні" тақырыбына әшекейлеу.<br>Балалар кітапханасы: мемлекеттік рәміздер стенді; Қазақстанның, туған өлкенің көрікті жерлері жайында фотосуреттерді қарастыру; Қазақстан, Отан туралы өлеңдер мен әңгімелерді оқу (Ө. Тұрманжанов "Отан").<br>"Күй күмбірі": "Саржайлау" - Тәттімбет (орындаған Таласбек Әсемқұлов) https://kitap.kz/music/2/talasbek-asemqulovtyng-oryndauyndagy-kuyler<br>«Өнегелі»: Мамандықтар әлемі. Тақырыбы: «Мен кім болғым келеді?» Мақсаты: балаларды әртүрлі мамандықтармен таныстыру, өз қызығушылықтарын түсінуге көмектесу.</td></tr>
<tr><td>Жаса, Қазақстан!<br>Мақсат-міндеттер. Балалармен Отан тәуелсіздік туралы ән шырқату.<br>(музыка)<br>Көркем сөзді мәнерлеп оқу жаттығуы.<br>(тіл дамыту және көркем әдебиет, қазақ тілі)<br>Мақсат-міндеттері.<br>Балалардың өлеңдерді тыңдауға, көркем сөзге, кітапқа қызығушылыққа баулу.<br>Тыңдалған шығарманың мазмұнын қайталап айтуға, өлеңдерді жаттауда түрлі интонацияларды, үзілістерді, логикалық екпінді қолданып, оларды есте сақтауға баулу;</td><td>Біз бақытты баламыз!<br>Мақсат-міндеттер. Шеңбер аясында балалар бір-бірлеріне мерекелік жылы лебіздерін айтады.<br>(тіл дамыту және көркем әдебиет)<br>Мақсат-міндеттері.<br>Балаларды әңгіме айтуға үйрету.<br>Құбылыстар, оқиғалар туралы ақпаратты талқылауға баулу.<br>Тәуелсіздік - ел тұғыры!<br>Мақсат-міндеттері. Ұжыммен сурет салу. Тақырыпқа байланысты сурет таңдау.</td><td>"Не зат, не үшін керек?" дидактикалық ойыны.<br>(қоршаған әлеммен таныстыру, тіл дамыту және көркем әдебиет, қазақ тілі)<br>Мақсат-міндеттері.<br>Балаларды заттық әлеммен таныстыру және онымен әрекет жасау дағдыларын қалыптастыру. Жақын маңайдағы заттарды ажыратып, атай білуді жетілдіру. Қоршаған орта заттары, олардың қасиеттері және қолданылуы туралы түсініктерін кеңейту. Сөздік қорды молайту. Затты, суретті өз бетінше қарап, сипаттауға, әңгімелер</td><td>Мақал-мәтелдерді оқу жыттығуы<br>(тіл дамыту және көркем әдебиет)<br>Мақсат-міндеттері.<br>Шешендікке, сөз өнеріне баулу, халық ауыз әдебиеті шығармаларымен таныстыру, мақал-мәтелдер айтуға үйрету.<br>Отансүйгіштікке баулу.<br>Отан — елдің анасы<br>Ел - ердің анасы<br><br>Туған жердей жер болмас,<br>Туған елдей ел болмас.<br><br>Отанды сүю — отбасынан басталады.</td><td>Суреттерді қарастыру жаттығуы. "Қазақстанның көрікті жерлері".<br>(қоршаған әлеммен таныстыру, тіл дамыту және көркем әдебиет)<br>Мақсат-міндеттері.<br>Қазақстанның көрікті жерлерінің суреттерін қарастырып, қарапайым сөйлем, қысқа әңгіме құрастыруға ынталандыру; ауыл мен қала өмірінің ерекшеліктері туралы ұғымдарын дамыту; Отанды сүюге, патриотизмге тәрбиелеу.<br>Педагог суреттер бойынша қарастыру жаттығуының</td></tr>
</table>

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | қазақ тіліне тән дыбыстарды анық айтуға үйрету; ұлттық тәрбие негіздерін тәрбиелеу.<br>Ілияс Жансүгіров «Домбыра»<br>Тарт күйінді, домбыра!<br>Төгіл, төгіл тәтті күй,<br>Тау суындай сылдыра,<br>Желпін, желпін жел соқтыр!<br>Тауда тұман тұрмасын,<br>Көкте бұлт ыдыра!<br>Тыңдамаған қоймасын,<br>Ойды-қырды қыдыра,<br>Құлшына тарт, домбыра! | | құрастыруға баулу. | Отан оттан да ыстық.<br><br>Ел-елдің бәрі жақсы,<br>Өз елің бәрінен де жақсы. | соңында, сүйікті тақпағын мәнерлеп айтуды ұсынады.<br>Қадыр Мырза Әли «Табиғат — жаратылыс пернесі».<br>О, далам, менің байтағым,<br>Далам деп өлең айтамын.<br>Ұлың боп ойлап барам да,<br>Құлын боп ойнап қайтамын. |
| **Кестеге сәйкес ҰІӘ** | Дене тәрбиесі<br>"Озаттар эстафеталары".<br>Мақсат-міндеттер: балаларды қатарға үшеуден тұрып, сапты қайтадан құруға үйрету. | Қазақ тілі<br>Киімдер, аяқ киім, бас киім.<br>Мақсат-міндеттер.<br>Балалардың ұғымында киімдер, бас киім мен аяқ киімі туралы түсініктерін дамыту; ұл бала мен қыз балаға арналған киімдер, мезгілдік киімдер туралы білімдерін қалыптастыру; тазалық пен ұқыптылық жайлы түсініктерін дамыту.<br><br>Музыка<br>"Жаса, елім!"<br>Мақсат-міндеттер. Әуенді таза және сөздерді анық айтуға, музыканың сипатын жеткізе білуге үйрету.<br>Балалардың әнді эмоционалды қабылдай отырып, ән арқылы туған жерге деген елжандылық сезімін қалыптастыру. | Дене тәрбиесі<br>"Тепе-теңдікті сақтап жүру" .<br>Мақсаты: қатарда келе жатып, педагогтің белгі беруі бойынша тоқтап, "фигуралар" жасау; жүру, шашырап жүру және жүгіру; сапта тұрып, 2,5 м қашықтыққа допты екі қолымен төменнен лақтыру, гимнастикалық орындықта етпетінен екі қолымен тартылып, еңбектеу (орындықтың екі жағынан қолымен ұстау) және гимнастикалық орындықтың үстімен құм салынған қапшаны бастарына қойып, екі қолдарын жанына жіберіп (немесе белде), тепе-теңдікті сақтап жүруге үйрету.<br>"Кім епті?" қимылды ойыны. | Музыка<br>"Жаса, елім!" (Бекіту)<br>Мақсат-міндеттер. Әуенді таза және сөздерді анық айтуға, музыканың сипатын жеткізе білуге үйрету.<br>Балалардың әнді эмоционалды қабылдай отырып, ән арқылы туған жерге деген елжандылық сезімін қалыптастыруды жалғастыру. узыканың сипатына сәйкес қимылдарды ауыстыру, | Дене тәрбиесі<br>"Шырша ойыншығын қолға ұстап".<br>Мақсат-міндеттер: балаларды бір аяқпен секіру (шамамен 4–5 рет оң және сол аяқпен); 1,5 м қашықтықтан тігінен (нысана ортасының биіктігі 1,5 м) нысанаға дәлдеп лақтыруға үйрету.<br>"Торғайлар мен мысық" қимылды ойыны. |
| | Тіл дамыту және көркем әдебиеттен ойын-жаттығулар.<br>"Шыршаның басынан өткізген хикаясы".<br>Мақсат-міндеттер: балаларды С. Дүйсенбиевтің "Шырша да жылайды" әңгімесі | Математика негіздерінен ойын-жаттығулар.<br>"Ең биік шыршаны іздегенде".<br>Мақсат-міндеттер: балалардың заттардың биіктігі жөніндегі ұғымдарын | Сурет салудан ойын-жаттығулар.<br>"Шырша".<br>Мақсат-міндеттер: балаларды шырша пішінін салу техникасын игерту; бор арқылы шыршаның діні мен | Тіл дамыту және көркем әдебиеттен ойын-жаттығулар.<br>"Шырша туралы әңгіме құрастыру".<br>Мақсат-міндеттер: балалардың әңгіме жанры туралы білімдерін тиянақтау; | Құрастырудан ойын-жаттығулар.<br>"Жаңа жылдық сыйлық"<br>Мақсат-міндеттер: балаларды қалдық материал: бірреттік қағаздан жасалған табақшадан, мақта және |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | мазмұнымен таныстыру; оларға шырша туралы мәтін мазмұнын түсінгендерін сұрақтарға толық жауаптарды қайтару арқылы жеткізуге білуге үйрету. | жетілдіру; реттік сан туралы ұғымдарын қалыптастыра бастау; заттардың биіктігін саусақтар арқылы өлшеп, салыстыру тәсілімен таныстыру. | бұталарын салып, жасыл бояуға малынған сорғышпен жақпалап, қылқандарын жасап шығару дағдысын қалыптастыру.<br><br>Қоршаған әлеммен таныстырудан ойын-жаттығулар.<br>"Мұхитарал (океанариум)".<br>Мақсат-міндеттер: балалардың мұхитаралдағы балықтар туралы түсініктерін кеңейту. | әңгіме және тақпақ, жұмбақ туралы ұғымдарды жетілдіру; шыршаның өсу ерекшелігі мен адамның өмірінде алатын ойны туралы ұғымдар жиынтығын қалыптастыру.<br><br>Мүсіндеуден ойын-жаттығулар.<br>"Аяз ата".<br>Мақсат-міндеттер: балаларды ермексаздың бөлшектерін домалату, созу, есу әдістерін пайдалана отырып аяз атаны мүсіндеуге үйрету. | қағаздан аяз атаны құрастыруға үйрету. |
| **2-ші таңғы ас** | Тағамның атауын есте сақтауға, тазалыққа бейімдеу. "Тәбетіміз ашылды, ас болсын!" (мәдени-гигиеналық дағдылар) | | | | |
| **Серуенге дайындық** | (мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет, қоршаған әлеммен таныстыру)<br>«Экологиялық тәрбие». Бақылау күнтізбесінде ауа райын белгілеу (суық, жылы, күн шуақты, қар, жел соқты), соған сәйкес киіну туралы анықтау.<br>«Өнегелі тәрбие». Өзіне-өзі қызмет көрсету дағдыларын: өз бетінше киіну мен шешінуді, киімдерді жинауды, ілуді, ересектің көмегімен оларды тазалау, құрғатуды жетілдіру; барлық түймелерін түймелеуді, ілмекті салуды, бір-біріне көмектесуді үйрету; өз киімдерін тануды, атауды, күтуді бекіту.<br>«Қауіпсіздік». Қауіпсіздік жайында ескертулер: Өз өмірінің қауіпсіздігінің қарапайым дағдыларын меңгеру (электр құралдарынан сақ болу, сіріңкемен ойнамау, терезенің алдына шықпау, баспалдаққа көтерілгенде және түскенде таяныштан ұстау); қоршаған ортада, табиғатта қарапайым тәртіп ережелерін білу (қоқыс тастамау, өздігінен от жақпау). | | | | |
| **Серуен** | «Экологиялық тәрбие».<br>Теректі бақылау.<br>(қоршаған әлеммен таныстыру, тіл дамыту және көркем әдебиет)<br>Мақсат-міндеттері. Өсімдіктердің жіктелуі туралы түсініктерді кеңейту: бұталар және ағаштар (бақша, орман). Өсімдіктердің тірі тіршілік иелері екендігін, олардың өсуі үшін жарықтың, жылудың қажеттілігін анықтау.<br>Теректің қысқа таман жапырақсыз тұратынын түсіндіру.<br>Қазақстанның түрлі аймақтарында ауа райының түрліше болуы туралы түсінік беру. | «Экологиялық тәрбие».<br>Қарағашты бақылау.<br>(қоршаған әлеммен таныстыру, тіл дамыту және көркем әдебиет)<br>Мақсат-міндеттері. Өсімдіктердің жіктелуі туралы түсініктерді кеңейту: бұталар және ағаштар (бақша, орман).<br>Өсімдіктердің тірі тіршілік иелері екендігін, олардың өсуі үшін жарықтың, жылудың қажеттілігін анықтау.<br>Қарағаштың қысқы уақытта жапырақсыз болғанын түсіндіру.<br>Қазақстанның түрлі аймақтарында ауа райының | «Қауіпсіздік». Күнді бақылау.<br>(қоршаған әлеммен таныстыру, тіл дамыту және көркем әдебиет)<br>Мақсат-міндеттері. Күннің мен ауаның адам, жануарлар мен өсімдіктер өміріндегі маңызы туралы түсініктерін кеңейту. "Өлі табиғат" ұғымын бекіту, оған күннің жататынын анықтау; күн мен маусымдық табиғат құбылыстары арасындағы себеп-салдарлық байланыстарды бақылауға, түсінуге үйрету.<br>Күннің көзіне тура қарамау туралы қауіпсіздік ережесін бекіту, фотопленканы, күн көзілдірігін пайдалануды | «Қауіпсіздік». Қыстайтын құстарды бақылау. Қарға мен торғай<br>(қоршаған әлеммен таныстыру, тіл дамыту және көркем әдебиет)<br>Мақсат-міндеттері. Бақылау барысында жануарлар әлеміндегі маусымға тән көріністерді: қыста - құстардың қоректендірудің қажеттігі анықтау.<br>Қыстайтың құстардың түрі, қозғалуы, тіршілік ету ортасы, азығы, қысқа бейімделуі туралы ұғымдарын байыту.<br>Қауіпсіздік. Құстарды бақылауда қауіпсіздік ережелерін сақтауды | «Өнегелі тәрбие».<br>Жеткізушінің еңбегін бақылау.<br>(қоршаған әлеммен таныстыру, тіл дамыту және көркем әдебиет)<br>Мақсат-міндеттері. Жақындарының мамандықтарымен таныстыру, олардың атқаратын қызметінің маңызын түсіндіру. Өзгенің еңбегінің нәтижесіне құрметпен қарауға тәрбиелеу, ересектерге көмек көрсету ниеттерін қолдау.<br>"Жеткізуші кім?" – десеңіз,<br>Жауапты жылдам береміз:<br>"Өнері асқан бұл маман<br>Жүйрік, алғыр да шапшаң, |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | Көк терек-ау, көк терек,<br>Суықта жаның – шүберек.<br>Қалайша өңің кеткен?<br>Жапырақтарың түскен.<br>Жалаңаш тұрсың, бозарып,<br>Ұшқан желге құзарып.<br>Ызғарлыға тоңбайсың ба?<br>Жалғыздықтан тозбайсың ба?<br>(Д. Ахметова)<br><br>"Көк ту" қимыл-қозғалыс ойыны.<br>(дене тәрбиесі)<br>Мақсат-міндеттері. Таныс ойындарды ұйымдастыруда бастамашылдық, дербестік танытуға баулу. Ойындарда физикалық қасиеттерді (жылдамдық, икемділік, ептілік) дамыту.<br>Ұйымшылдыққа тәрбиелеу.<br>Ойын шарты. Балалар екі топқа бөлінеді. Әр топта өз тулары болады. Әр тудың қорғаушысы болады. Ту қорғаушылар тудың қасында тұрады.<br>Басқа балалар қарсыластарын өз тобына ауыстырулары керек.<br>Екі топтың ортасынан сызық сызылады да, қарсыластарына қарама-қарсы тұрады. Бір-бірінің қолдарынан ұстап, өз топтарына тартып алуға тырысады.<br>Қай топ балаларды көп жинай алса, сол топ жеңіске жетеді.<br><br>«Ордан секіріп өт» ойын-жаттығуы.<br>(дене тәрбиесі)<br>Мақсат-міндеттері. 2–3 метр қашықтыққа алға ұмтылып қос аяқпен секіру техникасын | түрліше болуы туралы түсінік беру.<br>Қарағашты неге солай атайды?<br>Суық пен ыстықта ағаш неге солмайды?<br>Қарағаштың діңдегі<br>Әжемнің әжіміндей,<br>Қарағаштың тамыры<br>Тарайды өрімдей.<br>Суық пен ыстыққа<br>қарағашым-ай төзеді,<br>Бұтақтарын жан-жаққа<br>жайып өседі.<br>"Шыда, шыда" - деседі ол жолаушыға,<br>Көлеңкесін дарып, пана беріп сұраушыға. (Д. Ахметова)<br><br>«Ұлттық ойын – ұлт қазынасы».<br>«Бәйге» қазақ халқының қимылды ойыны.<br>(дене тәрбиесі)<br>Мақсат-міндеттері. Таныс ойындарды ұйымдастыруда бастамашылдық, дербестік танытуға баулу. Ойын ережелерін саналы түрде сақтауға баулу. Түрлі тапсырмаларды орындай отырып: шапшаң және баяу қарқынмен жүгіруді жетілдіру.<br>Балаларды әртүрлі жарысқа қатысуға үйрету. (кім бұрын жылжиды, кім бұрын озады сол жеңіске жетеді)<br>Балаларды достарының жеңісіне жеткеніне қуануға үйрету.<br><br>«Бермеймін» қимылды ойыны.<br>(дене тәрбиесі) | ұсыну.<br>Аспан көгін баурап алып, жайғасқан,<br>Таңнан бері біздің ойға ұласқан,<br>Күн қарайды оттай жылы жүзімен,<br>Күн сайын ол қоштасады құзымен.<br><br>Түн кезегін күманданбай береді,<br>Таң атқанша жауап сұрап келеді:<br>– Сағындың ба, адам, күтіп бүгінді?<br>Жарығың боп мен бастайын күніңді. (Д. Ахметова)<br><br>«Ұлттық ойын - ұлт қазынасы».<br>«Қасқұлақ» қазақ халқының қимылды ойыны.<br>(дене тәрбиесі)<br>Мақсат-міндеттері.<br>«Қасқұлақтан» тығылып алаңда бағдарлай білуді бекіту. Ойын ережесін сақтау («қасқұлақ» сөзді атаса сол адам өз орнында қалу керек), «күзетші» тобынан «қасқұлақты» қуу міндетті. Ойынды өзінің және басқа ойыншының әрекетімен келістіре білуін дамыту.<br><br>«Лабиринт жолынан тайма» ойын-жаттығуы.<br>(дене тәрбиесі)<br>Мақсат-міндеттері. Бір сапта бір-бірден, арақашықты сақтап "жыланша" жүгіру техникасын жетілдіру; дене қимылдарын үлестіре білуді, зерек болуды дамыту. | қадағалау.<br>Қарға<br>Қарға, қарға, қарғалар,<br>Қар үстінде жорғалар.<br>Боран соқса, қор болар,<br>Бұтаға келіп қорғалар.<br>Қысып кетсе сары аяз,<br>Көзден жасы сорғалар.<br>Қар үстінде жем көрсе,<br>Қапелімде қолға алар.<br><br>Торғай<br>Торғай, торғай тоқылдақ,<br>Жерден бидай шоқып ап,<br>Бөтегесі бұлтиып,<br>Шиқ-шиқ етіп отырмақ.<br>Торғай, торғай тоқтаған<br>Торғайды торғай мақтаған.<br>Бір торғай ұшса боранда,<br>Бәрі жабылып жоқтаған.<br><br>«Өнегелі тәрбие», «Қауіпсіздік».<br>Еңбек әрекеті: құстарды коректендіру.<br>(қоршаған әлеммен таныстыру, еңбек дағдылары)<br>Шамасы келетін жұмысты орындау кезінде балалардың бастамасын қолдау: қыстайтын құстарды коректендіру; қамқорлыққа тәрбиелеу.<br>Құстарға жақындамауды қадағалау.<br><br>«Өткеншек» қимылды ойыны.<br>(дене тәрбиесі)<br>Мақсат-міндеттері. Берілген қарқында қолдарынан ұстап шеңбер бойынша жүре білуін бекіту (жылдам, баяу, басқа бағытта және т.б.).<br>Жинақылық пен ұқыптылыққа | Қалаған затты уақытында<br>Жеткізеді адамдарға.<br>Жаңбыр болсын, қар жауыны<br>Кедергі болмайды, өйткені<br>Жеткізуші сөз берген:<br>"Қайтсе де, тауарды жеткізем!"<br>Рақмет айтамыз, күлімдесіп,<br>Аяғына дерт бермесін,<br>Еңбегін аямаған біз үшін<br>Сау болсын жеткізуші. (Д. Ахметова)<br><br>«Ұлттық ойын - ұлт қазынасы».<br>«Бәйге» қазақ халқының қимылды ойыны.<br>(дене тәрбиесі)<br>Мақсат-міндеттері. Таныс ойындарды ұйымдастыруда бастамашылдық, дербестік танытуға баулу. Ойын ережелерін саналы түрде сақтауға баулу. Түрлі тапсырмаларды орындай отырып: шапшаң және баяу қарқынмен жүгіруді жетілдіру.<br>Балаларды әртүрлі жарысқа қатысуға үйрету. (кім бұрын жылжиды, кім бұрын озады сол жеңіске жетеді)<br>Балаларды достарының жеңісіне жеткеніне қуануға үйрету.<br><br>«Өнегелі тәрбие». Еңбек: қардан жолды тазалау.<br>(еңбек дағдылары)<br>Мақсат-міндеттері. Берілген тапсырмаға жауапкершілікпен қарауды қалыптастыру: бастаған істі аяғына дейін жеткізе білу, оны жақсы орындау. |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | | жетілдіру; физикалық қасиеттерді (күш, шыдамдылық, икемділік, ептілік) дамыту.<br><br>«Өнегелі тәрбие».<br>Ересек адамдармен бірге орындалатын қарапайым еңбек тапсырмалары: ағаш және бұта түптеріне қарды үю.<br>(қоршаған әлеммен таныстыру, еңбек дағдылары)<br>Шамасы келетін жұмысты орындау кезінде балалардың бастамасын қолдау. Еңбек жасауда қауіпсіздікті сақтауды қадағалау.<br><br>«Ұлттық ойын - ұлт қазынасы».<br>Қазақ халқының ұлттық ойыны. «Оқтау тартыс».<br>(дене тәрбиесі)<br>Мақсат-міндеттері.<br>Балалардың қазақ ұлттық қимылды ойындарға қызығушылығын арттыру; шағын топтарға бірігіп, келесідей әрекет етуге (белгі бойынша арқанды мен қарама-қарсы топ балаларын өзіне тарту) үйрету; физикалық қасиеттерді (күш, шыдамдылық, икемділік, ептілік) дамыту.<br><br>Өз бетімен ойындар: өз құрдастарымен 2-3 рөлден тұратын ойын ойнағанда бірлесуге талаптандыру, рөлді бөлу, ойын тәртібін орындау, жалпы ойын шартына сәйкес әрекет ету.<br>(дене тәрбиесі) | Мақсат-міндеттер. Таныс ойындарды ұйымдастыруда бастамашылдық, дербестік танытуға баулу. Қимылдар қасиеттерін: шыдамдылықты, күшті дамыту.<br>Ойын ережелерін саналы түрде сақтауға баулу.<br>Шеңбер жасау. Әркім қасында тұрған баланы белгі бойынша өзіне тартып қалады.<br><br>«Тепе-теңдікті сақтап жүрейік» қимылды жаттығуы.<br>(дене тәрбиесі)<br>Мақсат-міндеттері. Тепе-теңдікті сақтау: қолды екі жаққа созып, сызықтардар бойымен және заттардан аттап өту техникаларын жетілдіру; қимылдарды үлестіруді үйрету.<br><br>«Өнегелі тәрбие».<br>Ересек адамдармен бірге орындалатын қарапайым еңбек тапсырмалары: орындықтар үстін қардан тазалау.<br>(қоршаған әлеммен таныстыру, еңбек дағдылары)<br>Шамасы келетін жұмысты орындау кезінде балалардың бастамасын қолдау. Еңбек жасауда қауіпсіздікті сақтауды қадағалау.<br><br>Өз бетімен ойындар: балаларға ойын тақырыбы мен мазмұнын түрлендіру; өз пікірін айту дағдыларын жетілдіру, өз құрбыларының пікірлерімен келісу, олардың | «Ұлттық ойын - ұлт қазынасы».<br>«Қара сиыр» ұлттық қимыл-қозғалыс ойын.<br>(дене тәрбиесі)<br>Мақсат-міндеттер. Таныс ойындарды ұйымдастыруда бастамашылдық, дербестік танытуға баулу. Ойындарда физикалық қасиеттерді (жылдамдық, икемділік, ептілік) дамыту. Қимылды ойындарда жетекші рөлді орындауға үйрету, ойын ережелерін саналы түрде сақтауға баулу. Кеңістікті бағдарлай білуге, шапшаңдыққа, тапқырлыққа баулу, достыққа тәрбиелеу.<br><br>«Өнегелі тәрбие».<br>Ересек адамдармен бірге орындалатын қарапайым еңбек тапсырмалары: қарды жинау.<br>(қоршаған әлеммен таныстыру, еңбек дағдылары)<br>Шамасы келетін жұмысты орындау кезінде балалардың бастамасын қолдау. Еңбек жасауда қауіпсіздікті сақтауды қадағалау.<br><br>Өз бетімен ойындар: ойында өз әрекетін жолдастарының әрекетімен келістіре білуге ынталандыру. | тәрбиелеу.<br><br>"Жағалаудан жағалауға" қимыл-қозғалыс ойыны.<br>(дене тәрбиесі)<br>Мақсат-міндеттері. Белгі бойынша белгілі бағытта жылдам жүгіру техникасын дамыту. Таныс ойындарды ұйымдастыруда бастамашылдық танытуға баулу. Ойын ережелерін саналы түрде сақтауға баулу. Жүгіруде қауіпсіздікті қадағалау.<br><br>«Тепе-теңдікті сақтап жүрейік» қимылды жаттығуы.<br>(дене тәрбиесі)<br>Мақсат-міндеттері. Тепе-теңдікті сақтау: қолды екі жаққа созып, сызықтардар бойымен және заттардан аттап өту техникаларын жетілдіру; қимылдарды үлестіруді үйрету.<br><br>«Өнегелі тәрбие». Еңбек: балаларды бала-бақша ауласындағы жолдарды сыпыруға және тазалауға үйрету. Еңбексүйгіштікке тәрбиелеу.<br>(еңбек іс-әрекеті)<br><br>Өз бетімен ойындар: Ойын тақырыбын бір-бірімен ақылдасып таңдап алуға,ойыншықтармен бөлісіп тату-тәтті ойнауға тәрбиелеу. | Тәжірибе. Қардың қасиеттері.<br>1. Аязды күні қарды қолғаппен алса, ол жабыспайды, шашылады.<br>2. Қарға су құйсаң, одан қаршық жасауға болады. Қар дымқыл әрі жабысқақ, болады.<br>Қортынды. Бұдан біз қардың дымқылдығынан қар әдемі тұтас түрде болатындығын байқадық.<br><br>"Тым-тырақай" ойыны.<br>(дене тәрбиесі)<br>Мақсат-міндеттері.<br>Балаларды ойын шартына сай ойнай білуге баулу; шапшаңдыққа, зеректікке, кеңістікті бағдарлау, жылдам жүгіре білу қабілеттерін дамыту.<br><br>«Ордан секіріп өт» ойын-жаттығуы.<br>(дене тәрбиесі)<br>Мақсат-міндеттері. 2–3 метр қашықтыққа алға ұмтылып қос аяқпен секіру техникасын жетілдіру; физикалық қасиеттерді (күш, шыдамдылық, икемділік, ептілік) дамыту. |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | рөлдер, ойыншықтар мен міндеттерін бөлісуге сыпайы түрде айтуын жетілдіру. | | | |
| **Серуеннен оралу** | Гигиеналық дағдылар<br>(мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет, тіл дамыту және көркем әдебиет)<br>Мақсат-міндеттері.<br>«Өнегелі тәрбие». Өзіне-өзі қызмет көрсету дағдыларын қалыптастыру: Балаларды киімдерін жүйелі түрде шешу, шкаф сөрелеріне киімдерін, кептіретін жерге қолғаптарын, аяқ-киімдерін орналастыру, қолдарын жуу.<br>Тамақтанар алдында, дәретханаға барғаннан кейін, ластанған кезде қолды өз бетінше сабынмен жууға үйрету. Тарақты, қол орамалды пайдалана білуді бекіту.<br>Балаларды ұқыптылыққа, тазалыққа, өзінің сыртқы келбетін қадағалауды әдетке айналдыруға баулу.<br>Балалардың түрлі әрекеттерінде көркем сөзге қызығушылыққа баулу. | | | | |
| **Түскі ас** | Гигиеналық дағдылар<br>(мәдени-гигиеналық дағдылар, сауықтыру-шынықтыру шаралары)<br>Тамақтану әдебін сақтау. Тамақты асықпай шайнау, асхана құралдарын (қасық, шанышқы), майлықты дұрыс қолдану, тамақтанып болғаннан кейін ауызды шаю. Ас ішу мәдениетімен таныстырып отыру. Қасық, шанышқыны дұрыс пайдалануды үйрету. Ас ішкенде сөйлемеу.<br>«Үнемді пайдалану». «Суды, тамақты, энергияны үнемді тұтыну» - табиғи ресурстарға ұқыпты қарауды қалыптастыру. Берілген асты құрметтеп, тауысып жеудің маңызды екенін түсіндіру. Астан соң беті-қолды жуу, тамақты шаю.<br>А. Меңжановтың "Тазалықтың досы".<br>Сылдырлайды сылдыр су.<br>Мөлдір суға қолыңды жу.<br>Жуынсаң сен әрдайым,<br>Аппақ бетің маңдайың.<br>Тазалықтың досы,<br>Су дегенің осы. | | | | |
| **Күндізгі ұйқы** | Киімдерін ұқыпты орындыққа іліп (немесе арнайы сөреге) қоюды үйретуді жалғастыру.<br>«Тазша бала» ертегісін оқып беріп, балаларды ұйықтату.<br>(тіл дамыту және көркем әдебиет)<br>Балалардың түрлі әрекеттерінде ертегілерді тыңдауға, көркем сөзге, кітапқа қызығушылыққа баулу. | Киімдерін ұқыпты орындыққа іліп (немесе арнайы сөреге) қоюды үйретуді жалғастыру.<br>«Бұдыл мерген» ертегісін тыңдату. (BilimKids медиа бөліміндегі ертегісі)<br>(тіл дамыту және көркем әдебиет) | Киімдерін ұқыпты орындыққа іліп (немесе арнайы сөреге) қоюды үйрету.<br>Аудио Қ. Абдильдинаның әні «Айым болып тудың ба».<br>(музыка) | Киімдерін ұқыпты орындыққа іліп (немесе арнайы сөреге) қоюды үйретуді жалғастыру.<br>«Бай мен тәуіп» ертегісін тыңдату. (BilimKids медиа бөліміндегі ертегісі)<br>(тіл дамыту және көркем әдебиет) | Киімдерін ұқыпты орындыққа іліп (немесе арнайы сөреге) қоюды үйретуді жалғастыру.<br>«Азат» ертегісін тыңдату. (BilimKids медиа бөліміндегі ертегісі)<br>(тіл дамыту және көркем әдебиет) |
| **Ұйқыдан біртіндеп ояту, сауықтыру шаралары** | Сауықтыру-шынықтыру шаралары.<br>(дене тәрбиесі, дербес әрекет, қоршаған әлеммен таныстыру, еңбек дағдылары)<br>Мақсат-міндеттері. Балаларды ақырын (сипап, көркемсөз, музыканы қосу арқылы) ояту.<br>Жалпақтабандылықтың алдын-алу үшін "денсаулық" (қабырғалы) жолдармен жалаң аяқ жүру, аяқтарды уқалау, аяқтың бұлшықеттерін, денсаулықты нығайту, денені тік ұстауға тәрбиелеу; тыныс алу жолдарын шынықтыру.<br>Балаларды ұқыптылыққа, тазалыққа, өзінің сыртқы келбетін қадағалауды әдетке айналдыруға баулу. Дәретханаға барғаннан кейін, ластанған кезде қолды өз бетінше сабынмен жууға, тісін тазалауға үйрету. Тарақты, қол орамалды пайдалана білуді бекіту. | | | | |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | Көркемсөз<br>Түскі ұйқы уақыты,<br>Төсегіме жатамын.<br>Ақ көрпемді жамылып<br>Тәтті ұйқыға батамын.<br>«Өнегелі тәрбие». Еңбек әрекеті: "Төсектерді төсеуде (жинауға) күтушіге көмек көрсету".<br>Мақсат-міндеттері. Балаларды өз төсек-орындарын ажыратуға үйрету; шамасы келетін жұмысты орындау кезінде балалардың бастамасын қолдау, ересектерге қол жетімді көмек көрсетуге, ұқыптылыққа тәрбиелеу. | | | | | |
| **Бесін ас** | Гигиеналық дағдылар<br>Мақсат-міндеттері. Балалардың беті-қолын жуып, таңғы асқа отыруы. Ас ішу мәдениетімен таныстырып отыру. Қасық, шанышқыны дұрыс пайдалануды үйрету. Асты сөйлемей ішу. Астан соң беті-қолды жуу.<br>А. Меңжановтың "Тазалықтың досы".<br>Сылдырлайды сылдыр су.<br>Мөлдір суға қолыңды жу.<br>Жуынсаң сен әрдайым,<br>Аппақ бетің маңдайың.<br>Тазалықтың досы,<br>Су дегенің осы.<br>(мәдени-гигиеналық дағдылар, көркем сөз) | | | | | |
| **Балалардың дербес іс-әрекеті (қимылдық, ұлттық, сюжетті-рөлдік, үстел үсті-баспа және басқа ойындар), бейнелеу іс-әрекеті, кітап қарау және басқалары)** | Дамытушылық жаттығу.<br>"Қандай және қанша айырмашылық бар?"<br>(қоршаған әлеммен таныстыру, қазақ тілі)<br>Мақсат-міндеттері.<br>Балалардың қабылдауын, зейінін, ойлауын дамыту; ақылдылыққа, байқампаздыққа тәрбиелеу. Керекті құрал-жабдықтар. Жұп суреттер (бірінші суретпен салыстырғанда, екінші суретте бірнеше өзгеріс бар). Барысы. Педагог балаларға бірінші суретті көрсетеді, ал кейін сондай екінші суретке қарауға ұсынады. Балалар екінші суретте, бірінші суретке қарағанда не өзгергенін айтады, айырмашылықтарын табады.<br>Көркемсөзді мәнерлеп оқу жаттығуы.<br>(тіл дамыту және көркем | | «Текшелерді түстеріне қарай жина» дидактикалық ойыны.<br>(математика негіздері, тіл дамыту және көркем әдебиет)<br>Мақсат-міндеттер.<br>Текшелерді түсіне қарай жіктеуді үйрету. Ойлау, еске сақтау, сөйлеуді дамыту.<br>Ойын шарты.<br>Әр баланың үстелінде түрлі түсті текше жинақтары тұрады; текшелердің үшеуінің түсі бірдей, біреуінің түсі бөлек.<br>Текшелердің орнына көлемі үлкен түймелер, кәмпиттер, қатты қағаздан жасалған пішіндер немесе біртекті екі түсті бейнелер қолданылуы мүмкін.<br>Балалар екі-екіден көрші болып отырса, текшелердің түстері мынадай тәртіппен орналасады: бір балада үш қызыл түсті және жасыл түсті | Дидактикалық ойын.<br>"Көңілді қыстырғыштар".<br>(тіл дамыту және көркем әдебиет, қоршаған әлеммен таныстыру)<br>Мақсат-міндеттер:<br>қыстырғыштар арқылы саусақ моторикасын дамыту, шығармашылық қабілетін дамыту. Ұсынылған бірнеше фигуралардың ішінен дұрысын таңдау. Мектеп жасына дейінгі баланың сөздігін кеңейтуге және белсендіруге, сондай-ақ есте сақтау мен ойлауды дамытуға ықпал ету.<br><br>«Қаржылық сауаттылық».<br>«Ақша жинақтайтын сандықша» дидактикалық ойыны. (қоршаған әлеммен таныстыру, математика негіздері)<br>Мақсат-міндеттері: | «Ұлттық ойын - ұлт қазынасы»<br>Қазақ халқының ұлттық ойыны. «Қара сиыр» ойыны.<br>(дене тәрбиесі)<br>Мақсат-міндеттер. Қимылды ойындарға қызығушылықты дамыту. Таныс ойындарды ұйымдастыруда бастамашылдық, дербестік танытуға баулу. Ойын ережелерін саналы түрде сақтауға баулу. Балаларға тапқыр, шапшаң, ұйымшыл болуды үйрету.<br><br>«Қаржылық сауаттылық».<br>«Қарапайым жоспар құру» іс-тәжірибе ойын-жаттығуы.<br>(математика негіздері, қоршаған әлеммен таныстыру, тіл дамыту және көркем әдебиет)<br>Мақсат-міндеттері. Балаларға жоспарлау және үнемдеу | Көзіңді жұмып, қолыңмен анықта».<br>(тіл дамыту және көркем әдебиет)<br>Ойынның мақсат-міндеттері: ұзын - қысқа, жуан - жіңішке, үлкен - кіші ұғымдарын бекіту.<br>Ойынның құрал-жабдықтары: қарындаштар, таяқшалар.<br>Ойынның мазмұны: балалар сипап сезу арқылы заттың ұзын не қысқалығын анықтайды. Ұзындығы әртүрлі қарындаштар алынады. Жүргізуші бір баланы шақырып, оған «көзіңді жұм да, қарындаштың ұзын не қысқалығын анықта» деген тапсырма береді.<br><br>Дамытушылық жаттығу.<br>"Не өзгерді?"<br>(қоршаған әлеммен |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | әдебиет, қазақ тілі)<br>Мақсат-міндеттері. Өлеңдерді жаттауда түрлі интонацияларды, үзілістерді, логикалық екпінді қолданып, оларды есте сақтауға үйрету.<br>Қазақ тіліне тән дыбыстарды анық айтуға баулу.<br>“Біздің ту” (Абрахман Асылбек)<br>Отан туы желбіреп,<br>Көз тартады құбыла.<br>Біз қараймыз елжіреп<br>Туған елдің туына.<br>Жарқырайды төбеден<br>Ту бетінде гербіміз:<br>Берекеге бөлеген<br>Алтын астық – белгіміз.<br><br>«Әділеттілік - адамгершілік». "Дұрыс па, бұрыс па?" жаттығуы.<br>(қоршаған әлеммен таныстыру, тіл дамыту және көркем әдебиет, музыка)<br>Мақсат-міндеттері. Балаларды адамгершілікке, өзара көмек беруге, жанашырлық танытуға, әділдігіне көз жеткізіп себебін анықтауға, әділ әрекетті қолдауға, әділетсіз әрекетті мойындауға (кешірім сұрауға), әділ пікірін білдіруге баулу, әділдікке тәрбиелеу.<br>Балалардың өміріндегі (жақында болған) немесе көркем шығармада болған оқиғаны талқылау; әділетті шешімге келу жаттығуы.<br>Оқиға бойынша әділ шешім қабылдау үшін жағдайды балалар өздері таңдайды немесе педагог ұсынады.<br>Әділетті шешім үшін балаларға таныс көркем | бір текше; екінші балада үш жасыл түсті және қызыл түсті бір текше болады.<br>Тағы бір жұпта: бір балада үш көк түсті және сары түсті бір текше, екінші балада үш сары түсті және көк түсті бір текше.<br>Әр балада текшелердің түсіне сай екі түсті табақ болады.<br><br>«Ұлттық ойын - ұлт қазынасы». "Бес тас" қимылды ойыны.<br>(дене тәрбиесі)<br>Мақсат-міндеттері.<br>Балалардың қазақ ұлттық қимылды ойындарға қызығушылықтарын дамыту; физикалық қасиеттерді, қолдың ұсақ моторикасын дамыту; шапшаңдыққа, зеректікке, шыдамдылыққа тәрбиелеу.<br><br>Лего бөлшектерінен құрастыру.<br>(құрастыру, қазақ тілі, қоршаған әлеммен таныстыру)<br>Мақсат-мәндеттері. Құрылыс бөлшектеріне ұқыптылықпен қарау, ойнап болған соң оларды жинау және орнына қою, құрастыру барысында қауіпсіздік ережелерін сақтау; құрастырылған құрылыс бөлшектерінің кеңістікте орналасуын айқындау; құрылыс нәтижесін атаған кезде қазақ тіліне тән дыбыстарды айтуға ынталандыру; қоршаған заттардың адамға пайдасы туралы білімдерін бекіту; | балалардың ақша туралы түсініктерін кеңейту.<br>Материалдар: ақша жинайтын сандықша, монеталар. Барысы: балаларға монеталар мен жинақ сандықша ұсынылады.<br>Тәрбиеші балаларға жұмбақтар жасырады, дұрыс жауап берген балаға монета беріледі, оны жинақ сандықшаға салады.<br>Жұмбақтардың шешуін тауыр болғаннан кейін балалар жинақ сандықшадағы монеталарды санайды.<br><br>Отбасы жайлы мақалдар-мәтелдер жаттау. (тіл дамыту және көркем әдебиет, қоршаған әлеммен таныстыру)<br>Мақсат-міндеттер: балаларды шешендікке, сөз өнеріне, отбасындағы үлкендерді сыйлауға, отбасылық дәстүрлерді бағалауға баулу, құрмет көрсету қағидаларына, әдептілікке тәрбиелеу.<br>Жақсы ата – орман,<br>Жақсы бала қорған.<br><br>Отан - қуат,<br>Отбасы - шуақ. | туралы түсініктерді беру.<br>Берілген тапсырмаға жауапкершілікпен қарауды қалыптастыру: бастаған істі аяғына дейін жеткізе білу, оны жақсы орындауға баулу.<br>Диалогтік сөйлеуді жетілдіру: әңгімеге қатысуға баулу, диалогке қатысушы үшін түсінікті сұрақтар қоюға және қойылған сұрақтарға дұрыс, толық жауап беруге баулу.<br>Математикалық қабілеттерді дамыту.<br>Балаларды әңгіме айтуға үйрету: өз бетінше қарап, сипаттау.<br>Тақтаның екі бағанына «қалау» мен «қажет» ұғымдарына қатысты суреттерді тізбектеу.<br>Әрбір қалаудың және қажеттің мәнін түсінуге көмектесу.<br>Екі ұғымның арасында таңдау жасау дағдыларын қалыптастыру.<br>Екінші амал: балалар шамасы келетін заттарды таңдау.<br>Үшінші амал: осы заттарды иемдену үшін қандай әрекеттерді (3-5 қадамды) жасайтынын айтқызу.<br>Қарапайым қорытынды жасату. | таныстыру, математика негіздері)<br>Мақсат-міндеттері.<br>Балалардың қабылдауын, зейіндерін, есте сақтауын дамыту; байқампаздыққа, зеректікке тәрбиелеу.<br>Керекті құрал-жабдықтар: Әртүрлі заттар мен ойыншықтар.<br>Барысы.<br>Педагог балалардың алдына таныс ойыншықтар мен заттарды ұсынады.<br>Балалар ойыншықтарды бір қатарға орналастырғанда олардың реттік нөмірін айтады.<br>Балалар көздерін жұмады, педагог қатардағы ойыншықтардың орналасуын өзгертеді.<br>Балалар көздерін ашады, қай ойыншықтың қай жерге ығысқанын айтады.<br><br>«Аналар мектебі».<br>Еңбек іс-әрекеті: "Орындықтарды жуу".<br>(қоршаған әлеммен таныстыру, еңбек дағдылары)<br>Мақсат-міндеттері.<br>Балалардың еңбек етуге деген оң көзқарасын тәрбиелеу, берілген тапсырмаға жауапкершілікпен қарауды қалыптастыру, үлкенге жәрдемдесуге, топ бөлмесіндегі орындықтарды таза ұстауды үйрету, оларды дымқыл шүберекпен сүртуді, орындарына қоюды үйрету.<br>Ересектердің жұмысын құрметтеуге тәрбиелеу. |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | шығармадан мысал келтіру (немесе жаңаны оқып беру), әйгілі мақал-мәтелді қолдану, әйгілі әнді бірігіп айтуды ұсыну. | бастаған ісін аяғына дейін жеткізуге үйрету. | | | |
| **Балалармен жеке жұмыс** | Көркем сөзді мәнерлеп оқу жаттығуы.<br>(тіл дамыту және көркем әдебиет)<br>Мақсат-міндеттері.<br>Балалардың өлеңдерді тыңдауға, көркем сөзге, кітапқа қызығушылыққа баулу. Тыңдалған шығарманың мазмұнын қайталап айтуға, қысқа өлеңдерді, санамақтарды жатқа айтуға, өлеңдерді жаттауда түрлі интонацияларды, үзілістерді, логикалық екпінді қолданып, оларды есте сақтауға баулу.<br>"Күміс қар" (Әли Ысқабаев)<br>Қырларды жапты күміс қар,<br>Далада жаңа тыныс бар.<br>Бұталар жалт-жұлт етеді<br>Кәдімгі бейне хрусталь. | Көркем сөзді мәнерлеп оқу жаттығуы.<br>(тіл дамыту және көркем әдебиет)<br>Мақсат-міндеттері.<br>Балаларды шешендікке баулу.<br>Тыңдалған шығарманың мазмұнын қайталап, жатқа айтуға баулу.<br>Жаңылтпаштар жаттайық.<br>1) Торта қойдым,<br>Орта қойдым.<br>Орта қойдым,<br>Жорта қойдым.<br>2) Топ бала, топ бала,<br>Ойнап жүр, топтала.<br>Зымырап допты ала<br>Қуады көп бала.<br>3) Қырық құрықтық<br>Сырық қырықтық. | «Суреттер құрастыру».<br>(қоршаған әлеммен таныстыру, құрастыру, тіл дамыту және көркем әдебиет)<br>Мақсат-міндеттері. Балаларға ұсақ суреттерден бір мазмұнды сурет құрастыруды үйрету, әңгіме құрастыра білу, тіл байлығын, ой-өрісін дамыту, әртүрлі мазмұнды суреттер құрастыруға балалардың қызығушылығын арттыру.<br>Балаларды әңгіме айтуға үйрету: суретті өз бетінше қарап, сипаттауға, әңгімелер құрастыруға баулу.<br><br>Отбасы туралы санамақты мәнерлеп айту, жаттау жаттығуы.<br>(тіл дамыту және көркем әдебиет)<br>Мақсат-міндеттері. Халық ауыз әдебиеті шығармаларымен таныстыру, санамақ айту өнеріне баулу, қызығушылықты арттыру; көркем сөзді ырғаққа сай мәнерлеп айтуға дағдыландыру; ұсақ қол моторикасын дамыту.<br>Бір үйде біз нешеуміз?<br>Кел, санайық екеуіміз.<br>Бас бармақ – әкем,<br>Балаң үйрек – шешем,<br>Ортан терек – ағам.<br>Шылдыр шүмек – мен,<br>Кішкентай бөбек – сен. | «Үй құрылысының ретін көрсет».<br>(құрастыру)<br>Мақсат-міндеттер: түстерді ажыратуға жаттықтыру; ойлау қабілеттерін, қабылдау, ес, зейін үрдістерін дамыту.<br>Құрал-жабдықтары: баланың саны қарай әртүрлі түсті жолақтар, пішіндер, үй суретінің үлгісі. Мазмұны: балаларға үйдің суретінің үлгісін көрсету. Балаларға әртүрлі жолақшаларды, пішіндерді таратып беру. Үлгіге қарап осы пішіндерден үйді құрастыруды ұсыну. | «Қажетті сөзді тап».<br>Мақсат-міндеттер: тапқырлыққа, ойланып жауап беруге үйрету.<br>Ойын ережесі: тәрбиеші бір сөз атайды, балалар соған қажет заттардың атына байланысты сөздерді тез атауға тиісті. Мысалы: тоқылатын заттарды ата десе, балалар шұлық, шәлі, қолғап, жемпір деп жауап береді.<br>Қайда, немен, кім тоқиды?<br>- Фабрикада машинкамен, үйде бізбен тоқымашы тоқиды.<br>- Тігілетін заттарды ата?<br>Көйлек, етік, тымақ, көрпе, пальто, т.б..<br>- Қайда, немен, кім тігеді?<br>(тіл дамыту және көкркем әдебиет қазақ тілі) |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | | Бір үйде біз нешеуміз?<br>Бір үйде біз бесеуміз. | | |
| **Серуенге дайындық** | (мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет, қоршаған әлеммен таныстыру)<br>«Өнегелі тәрбие». Өзіне-өзі қызмет көрсету дағдыларын қалыптастыру: ауа райына сәйкес киіну; өз бетінше киіну мен шешінуді, киімдерді жинауды, ілуді, ересектің көмегімен оларды тазалау, құрғатуды жетілдіру; барлық түймелерін түймелеуді, ілмекті салуды, бір-біріне көмектесуді үйрету; өз киімдерін тануды, атауды, күтуді бекіту.<br>«Қауіпсіздік». Қауіпсіздік жайында ескертулер: Өз өмірінің қауіпсіздігінің қарапайым дағдыларын меңгеру (электр құралдарынан сақ болу, сіріңкемен ойнамау, терезенің алдына шықпау, баспалдаққа көтерілгенде және түскенде таяныштан ұстау); қоршаған ортада, табиғатта қарапайым тәртіп ережелерін білу (қоқыс тастамау, өздігінен от жақпау). | | | | |
| **Серуен** | Ағаштар мен бұталарды бақылау (қоршаған әлеммен таныстыру, тіл дамыту және көркем әдебиет)<br>Мақсат-міндеттері. Өсімдіктердің бұталар және ағаштарға жіктелуі туралы түсініктерді кеңейту; өсімдіктер түрлерінің айырмашылығын байқауға, қыс мезгіліндегі өсу ерекшеліктерін түсінуге үйрету; қарапайым экологиялық білімдерін қалыптастыру.<br>Бірдей емес өсімдіктер,<br>Оларды ажырату, яғни, жіктеу:<br>Ағаш, бұта, гүлдер, шөп;<br>Пішіні әртүрлі, саны көп.<br><br>Оларды біріктіретіні - күн астында өсуі,<br>Күннен алатын жарығы мен жылуы.<br>Өте қажет өсімдіктерді суару,<br>Топырақты қопсытып, баптап, күту. (Д.Ахметова)<br><br>«Өз үйіңді тап» қимыл-қозғалыс ойыны.<br>(дене тәрбиесі)<br>Мақсат-міндеттері. Таныс ойындарды ұйымдастыруда бастамашылдық, дербестік танытуға баулу. | «Қауіпсіздік». Жаяу жүргіншілерді бақылау.<br>(экологиялық тәрбие, қарым-қатынас іс-әрекеті, танымдық іс-әрекет, зерттеу іс-әрекеті)<br>Мақсат-міндеттері. Жол бөліктері (тротуар, жолдың жүру бөлігі мен жаяу жүргіншілер өтетін жол және жерасты жолдары), бағдаршам белгілері, жолда жүру ережелері туралы білімдерін қалыптастыру<br>Зайда Елғондинова «Светофор»<br>Көшеде ол тұрады,<br>Көрмей қалма сен оны.<br>Жанса қызыл шырағы:<br>«Тоқта, жолдас!» – дегені.<br><br>Көшеде ол тұрады,<br>Көрмей қалма сен оны.<br>Жанса сары шырағы:<br>«Ал, дайындал!» – дегені.<br><br>Көшеде ол тұрады,<br>Көрмей қалма сен оны.<br>Жанса жасыл шырағы:<br>«Ал, өте бер!» – дегені.<br><br>«Қарғалар» қимылды ойыны.<br>(дене тәрбиесі)<br>Мақсат-міндеттері. Таныс ойындарды ұйымдастыруда бастамашылдық, дербестік | «Қауіпсіздік». Күннің ұзақтығын байқау.<br>(қоршаған әлеммен таныстыру, тіл дамыту және көркем әдебиет)<br>Мақсат-міндеттері. Ауа райы мен климаттық жағдайлардың өзгеруін бақылау. Қазақстанның түрлі аймақтарында ауа райының түрліше болуы туралы түсінік беру.<br>Мақал-мәтел.<br>Егер жұмыс болмаса, кешке дейін күн де ұзақ.<br>Бақылау: желтоқсанда күн қысқа, түн ұзақ, соған назар аудару. Балалардың сөздік қорының құрамына көніл бөлу, табиғатқа қызығушылығын арттыру.<br><br>«Бос орын» қимылды ойыны.<br>(дене тәрбиесі)<br>Мақсат-міндеттері. Таныс ойындарды ұйымдастыруда бастамашылдық, дербестік танытуға баулу. Ойындарда физикалық қасиеттерді (жылдамдық, икемділік, ептілік, шапшаңдық) дамыту. Ойын ережелерін саналы түрде сақтауға баулу.<br><br>«Лабиринт жолынан тайма» | «Қауіпсіздік», «Экологиялық тәрбие». Желді бақылау (қоршаған әлеммен таныстыру, тіл дамыту және көркем әдебиет)<br>Мақсат-міндеттері. Табиғат құбылыстары туралы ұғымдарын (жел, қар, боран) кеңейту. Желдің бағыт анықтауға үйрету: бұтақтардың шайқалауы, жалаулардың желпілдегені.<br>Шешендікке, сөз өнеріне баулу, жұмбақ шешуге баулу.<br>«Жел туралы жұмбақ» Д. Ахметова<br>Шаңдатып, шашыратып топырақты,<br>Шайқап бұтақты, желпілдетіп жапырақты,<br>Ұшып келді көзге көрінбейтін кейіпкер.<br>Танысаң, бұл құбылыс ...<br>(Жел).<br><br>«Бірінші бол» қимылды ойыны.<br>(дене тәрбиесі)<br>Мақсат-міндеттері. Белгі бойынша іс-әрекет жасай білуін бекіту (шананы айналу және өз орнына тұру), қосымша жаттығуларды орындау (шанаға отыру, 5 рет отырып-тұру және т.б) | Ауа райын бақылау.<br>(қоршаған әлеммен таныстыру, тіл дамыту және көркем әдебиет)<br>Мақсат-міндеттері. Табиғат құбылыстары туралы ұғымдарын (жел, жаңбыр, тұман, қар) кеңейту.<br>Ауа райы мен климаттық жағдайлардың өзгеруін бақылау. Қазақстанның түрлі аймақтарында ауа райының түрліше болуы туралы түсінік беру.<br>Ізтай Мәмбетов «Қыс»<br>Жаңа айлардың жаңа қары<br>Жапалақтап жауады.<br>Жайлы бір леп таралады,<br>Жаңғыртады ауаны.<br><br>Ұйқыдағы баладайын,<br>Баладайын пәк жүрек,<br>Ұйып қапты қырда қайың,<br>Киім киіп ақ жібек.<br><br>«Лабиринт жолынан тайма» ойын-жаттығуы.<br>(дене тәрбиесі)<br>Мақсат-міндеттері. Бір сапта бір-бірден, арақашықты сақтап "жыланша" жүгіру техникасын жетілдіру; дене қимылдарын үлестіре білуді, зерек болуды дамыту. |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | Ептілікті, белгі бойынша жылдам әрекет ету біліктерін дамыту, ойын ережесін нақты орындауға дағдыландыру.<br><br>«Тепе-теңдікті сақтап жүрейік» қимылды жаттығуы.<br>(дене тәрбиесі)<br>Мақсат-міндеттері. Тепе-теңдікті сақтау: қолды екі жаққа созып, сызықтардар бойымен және заттардан аттап өту техникаларын жетілдіру; қимылдарды үлестіруді үйрету.<br><br>Өз бетімен ойындар.<br>(қоршаған әлеммен таныстыру, дене тәрбиесі)<br>Балаларды адамгершілікке, өзара көмек беруге, ренжіген балаға жанашырлық танытуға, бірге, келісіп ойнауға, құрдастарының өтініші бойынша ойыншықтарымен бөлісуге баулу.<br>Дене шынықтыру құралдарын, спорттық және қимылды ойындарға арналған атрибуттарды пайдалануға ынталандыру.<br><br>«Өнегелі тәрбие». Еңбек әрекеті: ойыншықтарды жинау.<br>(еңбек дағдылары, қоршаған әлеммен таныстыру)<br>Балаларды ойыншықтарға ұқыпты карауға, берілген тапсырмаға жауапкершілікпен қарауға, ойыншықтарды жинауда тәрбиешіге көмектесуге баулу. | танытуға баулу. Ойындарда физикалық қасиеттерді (жылдамдық, икемділік, ептілік) дамыту.<br>Қимылды ойындарда жетекші рөлді орындауға үйрету, ойын ережелерін саналы түрде сақтауға баулу.<br>Ойынға деген қызығушылықтарын арттыру.<br><br>«Нысанаға тигіз» ойын-жаттығуы.<br>(дене тәрбиесі)<br>Оң және сол қолмен, көздеп лақтыру кезінде қалыпты жағдайды сақтай білу. Ойын барысында балаларды шапшаңдыққа, икемділікке баулу. Қызығушылықтарын арттыру.<br><br>Өз бетімен ойындар.<br>(қоршаған әлеммен таныстыру, дене тәрбиесі)<br>Балаларды адамгершілікке, өзара көмек беруге, ренжіген балаға жанашырлық танытуға, бірге, келісіп ойнауға, құрдастарының өтініші бойынша ойыншықтарымен бөлісуге баулу.<br>Дене шынықтыру құралдарын, спорттық және қимылды ойындарға арналған атрибуттарды пайдалануға ынталандыру.<br><br>«Өнегелі тәрбие». Еңбек әрекеті: ойыншықтарды жинау.<br>(еңбек дағдылары, қоршаған әлеммен таныстыру)<br>Балаларды ойыншықтарға | ойын-жаттығуы.<br>(дене тәрбиесі)<br>Мақсат-міндеттері. Бір сапта бір-бірден, арақашықты сақтап "жыланша" жүгіру техникасын жетілдіру; дене қимылдарын үлестіре білуді, зерек болуды дамыту.<br><br>Өз бетімен ойындар.<br>(қоршаған әлеммен таныстыру, дене тәрбиесі)<br>Балаларды адамгершілікке, өзара көмек беруге, ренжіген балаға жанашырлық танытуға, бірге, келісіп ойнауға, құрдастарының өтініші бойынша ойыншықтарымен бөлісуге баулу.<br>Дене шынықтыру құралдарын, спорттық және қимылды ойындарға арналған атрибуттарды пайдалануға ынталандыру.<br><br>«Өнегелі тәрбие». Еңбек әрекеті: ойыншықтарды жинау.<br>(еңбек дағдылары, қоршаған әлеммен таныстыру)<br>Балаларды ойыншықтарға ұқыпты карауға, берілген тапсырмаға жауапкершілікпен қарауға, ойыншықтарды жинауда тәрбиешіге көмектесуге баулу. | жылдам және еппен іс-әрекет жасау.<br><br>«Тепе-теңдікті сақтап жүрейік» қимылды жаттығуы.<br>(дене тәрбиесі)<br>Мақсат-міндеттері. Тепе-теңдікті сақтау: қолды екі жаққа созып, сызықтардар бойымен және заттардан аттап өту техникаларын жетілдіру; қимылдарды үлестіруді үйрету.<br><br>Өз бетімен ойындар.<br>(қоршаған әлеммен таныстыру, дене тәрбиесі)<br>Балаларды адамгершілікке, өзара көмек беруге, ренжіген балаға жанашырлық танытуға, бірге, келісіп ойнауға, құрдастарының өтініші бойынша ойыншықтарымен бөлісуге баулу.<br>Дене шынықтыру құралдарын, спорттық және қимылды ойындарға арналған атрибуттарды пайдалануға ынталандыру.<br><br>«Өнегелі тәрбие». Еңбек әрекеті: ойыншықтарды жинау.<br>(еңбек дағдылары, қоршаған әлеммен таныстыру)<br>Балаларды ойыншықтарға ұқыпты карауға, берілген тапсырмаға жауапкершілікпен қарауға, ойыншықтарды жинауда тәрбиешіге көмектесуге баулу. | Өз бетімен ойындар.<br>(қоршаған әлеммен таныстыру, дене тәрбиесі)<br>Балаларды адамгершілікке, өзара көмек беруге, ренжіген балаға жанашырлық танытуға, бірге, келісіп ойнауға, құрдастарының өтініші бойынша ойыншықтарымен бөлісуге баулу.<br>Дене шынықтыру құралдарын, спорттық және қимылды ойындарға арналған атрибуттарды пайдалануға ынталандыру.<br><br>«Өнегелі тәрбие». Еңбек әрекеті: ойыншықтарды жинау.<br>(еңбек дағдылары, қоршаған әлеммен таныстыру)<br>Балаларды ойыншықтарға ұқыпты карауға, берілген тапсырмаға жауапкершілікпен қарауға, ойыншықтарды жинауда тәрбиешіге көмектесуге баулу. |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | ұқыпты қарауға, берілген тапсырмаға жауапкершілікпен қарауға, ойыншықтарды жинауда тәрбиешіге көмектесуге баулу. | | | |
| **Серуеннен оралу** | Гигиеналық дағдылар<br>(мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет, тіл дамыту және көркем әдебиет)<br>Мақсат-міндеттері.<br>«Өнегелі тәрбие». Өзіне-өзі қызмет көрсету дағдыларын қалыптастыру: Балаларды киімдерін жүйелі түрде шешу, шкаф сөрелеріне киімдерін, кептіретін жерге қолғаптарын, аяқ-киімдерін орналастыру, қолдарын жуу.<br>Тамақтанар алдында, дәретханаға барғаннан кейін, ластанған кезде қолды өз бетінше сабынмен жууға үйрету. Тарақты, қол орамалды пайдалана білуді бекіту.<br>Балаларды ұқыптылыққа, тазалыққа, өзінің сыртқы келбетін қадағалауды әдетке айналдыруға баулу.<br>Балалардың түрлі әрекеттерінде көркем сөзге қызығушылыққа баулу.<br>«Үнемді тұтыну». Жуынғанда суды үнемді пайдалануға үйрету. | | | | |
| **Кешкі ас** | Таза және ұқыпты тамақтану. Тамақтану мәдениетін қалыптастыру. Асты тауысып жеуге үйрету. (мәдени-гигиеналық дағдылар) | | | | |
| **Балалардың дербес іс-әрекеті (қимылдық, ұлттық, сюжетті-рөлдік, үстел үсті-баспа және басқа ойындар), бейнелеу іс-әрекеті, кітап қарау және басқалары)** | Кітап бұрышында: өткен тақырыптар бойынша суреттерді қарау, сипаттау; ертегілерді есте жаңғырту, кейіпкерлердің сөздерін қайталау.<br>Міндеттер. Қазақстан халқының мәдениетімен, салт-дәстүрлерімен таныстыру арқылы түрлі балалар әрекетінде балалардың ауызша сөйлеуін дамыту.<br>(коммуникативті дағдылар, тіл дамыту және көркем әдебиет, қазақ тілі)<br>Музыкалық аспаптармен ойындар. Балабақша туралы әндер тыңдау. (музыка)<br>Міндеттер. Балалардың музыкаға деген қызығушылығын тудыру, оны тыңдауға ынталандыру, музыкалық шығармаларды эмоционалды қабылдауды дамыту.<br>Өнер бұрышында | Кітап бұрышында: өткен тақырыптар бойынша суреттерді қарау, сипаттау; ертегілерді есте жаңғырту, кейіпкерлердің сөздерін қайталау.<br>Міндеттер. Қазақстан халқының мәдениетімен, салт-дәстүрлерімен таныстыру арқылы түрлі балалар әрекетінде балалардың ауызша сөйлеуін дамыту.<br>(коммуникативті дағдылар, тіл дамыту және көркем әдебиет, қазақ тілі)<br>Музыкалық аспаптармен ойындар. Балабақша туралы әндер тыңдау. (музыка)<br>Міндеттер. Балалардың музыкаға деген қызығушылығын тудыру, оны тыңдауға ынталандыру, музыкалық шығармаларды эмоционалды қабылдауды дамыту. | Кітап бұрышында: өткен тақырыптар бойынша суреттерді қарау, сипаттау; ертегілерді есте жаңғырту, кейіпкерлердің сөздерін қайталау.<br>Міндеттер. Қазақстан халқының мәдениетімен, салт-дәстүрлерімен таныстыру арқылы түрлі балалар әрекетінде балалардың ауызша сөйлеуін дамыту.<br>(коммуникативті дағдылар, тіл дамыту және көркем әдебиет, қазақ тілі)<br>Музыкалық аспаптармен ойындар. Балабақша туралы әндер тыңдау. (музыка)<br>Міндеттер. Балалардың музыкаға деген қызығушылығын тудыру, оны тыңдауға ынталандыру, музыкалық шығармаларды эмоционалды қабылдауды дамыту. | Кітап бұрышында: өткен тақырыптар бойынша суреттерді қарау, сипаттау; ертегілерді есте жаңғырту, кейіпкерлердің сөздерін қайталау.<br>Міндеттер. Қазақстан халқының мәдениетімен, салт-дәстүрлерімен таныстыру арқылы түрлі балалар әрекетінде балалардың ауызша сөйлеуін дамыту.<br>(коммуникативті дағдылар, тіл дамыту және көркем әдебиет, қазақ тілі)<br>Музыкалық аспаптармен ойындар. Балабақша туралы әндер тыңдау. (музыка)<br>Міндеттер. Балалардың музыкаға деген қызығушылығын тудыру, оны тыңдауға ынталандыру, музыкалық шығармаларды эмоционалды қабылдауды дамыту. | Кітап бұрышында: өткен тақырыптар бойынша суреттерді қарау, сипаттау; ертегілерді есте жаңғырту, кейіпкерлердің сөздерін қайталау.<br>Міндеттер. Қазақстан халқының мәдениетімен, салт-дәстүрлерімен таныстыру арқылы түрлі балалар әрекетінде балалардың ауызша сөйлеуін дамыту.<br>(коммуникативті дағдылар, тіл дамыту және көркем әдебиет, қазақ тілі)<br>Музыкалық аспаптармен ойындар. Балабақша туралы әндер тыңдау. (музыка)<br>Міндеттер. Балалардың музыкаға деген қызығушылығын тудыру, оны тыңдауға ынталандыру, музыкалық шығармаларды эмоционалды қабылдауды дамыту. |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | балабақшаны, ойыншықтарды мүсіндеу, жапсыру, суретін бояу. (шығармашылық дағдылар, сурет салу, жапсыру, мүсіндеу)<br>Міндеттер. Жапсыру мен шығармашылық әрекетке қызығушылықты, шығармашылық қабілетті, қиялды дамыту. Жеке заттарды және бірдей заттарды қайталап салу және олардың қасына басқа заттарды бейнелеу арқылы сюжеттік композицияларды салу.<br>Қолдың ұсақ және ірі моторикасын дамытатын ойындар. (құрастыру)<br>Міндеттер. Құрылыс материалдарынан, «лего» конструкторлардан құрастыру. | Өнер бұрышында балабақшаны, ойыншықтарды мүсіндеу, жапсыру, суретін бояу. (шығармашылық дағдылар, сурет салу, жапсыру, мүсіндеу)<br>Міндеттер. Жапсыру мен шығармашылық әрекетке қызығушылықты, шығармашылық қабілетті, қиялды дамыту. Жеке заттарды және бірдей заттарды қайталап салу және олардың қасына басқа заттарды бейнелеу арқылы сюжеттік композицияларды салу.<br>Қолдың ұсақ және ірі моторикасын дамытатын ойындар. (құрастыру)<br>Міндеттер. Құрылыс материалдарынан, «лего» конструкторлардан құрастыру. | Өнер бұрышында балабақшаны, ойыншықтарды мүсіндеу, жапсыру, суретін бояу. (шығармашылық дағдылар, сурет салу, жапсыру, мүсіндеу)<br>Міндеттер. Жапсыру мен шығармашылық әрекетке қызығушылықты, шығармашылық қабілетті, қиялды дамыту. Жеке заттарды және бірдей заттарды қайталап салу және олардың қасына басқа заттарды бейнелеу арқылы сюжеттік композицияларды салу.<br>Қолдың ұсақ және ірі моторикасын дамытатын ойындар. (құрастыру)<br>Міндеттер. Құрылыс материалдарынан, «лего» конструкторлардан құрастыру. | Өнер бұрышында балабақшаны, ойыншықтарды мүсіндеу, жапсыру, суретін бояу. (шығармашылық дағдылар, сурет салу, жапсыру, мүсіндеу)<br>Міндеттер. Жапсыру мен шығармашылық әрекетке қызығушылықты, шығармашылық қабілетті, қиялды дамыту. Жеке заттарды және бірдей заттарды қайталап салу және олардың қасына басқа заттарды бейнелеу арқылы сюжеттік композицияларды салу.<br>Қолдың ұсақ және ірі моторикасын дамытатын ойындар. (құрастыру)<br>Міндеттер. Құрылыс материалдарынан, «лего» конструкторлардан құрастыру. | Өнер бұрышында балабақшаны, ойыншықтарды мүсіндеу, жапсыру, суретін бояу. (шығармашылық дағдылар, сурет салу, жапсыру, мүсіндеу)<br>Міндеттер. Жапсыру мен шығармашылық әрекетке қызығушылықты, шығармашылық қабілетті, қиялды дамыту. Жеке заттарды және бірдей заттарды қайталап салу және олардың қасына басқа заттарды бейнелеу арқылы сюжеттік композицияларды салу.<br>Қолдың ұсақ және ірі моторикасын дамытатын ойындар. (құрастыру)<br>Міндеттер. Құрылыс материалдарынан, «лего» конструкторлардан құрастыру. |
| **Балалардың үйге қайтуы** | "Балаңызға қандай ойыншық таңдайсыз" атты сауалнама. | "Тәуелсіздік - тірегім" тақырыбында газет көрмесі. | "Балаңыздың күн режимін қалай сақтаймыз" тақырыбында әңгімелесу. | Жаңа Жылды қарсы алу туралы әңгіме. Мерекеге өлеңдер мен әндерді үйрену. | «Баланың эмоциялық жағдайы». |

**15.12 - 19.12.2025ж.**

| **Апта күндері** | ***Дүйсенбі*** | ***Сейсенбі*** | ***Сәрсенбі*** | ***Бейсенбі*** | ***Жұма*** |
|---|---|---|---|---|---|
| **Балаларды қабылдау** | Балаларды жақсы көңіл күймен қарсы алу және оларға қолайлы жағдай жасау. Баланың көңіл күйін, оның жеке пікірін, қызығушылығын анықтау.<br>Сәлемдесу<br>Қуанамын мен де<br>Қуанасың сен де,<br>Қуанайық достарым!<br>Арайлап атқан күнге!<br>(қарым-қатынас іс-әрекеті) | | Балаларды жақсы көңіл күймен қарсы алу және оларға қолайлы жағдай жасау. Баланың көңіл күйін, оның жеке пікірін, қызығушылығын анықтау.<br>Сәлемдесу<br>Бақыт толы шеңберге,<br>Шаттық толы шеңберге,<br>Қол ұстасып келдік біз,<br>Жан достармыз енді біз.<br>(қарым-қатынас іс-әрекеті) | Балаларды жақсы көңіл күймен қарсы алу және оларға қолайлы жағдай жасау. Баланың көңіл күйін, оның жеке пікірін, қызығушылығын анықтау.<br>Сәлемдесу<br>Достарымның барлығын,<br>Сыйлап, жақсы көремін.<br>Алақаным арқылы<br>Жылуымды беремін.<br>(қарым-қатынас іс-әрекеті) | Балаларды жақсы көңіл күймен қарсы алу және оларға қолайлы жағдай жасау. Баланың көңіл күйін, оның жеке пікірін, қызығушылығын анықтау.<br><br>«Күй күмбірі»<br>Күйді қосып, балаларды қарсы алу.<br>(музыка) |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| **Ата-аналармен немесе баланың басқа заңды өкілдерімен әңгімелесу, кеңес беру** | «Баланыздың неге бейім екендігін байқадыңыз ба?» | | Кеңес беру. «Неліктен бала тыңдамайды?» | Балалар отбасында өздері не істей алатындары туралы әңгімелесу. | «Айына бір рет отбасы күнін өткізу». |
| **Балалардың іс-әрекеті (ойын, танымдық, коммуникатив тік, шығармашыл ық, эксперименталдық, еңбек, қимыл, бейнелеу, дербес және басқалары)** | «Өнегелі тәрбие»<br>Еңбек тапсырмалары: "Шешіну бөлмесінің шкафындағы тәртіп». (қоршаған әлеммен таныстыру, еңбек дағдылары)<br>(тәрбиешінің көмекшісімен бірге)<br>Мақсат-міндеттер: балаларды жеке киім шкафтарында тәртіпті сақтауға үйрету: шкафты киім мен аяқкиімнен босату, сөрелерді дымқыл шүберекпен сүрту және киімді орнына мұқият бүктеу. Еңбекқорлыққа, тәртіпті сақтауға тәрбиелеу. Ұжымда ұйымдасып еңбек етуді үйрету.<br><br>Суреттерді қарастыру жаттығуы. "Қазақстанның көрікті жерлері". (қоршаған әлеммен таныстыру, тіл дамыту және көркем әдебиет)<br>Мақсат-міндеттері. Қазақстанның көрікті жерлерінің суреттерін қарастырып, қарапайым сөйлем, қысқа әңгіме құрастыруға ынталандыру; ауыл мен қала өмірінің ерекшеліктері туралы ұғымдарын дамыту; Отанды сүюге, патриотизмге тәрбиелеу.<br>Педагог суреттер бойынша қарастыру жаттығуының соңында, сүйікті тақпағын мәнерлеп айтуды ұсынады.<br>Қадыр Мырза Әли «Табиғат — жаратылыс пернесі».<br>О, далам, менің байтағым,<br>Далам деп өлең айтамын.<br>Ұлың боп ойлап барам да, | | «Өнегелі тәрбие»<br>Еңбек тапсырмалары: "Ұйымдастырылған іс-әрекетке керек материалдар мен құрал-жабдықтарды дайындаймыз". (қоршаған әлеммен таныстыру, еңбек дағдылары)<br>Мақсат-міндеттері. Балаларды ұйымдастырылған іс-әрекетке керек материалдар мен құрал-жабдықтарды таратуға, тиянақты жинауға дағдыландыру; берілген тапсырмаға жауапкершілікпен қарауды қалыптастыру: бастаған істі аяғына дейін жеткізе білу.<br><br>Көркем сөзді мәнерлеп оқу жаттығуы.<br>(тіл дамыту және көркем әдебиет)<br>Мақсат-міндеттері. Балалардың өлеңдерді тыңдауға, көркем сөзге, кітапқа қызығушылыққа баулу.<br>Тыңдалған шығарманың мазмұнын қайталап айтуға, қысқа өлеңдерді, санамақтарды жатқа айтуға баулу.<br>Санамақ<br>Бір дегенің - білеу,<br>Екі дегенің - егеу,<br>Үш дегенің - үскі,<br>Төрт дегенің - төсек,<br>Бес дегенің - бесік,<br>Алты дегенің - асық, | «Өнегелі тәрбие»<br>Еңбек тапсырмалары: "Асхана бойынша кезекшілік". (қоршаған әлеммен таныстыру, еңбек дағдылары)<br>Мақсат-міндеттері: топта кезекшілердің міндеттерін өз бетінше орындауға үйрету: нан салғыштарды, кружкаларды, тәрелкелер мен майлықтарды, ас құралдарын (қасықтар, шанышқылар) ретімен қою; берілген тапсырмаға жауапкершілікпен қарауды қалыптастыру.<br><br>"Лото" үстел үсті ойыны (геометриялық пішіндер). (математика негіздері)<br>Мақсат-міндеттер: балалардың зейіндерін тұрақтандыру, логикалық ойлау қабілетін дамыту; заттарды топтастыруға дағдыландыру; байқампаздыққа тәрбиелеу.<br>Әр бала бір геометриялық пішінді алып, сол пішінге ұқсас заттар бейнеленген карточкаларды таңдайды.<br><br>"Биік ғимараттар" құрылыс ойыны.<br>(құрастыру)<br>Мақсат-міндеттер: Геометриялық пішіндерден, текшелерден мұнара жасау. | Ұлттық сезім күні<br>«Өнегелі тәрбие»<br>Еңбек тапсырмалары: "Бөлме өсімдіктеріне күтім жасау". (қоршаған әлеммен таныстыру, еңбек дағдылары)<br>Мақсат-міндеттері. Бөлме өсімдіктеріне күтім жасауға үйрету: жерді қопсыту, суару, жапырақтардың шаңын сүрту. Өсімдіктерді таза ұстау әдістері туралы бұрын алған білімдерін нақтылау.<br>Балалардың еңбек етуге деген оң көзқарасын тәрбиелеу, берілген тапсырмаға жауапкершілікпен қарауды қалыптастыру: бастаған істі аяғына дейін жеткізе білу, оны жақсы орындау.<br><br>"Қыс мезгілінің суретін құрастыр" дидактикалық ойыны.<br>(қоршаған әлеммен таныстыру, тіл дамыту және көркем әдебиет, құрастыру)<br>Мақсат-міндеттері. балалардың сурет бойынша әңгіме құрауға үйрету. Бірнеше бөліктерден тұратын, тұтас суретті құрастыра білуге үйрету, төзімділікке, бастаған істі аяқтауға тәрбиелеу.<br>Сурет бөліктерін таңдағанда қателеспеу, кім тез өз суретін құрастырып, дұрыс атайды сол |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | Құлын боп ойнап қайтамын.<br><br>«Спорт-лото». (қоршаған әлеммен таныстыру, тіл дамыту және көркем әдебиет)<br>Мақсат-міндеттер: балаларға спорт түрлерін үйрету, олардың бір-бірінен айырмашылығын танып білу; спортқа деген қызығушылығын арттыру.<br>Ойын атрибуттары: спорт түрлеріне байланысты суреттер.<br>Ойынның барысы: балаларға спорт түрлері салынған сурет карточкасы үлестіріліп беріледі. Оны балалар тиісті суреттермен жабады. Карточканы кім бұрын жауып болса, сол жеңіске жетеді. | | Жеті дегенің - желке,<br>Сегіз дегенің - серке,<br>Тоғыз дегенің - торқа,<br>Он дегенің - оймақ,<br>Он бір - қара жұмбақ.<br>(тіл дамыту және көркем әдебиет, математика негіздері)<br><br>Қауіпсіздік. "Мен және мен туралы" жаттығуы<br>(қоршаған әлеммен таныстыру, тіл дамыту және көркем әдебиет)<br>Мақсат-міндеттері. Балалардың өз есімін, тегін, жасын, ата-аналарының атын білуді бекіту, бейтаныс адамдармен қарым-қатынас жасау ережелерін бекіту.<br><br>"Үй салу" ойыны.<br>(сурет салу)<br>Мақсат-міндеттер: балаларды үлгіге қарап, үйді құрастыруға машықтандыру; қиялды, зейінді дамыту; ұсақ моторикасын дамыту.<br>Ойын құралдары.<br><br>"Лего" немесе ағаш құрылыс ойыншықтары. Тәрбиеші өз ойларынан үйлер құрастыруды ұсыну мүмкін.<br>(құрастыру) | «Ғажайып дорба» үстел үсті ойыны.<br>(қоршаған әлеммен таныстыру, тіл дамыту және көркем әдебиет)<br>Мақсат-міндеттері. Балаларды затты сипаттауға, әңгімелер құрастыруға үйрету. Қоршаған орта заттары, олардың қасиеттері және қолданылуы туралы түсініктерін кеңейту. Сөйлеуде күнделікті көп қолданылатын сын есімдерді, етістіктерді, есімдіктерді қолдану. Сөйлемдегі сөздерді байланыстыруға үйрету. Логиканы, тері түйсіктерін (тактильді), байланыстырып сөйлеуді дамыту.<br><br>"Биік ғимараттар"<br>(қоршаған әлеммен таныстыру, құрастыру)<br>Міндеттер. "Tig-tag junior" бейнематериалын көрсету. | жеңімпаз атанады.<br>Ойын іс-әрекеті.<br>Тұтас суретті құрастыру үшін тиісті бөлшектерін іздестіру.<br>Қажетті құралдар.<br>Бірнеше бөлікке бөлінген түрлі заттардың суреттері (көлемдері 7×8 см карточкалар).<br>Тілеген Шапаев «Қар».<br>Жауды міне, қар аппақ,<br>Айналаның бәрі аппақ.<br>Жасырыпты жолдарды:<br>Тегістепті орларды.<br><br>Үстін жауып көлдердің,<br>Бетін бүркеп белдердің.<br>Жастық етіп тауды асқақ<br>Жантайыпты жамбастап.<br>Жантайыпты жамбастап.<br><br>"Боямақ беттеріндегі суреттерді бояу.<br>(сурет салу)<br>Мақсат-міндеттер. Сурет салуда әртүрлі түстерді қолдануға, көп түске назар аударуға деген ұмтылысты қолдау. Пішінін ескере отырып, бейне сұлбасын бояуға баулу. Сурет салуда еңкеймей, арқаны тік ұстап, дұрыс еркін отыруға, жұмыс орнын таза ұстауға, ұқыпты болуға, қауіпсіздікті сақтауға баулу. Шығармашылыққа тәрбиелеу. |
| **Ертеңгілік жаттығу** | Жалпы дамыту жаттығулары<br>(дене тәрбиесі, дербес әрекет)<br>1. Бастапқы қалып: дене тік, аяқ бірге, қолды жанына жіберу.<br>1 - қолдарымен иықтарын құшақтап, саусақтарын жұму; 2 - бастапқы қалыпқа келу.<br>(жаттығу 4 рет қайталанады).<br>2. Бастапқы қалып: дене тік, аяқ | | Жалпы дамыту жаттығулары<br>(дене тәрбиесі, дербес әрекет)<br>1. Бастапқы қалып: дене тік, аяқ бірге, қолды жанына жіберу.<br>1 - қолдарымен иықтарын құшақтап, саусақтарын жұму; 2 - бастапқы қалыпқа келу.<br>(жаттығу 4 рет қайталанады).<br>2. Бастапқы қалып: дене тік, аяқ | Жалпы дамыту жаттығулары<br>(дене тәрбиесі, дербес әрекет)<br>1. Бастапқы қалып: дене тік, аяқ бірге, қолды жанына жіберу.<br>1 - қолдарымен иықтарын құшақтап, саусақтарын жұму; 2 - бастапқы қалыпқа келу.<br>(жаттығу 4 рет қайталанады).<br>2. Бастапқы қалып: дене тік, аяқ | Жалпы дамыту жаттығулары<br>(дене тәрбиесі, дербес әрекет)<br>1. Бастапқы қалып: дене тік, аяқ бірге, қолды жанына жіберу.<br>1 - қолдарымен иықтарын құшақтап, саусақтарын жұму; 2 - бастапқы қалыпқа келу.<br>(жаттығу 4 рет қайталанады).<br>2. Бастапқы қалып: дене тік, аяқ |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | бірге, қол белде.<br>1 - оң аяқты ұшымен алдына қою; 2 - бастапқы қалыпқа келу. (Осы жаттығу сол жақпен қайталанады, 4 рет).<br>3. Бастапқы қалып: дене тік, аяқ бірге, қолды жанына жіберу.<br>1 - 2 - алға еңкейіп, саусақтарын еденге тигізу; 3 - 4 - бастапқы қалыпқа келу. (жаттығу 4 рет қайталанады).<br>4. Бастапқы қалып: арқаға жатып, қолды дене тұсында ұстау.<br>1 - тізені бүгіп, қолымен құшақтап, басын тізесіне тигізу; 2 - бастапқы қалыпқа келу. (жаттығу 3 рет қайталанады).<br>5. Бастапқы қалып: арқаға жатып, қолды дене тұсында ұстау.<br>Бүгілген аяқтарымен ""велосипед"" тебу, 1-8 сандары аралығында санау арқылы аяқтарын айналдыру; үзіліс жасап, қайта айналдыру.<br>6. Бастапқы қалып: аяқты қайшылап отыру, қол белде. 1 - денені оң жаққа бұрып, оң қолын жанына жіберу;<br>2 - бастапқы қалыпқа келу. (жаттығу сол жаққа қайталанады, 4 рет ).<br>7. Бастапқы қалып: дене тік, аяқ бірге, қол белде.<br>1 - 4 дейін санап, оң аяқпен секіру, 5-8 дейін санап, сол аяқпен секіру, балалар педагогтің санауы бойынша секіру жаттығуларын орындайды, арасында үзіліс жасап, қайтадан секіреді. | | бірге, қол белде.<br>1 - оң аяқты ұшымен алдына қою; 2 - бастапқы қалыпқа келу. (Осы жаттығу сол жақпен қайталанады, 4 рет).<br>3. Бастапқы қалып: дене тік, аяқ бірге, қолды жанына жіберу.<br>1 - 2 - алға еңкейіп, саусақтарын еденге тигізу; 3 - 4 - бастапқы қалыпқа келу. (жаттығу 4 рет қайталанады).<br>4. Бастапқы қалып: арқаға жатып, қолды дене тұсында ұстау.<br>1 - тізені бүгіп, қолымен құшақтап, басын тізесіне тигізу; 2 - бастапқы қалыпқа келу. (жаттығу 3 рет қайталанады).<br>5. Бастапқы қалып: арқаға жатып, қолды дене тұсында ұстау.<br>Бүгілген аяқтарымен ""велосипед"" тебу, 1-8 сандары аралығында санау арқылы аяқтарын айналдыру; үзіліс жасап, қайта айналдыру.<br>6. Бастапқы қалып: аяқты қайшылап отыру, қол белде. 1 - денені оң жаққа бұрып, оң қолын жанына жіберу;<br>2 - бастапқы қалыпқа келу. (жаттығу сол жаққа қайталанады, 4 рет ).<br>7. Бастапқы қалып: дене тік, аяқ бірге, қол белде.<br>1 - 4 дейін санап, оң аяқпен секіру, 5-8 дейін санап, сол аяқпен секіру, балалар педагогтің санауы бойынша секіру жаттығуларын орындайды, арасында үзіліс жасап, қайтадан секіреді. | бірге, қол белде.<br>1 - оң аяқты ұшымен алдына қою; 2 - бастапқы қалыпқа келу. (Осы жаттығу сол жақпен қайталанады, 4 рет).<br>3. Бастапқы қалып: дене тік, аяқ бірге, қолды жанына жіберу.<br>1 - 2 - алға еңкейіп, саусақтарын еденге тигізу; 3 - 4 - бастапқы қалыпқа келу. (жаттығу 4 рет қайталанады).<br>4. Бастапқы қалып: арқаға жатып, қолды дене тұсында ұстау.<br>1 - тізені бүгіп, қолымен құшақтап, басын тізесіне тигізу; 2 - бастапқы қалыпқа келу. (жаттығу 3 рет қайталанады).<br>5. Бастапқы қалып: арқаға жатып, қолды дене тұсында ұстау.<br>Бүгілген аяқтарымен ""велосипед"" тебу, 1-8 сандары аралығында санау арқылы аяқтарын айналдыру; үзіліс жасап, қайта айналдыру.<br>6. Бастапқы қалып: аяқты қайшылап отыру, қол белде. 1 - денені оң жаққа бұрып, оң қолын жанына жіберу;<br>2 - бастапқы қалыпқа келу. (жаттығу сол жаққа қайталанады, 4 рет ).<br>7. Бастапқы қалып: дене тік, аяқ бірге, қол белде.<br>1 - 4 дейін санап, оң аяқпен секіру, 5-8 дейін санап, сол аяқпен секіру, балалар педагогтің санауы бойынша секіру жаттығуларын орындайды, арасында үзіліс жасап, қайтадан секіреді. | бірге, қол белде.<br>1 - оң аяқты ұшымен алдына қою; 2 - бастапқы қалыпқа келу. (Осы жаттығу сол жақпен қайталанады, 4 рет).<br>3. Бастапқы қалып: дене тік, аяқ бірге, қолды жанына жіберу.<br>1 - 2 - алға еңкейіп, саусақтарын еденге тигізу; 3 - 4 - бастапқы қалыпқа келу. (жаттығу 4 рет қайталанады).<br>4. Бастапқы қалып: арқаға жатып, қолды дене тұсында ұстау.<br>1 - тізені бүгіп, қолымен құшақтап, басын тізесіне тигізу; 2 - бастапқы қалыпқа келу. (жаттығу 3 рет қайталанады).<br>5. Бастапқы қалып: арқаға жатып, қолды дене тұсында ұстау.<br>Бүгілген аяқтарымен ""велосипед"" тебу, 1-8 сандары аралығында санау арқылы аяқтарын айналдыру; үзіліс жасап, қайта айналдыру.<br>6. Бастапқы қалып: аяқты қайшылап отыру, қол белде. 1 - денені оң жаққа бұрып, оң қолын жанына жіберу;<br>2 - бастапқы қалыпқа келу. (жаттығу сол жаққа қайталанады, 4 рет ).<br>7. Бастапқы қалып: дене тік, аяқ бірге, қол белде.<br>1 - 4 дейін санап, оң аяқпен секіру, 5-8 дейін санап, сол аяқпен секіру, балалар педагогтің санауы бойынша секіру жаттығуларын орындайды, арасында үзіліс жасап, қайтадан секіреді. |
| **Таңғы ас** | Гигиеналық дағдылар | | | | |

<table>
<tr><td></td><td colspan="5">(мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет, тіл дамыту және көркем әдебиет)<br>Мақсат-міндеттері.<br>Тамақтанар алдында, дәретханаға барғаннан кейін, ластанған кезде қолды өз бетінше сабынмен жууға үйрету. Тарақты, қол орамалды пайдалана білуді бекіту.<br>Тамақтану әдебін сақтау. Тамақты асықпай шайнау, асхана құралдарын (қасық, шанышқы), майлықты дұрыс қолдану, тамақтанып болғаннан кейін ауызды шаю.<br>Балаларға ауызды жауып жеуді, асты дыбыссыз шайнауды, асты төкпей-шашпай жеуді үйретуді жалғастыру.<br>Балалардың түрлі әрекеттерінде өлеңдерді тыңдауға, көркем сөзге қызығушылыққа баулу.<br>Дос бол сабын, сумен сен,<br>Жиі-жиі жуын сен,<br>Таңертен де кешке де,<br>Жуын күндіз-кешке де,<br>Жуын күндіз-түсте де,<br>Жуын тамақ алдында,<br>Жуын тамақ соңында,<br>Жуын ұйықтар кезінде,<br>Жуын тұрған мезгілде.</td></tr>
<tr><td rowspan="2">Ұйымдастырылған іс-әрекетті өткізуге дайындық</td><td colspan="5">«Менің Қазақстаным» - Қазақстан Республикасының әнұранын орындау.<br>«Аналар мектебі»: қабылдау бөлмесін "Жаңа жыл" тақырыбына әшекейлеу.<br>Балалар кітапханасы: қысқы мереке туралы жайында суреттерді қарастыру, әңгімелер, өлеңдер оқу.<br>"Күй күмбірі": Жайлау - М.Хамзин (орындаған Жігер Бертісов) https://kitap.kz/music/2/zhiger-bertisovting-oryndauyndagy-kuyler<br>«Өнегелі»: Уақыт және жоспарлау. Тақырыбы: «Мен уақытты қалай өткіземін?» Мақсаты: балаларға өз уақытын жоспарлау негіздерін үйрету.</td></tr>
<tr><td>Көркем сөзді мәнерлеп оқу жаттығуы.<br>(тіл дамыту және көркем әдебиет, қазақ тілі)<br>Мақсат-міндеттері. Балалардың өлеңдерді тыңдауға, көркем сөзге, кітапқа қызығушылыққа баулу.<br>Тыңдалған шығарманың мазмұнын қайталап айтуға, өлеңдерді жаттауда түрлі интонацияларды, үзілістерді, логикалық екпінді қолданып, оларды есте сақтауға баулу; қазақ тіліне тән дыбыстарды анық айтуға үйрету; ұлттық тәрбие негіздерін тәрбиелеу.<br>Ілияс Жансүгіров «Домбыра»<br>Тарт күйіңді, домбыра!<br>Төгіл, төгіл тәтті күй,<br>Тау суындай сылдыра,<br>Желпін, желпін жел соқтыр!<br>Тауда тұман тұрмасын,<br>Көкте бұлт ыдыра!<br>Тыңдамаған қоймасын,</td><td></td><td>Қыс мезгілінің ерекшеліктері туралы әңгімелесу.<br>(қоршаған әлеммен таныстыру, тіл дамыту және көркем әдебиет, қазақ тілі)<br>Мақсат-міндеттері. Диалогтік сөйлеуді жетілдіру: әңгімеге қатысуға баулу, диалогке қатысушы үшін түсінікті сұрақтар қоюға және қойылған сұрақтарға дұрыс, толық жауап беруге баулу.<br>Абдрахман Асылбеков «Қыс»<br>Қандай суық қыс деген,<br>Қалтырайды құс деген.<br>Құлақшынды кимесең,<br>Құлағыңды тістеген.<br><br>Қандай қызық қыс деген,<br>Бәрін шебер істеген.<br>Бақша-бауды, тауды да<br>Бояған ақ түспенен.</td><td>Шырша туралы тақпақтар жаттау.<br>(тіл дамыту және көркем әдебиет, қазақ тілі)<br>"Шырша" (Әдібай Табылдиев)<br>Қызық-думан күн келді,<br>Жасыл шырша түрленді.<br>Аяз сүйіп, терледі,<br>Үйге кірді төрледі.<br><br>Сылдырайды моншағы,<br>Шыршамыздың мол шамы.<br>Бізбен бірге жайдары<br>Жарқырады, жайнады.<br><br>Арайланды шыршамыз,<br>Айналамыз баршамыз!</td><td>Жасыл шыршаны бақылау.<br>(тіл дамыту және көркем әдебиет, қазақ тілі)<br>Мақсат-міндеттері. Балаларды әңгіме айтуға үйрету: затты өз бетінше қарап, сипаттауға, әңгімелер құрастыруға баулу.</td></tr>
</table>

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | Ойды-қырды қыдыра,<br>Құлшына тарт, домбыра! | | | | |
| **Кестеге сәйкес ҰІӘ** | Дене тәрбиесі<br>"Шеңбердегі қызықтар".<br>Мақсат-міндеттер: балаларды қысқа секіртпемен секіруге (демалу үзілістері бар 2-3 реттен 10 секіру) үйрету. | | Дене тәрбиесі<br>"Гимнастикалық қабырғаға өрмелеу".<br>Мақсат-міндеттер: гимнастикалық қабырғаның тақтайшаларынан ұстап, ажырамай, өрмелеу, гимнастикалық орындықтың үстімен баланың екі адымындай қашықтықтағы кубиктерден аттап, жүру және арақашықтықтары 40 см кеглилардың арасымен оң және сол аяқпен секіру, допты қабырғаға лақтыру жаттығуларына үйрету. | Музыка<br>"Жаңа жыл".<br>Мақсат-міндеттер. Балаларды мәнерлеп ән айтуға үйрету, әнді созып, қимылдармен үйлестіріп айтуды дамыту. Балалардың Жаңа жыл туралы әнді айтуда есте сақтау қабілеті мен әннің сөздік мағынасын түсіне білу қабілетін дамыту. | Дене тәрбиесі<br>"Аяз-Ата сыйлығына жетейік".<br>Мақсат-міндеттер: балаларды тепе-теңдікті сақтай отырып, бөренемен жүруге; қолдың түрлі қалпымен үрленген доптан (бір-бірінен қашық қойылған 5-6 доп арқылы кезекпен) аттап өтуге үйрету. |
| | Тіл дамыту және көркем әдебиеттен ойын-жаттығулар.<br>"Аққаламен сөздік жаттығулар тізбегі".<br>Мақсат-міндеттер: балалардың тақпақ және жұмбақ ауыз әдебиет формалары жөнінде ұғымдарын қалыптастыруды жалғастыру; Жаңа жыл мерекесіне қатысты тақырыпты пысықтау. | | Д. Ахметова, "Қатарға тұрып билейік" жаттығуы. (дене тәрбиесі, сөйлеуді дамыту)<br>Мақсат-міндеттері. Балаларды педагогпен бірге жаттығуларды орындауға, қимылды ойындарға қатысуға тарту, жаттығу барысында ырғаққа сай қозғалып, сөздерді бірге айта жүріп, айтылған дене мүшелерін қозғауға машықтандыру; қабылдау, зеректік қабілеттерін, вестибуляр аппаратын дамыту. Жаттығуды көңілді әуенжазбасын қосып өткізуге болады.<br>Қатарға тұрып билейік,<br>Дене мүшелерін көрсетейік:<br>Басты оңға және солға бұрып,<br>Қос иықты көтерейік.<br><br>Қатарға тұрып билейік,<br>Дене мүшелерін көрсетейік:<br>Жоғары қол көтеріп,<br>Бұлғап төмен түсірейік. | Математика негіздерінен ойын-жаттығулар.<br>"Қапқа жасырынған сыйлықтар".<br>Мақсат-міндеттер: балалардың заттарды көзбен көрмей-ақ бірден беске дейін санау амалы туралы білімдерін кеңейту.<br><br>Жапсырудан ойын-жаттығулар.<br>"Шырша ойыншықтары"<br>Мақсат-міндеттер: балаларды шырша және шырша ойыншықтарының дайындамаларын қағаз бетіне орналастырып, жапсыруға үйрету. | Сурет салудан ойын-жаттығулар.<br>"Шыршаның түрлі ойыншықтары".<br>Мақсат-міндеттер: балаларды ұйымдастырып, ұжымдық сурет салу амалдарына бейімдеу; шырша бұталарына фломастермен қылқандарын, түрлі пішінді, түрлі түсті ойыншықтарды салу техникасын дағдыландыру. |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | | Қатарға тұрып билейік,<br>Дене мүшелерін көрсетейік:<br>Аяқты кезек көтеріп,<br>Маршпен шапалақтап жүрейік.<br><br>Тіл дамыту және көркем әдебиеттен ойын-жаттығулар. "Жаңа жыл қарсаңында". Мақсат-міндеттер: балаларды "Жаңа жыл қарсаңында" картинасының мазмұнымен таныстыра отырып,картинадағы әрекеттер арқылы эмоционалды жауаптар қайтара білуге үйрету. | | |
| **2-ші таңғы ас** | Тағамның атауын есте сақтауға, тазалыққа бейімдеу. "Тәбетіміз ашылды, ас болсын!" (мәдени-гигиеналық дағдылар) | | | | |
| **Серуенге дайындық** | (мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет, қоршаған әлеммен таныстыру)<br>«Экологиялық тәрбие». Бақылау күнтізбесінде ауа райын белгілеу (суық, жылы, күн шуақты, қар жауды, жел соқты), соған сәйкес киіну туралы анықтау.<br>«Өнегелі тәрбие». Өзіне-өзі қызмет көрсету дағдыларын қалыптастыру: өз бетінше киіну мен шешінуді, киімдерді жинауды, ілуді, ересектің көмегімен оларды тазалау, құрғатуды жетілдіру; барлық түймелерін түймелеуді, ілмекті салуды, бір-біріне көмектесуді үйрету; өз киімдерін тануды, атауды, күтуді бекіту.<br>«Қауіпсіздік». Қауіпсіздік жайында ескертулер: Өз өмірінің қауіпсіздігінің қарапайым дағдыларын меңгеру (электр құралдарынан сақ болу, сіріңкемен ойнамау, терезенің алдына шықпау, баспалдаққа көтерілгенде және түскенде таяныштан ұстау); қоршаған ортада, табиғатта қарапайым тәртіп ережелерін білу (қоқыс тастамау, өздігінен от жақпау). | | | | |
| **Серуен** | Ағаш пен бұталарды бақылау (ағаштар: қайың, шырша, алма ағашы; бұталар: жұпаргүл, шие).<br>(қоршаған әлеммен таныстыру, тіл дамыту және көркем әдебиет)<br>Мақсат-міндеттері. Өсімдіктердің жіктелуі туралы түсініктерді кеңейту: бұталар және ағаштар (бақша, орман).<br>Өсімдіктердің тірі тіршілік иелері екендігін, олардың өсуі үшін жарықтың, жылудың қажеттілігін анықтау.<br>Ауа райы мен климаттық жағдайлардың өзгеруін бақылау.<br>Қазақстанның түрлі аймақтарында ауа райының түрліше болуы туралы түсінік беру.<br>Көркем сөз. | | Қыстайтын құстарды бақылау. Сарыбауыр шымшық<br>(қоршаған әлеммен таныстыру, тіл дамыту және көркем әдебиет)<br>Мақсат-міндеттері. Бақылау барысында жануарлар әлеміндегі маусымға тән көріністерді: қыста - құстардың қоректендірудің қажеттігі анықтау.<br>Қыстайтың құстардың түрі, қозғалуы, тіршілік ету ортасы, азығы, қысқа бейімделуі туралы ұғымдарын байыту.<br>Қауіпсіздік. Құстарды бақылауда қауіпсіздік ережелерін сақтауды қадағалау.<br>Сарыбауыр шымшықты | Қарды жауғанын бақылау.<br>(қоршаған әлеммен таныстыру, тіл дамыту және көркем әдебиет)<br>Мақсат-міндеттері. Табиғат құбылыстары туралы ұғымдарын (қар) кеңейту.<br>Ауа райы мен климаттық жағдайлардың өзгеруін бақылау. Қазақстанның түрлі аймақтарында ауа райының түрліше болуы туралы түсінік беру. Сөз өнеріне, мақал-мәтелді түсінуге баулу.<br>Балалардың түрлі іс-әрекетінде өлеңді тыңдауға баулу.<br>Мақал-мәтел.<br>Желтоқсанда қыс ақ мамық төсейді. Ал аяз өзен арқылы | «Қауіпсіздік». Арнайы көлікті бақылау.<br>(қоршаған әлеммен таныстыру, тіл дамыту және көркем әдебиет)<br>Мақсат-міндеттері. Көлік түрлері, жол бөліктері (тротуар, жолдың жүру бөлігі), бағдаршам белгілері, жолда жүру ережелері туралы білімдерін қалыптастыру.<br>Жүргізуші мамандығы туралы жалпы білімдерін қалыптастыру.<br>Арнайы көлік құралдарының түрлерін ажырата білу қабілеттерін дамыту; жолда қауіпсіздік ережелерін сақтауға ынталандыру; сөздік қорды |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | «Қарағай».<br>Тау баурайын - жағалай,<br>Биік-биік қарағай.<br>Оқтай түзу бойлары,<br>Шымыр өскен баладай.<br>Бақылау.<br>Балалардың назарын ағаштардың және бұталардың сыртқы сұлулығына аудару (жапырақ жоқ). Ағаштың сыртқы түрлерін ажырата білуге жаттықтыру (ағаштың пішіні, бұтаның орналасуы, тамырдың түрі мен сыртқы пішіні); ағаштар: терек, қайың, шырша, гүлшетен, алма ағашы; бұталар: долана, жұпаргүл, шие. Балаларға аяз кезінде ағаш бұталарының тез сынғыш болатынын түсіндіру. Балаларды ағаштарға сүйіспеншілікпен карауға тәрбиелеу.<br><br>«Өнегелі тәрбие».<br>Ересек адамдармен бірге орындалатын қарапайым еңбек тапсырмалары: ағаш және бұта түптеріне қарды үю.<br>(қоршаған әлеммен таныстыру, еңбек дағдылары)<br>Шамасы келетін жұмысты орындау кезінде балалардың бастамасын қолдау. Еңбек жасауда қауіпсіздікті сақтауды қадағалау.<br><br>«Ұлттық ойын - ұлт қазынасы».<br>Қимылды ойын. «Қыз қуу» қазақ халқының ұлттық ойыны.<br>(дене тәрбиесі)<br>Мақсат-міндеттері. Таныс ойындарды ұйымдастыруда бастамашылдық, дербестік танытуға баулу. Ойындарда физикалық қасиеттерді (жылдамдық, шыдамдылық, икемділік, ептілік) дамыту. | | Кім кешеден көріпті?<br>Кішкентай, бұл батыл құс<br>Суық қысқа төзіпті.<br><br>Ешқашан шаршамайды,<br>Ешбір істен қалмайды,<br>Сарыбауыр шымшық құс<br>Қорек іздеп, талмайды. Д. Ахметова)<br><br>«Өнегелі тәрбие».<br>Еңбек әрекеті: құстарды коректендіру.<br>(қоршаған әлеммен таныстыру, еңбек дағдылары)<br>Шамасы келетін жұмысты орындау кезінде балалардың бастамасын қолдау: қыстайтын құстарды коректендіру; қамқорлыққа тәрбиелеу.<br>Құстарға жақындамауды қадағалау.<br><br>«Қарғалар» қимылды ойыны.<br>(дене тәрбиесі)<br>Мақсат-міндеттері. Таныс ойындарды ұйымдастыруда бастамашылдық, дербестік танытуға баулу. Ойындарда физикалық қасиеттерді (жылдамдық, икемділік, ептілік) дамыту.<br>Қимылды ойындарда жетекші рөлді орындауға үйрету, ойын ережелерін саналы түрде сақтауға баулу.<br>Ойынға деген қызығушылықтарын арттыру.<br><br>"Көк ту" қимыл-қозғалыс ойыны.<br>(дене тәрбиесі)<br>Мақсат-міндеттері. Таныс ойындарды ұйымдастыруда бастамашылдық, дербестік | көпірлер тұрғызады.<br>Тілеген Шапаев «Қар».<br>Жауды міне, қар аппақ,<br>Айналаның бәрі аппақ.<br>Жасырыпты жолдарды:<br>Тегістепті орларды.<br><br>Үстін жауып көлдердің,<br>Бетін бүркеп белдердің.<br>Жастық етіп тауды асқақ<br>Жантайыпты жамбастап.<br>Жантайыпты жамбастап.<br><br>«Өнегелі тәрбие».<br>(қоршаған әлеммен таныстыру, еңбек дағдылары)<br>Ересек адамдармен бірге орындалатын қарапайым еңбек тапсырмалары: орындықтар үстін қардан тазалау.<br>Мақсат-міндеттер. Берілген тапсырмаға жауапкершілікпен қарауды қалыптастыру: бастаған істі аяғына дейін жеткізе білу, оны жақсы орындау.<br><br>«Ұлттық ойын - ұлт қазынасы»<br>Қазақ халқының ұлттық ойыны.<br>«Ақсерек – көксерек».<br>(дене тәрбиесі)<br>Мақсат-міндеттері. Таныс ойындарды ұйымдастыруда бастамашылдық, дербестік танытуға баулу. Ойындарда физикалық қасиеттерді (жылдамдық, күш, шыдамдылық, икемділік, ептілік) дамыту.<br>Қимылды ойындарда жетекші рөлді орындауға үйрету, ойын ережелерін саналы түрде сақтауға баулу.<br>– Ақсерек-ау, ақ серек,<br>Бізден сізге кім керек. | молайту.<br>Жұмбақ<br>Төрт аяғым дөңгелек,<br>Адамсыз мен жүрмеймін,<br>Барлық жерге жеткізіп,<br>Апарамын жүктерді.<br>Балалардың назарын жедел жәрдем, полиция, өрт сөндіру машиналарда айналмалы көк шамның қажеттілігі, мәні туралы айту.<br>Өт сөндірушілер – батыл адамдар.<br>Өт сөндірушілер – шапшаң мамандар.<br>Біледі балалар мен ересек адамдар,<br>Өт сөндірушілер – құтқарушылар. (Д. Ахметова)<br><br>"Мысық пен тышқандар" ойыны.<br>(дене тәрбиесі)<br>Мақсат-міндеттер. Таныс ойындарды ұйымдастыруда бастамашылдық, дербестік танытуға баулу. Ойындарда физикалық қасиеттерді (жылдамдық, шыдамдылық, икемділік) дамыту.<br>Қимылды ойындарда жетекші рөлді орындауға үйрету, ойын ережелерін саналы түрде сақтауға баулу.<br>Белгі бойынша қимылдауға дағдыландыру; достыққа тәрбиелеу.<br>- Тышқанға сақшы санап өзін мысық,<br>Жатады ұйықтағансып көзін қысып.<br>- Тыныштальңдар, тышқандар, бекерге шулап күлмеңдер.<br>Ұйқыға жатқан мысықты оятып алып жүрмеңдер, - дейді. |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | Қимылды ойындарда жетекші рөлді орындауға үйрету, ойын ережелерін саналы түрде сақтауға баулу.<br>Алаңда дұрыс қозғала білуді, бір-бірлеріне кедергі жасамауды, дабылға жылдам назар аудара білуді жетілдіру.<br><br>«Ордан секіріп өт» ойын-жаттығуы.<br>(дене тәрбиесі)<br>Мақсат-міндеттері. 2–3 метр қашықтыққа алға ұмтылып қос аяқпен секіру техникасын жетілдіру; физикалық қасиеттерді (күш, шыдамдылық, икемділік, ептілік) дамыту.<br><br>«Ұлттық ойын - ұлт қазынасы».<br>Қазақ халқының ұлттық ойыны.<br>«Оқтау тартыс».<br>(дене тәрбиесі)<br>Мақсат-міндеттері. Балалардың қазақ ұлттық қимылды ойындарға қызығушылығын арттыру; шағын топтарға бірігіп, келесідей әрекет етуге (белгі бойынша арқанды мен қарама-қарсы топ балаларын өзіне тарту) үйрету; физикалық қасиеттерді (күш, шыдамдылық, икемділік, ептілік) дамыту.<br><br>Өз бетімен ойындар: алдын-ала ойын тақырыбына келісіп, рөлдерді бөлу, 3-4 баладан тұратын ойын топтарында бастаушылардың қимыл-әрекеттеріне басшылық жасау. | | танытуға баулу. Ойындарда физикалық қасиеттерді (жылдамдық, икемділік, ептілік) дамыту.<br>Ұйымшылдыққа тәрбиелеу.<br>Ойын шарты. Балалар екі топқа бөлінеді. Әр топта өз тулары болады. Әр тудың қорғаушысы болады. Ту қорғаушылар тудың қасында тұрады.<br>Басқа балалар қарсыластарын өз тобына ауыстырулары керек.<br>Екі топтың ортасынан сызық сызылады да, қарсыластарына қарама-қарсы тұрады. Бір-бірінің қолдарынан ұстап, өз топтарына тартып алуға тырысады.<br>Қай топ балаларды көп жинай алса, сол топ жеңіске жетеді.<br><br>«Кім белгіден асырады?» қимылды жаттығуы.<br>(дене тәрбиесі)<br>Мақсат-міндеттері. Заттарды (құм салынған қапшықтарды немесе қарды) қашықтыққа лақтыру (3,5–6,5 метрден кем емес); шапшаңдыққа, дәлдікке, жігерлікке баулу.<br><br>Өз бетімен ойындар: балалардың ойын уақытында бір-біріне деген қарым-қатынасын түзету, қылықтарымен істерін айқындау, өз көзқарасында тұрақты болу; құрдасының ойы мен өзінің ойын сәйкестендіріп, ойыншықтарды, рөлді және міндеттерді бөлісудегі қимыл іс-әрекеттерін сыпайы түрде аңғарта білуін дамыту. | – Ақсерек-ау, ақ серек,<br>Сізден бізге ... (бала аты) керек.<br><br>«Лабиринт жолынан тайма» ойын-жаттығуы.<br>(дене тәрбиесі)<br>Мақсат-міндеттері. Бір сапта бір-бірден, арақашықты сақтап "жыланша" жүгіру техникасын жетілдіру; дене қимылдарын үлестіре білуді, зерек болуды дамыту.<br><br>"Тым-тырақай" ойыны.<br>(дене тәрбиесі)<br>Мақсат-міндеттері. Балаларды ойын шартына сай ойнай білуге баулу; шапшаңдыққа, зеректікке, кеңістікті бағдарлау, жылдам жүгіре білу қабілеттерін дамыту.<br><br>Өз бетімен ойындар: өз бетінше ойнау дағдыларын дамыту. | «Кім белгіден асырады?» қимылды жаттығуы.<br>(дене тәрбиесі)<br>Мақсат-міндеттері. Заттарды (құм салынған қапшықтарды немесе қарды) қашықтыққа лақтыру (3,5–6,5 метрден кем емес); шапшаңдыққа, дәлдікке, жігерлікке баулу.<br><br>«Бермеймін» қимылды ойыны.<br>(дене тәрбиесі)<br>Мақсат-міндеттер. Таныс ойындарды ұйымдастыруда бастамашылдық, дербестік танытуға баулу. Қимылдар қасиеттерін: шыдамдылықты, күшті дамыту.<br>Ойын ережелерін саналы түрде сақтауға баулу.<br>Шеңбер жасау. Әркім қасында тұрған баланы белгі бойынша өзіне тартып қалады.<br><br>«Өнегелі тәрбие»,<br>«Қауіпсіздік».<br>Еңбек әрекеті: құстарды қоректендіру.<br>(қоршаған әлеммен таныстыру, еңбек дағдылары)<br>Шамасы келетін жұмысты орындау кезінде балалардың бастамасын қолдау: қыстайтын құстарды қоректендіру; қамқорлыққа тәрбиелеу.<br>Құстарға жақындамауды қадағалау.<br><br>Өз бетімен ойындар.<br>Балаларға өз рөлдерін және құрбыларының рөлдерінің мазмұнын есте сақтай білуге үйрету; ойын барысында балаларды 2-3 рөлде ойнауға |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | | | | баулу; бағыну, басқару, теңдік қарым-қатынас ережелерін білу. |
| **Серуеннен оралу** | Гигиеналық дағдылар<br>(мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет, тіл дамыту және көркем әдебиет)<br>Мақсат-міндеттері.<br>«Өнегелі тәрбие». Өзіне-өзі қызмет көрсету дағдыларын қалыптастыру: Балаларды киімдерін жүйелі түрде шешу, шкаф сөрелеріне киімдерін, кептіретін жерге қолғаптарын, аяқ-киімдерін орналастыру, қолдарын жуу.<br>Тамақтанар алдында, дәретханаға барғаннан кейін, ластанған кезде қолды өз бетінше сабынмен жууға үйрету. Тарақты, қол орамалды пайдалана білуді бекіту. Балаларды ұқыптылыққа, тазалыққа, өзінің сыртқы келбетін қадағалауды әдетке айналдыруға баулу.<br>Балалардың түрлі әрекеттерінде көркем сөзге қызығушылыққа баулу.<br>«Үнемділік». «Суды, тамақты, энергияны үнемді тұтыну» - табиғи ресурстарға ұқыпты қарауды қалыптастыру. Берілген асты құрметтеп, тауысып жеудің маңызды екенін түсіндіру. Астан соң беті-қолды жуу, тамақты шаю.<br>Балаларды қолын жуар алдында жеңдерін түріп, бетін су шашпай жууға үйрету; дәретханадан кейін және қажет болғанда қолды жуу мүмкіндігін күшейту.<br>Көркем сөз<br>Дос бол сабын, сумен сен,<br>Жиі-жиі жуын сен,<br>Таңертен де кешке де,<br>Жуын күндіз-кешке де,<br>Жуын күндіз-түсте де,<br>Жуын тамақ алдында,<br>Жуын тамақ соңында,<br>Жуын ұйықтар кезінде,<br>Жуын тұрған мезгілде. | | | | |
| **Түскі ас** | Гигиеналық дағдылар<br>(мәдени-гигиеналық дағдылар, сауықтыру-шынықтыру шаралары)<br>Тамақтану әдебін сақтау. Тамақты асықпай шайнау, асхана құралдарын (қасық, шанышқы), майлықты дұрыс қолдану, тамақтанып болғаннан кейін ауызды шаю. Ас ішу мәдениетімен таныстырып отыру. Қасық, шанышқыны дұрыс пайдалануды үйрету. Ас ішкенде сөйлемеу. | | | | |
| **Күндізгі ұйқы** | Киімдерін ұқыпты орындыққа іліп (немесе арнайы сөреге) қоюды үйренеді.<br>Аудио тыңдау. Ж.Байырбекваның «Бесік жыры» әні<br>(музыка) | | Киімдерін ұқыпты орындыққа іліп (немесе арнайы сөреге) қоюды үйретуді жалғастыру.<br>«Арыстан күшігін асыраған мысық» ертегісін оқып беріп, балаларды ұйықтату.<br>(тіл дамыту және көркем әдебиет)<br>Балалардың түрлі әрекеттерінде ертегілерді тыңдауға, көркем сөзге, кітапқа қызығушылыққа баулу. | Киімдерін ұқыпты орындыққа іліп (немесе арнайы сөреге) қоюды үйретуді жалғастыру.<br>«Ақ қасқыр» ертегісін тыңдату. (BilimKids медиа бөліміндегі ертегісі)<br>(тіл дамыту және көркем әдебиет) | Киімдерін ұқыпты орындыққа іліп (немесе арнайы сөреге) қоюды үйретуді жалғастыру.<br>«Мысық, қораз және түлкі» ертегісін оқып беріп, балаларды ұйықтату.<br>(тіл дамыту және көркем әдебиет) |
| **Ұйқыдан біртіндеп ояту,** | Сауықтыру-шынықтыру шаралары.<br>(дене тәрбиесі, дербес әрекет, қоршаған әлеммен таныстыру, еңбек дағдылары)<br>Мақсат-міндеттері. Балаларды ақырын (сипап, көркемсөз, музыканы қосу арқылы) ояту. | | | | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| **сауықтыру шаралары** | Керуеттегі жаттығулар<br>Көзімізді ашайық<br>Аунап, қунап алайық ,<br>Ұйқымызды ашайық<br>"Самал жел" - іште жатып, қолдары дене бойында. Бастарын сәл көтеріп, жел соққанын келістіру: "Ф-ф-ф".<br>"Желдің желпуі" - іште жатып, қолдары дене бойында, қолдарын екі жаққа созу.<br>"Жел бұлттарды айдайды" - тізені құшақтап жату. Аяқты құшақтап денемен адына-артына тербелу.<br>Жалпақтабандылықтың алдын-алу үшін "денсаулық" (қабырғалы) жолдармен жалаң аяқ жүру, аяқтарды уқалау, аяқтың бұлшықеттерін, денсаулықты нығайту, денені тік ұстауға тәрбиелеу; тыныс алу жолдарын шынықтыру.<br>Балаларды ұқыптылыққа, тазалыққа, өзінің сыртқы келбетін қадағалауды әдетке айналдыруға баулу. Дәретханаға барғаннан кейін, ластанған кезде қолды өз бетінше сабынмен жууға, тісін тазалауға үйрету. Тарақты, қол орамалды пайдалана білуді бекіту.<br>«Өнегелі тәрбие». Еңбек әрекеті: "Төсектерді төсеуде (жинауға) күтушіге көмек көрсету".<br>Мақсат-міндеттері. Балаларды өз төсек-орындарын ажыратуға үйрету; шамасы келетін жұмысты орындау кезінде балалардың бастамасын қолдау, ересектерге қол жетімді көмек көрсетуге, ұқыптылыққа тәрбиелеу. | | | | |
| **Бесін ас** | Алдына қойған асқа назар аудարту; дастархан басында отыру мәдениеті, тамақтану мәдениетіне баулуға бағытталған жеке-дара жұмыс; этикет ережелері. (мәдени-гигиеналық дағдылар) | | | | |
| **Балалардың дербес іс-әрекеті (қимылдық, ұлттық, сюжетті-рөлдік, үстел үсті-баспа және басқа ойындар), бейнелеу іс-әрекеті, кітап қарау және басқалары)** | Қоршаған әлеммен таныстырудан ойын-жаттығулар.<br>"Жасанған шырша".<br>Мақсат-міндеттер. Балалардың жасыл шырша туралы түсініктерін кеңейту; жасыл шыршаның табиғаттың төрт мезгілінде жасыл болатындығын байқау дағдыларын жетілдіру; жасыл шыршаның қасиеттерін білуге деген қарапайым зерттеушілік іс-әрекет дағдыларын арттыру; Жаңа жылдық сыйлықтар туралы түсінік беру. Шырша туралы көркем сөздер мен жұмбақтар арқылы балалардың тілі мен сөздік қорын молайту; ой белсенділігін, бақылау, талдау, тұжырымдар жасау дағдыларын және есте сақтауы мен ойлау қабілетін дамыту.<br><br>"Су, аспан, жер" дидактикалық ойыны.<br>(қоршаған әлеммен таныстыру, тіл дамыту және көркем әдебиет)<br>Мақсат-міндеттері. Балалардың тірі табиғат нысандары жайлы | | Дидактикалық ойын «Сиқырлы суреттер».<br>(қоршаған әлеммен таныстыру, тіл дамыту және көркем әдебиет)<br>Мақсат-міндеттер: балалардың логикалық ойлау қабілетін, ес, зейін, қабылдау үрдістерін дамыту.<br>Ойынның құрал-жабдықтары: қиылған әртүрлі суреттер.<br>Ойынның мазмұны: балалар алдарындағы үлгі бойынша қиындылардан тұтас суретті құрайды. Сурет бойынша әңгіме құрауды ұсыну.<br><br>Математика негіздерінен ойындар (2)<br>"Уақыт түсінігі".<br>Мақсат-міндеттер: балаларды уақыттың бөліктері туралы (таңертең, күндіз, кеш, түн) түсінік беру; тәулік бөліктерінің атауын; табиғат құбылыстарымен байланыстыруға үйрету; | Қоршаған әлеммен таныстырудан ойын-жаттығулар.<br>"Жасыл шырша сыйлығы".<br>Мақсат-міндеттер: балаларды шырша ағашының ерекшеліктерімен таныстыру; жаңа жылда шырша ағашын пайдалану себептері туралы білімдерін кеңейту.<br><br>«Суық – ыстық» азқимылды ойыны<br>(дене тәрбиесі)<br>Мақсат-міндеттері. Қимылды ойындарда жетекші рөлді орындауға үйрету, ойын ережелерін саналы түрде сақтауға баулу.<br>Есту қасиеттерін, физикалық қасиеттерін дамыту.<br>Жүргізуші затты жасырған кезде оған қарауға тыйым салынады.<br>Жүргізуші залдан шығып кетеді, балалар затты жасырады. Осыдан кейін | "Сипаттамасы бойынша таны" дидактикалық ойыны.<br>(қоршаған әлеммен таныстыру, тіл дамыту және көркем әдебиет)<br>Мақсат-міндеттер: сипаттау әңгімесін құрастыруды үйрету, зейіндерін, сөйлеу тілдерін дамыту, ұқсастықтары мен айырмашылықтарын табуды.<br><br>«Ұлттық ойын - ұлт қазынасы» "Тақия тастамақ" ұлттық ойыны.<br>(дене тәрбиесі)<br>Мақсат-міндеттері. Ұлттық қимылды ойындарды ойнату; ереже бойынша әділ ойнауға үйрету; дене координациясын, кеңістікті бағдарлау қасиеттерін дамыту; жылдамдыққа, сезгіштікке, сақтыққа, тапқырлыққа тәрбиелеу.<br><br>"Жаңа жыл" мерекесіне арналған тақпақтар жаттау. |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | білімдерін бекіту; құстар, өсімдіктер, жануарлардың жіктелуі туралы ұғымдарын жетілдіру; ойлау қабілетін, қиялдарын, зейіндерін дамыту; сөздік қорды белсендіру; тапқырлыққа, байқампаздыққа тәрбиелеу.<br><br>Мақал-мәтелдерді оқу жыттығуы (тіл дамыту және көркем әдебиет)<br>Мақсат-міндеттері. Шешендікке, сөз өнеріне баулу, халық ауыз әдебиеті шығармаларымен таныстыру, мақал-мәтелдер айтуға үйрету.<br>Отансүйгіштікке баулу.<br>Отан — елдің анасы<br>Ел - ердің анасы<br><br>Туған жердей жер болмас,<br>Туған елдей ел болмас.<br><br>Отанды сүю — отбасынан басталады.<br><br>Отан оттан да ыстық.<br><br>Ел-елдің бәрі жақсы,<br>Өз елің бәрінен де жақсы. | | аптадағы күндердің атауын жаттау; балалардың бойында уақыт туралы түсінік қалыптастыруды жалғастыру.<br><br>STEAM<br>https://bilimkids.kz/steam/68?l=4<br>«Шаршылардан кілемше көшірмесінің суретін сал» ойыны<br>(сурет салу, математика негіздері)<br>Міндеттер: түстері әртүрлі шаршылардан торкөз парақтың бетінде құралған суреттегі тізбектілік пен заңдылықты байқау білігінің көрінуіне ықпал ету; суреттің көшірмесін жасау процесін ойластыруға ұмтылысын ояту; балалардың визуалды қабылдау, зейін, еске сақтау, конструкторлық, инженерлік ойлаудың негіздерін дамыту; қолдың ұсақ моторикасын, көру зейіні шоғырлануын дамыту, торкөздерді бояу процесінде шетіне шықпау; табандылыққа, тапқырлыққа, бастаған істі соңына дейін жеткізуге тәрбиелеу. | жүргізуші залға кіріп, балалар жасырып қойған затты іздей бастайды. Балалар оның соңынан еріп: суық ... жылы ... ыстық ... сөздерін айтып, жасырылған затты табуға көмектеседі.<br><br>Театрды сахналау.<br>(қазақ тілі, тіл дамыту және көркем әдебиет)<br>Мақсат-міндеттер. «Жыл басына таласқан хайуанаттар» ертегі желісін қуыршақ театрымен сахналау. Ертегідегі рөлдік диалог сөздерді балалардың аша білуіне, қарым-қатынаста сыпайылықты сақтау іскерліктеріне мүмкіндіктер туғызу. | (тіл дамыту және көркем әдебиет)<br>Мақсат-міндеттері. Балалардың өлеңдерді тыңдауға, көркем сөзге, кітапқа қызығушылыққа баулу.<br>Тыңдалған шығарманың мазмұнын қайталап айтуға, өлеңдерді жаттауда түрлі интонацияларды, үзілістерді, логикалық екпінді қолданып, оларды есте сақтауға баулу.<br>Хамит Ерғалиев «Жаңа жыл»<br>Жаңа жыл! Жаңа жыл!<br>Не әкелдің сен бізге?<br>Бау-бақшаң толған гүл,<br>Төлдерің семіз бе?<br><br>Бауырсақ, балмұздақ,<br>Концертке ... молсың ба?<br>Бізді алға барғызбақ,<br>Сен жаңа жылсың ба? |
| **Балалармен жеке жұмыс** | "Пазлды құра" ойын-жаттығуы.<br>(құрастыру, қоршаған әлеммен таныстыру)<br>Мақсат-міндеттер: құрастырылған пазл бөлшектерінің кеңістікте, жазықтықта, орналасуын айқындау, тұтас бейнені құрастыруға ынталандыру; салыстыру, жалпылау, заттарды дұрыс атауға; қдың ұсақ моторикасын, ойлау қабілетін дамыту.<br><br>«Ғажайып дорба» үстел үсті ойыны. | | Дидактикалық ойын «Суретші қай жерде қателесті?»<br>(қоршаған әлеммен таныстыру, тіл дамыту және көркем әдебиет)<br>Мақсат-міндеттер: балалардың ойлау қабілетін дамыту, суреттегі сәйкессіздікті таба алға үйрету.<br>Ойынның мазмұны.<br>Тәрбиеші суретшінің «Қыс» тақырыбына сурет салғанын айтады. Балалардан оның бәрін | Ойын "Барлық мамандықтар қажет, барлық мамандықтар маңызды».<br>(қоршаған әлеммен таныстыру, қазақ тілі, тіл дамыту және көркем әдебиет)<br>Мақсат-міндеттері. Балаларды әңгіме айтуға үйрету: зат өз бетінше қарап, сипаттауға, әңгімелер құрастыруға баулу.<br>Сөйлеуде белгілі бір кәсіптерге тән заттарды білдіретін зат есімдердің деративті | «Қолымда не бар?» ойыны.<br>(қазақ тілі, математика негіздері)<br>Мақсат-міндеттер. Балаларды әңгіме айтуға үйрету: заттарды өз бетінше қарап, сипаттауға, әңгімелер құрастыруға баулу.<br>Мынадай ұғымдарды пысықтау: ұзын - қысқа, жуан - жіңішке, үлкен - кіші, оң - сол; кеңістік түсінікті пысықтау, қимылды, түсіну сезімдерін дамыту. |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | (қоршаған әлеммен таныстыру, тіл дамыту және көркем әдебиет)<br>Мақсат-міндеттері. Балаларды затты сипаттауға, әңгімелер құрастыруға үйрету. Қоршаған орта заттары, олардың қасиеттері және қолданылуы туралы түсініктерін кеңейту. Сөйлеуде күнделікті көп қолданылатын сын есімдерді, етістіктерді, есімдіктерді қолдану. Сөйлемдегі сөздерді байланыстыруға үйрету. Логиканы, тері түйсіктерін (тактильді), байланыстырып сөйлеуді дамыту. | | дұрыс салғандығын тексеруді сұрайды. Балалар қыс мезгілінде болмайтын көріністерді тауып, оның қай мезгілде болатынын айтады.<br>Көркем сөзді мәнерлеп оқу жаттығуы.<br>(тіл дамыту және көркем әдебиет)<br>Мақсат-міндеттері. Балалардың өлеңдерді тыңдауға, көркем сөзге, кітапқа қызығушылыққа баулу.<br>Тыңдалған шығарманың мазмұнын қайталап айтуға, қысқа өлеңдерді, санамақтарды жатқа айтуға, шығарма мазмұны мен сипатына сәйкес тақпақтарды, өлеңдерді жаттауда түрлі интонацияларды, үзілістерді, логикалық екпінді қолданып, оларды есте сақтауға баулу. | жағдайының формасын бекіту.<br>Жабдықтар: заттық суреттер; түрлі түсті қарындаштар немесе киізден жасалған қаламдар.<br>Ойынның барысы: балаңызға оң жақта (сатушы, краншы), сол жақта (Суретші, ағаш ұстасы, кассир) қандай кәсіптерді көретінін айтуға шақырыңыз. Баладан парақтың төменгі жағындағы заттардың атын сұраңыз. Оған жұмыс үшін қандай зат қажет екенін анықтап, айтуын сұраңыз.<br>Мысалы:<br>Ағаш ұстасына қажет ... (сүргі).<br>Краншыға қажет ... (көтергіш кран).<br>Сатушыға қажет ... (таразы).<br>Кассирге қажет ... (касса).<br>Балаңызға сіз бастаған сөйлемді аяқтауды ұсыныңыз.<br>Оған затты жұмыс үшін қажет адаммен байланыстыруды сұраңыз. | Керекті материалдар.<br>Табиғи материалдар: ұсақ тастар, жаңғақтар, таяқшалар.<br>Ойынның мазмұны.<br>Балалар қолын артына ұстайды. Тәрбиеші олардың қолыдарына үлкендігі түрліше, бірақ тегі бірдей екі затты, мысалы, үлкен және кішкентай тасты ұстатады. Балалар қолына қарамастан, оң қолында үлкен тас, сол қолында - кішкентай тас бар екенін айтуға тиіс.<br>Балалар оның жауабының дұрыстығын тексереді. Енді тәрбиеші екінші баланың қолына жуандығы бірдей, ұзындығы әртүрлі екі таяқша немесе жуандығы әртүрлі, ұзындығы бірдей екі қарындаш ұстатады. Топ алдына шақырылған балалар бір-біріне 2-3 жаттығу көрсетеді.<br>Ешқандай қателік жібермеген балалар жеңімпаздар болып есептеледі. |
| **Серуенге дайындық** | (мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет, қоршаған әлеммен таныстыру)<br>«Өнегелі тәрбие». Өзіне-өзі қызмет көрсету дағдыларын қалыптастыру: ауа райына сәйкес киіну; өз бетінше киіну мен шешінуді, киімдерді жинауды, ілуді, ересектің көмегімен оларды тазалау, құрғатуды жетілдіру; барлық түймелерін түймелеуді, ілмекті салуды, бір-біріне көмектесуді үйрету; өз киімдерін тануды, атауды, күтуді бекіту.<br>«Қауіпсіздік». Қауіпсіздік жайында ескертулер: Өз өмірінің қауіпсіздігінің қарапайым дағдыларын меңгеру (электр құралдарынан сақ болу, сіріңкемен ойнамау, терезенің алдына шықпау, баспалдаққа көтерілгенде және түскенде таяныштан ұстау); қоршаған ортада, табиғатта қарапайым тәртіп ережелерін білу (қоқыс тастамау, өздігінен от жақпау). | | | | |
| **Серуен** | «Қауіпсіздік». Күннің ұзақтығын байқау.<br>(қоршаған әлеммен таныстыру, тіл дамыту және көркем әдебиет)<br>Мақсат-міндеттері. Өлі табиғат құбылыстары мен заттары туралы ұғымдарын кеңейту.<br>Бақылау күнтізбесінде ауа райын белгілеу (суық, жылы, күн шуақты, қар, жаңбыр жауды, жел соқты), соған сәйкес киіну. Күннің кешкі | | «Экологиялық тәрбие». Қар ұлпасын бақылау<br>(қоршаған әлеммен таныстыру, тіл дамыту және көркем әдебиет)<br>Мақсат-міндеттері. Табиғат құбылыстары туралы ұғымдарын (қар, боран) кеңейту.<br>Бақылау күнтізбесінде ауа райын белгілеу (суық, жылы, | «Өнелегі тәрбие». Аула тазалаушының еңбегін бақылау.<br>(экологиялық тәрбие, қарым-қатынас іс-әрекеті, танымдық іс-әрекет, зерттеу іс-әрекеті)<br>Мақсат-міндеттері. Аула тазалаушының еңбегімен таныстыру, қызметі маңызын түсіну.<br>Балалардың еңбек етуге деген | Ауа райын бақылау.<br>(қоршаған әлеммен таныстыру, тіл дамыту және көркем әдебиет)<br>Мақсат-міндеттері. Табиғат құбылыстары туралы ұғымдарын (жел, жаңбыр, тұман, қар) кеңейту.<br>Ауа райы мен климаттық жағдайлардың өзгеруін бақылау. Қазақстанның түрлі |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | уақытта төмен түсіп, батып, түннің басталуына ықпал ететінін түсіндіру.<br>Күннің көзіне тура қарамау туралы қауіпсіздік ережесін бекіту, фотопленканы, күн көзілдірігін пайдалануды ұсыну.<br>Ауа райы мен климаттық жағдайлардың өзгеруін бақылау.<br>Қазақстанның түрлі аймақтарында ауа райының түрліше болуы туралы түсінік беру.<br>Мақал-мәтел.<br>Егер жұмыс болмаса, кешке дейін күн де ұзақ.<br>Бақылау: желтоқсанда күн қысқа, түн ұзақ, соған назар аудару.<br>Балалардың сөздік қорының құрамына көніл бөлу, табиғатқа қызығушылығын арттыру.<br><br>«Бос орын» қимылды ойыны.<br>(дене тәрбиесі)<br>Мақсат-міндеттері. Таныс ойындарды ұйымдастыруда бастамашылдық, дербестік танытуға баулу. Ойындарда физикалық қасиеттерді (жылдамдық, икемділік, ептілік, шапшаңдық) дамыту. Ойын ережелерін саналы түрде сақтауға баулу.<br><br>«Кім белгіден асырады?» қимылды жаттығуы.<br>(дене тәрбиесі)<br>Мақсат-міндеттері. Заттарды (құм салынған қапшықтарды немесе қарды) қашықтыққа лақтыру (3,5–6,5 метрден кем емес); шапшаңдыққа, дәлдікке, жігерлікке баулу.<br><br>Өз бетімен ойындар.<br>(қоршаған әлеммен таныстыру, | | күн шуақты, қар, жаңбыр жауды, жел соқты), соған сәйкес киіну.<br>Қар ұлпасының тек төмен температурада болатынын түсіндіру.<br><br>Қар ұлпасы ұшады,<br>Айнала қолға қонады.<br>Әттен, қанатын көрмейсің,<br>Жалыннан еріп қалады. (Д. Ахметова)<br><br>«Өз үйіңді тап» қимыл-қозғалыс ойыны.<br>(дене тәрбиесі)<br>Мақсат-міндеттері.<br>Таныс ойындарды ұйымдастыруда бастамашылдық, дербестік танытуға баулу.<br>Ептілікті, белгі бойынша жылдам әрекет ету біліктерін дамыту, ойын ережесін нақты орындауға дағдыландыру.<br>Белгі бойынша балалар алаңның түрлі жерлерінде жапсырылған, өздерінің таңбалауыштарына сәйкес жаққа жүгіреді. Кім өз орнын бірден таба алмаса, балалардың қалаулары бойынша тақпақ не ән айтып береді. Екінші рет таңбалауыштар қайта тарату керек.<br><br>«Лабиринт жолынан тайма» ойын-жаттығуы.<br>(дене тәрбиесі)<br>Мақсат-міндеттері. Бір сапта бір-бірден, арақашықты сақтап "жыланша" жүгіру техникасын жетілдіру; дене қимылдарын үлестіре білуді, зерек болуды дамыту. | оң көзқарасын тәрбиелеу.<br>Өзгенің еңбегінің нәтижесіне құрметпен қарауға тәрбиелеу, ересектерге көмек көрсету ниеттерін қолдау.<br>Еңбек нәтижесін атап көрсету (таза жолдар, бау-бақшаларды ағаштардан түскен жапырақтардан тазалау) және оның маңыздылығы; еңбек құралдарын атап беру (сыпырғыш, қалақ, күрек, қоқыс жәшігі).<br>Қауіпсіздік. Еңбек құралдарын қолдануда қауіпсіздік ережелерін сақтауға үйрету.<br>Терезе сыртында не деген ғажайып!<br>Алақай! Қыс түсті аулаға марқайып.<br>Аппақ қар, үлпілдек, жер бетін жаулаған,<br>Аулада балалар қарларға аунаған.<br><br>Аулашы ағайдың, байқасақ, таң атпай<br>Қолынан түспейді күрегі алыптай.<br>Көппіз ғой, балалар, шығайық аулаға,<br>Көмекші болайық аулашы ағайға. (Дина Ахметова)<br><br>«Бірінші бол» қимылды ойыны.<br>(дене тәрбиесі)<br>Мақсат-міндеттері. Белгі бойынша іс-әрекет жасай білуін бекіту (шананы айналу және өз орнына тұру), қосымша жаттығуларды орындау (шанаға отыру, 5 рет отырып-тұру және т.б) жылдам және еппен іс-әрекет жасау. | аймақтарында ауа райының түрліше болуы туралы түсінік беру.<br>Ізтай Мәмбетов «Қыс»<br>Жаңа айлардың жаңа қары<br>Жапалақтап жауады.<br>Жайлы бір леп таралады,<br>Жаңғыртады ауаны.<br><br>Ұйқыдағы баладайын,<br>Баладайын пәк жүрек,<br>Ұйып қапты қырда қайың,<br>Киім киіп ақ жібек.<br><br>«Ордан секіріп өт» ойын-жаттығуы.<br>(дене тәрбиесі)<br>Мақсат-міндеттері. 2–3 метр қашықтыққа алға ұмтылып қос аяқпен секіру техникасын жетілдіру; физикалық қасиеттерді (күш, шыдамдылық, икемділік, ептілік) дамыту.<br><br>Өз бетімен ойындар.<br>(қоршаған әлеммен таныстыру, дене тәрбиесі)<br>Балаларды адамгершілікке, өзара көмек беруге, ренжіген балаға жанашырлық танытуға, бірге, келісіп ойнауға, құрдастарының өтініші бойынша ойыншықтарымен бөлісуге баулу.<br>Дене шынықтыру құралдарын, спорттық және қимылды ойындарға арналған атрибуттарды пайдалануға ынталандыру.<br><br>«Өнегелі тәрбие». Еңбек әрекеті: ойыншықтарды жинау.<br>(еңбек дағдылары, қоршаған әлеммен таныстыру) |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | дене тәрбиесі)<br>Балаларды адамгершілікке, өзара көмек беруге, ренжіген балаға жанашырлық танытуға, бірге, келісіп ойнауға, құрдастарының өтініші бойынша ойыншықтарымен бөлісуге баулу.<br>Дене шынықтыру құралдарын, спорттық және қимылды ойындарға арналған атрибуттарды пайдалануға ынталандыру.<br><br>«Өнегелі тәрбие». Еңбек әрекеті: ойыншықтарды жинау.<br>(еңбек дағдылары, қоршаған әлеммен таныстыру)<br>Балаларды ойыншықтарға ұқыпты карауға, берілген тапсырмаға жауапкершілікпен қарауға, ойыншықтарды жинауда тәрбиешіге көмектесуге баулу. | | Өз бетімен ойындар.<br>(қоршаған әлеммен таныстыру, дене тәрбиесі)<br>Балаларды адамгершілікке, өзара көмек беруге, ренжіген балаға жанашырлық танытуға, бірге, келісіп ойнауға, құрдастарының өтініші бойынша ойыншықтарымен бөлісуге баулу.<br>Дене шынықтыру құралдарын, спорттық және қимылды ойындарға арналған атрибуттарды пайдалануға ынталандыру.<br><br>«Өнегелі тәрбие». Еңбек әрекеті: ойыншықтарды жинау.<br>(еңбек дағдылары, қоршаған әлеммен таныстыру)<br>Балаларды ойыншықтарға ұқыпты қарауға, берілген тапсырмаға жауапкершілікпен қарауға, ойыншықтарды жинауда тәрбиешіге көмектесуге баулу. | «Кім белгіден асырады?» қимылды жаттығуы.<br>(дене тәрбиесі)<br>Мақсат-міндеттері. Заттарды (құм салынған қапшықтарды немесе қарды) қашықтыққа лақтыру (3,5–6,5 метрден кем емес); шапшаңдыққа, дәлдікке, жігерлікке баулу.<br><br>Өз бетімен ойындар.<br>(қоршаған әлеммен таныстыру, дене тәрбиесі)<br>Балаларды адамгершілікке, өзара көмек беруге, ренжіген балаға жанашырлық танытуға, бірге, келісіп ойнауға, құрдастарының өтініші бойынша ойыншықтарымен бөлісуге баулу.<br>Дене шынықтыру құралдарын, спорттық және қимылды ойындарға арналған атрибуттарды пайдалануға ынталандыру.<br><br>«Өнегелі тәрбие». Еңбек әрекеті: ойыншықтарды жинау.<br>(еңбек дағдылары, қоршаған әлеммен таныстыру)<br>Балаларды ойыншықтарға ұқыпты қарауға, берілген тапсырмаға жауапкершілікпен қарауға, ойыншықтарды жинауда тәрбиешіге көмектесуге баулу. | Балаларды ойыншықтарға ұқыпты қарауға, берілген тапсырмаға жауапкершілікпен қарауға, ойыншықтарды жинауда тәрбиешіге көмектесуге баулу. |
| **Серуеннен оралу** | Гигиеналық дағдылар<br>(мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет, тіл дамыту және көркем әдебиет)<br>Мақсат-міндеттері.<br>«Өнегелі тәрбие». Өзіне-өзі қызмет көрсету дағдыларын қалыптастыру: Балаларды киімдерін жүйелі түрде шешу, шкаф сөрелеріне киімдерін, кептіретін жерге қолғаптарын, аяқ-киімдерін орналастыру, қолдарын жуу.<br>Тамақтанар алдында, дәретханаға барғаннан кейін, ластанған кезде қолды өз бетінше сабынмен жууға үйрету. Тарақты, қол орамалды пайдалана білуді бекіту.<br>Балаларды ұқыптылыққа, тазалыққа, өзінің сыртқы келбетін қадағалауды әдетке айналдыруға баулу.<br>Балалардың түрлі әрекеттерінде көркем сөзге қызығушылыққа баулу. | | | | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | «Үнемді тұтыну». Жуынғанда суды үнемді пайдалануға үйрету. | | | | |
| **Кешкі ас** | **Гигиеналық дағдылар**<br>(мәдени-гигиеналық дағдылар)<br>Балаларды қолын жуар алдында жеңдерін түріп, бетін су шашпай жууға үйрету; дәретханадан кейін және қажет болғанда қолды жуу мүмкіндігін күшейту.<br>Көркем сөз<br>Дос бол сабын, сумен сен,<br>Жиі-жиі жуын сен,<br>Таңертен де кешке де,<br>Жуын күндіз-кешке де,<br>Жуын күндіз-түсте де,<br>Жуын тамақ алдында,<br>Жуын тамақ соңында,<br>Жуын ұйықтар кезінде,<br>Жуын тұрған мезгілде. | | | | |
| **Балалардың дербес іс-әрекеті (қимылдық, ұлттық, сюжетті-рөлдік, үстел үсті-баспа және басқа ойындар), бейнелеу іс-әрекеті, кітап қарау және басқалары)** | Кітап бұрышында: өткен тақырыптар бойынша суреттерді қарау, сипаттау; ертегілерді есте жаңғырту, кейіпкерлердің сөздерін қайталау.<br>Міндеттер. Қазақстан халқының мәдениетімен, салт-дәстүрлерімен таныстыру арқылы түрлі балалар әрекетінде балалардың ауызша сөйлеуін дамыту.<br>(коммуникативті дағдылар, тіл дамыту және көркем әдебиет, қазақ тілі)<br>Музыкалық аспаптармен ойындар. Балабақша туралы әндер тыңдау. (музыка)<br>Міндеттер. Балалардың музыкаға деген қызығушылығын тудыру, оны тыңдауға ынталандыру, музыкалық шығармаларды эмоционалды қабылдауды дамыту.<br>Өнер бұрышында балабақшаны, ойыншықтарды мүсіндеу, жапсыру, суретін бояу. (шығармашылық дағдылар, сурет салу, жапсыру, мүсіндеу)<br>Міндеттер. Жапсыру мен шығармашылық әрекетке қызығушылықты, шығармашылық қабілетті, қиялды дамыту. Жеке | | Кітап бұрышында: өткен тақырыптар бойынша суреттерді қарау, сипаттау; ертегілерді есте жаңғырту, кейіпкерлердің сөздерін қайталау.<br>Міндеттер. Қазақстан халқының мәдениетімен, салт-дәстүрлерімен таныстыру арқылы түрлі балалар әрекетінде балалардың ауызша сөйлеуін дамыту.<br>(коммуникативті дағдылар, тіл дамыту және көркем әдебиет, қазақ тілі)<br>Музыкалық аспаптармен ойындар. Балабақша туралы әндер тыңдау. (музыка)<br>Міндеттер. Балалардың музыкаға деген қызығушылығын тудыру, оны тыңдауға ынталандыру, музыкалық шығармаларды эмоционалды қабылдауды дамыту.<br>Өнер бұрышында балабақшаны, ойыншықтарды мүсіндеу, жапсыру, суретін бояу. (шығармашылық дағдылар, сурет салу, жапсыру, | Кітап бұрышында: өткен тақырыптар бойынша суреттерді қарау, сипаттау; ертегілерді есте жаңғырту, кейіпкерлердің сөздерін қайталау.<br>Міндеттер. Қазақстан халқының мәдениетімен, салт-дәстүрлерімен таныстыру арқылы түрлі балалар әрекетінде балалардың ауызша сөйлеуін дамыту.<br>(коммуникативті дағдылар, тіл дамыту және көркем әдебиет, қазақ тілі)<br>Музыкалық аспаптармен ойындар. Балабақша туралы әндер тыңдау. (музыка)<br>Міндеттер. Балалардың музыкаға деген қызығушылығын тудыру, оны тыңдауға ынталандыру, музыкалық шығармаларды эмоционалды қабылдауды дамыту.<br>Өнер бұрышында балабақшаны, ойыншықтарды мүсіндеу, жапсыру, суретін бояу. (шығармашылық дағдылар, сурет салу, жапсыру, | Кітап бұрышында: өткен тақырыптар бойынша суреттерді қарау, сипаттау; ертегілерді есте жаңғырту, кейіпкерлердің сөздерін қайталау.<br>Міндеттер. Қазақстан халқының мәдениетімен, салт-дәстүрлерімен таныстыру арқылы түрлі балалар әрекетінде балалардың ауызша сөйлеуін дамыту.<br>(коммуникативті дағдылар, тіл дамыту және көркем әдебиет, қазақ тілі)<br>Музыкалық аспаптармен ойындар. Балабақша туралы әндер тыңдау. (музыка)<br>Міндеттер. Балалардың музыкаға деген қызығушылығын тудыру, оны тыңдауға ынталандыру, музыкалық шығармаларды эмоционалды қабылдауды дамыту.<br>Өнер бұрышында балабақшаны, ойыншықтарды мүсіндеу, жапсыру, суретін бояу. (шығармашылық дағдылар, сурет салу, жапсыру, |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | заттарды және бірдей заттарды қайталап салу және олардың қасына басқа заттарды бейнелеу арқылы сюжеттік композицияларды салу. Қолдың ұсақ және ірі моторикасын дамытатын ойындар. (құрастыру) Міндеттер. Құрылыс материалдарынан, «лего» конструкторлардан құрастыру. | | мүсіндеу) Міндеттер. Жапсыру мен шығармашылық әрекетке қызығушылықты, шығармашылық қабілетті, қиялды дамыту. Жеке заттарды және бірдей заттарды қайталап салу және олардың қасына басқа заттарды бейнелеу арқылы сюжеттік композицияларды салу. Қолдың ұсақ және ірі моторикасын дамытатын ойындар. (құрастыру) Міндеттер. Құрылыс материалдарынан, «лего» конструкторлардан құрастыру. | мүсіндеу) Міндеттер. Жапсыру мен шығармашылық әрекетке қызығушылықты, шығармашылық қабілетті, қиялды дамыту. Жеке заттарды және бірдей заттарды қайталап салу және олардың қасына басқа заттарды бейнелеу арқылы сюжеттік композицияларды салу. Қолдың ұсақ және ірі моторикасын дамытатын ойындар. (құрастыру) Міндеттер. Құрылыс материалдарынан, «лего» конструкторлардан құрастыру. | мүсіндеу) Міндеттер. Жапсыру мен шығармашылық әрекетке қызығушылықты, шығармашылық қабілетті, қиялды дамыту. Жеке заттарды және бірдей заттарды қайталап салу және олардың қасына басқа заттарды бейнелеу арқылы сюжеттік композицияларды салу. Қолдың ұсақ және ірі моторикасын дамытатын ойындар. (құрастыру) Міндеттер. Құрылыс материалдарынан, «лего» конструкторлардан құрастыру. |
| **Балалардың үйге қайтуы** | «Баланыздың неге бейім екендігін байқадыңыз ба?» | | Кеңес беру. «Неліктен бала тыңдамайды?» | Балалар отбасында өздері не істей алатындары туралы әңгімелесу. | «Айына бір рет отбасы күнін өткізу». |

**22.12 - 26.12.2025ж.**

| **Апта күндері** | ***Дүйсенбі*** | ***Сейсенбі*** | ***Сәрсенбі*** | ***Бейсенбі*** | ***Жұма*** |
|---|---|---|---|---|---|
| **Балаларды қабылдау** | Балаларды жақсы көңіл күймен қарсы алу және оларға қолайлы жағдай жасау. Баланың көңіл күйін, оның жеке пікірін, қызығушылығын анықтау. Білім тақырыбында әуенді қосып қарсы алу.<br><br>Жаңа жылдық әнмен қарсы алу. Жаңа жыл мерекесінің атмосферасын ұйымдастыру. (тіл дамыту және көркем әдебиет, музыка) | Балаларды жақсы көңіл күймен қарсы алу және оларға қолайлы жағдай жасау. Баланың көңіл күйін, оның жеке пікірін, қызығушылығын анықтау. Білім тақырыбында әуенді қосып қарсы алу.<br><br>дамытушы мультфильмді қосып қарсы алу.<br>“Сәлем, сәлем”<br>(тіл дамыту және көркем әдебиет, музыка) | Балаларды жақсы көңіл күймен қарсы алу және оларға қолайлы жағдай жасау. Баланың көңіл күйін, оның жеке пікірін, қызығушылығын анықтау. Білім тақырыбында әуенді қосып қарсы алу.<br><br>s дамытушы мультфильмді қосып қарсы алу.<br>“Хоки-поки биі”<br>(тіл дамыту және көркем әдебиет, музыка) | Балаларды жақсы көңіл күймен қарсы алу және оларға қолайлы жағдай жасау. Баланың көңіл күйін, оның жеке пікірін, қызығушылығын анықтау.<br><br>Нейрожаттығу ойынымен балаларды қабылдау.<br>(қарым-қатынас іс-әрекеті) | Балаларды жақсы көңіл күймен қарсы алу және оларға қолайлы жағдай жасау. Баланың көңіл күйін, оның жеке пікірін, қызығушылығын анықтау.<br><br>«Күй күмбірі»<br>Күйді қосып, балаларды қарсы алу.<br>(музыка) |
| **Ата-аналармен немесе баланың басқа заңды өкілдерімен әңгімелесу,** | «Ашық ой мен сұрақ-жауап күні» ата-аналармен жиналыс. | «Ата-аналар балалары ауырмау үшін не істеу керек» кеңес беру. | Ата-аналарға балалардың тазалықтарына назар аударуларын ескерту. | Балаларға арналған кеңестер: "Балабақша ережелері", "Достар арасында өзін қалай ұстау керек?" | Балалардың бүгінгі іс-әрекеттері туралы ата-аналармен әңгімелесу. |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| **кеңес беру** | | | | | |
| **Балалардың іс-әрекеті (ойын, танымдық, коммуникативтік, шығармашылық, эксперименталдық, еңбек, қимыл, бейнелеу, дербес және басқалары)** | «Өнегелі тәрбие»<br>Еңбек тапсырмалары: "Бөлме өсімдіктеріне күтім жасау".<br>(қоршаған әлеммен таныстыру, еңбек дағдылары)<br>Мақсат-міндеттері. Бөлме өсімдіктеріне күтім жасауға үйрету: жерді қопсыту, суару, жапырақтардың шаңын сүрту. Өсімдіктерді таза ұстау әдістері туралы бұрын алған білімдерін нақтылау.<br>Балалардың еңбек етуге деген оң көзқарасын тәрбиелеу, берілген тапсырмаға жауапкершілікпен қарауды қалыптастыру: бастаған істі аяғына дейін жеткізе білу, оны жақсы орындау.<br><br>«Менің Қазақстаным»<br>Қазақстан Республикасының Гимн орындауы.<br>Мақсат-міндеттер. Балаларды патриоттық тәрбиені қалыптастырады.<br>(музыка)<br><br>Дидактикалық ойын.<br>«Көлеңкесін тап».<br>(қоршаған әлеммен таныстыру, тіл дамыту және көркем әдебиет)<br>Мақсат-міндеттері. Заттаға сипаттама белуге баулу.<br>Сөйлемдегі сөздерді байланыстыруға үйрету.<br>Айналаны қоршаған заттар, ойыншықтар – адамдардың еңбегімен жасалғаны туралы түсінік беру, оған ұқыпты қарауға баулу. Белгілі заттың, объектінің көлеңкесін тауып | «Өнегелі тәрбие»<br>Еңбек тапсырмалары: "Ұйымдастырылған іс-әрекетке керек материалдар мен құрал-жабдықтарды дайындаймыз". (қоршаған әлеммен таныстыру, еңбек дағдылары)<br>Мақсат-міндеттері.<br>Балаларды ұйымдастырылған іс-әрекетке керек материалдар мен құрал-жабдықтарды таратуға, тиянақты жинауға дағдыландыру; берілген тапсырмаға жауапкершілікпен қарауды қалыптастыру: бастаған істі аяғына дейін жеткізе білу.<br><br>"Пішіндерді құрастыр" үстел үсті ойыны.<br>(математика негіздері, құрастыру)<br>Мақсат-міндеттер: қол қимылдарының икемділігін, дәлдігін, көз мөлшерін дамыту.<br>Жаттығу барысы: жүргізуші балаларға есеп таяқшаларды таратып береді. Балалар солардан геометриялық пішіндерді жасап шығару керек. Төмендегідей тапсырмалар беріледі: төрт таяқшадан шаршы құрастыру; үш таяқшадан үшбұрыш құрастыру; үй құрастыру; жалауша құрастыру; жұлдызша құрастыру.<br><br>«Ғажайып дорба» үстел үсті | «Өнегелі тәрбие»<br>Еңбек тапсырмалары: "Бөлме өсімдіктерін суару".<br>(қоршаған әлеммен таныстыру, еңбек дағдылары)<br>Өсімдіктер, оларға күтім жасау (суару) туралы, өсімдіктердің өсуі үшін жер, топырақ, су, күн, жарық, ылғал, жылудың қажеттілігі туралы түсініктерді анықтау, дамыту; су құйғышпен суару тәсілдерін бекіту; берілген тапсырмаға жауапкершілікпен қарауды қалыптастыру; еңбек дағдыларын дамыту; қамқорлыққа, тазалыққа тәрбиелеу.<br><br>Көркем сөзді мәнерлеп оқу жаттығуы.<br>(тіл дамыту және көркем әдебиет, қоршаған әлеммен таныстыру)<br>Мақсат-міндеттері.<br>Балалардың өлеңдерді тыңдауға, көркем сөзге, кітапқа қызығушылыққа баулу.<br>Тыңдалған шығарманың мазмұнын қайталап айтуға, санамақтарды жатқа айтуға баулу.<br>Санамақтар.<br>Бірім - бір,<br>Екім - екі,<br>Үшім - үш,<br>Төртім - төрт,<br>Бесім - бес,<br>Алтым - алты,<br>Ауыр балтам,<br>Қалды қалтам! | «Өнегелі тәрбие»<br>Еңбек тапсырмалары: "Аквариумдағы балықтарды қоректендіру".<br>(қоршаған әлеммен таныстыру, еңбек дағдылары)<br>Мақсат-міндеттер: балыққа қамқорлық жасауға үйрету, аквариумдағы балықтың әдеттеріне қызығушылық тудыру.<br><br>"Лото" үстел ойыны.<br>(қоршаған әлеммен таныстыру, тіл дамыту және көркем әдебиет)<br>Мақсат-міндеттер: балаларды заттарды топтауға баулу, зейінді, байқауды дамыту.<br>Балалар қыс мезгілінің, жаңа жылдық суреттердің жалпы атаулары бойынша жинайды.<br>Құралдары: ойыншықтар, киім, тамақ және т. б. заттық карточкалар мен топтастыруға арналаған панно-карточкалар.<br><br>Көркем сөзді мәнерлеп оқу жаттығуы.<br>(тіл дамыту және көркем әдебиет)<br>Мақсат-міндеттері. Балалардың өлеңдерді тыңдауға, көркем сөзге, кітапқа қызығушылыққа баулу.<br>Тыңдалған шығарма мазмұны мен сипатына сәйкес тақпақтарды, өлеңдерді жаттауда түрлі интонацияларды, үзілістерді, логикалық екпінді қолданып, оларды есте сақтауға баулу.<br>Фариза Оңғарсынова "Шырша" | Ұлттық сезім күні<br>«Өнегелі тәрбие»<br>Еңбек тапсырмалары: "Ойыншықтарды тәртіпте ұстау".<br>(қоршаған әлеммен таныстыру, еңбек дағдылары)<br>Мақсат-міндеттері. Балалардың еңбек етуге деген оң көзқарасын тәрбиелеу, берілген тапсырмаға жауапкершілікпен қарауды қалыптастыру: бастаған істі аяғына дейін жеткізе білу, оны жақсы орындау.<br>Топты және ойын алаңын таза ұстауға, ойыншықтарды жинауда тәрбиешіге көмектесуге баулу: алжапқышын киюді үйрету; ойыншықтарды (қажет болғанда, жуу, кептіру) сүрту және орнына қою.<br>Тәртіпсіздікті көре білуді дамыту; ұқыптылыққа тәрбиелеу.<br><br>«Қажетті сөзді тап» ойын-жаттығуы.<br>(қазақ тілі, тіл дамыту және көркем әдебиет))<br>Мақсат-міндеттері.<br>Заттарға сипаттама беруге, байланыстырып сөйлеуге; сөздік қорды байыту; тапқырлыққа, ойланып жауап беруге үйрету.<br>Ойын ережесі: тәрбиеші бір сөз атайды, балалар соған қажет заттардың атына байланысты сөздерді тез атауға тиісті.<br>Мысалы: тоқылатын заттарды ата десе, балалар шұлық, шәлі, |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | орналастыруға үйрету.<br>Тілдерін дамыту. Аңдардың атауын атап, сипаттауға үйрету.<br><br>"Боямақ беттеріндегі суреттерді бояу.<br>(сурет салу)<br>Мақсат-міндеттер. Сурет салуда әртүрлі түстерді қолдануға, көп түске назар аударуға деген ұмтылысты қолдау. Пішінін ескере отырып, бейне сұлбасын бояуға баулу. Сурет салуда еңкеймей, арқаны тік ұстап, дұрыс еркін отыруға, жұмыс орнын таза ұстауға, ұқыпты болуға, қауіпсіздікті сақтауға баулу. Шығармашылыққа тәрбиелеу.<br>Барысы: жаңа жылға дайындалып жатқан аңдардың суретін бояу. | ойыны.<br>(қоршаған әлеммен таныстыру, тіл дамыту және көркем әдебиет)<br>Мақсат-міндеттері.<br>Балаларды затты сипаттауға, әңгімелер құрастыруға үйрету. Қоршаған орта заттары, олардың қасиеттері және қолданылуы туралы түсініктерін кеңейту.<br>Сөйлеуде күнделікті көп қолданылатын сын есімдерді, етістіктерді, есімдіктерді қолдану. Сөйлемдегі сөздерді байланыстыруға үйрету.<br>Логиканы, тері түйсіктерін (тактильді), байланыстырып сөйлеуді дамыту. | Қырқылдауық,<br>Қырма тауық!<br>Олпық-солпық,<br>Сен кір, сен шық!<br><br>"Пазлды құра" ойын-жаттығуы.<br>(құрастыру, қоршаған әлеммен таныстыру)<br>Мақсат-міндеттер: қоршаған заттар туралы түсініктерді тиянақтау; құрастырылған пазл бөлшектерінің кеңістікте, жазықтықта, орналасуын айқындау, тұтас бейнені құрастыруға ынталандыру; салыстыру, жалпылау, заттарды дұрыс атауға; қодың ұсақ моторикасын, ойлау қабілетін дамыту. | Ақ қырауға малынған<br>Ақша қардай сақалы.<br>Көптен күтіп сағынған<br>Көрдік Аяз Атаны.<br><br>Қуансын деп балаша,<br>Безендірдік шыршаны.<br>Жымыңдайды – тамаша<br>Шыршамыздың мың шамы!<br><br>Тақпақтарды жаттадық,<br>Би де үйрендік, көрсін деп,<br>Аяз Ата шаттанып,<br>Бізге риза болсын деп.<br><br>Боямақ суреттермен жаттығулар.<br>(сурет салу, қоршаған әлеммен таныстыру)<br>Мақсат-міндеттері. Пішіннің шеткі сызығынан шықпай ырғақты түрде бояуды, сурет салуда еңкеймей, арқаны тік ұстап, дұрыс еркін отыруға, қауіпсіздікті сақтауға баулу; қоршаған орта заттары, олардың қасиеттері және қолданылуы туралы түсініктерін кеңейту. | қолғап, жемпір деп жауап береді. Қайда, немен, кім тоқиды?<br>- Фабрикада машинкамен, үйде бізбен тоқымашы тоқиды.<br>- Тігілетін заттарды ата?<br>Көйлек, етік, тымақ, көрпе, пальто, т.б..<br>- Қайда, немен, кім тігеді?<br><br>"Жаңа жыл" мерекесіне арналған тақпақтар жаттау.<br>(тіл дамыту және көркем әдебиет)<br>Мақсат-міндеттері. Балалардың өлеңдерді тыңдауға, көркем сөзге, кітапқа қызығушылыққа баулу.<br>Тыңдалған шығарманың мазмұнын қайталап айтуға, өлеңдерді жаттауда түрлі интонацияларды, үзілістерді, логикалық екпінді қолданып, оларды есте сақтауға баулу.<br>Хамит Ерғалиев «Жаңа жыл»<br>Жаңа жыл! Жаңа жыл!<br>Не әкелдің сен бізге?<br>Бау-бақшаң толған гүл,<br>Төлдерің семіз бе?<br><br>Бауырсақ, балмұздақ,<br>Концертке ... молсың ба?<br>Бізді алға барғызбақ,<br>Сен жаңа жылсың ба? |
| **Ертеңгілік жаттығу** | Жалпы дамыту жаттығулары (дене тәрбиесі, дербес әрекет)<br>1. Бастапқы қалып: дене тік, аяқ бірге, қолды жанына жіберу.<br>1 - қолдарымен иықтарын құшақтап, саусақтарын жұму;<br>2 - бастапқы қалыпқа келу.<br>(жаттығу 4 рет қайталанады).<br>2. Бастапқы қалып: дене тік, | Жалпы дамыту жаттығулары (дене тәрбиесі, дербес әрекет)<br>1. Бастапқы қалып: дене тік, аяқ бірге, қолды жанына жіберу.<br>1 - қолдарымен иықтарын құшақтап, саусақтарын жұму;<br>2 - бастапқы қалыпқа келу.<br>(жаттығу 4 рет қайталанады).<br>2. Бастапқы қалып: дене тік, | Жалпы дамыту жаттығулары (дене тәрбиесі, дербес әрекет)<br>1. Бастапқы қалып: дене тік, аяқ бірге, қолды жанына жіберу.<br>1 - қолдарымен иықтарын құшақтап, саусақтарын жұму;<br>2 - бастапқы қалыпқа келу.<br>(жаттығу 4 рет қайталанады).<br>2. Бастапқы қалып: дене тік, | Жалпы дамыту жаттығулары (дене тәрбиесі, дербес әрекет)<br>1. Бастапқы қалып: дене тік, аяқ бірге, қолды жанына жіберу.<br>1 - қолдарымен иықтарын құшақтап, саусақтарын жұму; 2 - бастапқы қалыпқа келу.<br>(жаттығу 4 рет қайталанады).<br>2. Бастапқы қалып: дене тік, аяқ бірге, қол белде. | Жалпы дамыту жаттығулары (дене тәрбиесі, дербес әрекет)<br>1. Бастапқы қалып: дене тік, аяқ бірге, қолды жанына жіберу.<br>1 - қолдарымен иықтарын құшақтап, саусақтарын жұму; 2 - бастапқы қалыпқа келу.<br>(жаттығу 4 рет қайталанады).<br>2. Бастапқы қалып: дене тік, аяқ бірге, қол белде. |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | аяқ бірге, қол белде.<br>1 - оң аяқты ұшымен алдына қою; 2 - бастапқы қалыпқа келу. (Осы жаттығу сол жақпен қайталанады, 4 рет).<br>3. Бастапқы қалып: дене тік, аяқ бірге, қолды жанына жіберу.<br>1 - 2 - алға еңкейіп, саусақтарын еденге тигізу; 3 - 4 - бастапқы қалыпқа келу. (жаттығу 4 рет қайталанады).<br>4. Бастапқы қалып: арқаға жатып, қолды дене тұсында ұстау.<br>1 - тізені бүгіп, қолымен құшақтап, басын тізесіне тигізу; 2 - бастапқы қалыпқа келу. (жаттығу 3 рет қайталанады).<br>5. Бастапқы қалып: арқаға жатып, қолды дене тұсында ұстау.<br>Бүгілген аяқтарымен ""велосипед"" тебу, 1-8 сандары аралығында санау арқылы аяқтарын айналдыру; үзіліс жасап, қайта айналдыру.<br>6. Бастапқы қалып: аяқты қайшылап отыру, қол белде. 1 - денені оң жаққа бұрып, оң қолын жанына жіберу;<br>2 - бастапқы қалыпқа келу. (жаттығу сол жаққа қайталанады, 4 рет ).<br>7. Бастапқы қалып: дене тік, аяқ бірге, қол белде.<br>1 - 4 дейін санап, оң аяқпен секіру, 5-8 дейін санап, сол аяқпен секіру, балалар педагогтің санауы бойынша секіру жаттығуларын орындайды, арасында үзіліс жасап, қайтадан секіреді. | аяқ бірге, қол белде.<br>1 - оң аяқты ұшымен алдына қою; 2 - бастапқы қалыпқа келу. (Осы жаттығу сол жақпен қайталанады, 4 рет).<br>3. Бастапқы қалып: дене тік, аяқ бірге, қолды жанына жіберу.<br>1 - 2 - алға еңкейіп, саусақтарын еденге тигізу; 3 - 4 - бастапқы қалыпқа келу. (жаттығу 4 рет қайталанады).<br>4. Бастапқы қалып: арқаға жатып, қолды дене тұсында ұстау.<br>1 - тізені бүгіп, қолымен құшақтап, басын тізесіне тигізу; 2 - бастапқы қалыпқа келу. (жаттығу 3 рет қайталанады).<br>5. Бастапқы қалып: арқаға жатып, қолды дене тұсында ұстау.<br>Бүгілген аяқтарымен ""велосипед"" тебу, 1-8 сандары аралығында санау арқылы аяқтарын айналдыру; үзіліс жасап, қайта айналдыру.<br>6. Бастапқы қалып: аяқты қайшылап отыру, қол белде. 1 - денені оң жаққа бұрып, оң қолын жанына жіберу;<br>2 - бастапқы қалыпқа келу. (жаттығу сол жаққа қайталанады, 4 рет ).<br>7. Бастапқы қалып: дене тік, аяқ бірге, қол белде.<br>1 - 4 дейін санап, оң аяқпен секіру, 5-8 дейін санап, сол аяқпен секіру, балалар педагогтің санауы бойынша секіру жаттығуларын орындайды, арасында үзіліс жасап, қайтадан секіреді. | аяқ бірге, қол белде.<br>1 - оң аяқты ұшымен алдына қою; 2 - бастапқы қалыпқа келу. (Осы жаттығу сол жақпен қайталанады, 4 рет).<br>3. Бастапқы қалып: дене тік, аяқ бірге, қолды жанына жіберу.<br>1 - 2 - алға еңкейіп, саусақтарын еденге тигізу; 3 - 4 - бастапқы қалыпқа келу. (жаттығу 4 рет қайталанады).<br>4. Бастапқы қалып: арқаға жатып, қолды дене тұсында ұстау.<br>1 - тізені бүгіп, қолымен құшақтап, басын тізесіне тигізу; 2 - бастапқы қалыпқа келу. (жаттығу 3 рет қайталанады).<br>5. Бастапқы қалып: арқаға жатып, қолды дене тұсында ұстау.<br>Бүгілген аяқтарымен ""велосипед"" тебу, 1-8 сандары аралығында санау арқылы аяқтарын айналдыру; үзіліс жасап, қайта айналдыру.<br>6. Бастапқы қалып: аяқты қайшылап отыру, қол белде. 1 - денені оң жаққа бұрып, оң қолын жанына жіберу;<br>2 - бастапқы қалыпқа келу. (жаттығу сол жаққа қайталанады, 4 рет ).<br>7. Бастапқы қалып: дене тік, аяқ бірге, қол белде.<br>1 - 4 дейін санап, оң аяқпен секіру, 5-8 дейін санап, сол аяқпен секіру, балалар педагогтің санауы бойынша секіру жаттығуларын орындайды, арасында үзіліс жасап, қайтадан секіреді. | 1 - оң аяқты ұшымен алдына қою; 2 - бастапқы қалыпқа келу. (Осы жаттығу сол жақпен қайталанады, 4 рет).<br>3. Бастапқы қалып: дене тік, аяқ бірге, қолды жанына жіберу.<br>1 - 2 - алға еңкейіп, саусақтарын еденге тигізу; 3 - 4 - бастапқы қалыпқа келу. (жаттығу 4 рет қайталанады).<br>4. Бастапқы қалып: арқаға жатып, қолды дене тұсында ұстау.<br>1 - тізені бүгіп, қолымен құшақтап, басын тізесіне тигізу; 2 - бастапқы қалыпқа келу. (жаттығу 3 рет қайталанады).<br>5. Бастапқы қалып: арқаға жатып, қолды дене тұсында ұстау.<br>Бүгілген аяқтарымен ""велосипед"" тебу, 1-8 сандары аралығында санау арқылы аяқтарын айналдыру; үзіліс жасап, қайта айналдыру.<br>6. Бастапқы қалып: аяқты қайшылап отыру, қол белде. 1 - денені оң жаққа бұрып, оң қолын жанына жіберу;<br>2 - бастапқы қалыпқа келу. (жаттығу сол жаққа қайталанады, 4 рет ).<br>7. Бастапқы қалып: дене тік, аяқ бірге, қол белде.<br>1 - 4 дейін санап, оң аяқпен секіру, 5-8 дейін санап, сол аяқпен секіру, балалар педагогтің санауы бойынша секіру жаттығуларын орындайды, арасында үзіліс жасап, қайтадан секіреді. | 1 - оң аяқты ұшымен алдына қою; 2 - бастапқы қалыпқа келу. (Осы жаттығу сол жақпен қайталанады, 4 рет).<br>3. Бастапқы қалып: дене тік, аяқ бірге, қолды жанына жіберу.<br>1 - 2 - алға еңкейіп, саусақтарын еденге тигізу; 3 - 4 - бастапқы қалыпқа келу. (жаттығу 4 рет қайталанады).<br>4. Бастапқы қалып: арқаға жатып, қолды дене тұсында ұстау.<br>1 - тізені бүгіп, қолымен құшақтап, басын тізесіне тигізу; 2 - бастапқы қалыпқа келу. (жаттығу 3 рет қайталанады).<br>5. Бастапқы қалып: арқаға жатып, қолды дене тұсында ұстау.<br>Бүгілген аяқтарымен ""велосипед"" тебу, 1-8 сандары аралығында санау арқылы аяқтарын айналдыру; үзіліс жасап, қайта айналдыру.<br>6. Бастапқы қалып: аяқты қайшылап отыру, қол белде. 1 - денені оң жаққа бұрып, оң қолын жанына жіберу;<br>2 - бастапқы қалыпқа келу. (жаттығу сол жаққа қайталанады, 4 рет ).<br>7. Бастапқы қалып: дене тік, аяқ бірге, қол белде.<br>1 - 4 дейін санап, оң аяқпен секіру, 5-8 дейін санап, сол аяқпен секіру, балалар педагогтің санауы бойынша секіру жаттығуларын орындайды, арасында үзіліс жасап, қайтадан секіреді. |

<table>
<tr>
<td>Таңғы ас</td>
<td colspan="5">Гигиеналық дағдылар<br>(мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет, тіл дамыту және көркем әдебиет)<br>Мақсат-міндеттері.<br>Тамақтанар алдында, дәретханаға барғаннан кейін, ластанған кезде қолды өз бетінше сабынмен жууға үйрету. Тарақты, қол орамалды пайдалана білуді бекіту.<br>Тамақтану әдебін сақтау. Тамақты асықпай шайнау, асхана құралдарын (қасық, шанышқы), майлықты дұрыс қолдану, тамақтанып болғаннан кейін ауызды шаю.<br>Балаларға ауызды жауып жеуді, асты дыбыссыз шайнауды, асты төкпей-шашпай жеуді үйретуді жалғастыру.<br>Балалардың түрлі әрекеттерінде өлеңдерді тыңдауға, көркем сөзге қызығушылыққа баулу.<br>Тамақ ішкенде сөйлемеу. Өзін-өзі күту, тамақтану, арақатынасу мәдениеті негіздерін дамыту.<br>Асты-шашпай төкпей іш,<br>Сораптамай баппен іш.<br>Келген асты алдына<br>Тауысып іш қалдырма.<br>Тәрбиеші балалардың үстел үстінде дұрыс отыруларын қадағалайды.</td>
</tr>
<tr>
<td rowspan="2">Ұйымдастырылған іс-әрекетті өткізуге дайындық</td>
<td colspan="5">«Менің Қазақстаным» - Қазақстан Республикасының әнұранын орындау.<br>«Аналар мектебі»: қабылдау бөлмесін "Қысқы ойындар" тақырыбына әшекейлеу.<br>Балалар кітапханасы: қысқы ойындар, ата-аналармен бірге қысқы ойындарға қатысу жайында фотосуреттерді қарастыру; тақырып бойынша өлеңдер мен әңгімелерді оқу.<br>"Күй күмбірі": "Көңіл толқыны" - Секен Тұрысбеков https://kitap.kz/music/2/seken-turysbekting-oryndauyndagy-kuyler ;<br>https://www.youtube.com/watch?v=koebsLAod1Y<br>«Өнегелі»: Менің құқықтарым, менің міндеттерім. Мақсаты: мектеп жасына дейінгі балаларды негізгі құқықтары және міндеттерімен таныстыру, олар қатар жүретінін түсінуді дамыту.</td>
</tr>
<tr>
<td>Қыс туралы әңгімелесу.<br>(тіл дамыту және көркем әдебиет, қазақ тілі)<br>Мақсат-міндеттері. Диалогтік сөйлеуді жетілдіру: әңгімеге қатысуға баулу, диалогке қатысушы үшін түсінікті сұрақтар қоюға және қойылған сұрақтарға дұрыс, толық жауап беруге баулу.<br>"Күміс қар" (Әли Ысқабаев)<br>Қырларды жапты күміс қар,<br>Далада жаңа тыныс бар.<br>Бұталар жалт-жұлт етеді<br>Кәдімгі бейне хрусталь.</td>
<td>Жасыл шырша туралы әңгімелесу.<br>(тіл дамыту және көркем әдебиет)<br>Мақсат-міндеттері. Диалогтік сөйлеуді жетілдіру: әңгімеге қатысуға баулу, диалогке қатысушы үшін түсінікті сұрақтар қоюға және қойылған сұрақтарға дұрыс, толық жауап беруге баулу.</td>
<td>Шырша туралы әндер жаттайық. Жаңа жылдық хикаялар айту.<br>(тіл дамыту және көркем әдебиет)<br>Мақсат-міндеттері.<br>Балаларды әңгіме айтуға үйрету: суретті өз бетінше қарап, сипаттауға, әңгімелер құрастыруға баулу. Бейтаныс құбылыстар, оқиғалар туралы ақпаратты талқылауға баулу.<br>"Шырша" (Әдібай Табылдиев)<br>Қызық-думан күн келді,<br>Жасыл шырша түрленді.<br>Аяз сүйіп, терледі,<br>Үйге кірді төрледі.<br><br>Сылдырайды моншағы,<br>Шыршамыздың мол шамы.</td>
<td>"Жаңа жыл" мерекесіне арналған тақпақтар жаттау.<br>(тіл дамыту және көркем әдебиет)<br>Мақсат-міндеттері. Балалардың өлеңдерді тыңдауға, көркем сөзге, кітапқа қызығушылыққа баулу.<br>Тыңдалған шығарманың мазмұнын қайталап айтуға, өлеңдерді жаттауда түрлі интонацияларды, үзілістерді, логикалық екпінді қолданып, оларды есте сақтауға баулу.<br>Әдібай Табылдиев «Шырша»<br>Қызық-думан күн келді,<br>Жасыл шырша түрленді.<br>Аяз сүйіп, терледі,<br>Үйге кірді төрледі.<br><br>Сылдырайды моншағы,</td>
<td>Жаңа жылдық кездесу, сұхбат жүргізу.<br>(тіл дамыту және көркем әдебиет, қазақ тілі)<br>Мақсат-міндеттері. Диалогтік сөйлеуді жетілдіру: әңгімеге қатысуға баулу, диалогке қатысушы үшін түсінікті сұрақтар қоюға және қойылған сұрақтарға дұрыс, толық жауап беруге баулу.</td>
</tr>
</table>

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | | Бізбен бірге жайдары<br>Жарқырады, жайнады.<br><br>Арайланды шыршамыз,<br>Айналамыз баршамыз! | Шыршамыздың мол шамы.<br>Бізбен бірге жайдары<br>Жарқырады, жайнады.<br><br>Арайланды шыршамыз,<br>Айналамыз баршамыз! | |
| **Кестеге сәйкес ҰІӘ** | Дене тәрбиесі<br>"Аяз-атамен ойындар жарысы".<br>Мақсат-міндеттер: балаларды қолын беліне қойып, екі жаққа айналуға; еденнен 20-25 см көтерілген баспалдақ тақтайдан аттап өтуге үйрету. | Қазақ тілі<br>"Жаңа жылдық сыйлықтар".<br>Мақсат-міндеттер.<br>Балалардың ұғымындағы қысқы мерекелер жайлы білімдерін кеңейту; жаңа жыл мерекесі туралы түсініктерін дамыту; сын есім және үстеу сөздер жайлы түсініктерін қалыптастыру.<br>Айналасындағы өзін қоршаған ортадағы құбылыстар, оқиғалар туралы ақпараттарды алуға және оларды талқылауға мүмкіндік беру. Дұрыс жауабын ұсынуға, бір-біріне зерттеу сипатындағы сұрақтарды қоюға, бір-бірімен еркін диалог құруға мүмкіндік беру.<br><br>Музыка<br>"Жаңа жыл сыйлықтары".<br>Мақсат-міндеттер. Балаларға Жаңа жыл туралы әнді айтқызу арқылы есте сақтау қабілеті мен әннің сөздік мағынасын түсіне білу қабілетін дамыту; музыкалық жетекші және топпен ілесе ән айту қабілетін жетілдіру; топпен ән айтқанда ырғақты сезіне білу қабілетін қалыптастыруды пысықтау.<br>"Музыкалық калейдоскоп" музыкалық-дидактикалық ойыны. | Дене тәрбиесі<br>"Ұзындыққа секіру"<br>Мақсат-міндеттер: Балаларды сапта бірінің артынан бірі арқанша бойымен арақашықтықты сақтап, бағытты өзгертіп жүгіру қабілетіне жаттықтыру; саптың басы мен шетіндегі балаларды қолдарынан ұстау арқылы шеңбер жасауға дағдыландыру; 40 см қашықтықта орнынан ұзындыққа секіруге (6-8 рет) дағдыландыру; алдындағы допты баспен итеріп, доғаның астынан төрт тағандап еңбектеп өту және допты жоғары лақтыруға үйрету. | Музыка<br>"Шырша жыры".<br>Мақсат-міндеттері: балалардың шырша туралы әнді қызығушылықпен тыңдап, әннің сөздік мазмұнын эмоционалды қабылдай білу қабілетін қалыптастыру; топта ән айту қабілетін жетілдіру. | Дене тәрбиесі<br>"Қысқы ойындар".<br>Мақсат-міндеттер: балаларды сапта бір-бірден аяқтың ұшымен жүруге; аяқтың ұшымен жүгіруге; құрсауларды домалатуға үйрету. |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | Тіл дамыту және көркем әдебиеттен ойын-жаттығулар.<br>"Қысқы аулада" суреттер тізбегі бойынша әңгіме құру.<br>Мақсат-міндеттер: балалардың қысқы ойындар туралы білімдерін жетілдіру; балалардың ойындар түрі туралы жаңа мағлұматтар беріп, "қысқы ойындар" ұғымын кеңейту; сөйлеудің әңгіме түрі туралы түсініктерді тиянақтау; қыста денсаулықты сақтау қағидалары туралы баяндау. | Математика негіздерінен ойын-жаттығулар.<br>"Қыстың жуан және жіңішке жолақтары".<br>Мақсат-міндеттері: балалардың заттардың жуандығы туралы білімдерін кеңейту, "ең жуан", "жіңішкелеу", "ең жіңішке" сияқты шамалар ұғымдарын қалыптастыру. | Тіл дамыту және көркем әдебиеттен ойын-жаттығулар.<br>"Сырғанақ".<br>Мақсат-міндеттер: балаларды сырғанақта ойындар суреті бойынша әңгімелеуге жаттықтыру; Бауыржан Жақыптың "Сырғанақ" тақпағымен таныстырып, қимыл жаттығуларын тақпақ жолдарымен жатқа сүйемелдеуге үйрету.<br><br>Мүсіндеуден ойын-жаттығулар.<br>"Жылқы".<br>Мақсат-міндеттер: балаларға жылқыны саз балшықтан жасауға, дене пішінін, фигураның қозғалысын дұрыс беруге, фигураға тән сипатына қарай саздылықты, сымбаттылықты бере білуге үйрету. | Қоршаған әлеммен таныстырудан ойын-жаттығулар.<br>"Аққала қалай пайда болды?"<br>Мақсат-міндетттер: балаларды аққаланың алғаш пайда болуы туралы деректермен таныстыру; аққала туралы әртүрлі мәліметтерді зейін қойып, мұқият тыңдауға үйрету.<br><br>Құрастырудан ойын-жаттығулар.<br>"Қыс қызығы аққала".<br>Мақсат-міндеттері: балаларды қалдық материал: поролоннан сызық бойымен домалақ кесіп алу, домалақтарды көлемі бойынша қағаз бетінде орналастырып, аққаланы құрастыруға үйрету. | Сурет салудан ойын-жаттығулар.<br>"Қос қолғап".<br>Мақсат-міндеттер: балаларды монотипия сурет салу техникасымен таныстыру; қос қолғаптың біріне қылқалам мен бояу арқылы қарапайым ою элементтерін салып, екінші жаққа, қағазды екіге бүктеп, басып, тура сондай оюлар бейнесін шығаруға үйрету. |
| **2-ші таңғы ас** | Тағамның атауын есте сақтауға, тазалыққа бейімдеу. "Тәбетіміз ашылды, ас болсын!" (мәдени-гигиеналық дағдылар) | | | | |
| **Серуенге дайындық** | (мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет, қоршаған әлеммен таныстыру)<br>«Экологиялық тәрбие». Бақылау күнтізбесінде ауа райын белгілеу (суық, жылы, күн шуақты, қар жауды, жел соқты), соған сәйкес киіну туралы анықтау.<br>«Өнегелі тәрбие». Өзіне-өзі қызмет көрсету дағдыларын қалыптастыру: өз бетінше киіну мен шешінуді, киімдерді жинауды, ілуді, ересектің көмегімен оларды тазалау, құрғатуды жетілдіру; барлық түймелерін түймелеуді, ілмекті салуды, бір-біріне көмектесуді үйрету; өз киімдерін тануды, атауды, күтуді бекіту.<br>«Қауіпсіздік». Қауіпсіздік жайында ескертулер: Өз өмірінің қауіпсіздігінің қарапайым дағдыларын меңгеру (электр құралдарынан сақ болу, сіріңкемен ойнамау, терезенің алдына шықпау, баспалдаққа көтерілгенде және түскенде таяныштан ұстау); қоршаған ортада, табиғатта қарапайым тәртіп ережелерін білу (қоқыс тастамау, өздігінен от жақпау). | | | | |
| **Серуен** | Қар үстіндегі іздерді бақылау (қоршаған әлеммен таныстыру, тіл дамыту және көркем әдебиет)<br>Көркем сөз.<br>Ойын ойнап, міне біз,<br>Қыс қызығын көреміз.<br>Шанаға да мінеміз,<br>Шаңғыны да тебеміз.<br>Жұмбақ.<br>Мен кетемін, ол қалар. (із) | Мұзды бақылау (қоршаған әлеммен таныстыру, тіл дамыту және көркем әдебиет)<br>Мақсат-міндеттері.<br>Қарапайым себеп-салдарлық байланыстарды бақылау және анықтау (күннің суықтығынан жердегі қар мұзға айналды), қар, су, мұз қасиеттерін анықтау. | «Экологиялық тәрбие».<br>Қылқан жапырақты ағаштарды бақылау (қоршаған әлеммен таныстыру, тіл дамыту және көркем әдебиет)<br>Мақсат-міндеттері.<br>Өсімдіктердің жіктелуі туралы түсініктерді кеңейту: бұталар және ағаштар (бақша, орман). | «Өнелегі тәрбие». Аула тазалаушының еңбегін бақылау.<br>(экологиялық тәрбие, қарым-қатынас іс-әрекеті, танымдық іс-әрекет, зерттеу іс-әрекеті)<br>Мақсат-міндеттері. Аула тазалаушының еңбегімен таныстыру, қызметі маңызын түсіну,<br>Балалардың еңбек етуге деген оң көзқарасын тәрбиелеу. | «Экологиялық тәрбие». Қардың түсуін бақылау.<br>(қоршаған әлеммен таныстыру, тіл дамыту және көркем әдебиет)<br>Мақсат-міндеттері. Қарапайым себеп-салдарлық байланыстарды бақылау және қар, су, мұз қасиеттерін анықтау.<br>Ауа райы мен климаттық |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | Бақылау: қарда түрлі іздердің қалатынын, соның ішінде құстардың ізі ерекше болатындығын айыра білу; құстардың ізі қосу амалы сияқты, әр құс әр түрлі із қалдырады; адамның да іздері әр түрлі, жан-жаққа бағыттайды: машинаның ізі де әр түрлі және т.б. Жансыз табиғат жайындағы білімін бекіту; балалардың сөйлеу тілін дамыту.<br><br>«Өнегелі тәрбие».<br>Ересек адамдармен бірге орындалатын қарапайым еңбек тапсырмалары: орындықтар үстін қардан тазалау.<br>(қоршаған әлеммен таныстыру, еңбек дағдылары)<br>Шамасы келетін жұмысты орындау кезінде балалардың бастамасын қолдау. Еңбек жасауда қауіпсіздікті сақтауды қадағалау.<br><br>«Ұлттық ойын - ұлт қазынасы» Қазақ халқының ұлттық ойыны. «Ақсерек – көксерек». (дене тәрбиесі)<br>Мақсат-міндеттері. Таныс ойындарды ұйымдастыруда бастамашылдық, дербестік танытуға баулу. Ойындарда физикалық қасиеттерді (жылдамдық, күш, шыдамдылық, икемділік, ептілік) дамыту.<br>Қимылды ойындарда жетекші рөлді орындауға үйрету, ойын ережелерін саналы түрде сақтауға баулу.<br>– Ақсерек-ау, ақ серек,<br>Бізден сізге кім керек. | Ауа райы мен климаттық жағдайлардың өзгеруін бақылау. Қазақстанның түрлі аймақтарында ауа райының түрліше болуы туралы түсінік беру.<br>Жұмбақ.<br>Туған жердің белбеуі,<br>Шұбатылып қалыпты.<br>Керемет-ау кернеуі,<br>Тасты тесіп, жарыпты. (өзен)<br>Мақал-мәтелдер.<br>Бұлт өзеннен су алса ғана жауады.<br>Бақылау: қыстағы су құбырлары жайлы түсініктерін анықтау. Бірінші көлдің жиегінде мұз пайда болады, ол жұқа, тез еригіш; содан толығымен қалың мұз басады; көлдегі мұз үстімен адамдар жүреді, балалар коньки тебеді; мұздың үстін қар басады, мұз астында балықтарға өте қараңғы, олар аз қозғалады. Кейбір жерлерде ойылған ойықтарды көруге болады, ол жерлерде балықшылар отырады. Судың астында ауа аз, балықтар ойықтың үстіне шығып дем аламын деп балықшының қармағына түсіп қалады. Балаларға өздерінің көргендерін ашып, толық көлемде айтуларын талап ету.<br><br>«Өнегелі тәрбие». Еңбек әрекеті: қардан мүсіндер.<br>(қоршаған әлеммен таныстыру, еңбек дағдылары)<br>Қар туралы білімдерін бекіту; берілген тақырып бойынша құрылыстар жасату. Берілген тапсырмаға | Өсімдіктердің тірі тіршілік иелері екендігін, олардың өсуі үшін жарықтың, жылудың қажеттілігін анықтау.<br>Көркем сөз.<br>Күн мұңайып тұр бүгін,<br>Қыс ызғары келеді.<br>Жұмбақтар.<br>Жаңа жыл күні<br>Төрінде тұрар.<br>Басқа күні<br>Өскен жерінде тұрар.<br>(Шырша)<br>Бақылау: қылқан жапырақты ағаштарды еске түсіру.<br>Шырша мен қарағай ағаштарын ажырата білу.<br>Шырша ағаштарының бұтағы бүкіл бойына, жоғарыдан төменге салбырап өседі; түбірі - қара; қылқан - бір-бірден өседі; жаңғақ - көп өмір сүргіш, дөңгелекше тәрізді. Жаңғақтың тұқымы бар. Білімдерін анықтау, қарағай мен шырша - үнемі жасыл түсті, қыста да сол түсін сақтайды. Шырша мен қарағай - қылқан жапырақты ағаш. Ағаштардың ерекшелігі мен белгілерін және ұқсастықтарын айыра білу, салыстырған сөздерін нақты жеткізу.<br><br>«Өнегелі тәрбие».<br>Ересек адамдармен бірге орындалатын қарапайым еңбек тапсырмалары: орындықтар үстін қардан тазалау.<br>(қоршаған әлеммен таныстыру, еңбек дағдылары)<br>Шамасы келетін жұмысты | Өзгенің еңбегінің нәтижесіне құрметпен қарауға тәрбиелеу, ересектерге көмек көрсету ниеттерін қолдау.<br>Қауіпсіздік. Еңбек құралдарын қолдануда қауіпсіздік ережелерін сақтауға үйрету.<br>Терезе сыртында не деген ғажайып!<br>Алақай! Қыс түсті аулаға маркайып.<br>Аппақ қар, үлпілдек, жер бетін жаулаған,<br>Аулада балалар қарларға аунаған.<br><br>Аулашы ағайдың, байқасақ, таң атпай<br>Қолынан түспейді күрегі алыптай.<br>Көппіз ғой, балалар, шығайық аулаға,<br>Көмекші болайық аулашы ағайға. (Дина Ахметова)<br><br>«Өнегелі тәрбие».<br>Ересек адамдармен бірге орындалатын қарапайым еңбек тапсырмалары: қарды жинау.<br>(қоршаған әлеммен таныстыру, еңбек дағдылары)<br>Шамасы келетін жұмысты орындау кезінде балалардың бастамасын қолдау. Еңбек жасауда қауіпсіздікті сақтауды қадағалау.<br><br>"Қарға мен торғай" қимыл-қозғалыс ойыны.<br>(дене тәрбиесі)<br>Мақсат-міндеттері. Педагогтің бұйрығын мұқият тыңдауды үйрету; зейінді дамыту.<br><br>«Ұлттық ойын - ұлт қазынасы». | жағдайлардың өзгеруін бақылау.<br>Қардың қасиеттері туралы түсінік қалыптастыру; қардың түсуі маусымдық құбылысқа жататынын түсіндіру, қыс туралы білімдерін кеңейту.<br>Зерттеу. Ақ қағазға ұшып келе жатқан қар ұлпаларын ұстау; зерттеу; қасиеттерін анықтау.<br><br>«Өнегелі тәрбие».<br>Ересек адамдармен бірге орындалатын қарапайым еңбек тапсырмалары: жолдарды қардан тазалау.<br>(қоршаған әлеммен таныстыру, еңбек дағдылары)<br>Шамасы келетін жұмысты орындау кезінде балалардың бастамасын қолдау. Еңбек жасауда қауіпсіздікті сақтауды қадағалау.<br><br>«Ұлттық ойын - ұлт қазынасы» Қазақ халқының ұлттық ойыны. «Ақсерек – көксерек».<br>(дене тәрбиесі)<br>Мақсат-міндеттері. Таныс ойындарды ұйымдастыруда бастамашылдық, дербестік танытуға баулу. Ойындарда физикалық қасиеттерді (жылдамдық, күш, шыдамдылық, икемділік, ептілік) дамыту.<br>Қимылды ойындарда жетекші рөлді орындауға үйрету, ойын ережелерін саналы түрде сақтауға баулу.<br>– Ақсерек-ау, ақ серек,<br>Бізден сізге кім керек.<br>– Ақсерек-ау, ақ серек,<br>Сізден бізге ... (бала аты) керек. |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | – Ақсерек-ау, ақ серек,<br>Сізден бізге ... (бала аты) керек.<br><br>«Нысанаға тигіз» ойын-жаттығуы.<br>(дене тәрбиесі)<br>Оң және сол қолмен, көздеп лақтыру кезінде қалыпты жағдайды сақтай білу. Ойын барысында балаларды шапшаңдыққа, икемділікке баулу. Қызығушылықтарын арттыру.<br><br>«Ұлттық ойын - ұлт қазынасы».<br>Қазақ халқының ұлттық ойыны. «Оқтау тартыс».<br>(дене тәрбиесі)<br>Мақсат-міндеттері.<br>Балалардың қазақ ұлттық қимылды ойындарға қызығушылығын арттыру; шағын топтарға бірігіп, келесідей әрекет етуге (белгі бойынша арқанды мен қарама-қарсы топ балаларын өзіне тарту) үйрету; физикалық қасиеттерді (күш, шыдамдылық, икемділік, ептілік) дамыту.<br><br>Өз бетімен ойындар. Ойын барысында балаларды ойын ережесін сақтауға, орындауға тәрбиелеу (жүргізу мәдениеті, достық, ұжымдық түсіністік болуын қадағалау).<br>Спорттық жаттығулар.<br>(дене тәрбиесі)<br>Шанамен сырғанау: бір-бірін сырғанату. | жауапкершілікпен қарауды қалыптастыру: бастаған істі аяғына дейін жеткізе білу, оны жақсы орындау.<br>Қауіпсіздікті қадағалау.<br><br>«Ұлттық ойын - ұлт қазынасы».<br>Қимылды ойын. «Қыз қуу» қазақ халқының ұлттық ойыны.<br>(дене тәрбиесі)<br>Мақсат-міндеттері. Таныс ойындарды ұйымдастыруда бастамашылдық, дербестік танытуға баулу. Ойындарда физикалық қасиеттерді (жылдамдық, шыдамдылық, икемділік, ептілік) дамыту. Қимылды ойындарда жетекші рөлді орындауға үйрету, ойын ережелерін саналы түрде сақтауға баулу.<br>Алаңда дұрыс қозғала білуді, бір-бірлеріне кедергі жасамауды, дабылға жылдам назар аудара білуді жетілдіру.<br><br>«Кім белгіден асырады?» қимылды жаттығуы.<br>(дене тәрбиесі)<br>Мақсат-міндеттері. Заттарды (құм салынған қапшықтарды немесе қарды) қашықтыққа лақтыру (3,5–6,5 метрден кем емес); шапшаңдыққа, дәлдікке, жігерлікке баулу.<br><br>Спорттық жаттығулар.<br>(дене тәрбиесі)<br>Шанамен сырғанау: бір-бірін сырғанату.<br><br>Өз бетімен ойындар: ойынды ұйымдастыру кезеңі | орындау кезінде балалардың бастамасын қолдау. Еңбек жасауда қауіпсіздікті сақтауды қадағалау.<br><br>«Қақпа» қимылды ойыны.<br>(дене тәрбиесі)<br>Алаңда қозғалып жүру.<br>«Бір, екі, үш - ұста» дегенде, бәрі алаңға жүгіреді. Бір-біріне көмек беруге тәрбиелеу.<br><br>«Тепе-теңдікті сақтап жүрейік» қимылды жаттығуы.<br>(дене тәрбиесі)<br>Мақсат-міндеттері. Тепе-теңдікті сақтау: қолды екі жаққа созып, сызықтардар бойымен және заттардан аттап өту техникаларын жетілдіру; қимылдарды үлестіруді үйрету.<br><br>«Ұлттық ойын - ұлт қазынасы».<br>Қазақ халқының ұлттық ойыны. «Оқтау тартыс».<br>(дене тәрбиесі)<br>Мақсат-міндеттері.<br>Балалардың қазақ ұлттық қимылды ойындарға қызығушылығын арттыру; шағын топтарға бірігіп, келесідей әрекет етуге (белгі бойынша арқанды мен қарама-қарсы топ балаларын өзіне тарту) үйрету; физикалық қасиеттерді (күш, шыдамдылық, икемділік, ептілік) дамыту.<br><br>Спорттық жаттығулар.<br>(дене тәрбиесі) | «Қара сиыр» ұлттық қимыл-қозғалыс ойын.<br>(дене тәрбиесі)<br>Мақсат-міндеттер. Таныс ойындарды ұйымдастыруда бастамашылдық, дербестік танытуға баулу. Ойындарда физикалық қасиеттерді (жылдамдық, икемділік, ептілік) дамыту. Қимылды ойындарда жетекші рөлді орындауға үйрету, ойын ережелерін саналы түрде сақтауға баулу. Кеңістікті бағдарлай білуге, шапшаңдыққа, тапқырлыққа баулу, достыққа тәрбиелеу.<br><br>«Кім белгіден асырады?» қимылды жаттығуы.<br>(дене тәрбиесі)<br>Мақсат-міндеттері. Заттарды (құм салынған қапшықтарды немесе қарды) қашықтыққа лақтыру (3,5–6,5 метрден кем емес); шапшаңдыққа, дәлдікке, жігерлікке баулу.<br><br>Спорттық жаттығулар.<br>(дене тәрбиесі)<br>Шанамен сырғанау: бір-бірін сырғанату.<br><br>Өзіндік еркін ойын әрекеттері, далаға алып шығатын материалдармен ойындар: еңбектеу.<br>Мақсат-міндеттері.<br>Қимылдарды үйлестіруді дамыту; батылдықты, шешім қабылдай алуға тәрбиелеу. | "Аққала ойыны" қимыл-қозғалыс ойыны.<br>(дене тәрбиесі)<br>Мақсат-міндеттері. Заттарды лақтыру дағдыларын бекіту.<br><br>«Тепе-теңдікті сақтап жүрейік» қимылды жаттығуы.<br>(дене тәрбиесі)<br>Мақсат-міндеттері. Тепе-теңдікті сақтау: қолды екі жаққа созып, сызықтардар бойымен және заттардан аттап өту техникаларын жетілдіру; қимылдарды үлестіруді үйрету.<br><br>Өзіндік еркін ойын әрекеттері, далаға алып шығатын материалдармен ойындар: қозғалыстарды дамыту.<br>Мақсат-міндеттері. Қар лақтыруды үйрету. |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | (бастапқы және жүру барысы) рөлдермен байланыстыра отырып балалардың танымдық қабілеттерін арттыру, бір-біріне көмек көрсету, қиындықтан шыға алуға талпындыру. | Шанамен сырғанау: бір-бірін сырғанату.<br><br>Өз бетімен ойындар.<br>Ойынға өз беттерінше тақырып таңдап үйрену, қоршаған ортаның жақсы жақтарынан көрсетіп, алған білімдерін көрсете білу. | | |
| **Серуеннен оралу** | Гигиеналық дағдылар<br>(мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет, тіл дамыту және көркем әдебиет)<br>Мақсат-міндеттері.<br>«Өнегелі тәрбие». Өзіне-өзі қызмет көрсету дағдыларын қалыптастыру: Балаларды киімдерін жүйелі түрде шешу, шкаф сөрелеріне киімдерін, кептіретін жерге қолғаптарын, аяқ-киімдерін орналастыру, қолдарын жуу.<br>Тамақтанар алдында, дәретханаға барғаннан кейін, ластанған кезде қолды өз бетінше сабынмен жууға үйрету. Тарақты, қол орамалды пайдалана білуді бекіту.<br>Балаларды ұқыптылыққа, тазалыққа, өзінің сыртқы келбетін қадағалауды әдетке айналдыруға баулу.<br>Балалардың түрлі әрекеттерінде көркем сөзге қызығушылыққа баулу.<br>«Үнемді тұтыну». Жуынғанда суды үнемді пайдалануға үйрету. | | | | |
| **Түскі ас** | Гигиеналық дағдылар<br>(мәдени-гигиеналық дағдылар, сауықтыру-шынықтыру шаралары)<br>Тамақтану әдебін сақтау. Тамақты асықпай шайнау, асхана құралдарын (қасық, шанышқы), майлықты дұрыс қолдану, тамақтанып болғаннан кейін ауызды шаю. Ас ішу мәдениетімен таныстырып отыру. Қасық, шанышқыны дұрыс пайдалануды үйрету. Ас ішкенде сөйлемеу.<br>«Үнемділік». «Суды, тамақты, энергияны үнемді тұтыну» - табиғи ресурстарға ұқыпты қарауды қалыптастыру. Берілген асты құрметтеп, тауысып жеудің маңызды екенін түсіндіру. Астан соң беті-қолды жуу, тамақты шаю.<br>Асты-шашпай төкпей іш,<br>Сораптамай баппен іш.<br>Келген асты алдына<br>Тауысып іш қалдырма.<br>Тәрбиеші балалардың үстел үстінде дұрыс отыруларын қадағалайды. | | | | |
| **Күндізгі ұйқы** | Киімдерін ұқыпты орындыққа іліп (немесе арнайы сөреге) қоюды үйренеді.<br>«Түлкі мен тырна» ертегісін оқып беріп, балаларды ұйықтату.<br>(тіл дамыту және көркем әдебиет)<br>Балалардың түрлі әрекеттерінде ертегілерді тыңдауға, көркем сөзге, кітапқа қызығушылыққа баулу. | Киімдерін ұқыпты орындыққа іліп (немесе арнайы сөреге) қоюды үйретуді жалғастыру.<br>«Сыпайы қасқыр» ертегісін тыңдату. (BilimKids медиа бөліміндегі ертегісі)<br>(тіл дамыту және көркем әдебиет) | Киімдерін ұқыпты орындыққа іліп (немесе арнайы сөреге) қоюды үйренеді.<br>Аудио тыңдау.<br>Ж.Байырбекваның «Бесік жыры» әні<br>(музыка) | Киімдерін ұқыпты орындыққа іліп (немесе арнайы сөреге) қоюды үйренеді.<br>«Достық» ертегісін оқып беріп, балаларды ұйықтату.<br>(тіл дамыту және көркем әдебиет) | Киімдерін ұқыпты орындыққа іліп (немесе арнайы сөреге) қоюды үйренеді.<br>«Жыл басына таласқан хайуанаттар» ертегісін оқып беріп, балаларды ұйықтату.<br>(тіл дамыту және көркем әдебиет) |
| **Ұйқыдан біртіндеп ояту,** | Сауықтыру-шынықтыру шаралары.<br>(дене тәрбиесі, дербес әрекет, қоршаған әлеммен таныстыру, еңбек дағдылары) | | | | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| **сауықтыру шаралары** | Мақсат-міндеттері. Балаларды ақырын (сипап, көркемсөз, музыканы қосу арқылы) ояту.<br>Төсектегі жаттығулар. Ұйқыдан тұрғанда , бірден төсектен тұруға болмайды. Біртіндеп тұру қажет.<br>1. Балалар төсекте, арқаға жатып, қолын жанына созу, демдерін еркін шығару.<br>2. Балалар төсекте, арқаға жатып қолды екі жаққа созу, жұдырықтарын жұму, қолдарын алға созып айқастыру, демалу.<br>3. Балалар төсекте, арқаға жатып қолдарын бастарына қойып кезекпен сол аяқтарын, он аяқтарын көтеру, екеуін бірге ұстап, жайлап түсіру.<br>4. Балалар төсекте, арқаға жатып, қолдарын жанында ұстап, аяқтарын көтеріп велосипед тебу.<br>Төсектен тұрғызу.<br>Жалпақтабандылықтың алдын-алу үшін "денсаулық" (қабырғалы) жолдармен жалаң аяқ жүру, аяқтарды уқалау, аяқтың бұлшықеттерін, денсаулықты нығайту, денені тік ұстауға тәрбиелеу; тыныс алу жолдарын шынықтыру.<br>Балаларды ұқыптылыққа, тазалыққа, өзінің сыртқы келбетін қадағалауды әдетке айналдыруға баулу. Дәретханаға барғаннан кейін, ластанған кезде қолды өз бетінше сабынмен жууға, тісін тазалауға үйрету. Таракты, қол орамалды пайдалана білуді бекіту.<br>«Өнегелі тәрбие». Еңбек әрекеті: "Төсектерді төсеуде (жинауға) күтушіге көмек көрсету".<br>Мақсат-міндеттері. Балаларды өз төсек-орындарын ажыратуға үйрету; шамасы келетін жұмысты орындау кезінде балалардың бастамасын қолдау, ересектерге қол жетімді көмек көрсетуге, ұқыптылыққа тәрбиелеу. | | | | |
| **Бесін ас** | Таза және ұқыпты тамақтану. Тамақтану мәдениетін қалыптастыру. Асты тауысып жеуге үйрету. (мәдени-гигиеналық дағдылар) | | | | |
| **Балалардың дербес іс-әрекеті (қимылдық, ұлттық, сюжетті-рөлдік, үстел үсті-баспа және басқа ойындар), бейнелеу іс-әрекеті, кітап қарау және басқалары)** | «Ұлттық ойын - ұлт қазынасы»<br>Қазақ халқының ұлттық ойыны. «Соқыртеке» ойыны.<br>(дене тәрбиесі)<br>Мақсат-міндеттер. Балаларға кеңістікті бағдарлау, шапшаң қимылдауға, бір-біріне кедергі жасамауға дағдыландыру; түйсік, зейін қабілеттерін дамыту; ұйымшылдыққа, ойын ережелерін сақтап, ойынды әділ ойнауға тәрбиелеу.<br>Балалар ортаға шеңбер құрып тұрады. Топ ішінен бір баланың көзі байланады.<br>Балалар: «Бота, бұзау, қозы, лақ, Қайда кеткен құлыншақ. Соқыртеке бақ-бақ, Мені ізден тап, тап!» - деп, өлеңмен айтады.<br>Содан кейін Соқыртеке (көзі байлаулы бала) балаларды қуалайды немесе балалар оның жанына келіп, ақырын түртіп қалып, жан-жаққа қаша жөнеледі. Соқыртеке ұстап алған баланың көзі байланады, енді «соқыртеке» рөлін сол ойнайды. Ойын осылай | "Пайдалы - зиянды" дидактикалық ойыны. Азық-түліктер<br>(қоршаған әлеммен таныстыру, тіл дамыту және көркем әдебиет)<br>Мақсат-міндеттер.<br>Балалардың тамақтану тәртібін сақтаудың және көгөністер мен жемістердің, дәрумендердің адам ағзасына пайдасы туралы түсінік беру; "Денсаулық - зор байлық" сөзінің мәнін түсіну, өзінің жасаған іс-әрекетінің ағзаға әсерін алдын-алуға болатынын түсінуге көмектесу; өз денсаулықтарын нығайту, пайдаланатын азық-түліктердің пайдасы мен зияндылығын түсіндіру.<br>Ойын басында тәрбиеші балаларға үлкен парақ бетте бейнеленген пайдалы азық-түліктерді жасыл маркермен қоршауды ұсынады, Ары қарай тәрбиеші басқа азық-түліктердің зиянын | "Өз үйіңді тап" дидактикалық ойыны.<br>(дене тәрбиесі)<br>Мақсат-міндеттер: балаларды тапсырма бойынша өз үйлерін табуға үйрету; жылдамдыққа, шапшаңдылыққа тәрбиелеу.<br>Қажетті құралдар: ағаштардың бейнесі; үйлердің суреттері.<br>Тәрбиеші балаларды екі топқа бөліп, әр топтың ойнайтын орнын немесе "үйін" тағайындайды. Екі топқа да өсіп тұрған бірі биік, бірі аласа ағашты көрсетеді де 1-топтағы балалардың үйі биік ағаштың оң жағы, ал 2-топтағы балалардың үйі аласа ағаштың сол жағы - деп белгілейді. Қай топ өз үйлеріне тез барады. Ойын екі рет қайталанады.<br>Ойынның соңында әр топтың балаларын мадақтап отырады.<br><br>Суретті карточкалармен | "Суреттер тізбегі" дидактикалық ойыны.<br>(қоршаған әлеммен таныстыру, тіл дамыту және көркем әдебиет)<br>Мақсат-міндеттер: балаларды суреттерді логикалық тізбекке орналастыруға жаттықтыру; қоршаған ортадағы құбылыстар мен оқиғалардың сырын тануға, түсіндіруге ынталандыру; ұғымталдыққа тәрбиелеу.<br>Құралдары: бір құбылысты, оқиғаны немесе ертегі желісін сипаттайтын суреттер топтамалары.<br><br>«Ұлттық ойын - ұлт қазынасы»<br>Қазақ халқының ұлттық ойындары. «Итеріспек» ойыны.<br>(дене тәрбиесі)<br>Мақсат-міндеттер.<br>Балалардың дене күшін, аяқ-қол қимылдарыныңептілігін дамыту.<br>Шарты.<br>Диаметрі 3-4 метрдей болатын шеңбердің ішіне ойынға қатысушылар тұрады. Қарсы | «Аналар мектебі». «Өнегелі тәрбие».<br>табиғат бұрышындағы еңбек әрекеті: "Бөлме өсімдіктерін жуу".<br>(қоршаған әлеммен таныстыру, еңбек дағдылары)<br>Мақсат-міндеттері. Шамасы келетін жұмысты орындау кезінде балалардың бастамасын қолдау: бөлме өсімдіктеріне күтім жасау, суару, жапырақтарын жуу; суару әдістері (тегенеде, жапырақтардың астынан) және ережелер (толтырмай, біркелкі суару) туралы түсінік беру; бөлме өсімдіктері туралы ойларын нақтылау.<br>Жабдықтар: су бүркегіштер, сорғыштар, мата шүберектері, тегенелер, төсеніш, су құйғыш, алжапқыштар.<br><br>«Тақия тастамақ» қимылды ойын.<br>(дене тәрбиесі)<br>Ойынның мақсат-міндеттер.<br>Оқушылардың ойлау |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | жалғаса береді.<br><br>Медиа. Tigtag Junior. Дамытушы мультфильмдер. Күн мен түн https://bilimkids.kz/kk/media/video/kun-men-tun<br>(математика негіздері, қоршаған әлеммен таныстыру)<br>Мақсат-міндеттері. Тәулік бөліктері (таңертең, күндіз, кеш, түн) олардың сипаттамалық ерекшеліктері мен реттіліктері туралы ұғымдарын кеңейту. Қарапайым себеп-салдарлық байланыстарды бақылау және анықтау.<br><br>«Ғажайып дорба» үстел үсті ойыны.<br>(қоршаған әлеммен таныстыру, тіл дамыту және көркем әдебиет)<br>Мақсат-міндеттері. Балаларды затты сипаттауға, әңгімелер құрастыруға үйрету. Қоршаған орта заттары, олардың қасиеттері және қолданылуы туралы түсініктерін кеңейту. Сөйлеуде күнделікті көп қолданылатын сын есімдерді, етістіктерді, есімдіктерді қолдану. Сөйлемдегі сөздерді байланыстыруға үйрету. Логиканы, тері түйсіктерін (тактильді), байланыстырып сөйлеуді дамыту. | түсіндіреді, балалармен бірге талқылайды. Бағыттаушы сұрақтар арқылы ойын барысында тәрбиеші балаларға тағам бойынша маман, шынығу бойынша нұсқаушы болуға мүмкіндік береді.<br><br>«Айна» азқимылды ойыны.<br>(дене тәрбиесі)<br>Мақсат-міндеттері. Таныс ойындарды ұйымдастыруда бастамашылдық, дербестік танытуға баулу. Қимылды ойындарда жетекші рөлді орындауға үйрету, ойын ережелерін саналы түрде сақтауға баулу. Қимылдардың мәнерлілігі мен шеберлігіне тәрбиелеу.<br><br>«Лото» үстел үсті ойыны. Киімдер<br>(қоршаған әлеммен таныстыру)<br>Мақсат-міндеттері. Балалардың киім, аяқ-киім, бас киім туралы ұғымдарын байыту. Балаларда мінез-құлық мәдениеті мен сыпайы қарым-қатынас негіздерін қалыптастыруды жалғастыру; өз өтінішін сыпайы түрде білдіру; қарапайым экологиялық білімдерін қалыптастыру. | жұмыс.<br>(қоршаған әлеммен таныстыру, қазақ тілі, тіл дамыту және көркем әдебиет)<br>Мақсат-міндеттер. Балабақшамен танысады. Сөздерді, дыбыстарды анық айтуға дағдыланады.<br><br>«Қаржылық сауаттылық». «Мамандықта табыс көзі» жобасы.<br>(қоршаған әлеммен таныстыру, тіл дамыту және көркем әдебиет, математика негіздері)<br>Мақсат-міндеттері. Қаржылық сауаттылық негіздерін қалыптастыру. Балаларға "табыс көзі" ұғымы жайында, табыстың негізінде уақыт, білім мен қабілеттер, қойылған нәтижеге жету жатқаны туралы түсіндіру; ойын шарты бойынша қызмет үшін жасалатын "төлем", қарапайым есеп (тең, кем, артық, көп, аз) әрекеттерін бекіту; ойындағы мамандықтар туралы түсініктер қалыптастыру; еңбекті және адамдардың еңбегін құрметтеуге баулу. Балалардың тең, аз, көп, сонша, қанша деген ұғымдарды жетілдіру. Балаларға белгілі бірнеше мамандық түрін таңдап, белгілі суреттерді (ескі журналдардан) қайшымен қиып алып, көрнекі панноны әзірлеп, табыс көзін көрсетуге үйрету. | тұрған қарсыластар белгі бойынша бір-бірін шеңберден итеріп шығаруға тырысады. Қолмен де, иықпен де итеруге болады. Шеңбердің ішінде қалған ойыншы жеңіске жетеді.<br><br>Театрды сахналау.<br>"Күшік досын қалай тапты" ертегі желісін сахналау.<br>(тіл дамыту және көркем әдебиет)<br>Мақсат-міндеттер. Балаларды ертегі мазмұнымен таныстыру, сұрақтар бере отырып, ертегінің желісі бойынша әңгімелеуге үйрету. | қабілеттерін дамыту.<br>Ойынның шарты: бір оқушы тақияны шеңбер бойымен жүріп, кез келген баланың басына кигізеді. Басында тақиясы бар бала түбір және туынды сөзді айтады. Ойын осылай жалғаса береді.<br><br>Лего бөлшектерінен құрастыру.<br>(құрастыру, қазақ тілі, қоршаған әлеммен таныстыру)<br>Мақсат-мәндеттері. Құрылыс бөлшектеріне ұқыптылықпен қарау, ойнап болған соң оларды жинау және орнына қою, құрастыру барысында қауіпсіздік ережелерін сақтау; құрастырылған құрылыс бөлшектерінің кеңістікте орналасуын айқындау; құрылыс нәтижесін атаған кезде қазақ тіліне тән дыбыстарды айтуға ынталандыру; қоршаған заттардың адамға пайдасы туралы білімдерін бекіту; бастаған ісін аяғына дейін жеткізуге үйрету. |
| **Балалармен жеке** | "Үшінші артық" ойыны. | Көркем сөзді мәнерлеп оқу | Жыл мезгілі жайлы | Көркем сөзді мәнерлеп оқу | Өздері білетін ертегілері |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| **жұмыс** | (қоршаған әлеммен таныстыру, тіл дамыту және көркем әдебиет)<br>Дидактикалық материал: үй және жабайы жануарлары бейнеленген карталар.<br>Ойын барысы.<br>Балаларға жануарлар бейнеленген карточкалар таратылады. Балалар қай жануардың артық екенін анықтауы керек.<br>- Қой, сиыр - үй жануарлары. Олар адамның жанында тұрады. Түлкі - жабайы жануар, ол орманда тұрады. Түлкі - бұл орман жануары, жабайы аң және т. б. | жаттығуы.<br>(тіл дамыту және көркем әдебиет)<br>Мақсат-міндеттері. Балаларды шешендікке баулу.<br>Тыңдалған шығарманың мазмұнын қайталап айтуға, жаңылтпашты жатқа айтуға баулу. Артикуляцияны дамыту.<br>Жаңылтпаштар жаттау.<br>1) Пеш үстінде бес мысық,<br>Пеш ішінде бес мысық.<br>Бес күзетші, бес пысық.<br>2) Үш кіші ішік піштім,<br>Бес кіші ішік піштім.<br>Неше кіші ішік піштім?<br>3) Ұшып кетті үш құс,<br>Ұшып келді ұшқыш. | әңгімелеу.<br>(тіл дамыту және көркем әдебиет)<br>Мақсат-міндеттер. Балаларды әңгіме айтуға үйрету: суретті өз бетінше қарап, сипаттауға үйретуді жалғастыру.<br>Мнемокестеге қарап әр жыл мезгілдерінің ерекшеліктерін айтып, толық сөйлем құруға үйрету. | жаттығуы.<br>(тіл дамыту және көркем әдебиет)<br>Мақсат-міндеттері. Балалардың өлеңдерді тыңдауға, көркем сөзге, кітапқа қызығушылыққа баулу.<br>Тыңдалған шығарманың мазмұнын қайталап айтуға, қысқа өлеңдерді, санамақтарды жатқа айтуға, шығарма мазмұны мен сипатына сәйкес тақпақтарды, өлеңдерді жаттауда түрлі интонацияларды, үзілістерді, логикалық екпінді қолданып, оларды есте сақтауға баулу.<br>"Күміс қар" (Әли Ысқабаев)<br>Қырларды жапты күміс қар,<br>Далада жаңа тыныс бар.<br>Бұталар жалт-жұлт етеді<br>Кәдімгі бейне хрусталь. | бойынша суреттерді қарау.<br>(тіл дамыту және көркем әдебиет)<br>Мақсат-міндеттері. Балаларды әңгіме айтуға үйрету: суретті өз бетінше қарап, сипаттауға, әңгімелер құрастыруға баулу.<br>Суреттер бойынша сұрақтарға толық жауап беруге дағдыландыру; балалардың сөздік қорларын, байланыстырып сөйлеу қабілетін дамыту.<br>Құралдары: ертегілер сюжеттері бейнеленген суреттер. |
| **Серуенге дайындық** | (мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет, қоршаған әлеммен таныстыру)<br>«Өнегелі тәрбие». Өзіне-өзі қызмет көрсету дағдыларын қалыптастыру: ауа райына сәйкес киіну; өз бетінше киіну мен шешінуді, киімдерді жинауды, ілуді, ересектің көмегімен оларды тазалау, құрғатуды жетілдіру; барлық түймелерін түймелеуді, ілмекті салуды, бір-біріне көмектесуді үйрету; өз киімдерін тануды, атауды, күтуді бекіту.<br>«Қауіпсіздік». Қауіпсіздік жайында ескертулер: Өз өмірінің қауіпсіздігінің қарапайым дағдыларын меңгеру (электр құралдарынан сақ болу, сіріңкемен ойнамау, терезенің алдына шықпау, баспалдаққа көтерілгенде және түскенде таяныштан ұстау); қоршаған ортада, табиғатта қарапайым тәртіп ережелерін білу (қоқыс тастамау, өздігінен от жақпау). | | | | |
| **Серуен** | «Қауіпсіздік». Күннің ұзақтығын байқау.<br>(қоршаған әлеммен таныстыру, тіл дамыту және көркем әдебиет)<br>Мақсат-міндеттері. Ауа райы мен климаттық жағдайлардың өзгеруін бақылау.<br>Қазақстанның түрлі аймақтарында ауа райының түрліше болуы туралы түсінік беру. Шешендікке, сөз өнеріне баулу.<br>Мақал-мәтел.<br>Егер жұмыс болмаса, кешке | «Экологиялық тәрбие». Аққайыңды бақылау<br>(қоршаған әлеммен таныстыру, тіл дамыту және көркем әдебиет)<br>Мақсат-міндеттері. Өсімдіктердің бұталар және ағаштарға жіктелуі туралы түсініктерді кеңейту; аққайыңнның айырмашылығын байқауға, қыс мезгіліндегі өсу ерекшеліктерін түсінуге үйрету; аққайыңнның пайдасы, қарапайым | «Қауіпсіздік». Қар мен мұзды бақылау.<br>(қоршаған әлеммен таныстыру, тіл дамыту және көркем әдебиет)<br>Мақсат-міндеттері.<br>Қарапайым себеп-салдарлық байланыстарды бақылау және анықтау (күннің суықтығынан жердегі қар мұзға айналды), қар, су, мұз қасиеттерін анықтау.<br>Ауа райы мен климаттық жағдайлардың өзгеруін бақылау. Қазақстанның түрлі | Қыстайтын құстарды бақылау. Сарыбауыр шымшық<br>(қоршаған әлеммен таныстыру, тіл дамыту және көркем әдебиет)<br>Мақсат-міндеттері. Бақылау барысында жануарлар әлеміндегі маусымға тән көріністерді: қыста - құстардың қоректендірудің қажеттігі анықтау.<br>Қыстайтын құстардың түрі, қозғалуы, тіршілік ету ортасы, азығы, қысқа бейімделуі туралы ұғымдарын байыту. Балалардың | Қардың тереңдігін бақылау.<br>(қоршаған әлеммен таныстыру, тіл дамыту және көркем әдебиет)<br>Мақсаты-міндеттері.<br>Қарапайым себеп-салдарлық байланыстарды бақылау және қар қасиеттерін анықтау.<br>Қазақстанның түрлі аймақтарында ауа райының түрліше болуы туралы түсінік беру. Табиғат құбылыстары туралы ұғымдарын (қар) кеңейту.<br>Бақылау: балалардың көңілін |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | дейін күн де ұзақ.<br>Бақылау: желтоқсанда күн қысқа, түн ұзақ, соған назар аудару. Балалардың сөздік қорының құрамына көңіл бөлу, табиғатқа қызығушылығын арттыру.<br>Дала аппақ, жапалақтап,<br>Қар жауып тұр тынбастан.<br>Қалың орман, қар жамылған,<br>Маужырайды түнгі аспан.<br><br>«Бірінші бол» қимылды ойыны.<br>(дене тәрбиесі)<br>Мақсат-міндеттері. Белгі бойынша іс-әрекет жасай білуін бекіту (шананы айналу және өз орнына тұру), қосымша жаттығуларды орындау (шанаға отыру, 5 рет отырып-тұру және т.б) жылдам және ептен іс-әрекет жасау.<br><br>«Тепе-теңдікті сақтап жүрейік» қимылды жаттығуы.<br>(дене тәрбиесі)<br>Мақсат-міндеттері. Тепе-теңдікті сақтау: қолды екі жаққа созып, сызықтардар бойымен және заттардан аттап өту техникаларын жетілдіру; қимылдарды үлестіруді үйрету.<br><br>Өз бетімен ойындар.<br>(қоршаған әлеммен таныстыру, дене тәрбиесі)<br>Балаларды адамгершілікке, өзара көмек беруге, ренжіген балаға жанашырлық танытуға, бірге, келісіп ойнауға, құрдастарының өтініші бойынша ойыншықтарымен бөлісуге баулу. | экологиялық білімдерін қалыптастыру.<br>"Айналайын, аққайың" (Д. Ахметова)<br>Айналайын, аққайың,<br>Еңкейесің жел соққан сайын,<br>Аппақсың,<br>Нәзіксің,<br>Жіңішкесің,<br>Биіксің.<br>Аянбайсың,<br>Қуаныш сыйлайсың<br>Саған қолын созған адамға,<br>Құс пен аңға.<br><br>Қимылды ойын. «Белгіні тыңда».<br>(дене тәрбиесі)<br>Берілген дабыл бойынша әр түрлі қимылдар жасау.<br>Жүгіру (қысқа, кең адыммен, аяқты екі жаққа жіберіп жүгіру, секіру арқылы жүгіру). Жаттығу жұмыстарына деген қызығушылықтарын ояту, қимылдарының деңгейін жақсарту.<br><br>«Ордан секіріп өт» ойын-жаттығуы.<br>(дене тәрбиесі)<br>Мақсат-міндеттері. 2–3 метр қашықтыққа алға ұмтылып қос аяқпен секіру техникасын жетілдіру; физикалық қасиеттерді (күш, шыдамдылық, икемділік, ептілік) дамыту.<br><br>Өз бетімен ойындар.<br>(қоршаған әлеммен таныстыру, дене тәрбиесі)<br>Балаларды адамгершілікке, өзара көмек беруге, ренжіген | аймақтарында ауа райының түрліше болуы туралы түсінік беру.Табиғат құбылыстары туралы ұғымдарын (қар) кеңейту.<br>Судың әртүрлі күйі туралы білімдерін бекіту; жансыз табиғат туралы шынайы түсінікті қалыптастыру.<br>Зерттеу. Үлкен және кішкентай қаңылтырдағы, таза және боялған судың қату уақытын салыстыру; ыдысқа тығыз немесе еркін салынған қардың еру жылдамдығын салыстыру.<br><br>«Бірінші бол» қимылды ойыны.<br>(дене тәрбиесі)<br>Мақсат-міндеттері. Белгі бойынша іс-әрекет жасай білуін бекіту (шананы айналу және өз орнына тұру), қосымша жаттығуларды орындау (шанаға отыру, 5 рет отырып-тұру және т.б) жылдам және ептен іс-әрекет жасау.<br><br>«Кім белгіден асырады?» қимылды жаттығуы.<br>(дене тәрбиесі)<br>Мақсат-міндеттері. Заттарды (құм салынған қапшықтарды немесе қарды) қашықтыққа лақтыру (3,5–6,5 метрден кем емес); шапшаңдыққа, дәлдікке, жігерлікке баулу.<br><br>Өз бетімен ойындар.<br>(қоршаған әлеммен таныстыру, дене тәрбиесі)<br>Балаларды адамгершілікке, өзара көмек беруге, ренжіген | түрлі әрекеттерінде өлеңдерді тыңдауға баулу.<br>Қауіпсіздік. Құстарды бақылауда қауіпсіздік ережелерін сақтауды қадағалау.<br>Сарыбауыр шымшықты<br>Кім кешеден көріпті?<br>Кішкентай, бұл батыл құс<br>Суық қысқа төзіпті.<br><br>Ешқашан шаршамайды,<br>Ешбір істен қалмайды,<br>Сарыбауыр шымшық құс<br>Қорек іздеп, талмайды. Д. Ахметова)<br><br>«Бос орын» қимылды ойыны.<br>(дене тәрбиесі)<br>Мақсат-міндеттері. Таныс ойындарды ұйымдастыруда бастамашылдық, дербестік танытуға баулу. Ойындарда физикалық қасиеттерді (жылдамдық, икемділік, ептілік, шапшаңдық) дамыту. Ойын ережелерін саналы түрде сақтауға баулу.<br><br>«Тепе-теңдікті сақтап жүрейік» қимылды жаттығуы.<br>(дене тәрбиесі)<br>Мақсат-міндеттері. Тепе-теңдікті сақтау: қолды екі жаққа созып, сызықтардар бойымен және заттардан аттап өту техникаларын жетілдіру; қимылдарды үлестіруді үйрету.<br><br>Өз бетімен ойындар.<br>(қоршаған әлеммен таныстыру, дене тәрбиесі)<br>Балаларды адамгершілікке, өзара көмек беруге, ренжіген балаға жанашырлық танытуға, бірге, келісіп ойнауға, | ауланың қай жерлерінде қалың қар жатқанына аудару, қардың қаншалықты терең екенін білуді ұсыну. Балаларға метрді көрсету және қардың әр жердегі қалыңдығын өлшеу; қалың қарды күрекпен қазып, қардың қалыңдығына назар аудару.<br>Жұмбақ.<br>Көктен түсіп көбейді,<br>Ұқсайды өзі шекерге,<br>Бірақ ешкім жемейді,<br>Жерде жатыр бекерге.<br>Ол не? (Қар).<br><br>«Кім белгіден асырады?» қимылды жаттығуы.<br>(дене тәрбиесі)<br>Мақсат-міндеттері. Заттарды (құм салынған қапшықтарды немесе қарды) қашықтыққа лақтыру (3,5–6,5 метрден кем емес); шапшаңдыққа, дәлдікке, жігерлікке баулу.<br><br>Өз бетімен ойындар.<br>(қоршаған әлеммен таныстыру, дене тәрбиесі)<br>Балаларды адамгершілікке, өзара көмек беруге, ренжіген балаға жанашырлық танытуға, бірге, келісіп ойнауға, құрдастарының өтініші бойынша ойыншықтарымен бөлісуге баулу.<br>Дене шынықтыру құралдарын, спорттық және қимылды ойындарға арналған атрибуттарды пайдалануға ынталандыру.<br><br>«Өнегелі тәрбие». Еңбек әрекеті: ойыншықтарды жинау.<br>(еңбек дағдылары, қоршаған |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | Дене шынықтыру құралдарын, спорттық және қимылды ойындарға арналған атрибуттарды пайдалануға ынталандыру.<br><br>«Өнегелі тәрбие». Еңбек әрекеті: ойыншықтарды жинау.<br>(еңбек дағдылары, қоршаған әлеммен таныстыру)<br>Балаларды ойыншықтарға ұқыпты қарауға, берілген тапсырмаға жауапкершілікпен қарауға, ойыншықтарды жинауда тәрбиешіге көмектесуге баулу. | балаға жанашырлық танытуға, бірге, келісіп ойнауға, құрдастарының өтініші бойынша ойыншықтарымен бөлісуге баулу.<br>Дене шынықтыру құралдарын, спорттық және қимылды ойындарға арналған атрибуттарды пайдалануға ынталандыру.<br><br>«Өнегелі тәрбие». Еңбек әрекеті: ойыншықтарды жинау.<br>(еңбек дағдылары, қоршаған әлеммен таныстыру)<br>Балаларды ойыншықтарға ұқыпты қарауға, берілген тапсырмаға жауапкершілікпен қарауға, ойыншықтарды жинауда тәрбиешіге көмектесуге баулу. | балаға жанашырлық танытуға, бірге, келісіп ойнауға, құрдастарының өтініші бойынша ойыншықтарымен бөлісуге баулу.<br>Дене шынықтыру құралдарын, спорттық және қимылды ойындарға арналған атрибуттарды пайдалануға ынталандыру.<br><br>«Өнегелі тәрбие». Еңбек әрекеті: ойыншықтарды жинау.<br>(еңбек дағдылары, қоршаған әлеммен таныстыру)<br>Балаларды ойыншықтарға ұқыпты қарауға, берілген тапсырмаға жауапкершілікпен қарауға, ойыншықтарды жинауда тәрбиешіге көмектесуге баулу. | құрдастарының өтініші бойынша ойыншықтарымен бөлісуге баулу.<br>Дене шынықтыру құралдарын, спорттық және қимылды ойындарға арналған атрибуттарды пайдалануға ынталандыру.<br><br>«Өнегелі тәрбие». Еңбек әрекеті: ойыншықтарды жинау.<br>(еңбек дағдылары, қоршаған әлеммен таныстыру)<br>Балаларды ойыншықтарға ұқыпты қарауға, берілген тапсырмаға жауапкершілікпен қарауға, ойыншықтарды жинауда тәрбиешіге көмектесуге баулу. | әлеммен таныстыру)<br>Балаларды ойыншықтарға ұқыпты қарауға, берілген тапсырмаға жауапкершілікпен қарауға, ойыншықтарды жинауда тәрбиешіге көмектесуге баулу. |
| **Серуеннен оралу** | Гигиеналық дағдылар<br>(мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет, тіл дамыту және көркем әдебиет)<br>Мақсат-міндеттері.<br>«Өнегелі тәрбие». Өзіне-өзі қызмет көрсету дағдыларын қалыптастыру: Балаларды киімдерін жүйелі түрде шешу, шкаф сөрелеріне киімдерін, кептіретін жерге қолғаптарын, аяқ-киімдерін орналастыру, қолдарын жуу.<br>Тамақтанар алдында, дәретханаға барғаннан кейін, ластанған кезде қолды өз бетінше сабынмен жууға үйрету. Тарақты, қол орамалды пайдалана білуді бекіту.<br>Балаларды ұқыптылыққа, тазалыққа, өзінің сыртқы келбетін қадағалауды әдетке айналдыруға баулу.<br>Балалардың түрлі әрекеттерінде көркем сөзге қызығушылыққа баулу.<br>«Үнемді тұтыну». Жуынғанда суды үнемді пайдалануға үйрету. | | | | |
| **Кешкі ас** | Гигиеналық дағдылар<br>(мәдени-гигиеналық дағдылар)<br>Тамақтану мәдениетін қалыптастыру: қасықты дұрыс ұстау, сорпаны төкпеу, нанды үгітпеу, майлықты дұрыс қолдану, тамақ ішкенде сөйлемеу.<br>Мақсат-міндеттер: өзін-өзі күту, тамақтану, арақатынасу мәдениеті негіздерін дамыту.<br>Асты-шашпай төкпей іш,<br>Сораптамай баппен іш.<br>Келген асты алдына<br>Тауысып іш қалдырма.<br>Тәрбиеші балалардың үстел үстінде дұрыс отыруларын қадағалайды. | | | | |
| **Балалардың дербес** | Кітап бұрышында: өткен | Кітап бұрышында: өткен | Кітап бұрышында: өткен | Кітап бұрышында: өткен | Кітап бұрышында: өткен |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| **іс-әрекеті (қимылдық, ұлттық, сюжетті-рөлдік, үстел үсті-баспа және басқа ойындар), бейнелеу іс-әрекеті, кітап қарау және басқалары)** | тақырыптар бойынша суреттерді қарау, сипаттау; ертегілерді есте жаңғырту, кейіпкерлердің сөздерін қайталау.<br>Міндеттер. Қазақстан халқының мәдениетімен, салт-дәстүрлерімен таныстыру арқылы түрлі балалар әрекетінде балалардың ауызша сөйлеуін дамыту.<br>(коммуникативті дағдылар, тіл дамыту және көркем әдебиет, қазақ тілі)<br>Музыкалық аспаптармен ойындар. Балабақша туралы әндер тыңдау. (музыка)<br>Міндеттер. Балалардың музыкаға деген қызығушылығын тудыру, оны тыңдауға ынталандыру, музыкалық шығармаларды эмоционалды қабылдауды дамыту.<br>Өнер бұрышында балабақшаны, ойыншықтарды мүсіндеу, жапсыру, суретін бояу. (шығармашылық дағдылар, сурет салу, жапсыру, мүсіндеу)<br>Міндеттер. Жапсыру мен шығармашылық әрекетке қызығушылықты, шығармашылық қабілетті, қиялды дамыту. Жеке заттарды және бірдей заттарды қайталап салу және олардың қасына басқа заттарды бейнелеу арқылы сюжеттік композицияларды салу.<br>Қолдың ұсақ және ірі моторикасын дамытатын ойындар. (құрастыру)<br>Міндеттер. Құрылыс материалдарынан, «лего» | тақырыптар бойынша суреттерді қарау, сипаттау; ертегілерді есте жаңғырту, кейіпкерлердің сөздерін қайталау.<br>Міндеттер. Қазақстан халқының мәдениетімен, салт-дәстүрлерімен таныстыру арқылы түрлі балалар әрекетінде балалардың ауызша сөйлеуін дамыту.<br>(коммуникативті дағдылар, тіл дамыту және көркем әдебиет, қазақ тілі)<br>Музыкалық аспаптармен ойындар. Балабақша туралы әндер тыңдау. (музыка)<br>Міндеттер. Балалардың музыкаға деген қызығушылығын тудыру, оны тыңдауға ынталандыру, музыкалық шығармаларды эмоционалды қабылдауды дамыту.<br>Өнер бұрышында балабақшаны, ойыншықтарды мүсіндеу, жапсыру, суретін бояу.<br>(шығармашылық дағдылар, сурет салу, жапсыру, мүсіндеу)<br>Міндеттер. Жапсыру мен шығармашылық әрекетке қызығушылықты, шығармашылық қабілетті, қиялды дамыту. Жеке заттарды және бірдей заттарды қайталап салу және олардың қасына басқа заттарды бейнелеу арқылы сюжеттік композицияларды салу.<br>Қолдың ұсақ және ірі моторикасын дамытатын | тақырыптар бойынша суреттерді қарау, сипаттау; ертегілерді есте жаңғырту, кейіпкерлердің сөздерін қайталау.<br>Міндеттер. Қазақстан халқының мәдениетімен, салт-дәстүрлерімен таныстыру арқылы түрлі балалар әрекетінде балалардың ауызша сөйлеуін дамыту.<br>(коммуникативті дағдылар, тіл дамыту және көркем әдебиет, қазақ тілі)<br>Музыкалық аспаптармен ойындар. Балабақша туралы әндер тыңдау. (музыка)<br>Міндеттер. Балалардың музыкаға деген қызығушылығын тудыру, оны тыңдауға ынталандыру, музыкалық шығармаларды эмоционалды қабылдауды дамыту.<br>Өнер бұрышында балабақшаны, ойыншықтарды мүсіндеу, жапсыру, суретін бояу.<br>(шығармашылық дағдылар, сурет салу, жапсыру, мүсіндеу)<br>Міндеттер. Жапсыру мен шығармашылық әрекетке қызығушылықты, шығармашылық қабілетті, қиялды дамыту. Жеке заттарды және бірдей заттарды қайталап салу және олардың қасына басқа заттарды бейнелеу арқылы сюжеттік композицияларды салу.<br>Қолдың ұсақ және ірі моторикасын дамытатын | тақырыптар бойынша суреттерді қарау, сипаттау; ертегілерді есте жаңғырту, кейіпкерлердің сөздерін қайталау.<br>Міндеттер. Қазақстан халқының мәдениетімен, салт-дәстүрлерімен таныстыру арқылы түрлі балалар әрекетінде балалардың ауызша сөйлеуін дамыту.<br>(коммуникативті дағдылар, тіл дамыту және көркем әдебиет, қазақ тілі)<br>Музыкалық аспаптармен ойындар. Балабақша туралы әндер тыңдау. (музыка)<br>Міндеттер. Балалардың музыкаға деген қызығушылығын тудыру, оны тыңдауға ынталандыру, музыкалық шығармаларды эмоционалды қабылдауды дамыту.<br>Өнер бұрышында балабақшаны, ойыншықтарды мүсіндеу, жапсыру, суретін бояу.<br>(шығармашылық дағдылар, сурет салу, жапсыру, мүсіндеу)<br>Міндеттер. Жапсыру мен шығармашылық әрекетке қызығушылықты, шығармашылық қабілетті, қиялды дамыту. Жеке заттарды және бірдей заттарды қайталап салу және олардың қасына басқа заттарды бейнелеу арқылы сюжеттік композицияларды салу.<br>Қолдың ұсақ және ірі моторикасын дамытатын ойындар. (құрастыру)<br>Міндеттер. Құрылыс материалдарынан, «лего» конструкторлардан құрастыру. | тақырыптар бойынша суреттерді қарау, сипаттау; ертегілерді есте жаңғырту, кейіпкерлердің сөздерін қайталау.<br>Міндеттер. Қазақстан халқының мәдениетімен, салт-дәстүрлерімен таныстыру арқылы түрлі балалар әрекетінде балалардың ауызша сөйлеуін дамыту.<br>(коммуникативті дағдылар, тіл дамыту және көркем әдебиет, қазақ тілі)<br>Музыкалық аспаптармен ойындар. Балабақша туралы әндер тыңдау. (музыка)<br>Міндеттер. Балалардың музыкаға деген қызығушылығын тудыру, оны тыңдауға ынталандыру, музыкалық шығармаларды эмоционалды қабылдауды дамыту.<br>Өнер бұрышында балабақшаны, ойыншықтарды мүсіндеу, жапсыру, суретін бояу. (шығармашылық дағдылар, сурет салу, жапсыру, мүсіндеу)<br>Міндеттер. Жапсыру мен шығармашылық әрекетке қызығушылықты, шығармашылық қабілетті, қиялды дамыту. Жеке заттарды және бірдей заттарды қайталап салу және олардың қасына басқа заттарды бейнелеу арқылы сюжеттік композицияларды салу.<br>Қолдың ұсақ және ірі моторикасын дамытатын ойындар. (құрастыру)<br>Міндеттер. Құрылыс материалдарынан, «лего» |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | конструкторлардан құрастыру. | ойындар. (құрастыру)<br>Міндеттер. Құрылыс материалдарынан, «лего» конструкторлардан құрастыру. | ойындар. (құрастыру)<br>Міндеттер. Құрылыс материалдарынан, «лего» конструкторлардан құрастыру. | | конструкторлардан құрастыру. |
| **Балалардың үйге қайтуы** | «Ашық ой мен сұрақ-жауап күні» ата-аналармен жиналыс. | «Ата-аналар балалары ауырмау үшін не істеу керек» кеңес беру. | Ата-аналарға балалардың тазалықтарына назар аударуларын ескерту. | Балаларға арналған кеңестер: "Балабақша ережелері", "Достар арасында өзін қалай ұстау керек?" | Балалардың бүгінгі іс-әрекеттері туралы ата-аналармен әңгімелесу. |

**29.12 - 31.12.2025ж.**

| Апта күндері | *Дүйсенбі* | *Сейсенбі* | *Сәрсенбі* | *Бейсенбі* | *Жұма* |
|---|---|---|---|---|---|
| **Балаларды қабылдау** | Балаларды жақсы көңіл күймен қарсы алу және оларға қолайлы жағдай жасау. Баланың көңіл күйін, оның жеке пікірін, қызығушылығын анықтау. Білім тақырыбында әуенді қосып қарсы алу.<br><br>Жаңа жылдық әнмен қарсы алу. Жаңа жыл мерекесінің атмосферасын ұйымдастыру. (сөйлеуді дамыту, музыка) | Балаларды жақсы көңіл күймен қарсы алу және оларға қолайлы жағдай жасау. Баланың көңіл күйін, оның жеке пікірін, қызығушылығын анықтау. Білім тақырыбында әуенді қосып қарсы алу.<br><br>Жаңа жылдық әнмен қарсы алу. Жаңа жыл мерекесінің атмосферасын ұйымдастыру. (сөйлеуді дамыту, музыка) | Балаларды жақсы көңіл күймен қарсы алу және оларға қолайлы жағдай жасау. Баланың көңіл күйін, оның жеке пікірін, қызығушылығын анықтау.<br><br>«Күй күмбірі»<br>Күйді қосып, балаларды қарсы алу. (музыка) | | |
| **Ата-аналармен немесе баланың басқа заңды өкілдерімен әңгімелесу, кеңес беру** | «Отбасының денсаулық бағдарламасы». | Баяндама «Бала неге өтірік айтады?» | Кеңес «Тұмаудың алдын алу жолдары» | | |
| **Балалардың іс-әрекеті (ойын, танымдық, коммуникативтік, шығармашылық, эксперименталдық, еңбек, қимыл, бейнелеу,** | «Өнегелі тәрбие»<br>Еңбек тапсырмалары: "Ұйымдастырылған іс-әрекетке керек материалдар мен құрал-жабдықтарды дайындаймыз". (қоршаған әлеммен таныстыру, еңбек дағдылары)<br>Мақсат-міндеттері. Балаларды ұйымдастырылған іс-әрекетке керек материалдар мен құрал-жабдықтарды таратуға, тиянақты жинауға дағдыландыру; берілген | «Өнегелі тәрбие»<br>Еңбек тапсырмалары: "Біз орындықтарды орнына орналастырамыз". (қоршаған әлеммен таныстыру, еңбек дағдылары)<br>Мақсат-міндеттер: еңбек дағдыларын дамытуды жалғастыру; тапсырманы жылдам, мұқият орындау.<br><br>Үстел үсті ойыны "Лото". | Ұлттық сезім күні<br>«Өнегелі тәрбие»<br>Еңбек тапсырмалары: "Бөлме өсімдіктерін суару". (қоршаған әлеммен таныстыру, еңбек дағдылары)<br>Өсімдіктер, оларға күтім жасау (суару) туралы, өсімдіктердің өсуі үшін жер, топырақ, су, күн, жарық, ылғал, жылудың қажеттілігі туралы түсініктерді анықтау, дамыту; су құйғышпен суару | | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| **дербес және басқалары)** | тапсырмаға жауапкершілікпен карауды қалыптастыру: бастаған істі аяғына дейін жеткізе білу.<br><br>«Менің Қазақстаным» Қазақстан Республикасының Гимн орындауы. Мақсат-міндеттер. Балаларды патриоттық тәрбиені қалыптастырады.<br>(музыка)<br><br>"Мозаика", "Лото" үстел үсті ойындары. (математика негіздері, қоршаған әлеммен таныстыру, қазақ тілі)<br>Мақсат-міндеттер: қоршаған әлемдегі объектілер мен құбылыстар туралы, өсімдіктердің, жануарлардың, заттардың жіктелуі туралы, геометриялық пішіндер туралы білімді тиянақтау; заттарды атауда қазақ тіліне тән дыбыстарды нақтылы айтуға ынталандыру; ақыл-ой қабілеттерін, қолдың ұсақ моторикасын дамыту.<br><br>«Қимылды қайтала» саусақ жаттығуы.<br>Мақсат-міндеттер: қолдың, саусақтың қимылдарының үйлесімділігін дамыту.<br>Жаттығу барысы:<br>жүргізуші балаларға қарама-қарсы отырып, саусақтарымен кез-келген «фигураны» көрсетеді (кейбір саусақтар бүгулі, ал кейбіреуі түзу, әртүрлі қимылдар). Балалар сол қимылды тура солай қайталау керек.<br>(дене тәрбиесі) | Жалғасын тап.<br>(қоршаған әлеммен таныстыру, тіл дамыту және көркем әдебиет)<br>Мақсат-міндеттер: қолдың ұсақ моторикасын, зейінін, байқампыздықты дамытады.<br><br>Дидактикалық ойын.<br>«Сипаттамасы бойынша тап».<br>(математика негіздері, қоршаған әлеммен таныстыру, тіл дамыту және көркем әдебиет)<br>Ойынның мақсат-міндеттер: ұзын - қысқа, кең - тар, биік - аласа ұғымдарын бекіту.<br>Ойынның құрал-жабдықтары: ойыншық жануарлар мен құстар.<br>Ойынның мазмұны: балалар аю, түлкі, қасқыр, қоянның ойыншықтарын қарастырады. Әр ойыншықты анықтап атын атайды. Ойыншылардың біреуі бөлмеден шығып кетеді, басқа ойыншылар ойыншық туралы жұмбақ құрастырады. Жұмбақ құрастырғаннан кейін жұмбақты шешетін баланы шақырады.<br><br>«Үй құрылысының ретін көрсет».<br>Мақсат-міндеттер: түстерді ажыратуға жаттықтыру; ойлау қабілеттерін, қабылдау, ес, зейін үрдістерін дамыту.<br>Құрал-жабдықтары: баланың саны бойынша әртүрлі түсті жолақтар, пішіндер, үй суретінің үлгісі.<br>Мазмұны: балаларға үйдің суретінің үлгісін көрсету.<br>Балаларға әртүрлі жолақшаларды, пішіндерді таратып беру. Үлгіге қарап осы пішіндерден үйді құрастыруды ұсыну.<br>(құрастыру) | тәсілдерін бекіту; берілген тапсырмаға жауапкершілікпен қарауды қалыптастыру; еңбек дағдыларын дамыту; қамқорлыққа, тазалыққа тәрбиелеу.<br><br>Үстел үсті ойыны.<br>«Көңілді құрылыс».<br>(құрастыру, математика негіздері)<br>Мақсат-міндеттер: үлгі бойынша геометриялық фигуралардан композиция құруға үйрету. Геометриялық фигуралар, негізгі түстер туралы білімді кеңейту. Көрнекі қабылдауын, назарын, ойлау қабілетін дамыту.<br><br>Қауіпсіздік. "Кездейсоқ жағдайларда мен не істеймін?" жаттығуы<br>(қоршаған әлеммен таныстыру, тіл дамыту және көркем әдебиет)<br>Мақсат-міндеттері. кездейсоқ жағдайларда (адасып қалу, құлау) өзін дұрыс ұстауға үйрету; бейтаныс адамдармен қарым-қатынас жасау ережелерін бекіту.<br><br>"Боямақ беттеріндегі суреттерді бояу.<br>(сурет салу)<br>Мақсат-міндеттер. Сурет салуда әртүрлі түстерді қолдануға, көп түске назар аударуға деген ұмтылысты қолдау. Пішінін ескере отырып, бейне сұлбасын бояуға баулу. Сурет салуда еңкеймей, арқаны тік ұстап, дұрыс еркін отыруға, жұмыс орнын таза ұстауға, ұқыпты болуға, қауіпсіздікті сақтауға баулу. Шығармашылыққа тәрбиелеу. | | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| **Ертеңгілік жаттығу** | Жалпы дамыту жаттығулары (доппен)<br>(дене тәрбиесі, дербес әрекет)<br>1. Бастапқы қалып: дене тік, аяқ алшақ, доп төменде.<br>1- допты екі қолдарымен жоғары көтереді, допқа қарап тыныс алу; 2- допты төмен түсіріп, тыныс шығару; 3- допты жоғары көтереді; 4- бастапқы қалып. Жаттығу 8-10 рет қайталанады.<br>2. Бастапқы қалып: дене тік, аяқ алшақ, доп төменде.<br>1- оңға бұрылу, оң аяғының өкше тұсында жерге допты ұру және секірген допты ұстап алу; 2- бастапқы калыпқа келу; 3-4 - осы жаттығуды сол жаққа қайталау. Жаттығу 5-6 рет қайталанады.<br>3. Бастапқы қалып: дене тік, аяқ бірге, доп жерде.<br>1-4- допты табанмен алға-артқа жібермей, домалату; 3-4 - аяғын ауыстырып, жаттығуды қайталау. Жаттығу 5-6 рет қайталанады.<br>4. Бастапқы қалып: отыру, аяқты алшақ қойып, допты жоғары ұстау.<br>1-3- иірім жасап, алға иілу, допты 3 рет аяғына ұру; 4- бастапқы қалып. Жаттығу 3-4 рет қайталанады.<br>5. Бастапқы қалып: дене тік, аяқ бірге.<br>1- тез жерге отырып, тізені алшақ ұстау және допты лақтыру; 2- тез тұрып, допты ұтып алу. Жаттығу 8 рет қайталанады.<br>6. Бастапқы қалып: дене тік, аяқ бірге, допты бір қолымен ұстау, допты екі қолымен кезек-кезек жерге ұру. Жаттығуды 8 рет қайталау.<br>7. Бастапқы қалып: дене тік, аяқ бірге, қолымен допты ұстау. Тізені жоғары көтеріп, орнында | Жалпы дамыту жаттығулары (доппен)<br>(дене тәрбиесі, дербес әрекет)<br>1. Бастапқы қалып: дене тік, аяқ алшақ, доп төменде.<br>1- допты екі қолдарымен жоғары көтереді, допқа қарап тыныс алу; 2- допты төмен түсіріп, тыныс шығару; 3- допты жоғары көтереді; 4- бастапқы қалып. Жаттығу 8-10 рет қайталанады.<br>2. Бастапқы қалып: дене тік, аяқ алшақ, доп төменде.<br>1- оңға бұрылу, оң аяғының өкше тұсында жерге допты ұру және секірген допты ұстап алу; 2- бастапқы калыпқа келу; 3-4 - осы жаттығуды сол жаққа қайталау. Жаттығу 5-6 рет қайталанады.<br>3. Бастапқы қалып: дене тік, аяқ бірге, доп жерде.<br>1-4- допты табанмен алға-артқа жібермей, домалату; 3-4 - аяғын ауыстырып, жаттығуды қайталау. Жаттығу 5-6 рет қайталанады.<br>4. Бастапқы қалып: отыру, аяқты алшақ қойып, допты жоғары ұстау.<br>1-3- иірім жасап, алға иілу, допты 3 рет аяғына ұру; 4- бастапқы қалып. Жаттығу 3-4 рет қайталанады.<br>5. Бастапқы қалып: дене тік, аяқ бірге.<br>1- тез жерге отырып, тізені алшақ ұстау және допты лақтыру; 2- тез тұрып, допты ұтып алу. Жаттығу 8 рет қайталанады.<br>6. Бастапқы қалып: дене тік, аяқ бірге, допты бір қолымен ұстау, допты екі қолымен кезек-кезек жерге ұру. Жаттығуды 8 рет қайталау.<br>7. Бастапқы қалып: дене тік, аяқ бірге, қолымен допты ұстау. | Жалпы дамыту жаттығулары (доппен)<br>(дене тәрбиесі, дербес әрекет)<br>1. Бастапқы қалып: дене тік, аяқ алшақ, доп төменде.<br>1- допты екі қолдарымен жоғары көтереді, допқа қарап тыныс алу; 2- допты төмен түсіріп, тыныс шығару; 3- допты жоғары көтереді; 4- бастапқы қалып. Жаттығу 8-10 рет қайталанады.<br>2. Бастапқы қалып: дене тік, аяқ алшақ, доп төменде.<br>1- оңға бұрылу, оң аяғының өкше тұсында жерге допты ұру және секірген допты ұстап алу; 2- бастапқы калыпқа келу; 3-4 - осы жаттығуды сол жаққа қайталау. Жаттығу 5-6 рет қайталанады.<br>3. Бастапқы қалып: дене тік, аяқ бірге, доп жерде.<br>1-4- допты табанмен алға-артқа жібермей, домалату; 3-4 - аяғын ауыстырып, жаттығуды қайталау. Жаттығу 5-6 рет қайталанады.<br>4. Бастапқы қалып: отыру, аяқты алшақ қойып, допты жоғары ұстау.<br>1-3- иірім жасап, алға иілу, допты 3 рет аяғына ұру; 4- бастапқы қалып. Жаттығу 3-4 рет қайталанады.<br>5. Бастапқы қалып: дене тік, аяқ бірге.<br>1- тез жерге отырып, тізені алшақ ұстау және допты лақтыру; 2- тез тұрып, допты ұтып алу. Жаттығу 8 рет қайталанады.<br>6. Бастапқы қалып: дене тік, аяқ бірге, допты бір қолымен ұстау, допты екі қолымен кезек-кезек жерге ұру. Жаттығуды 8 рет қайталау.<br>7. Бастапқы қалып: дене тік, аяқ бірге, қолымен допты ұстау. Тізені жоғары көтеріп, орнында | | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | тұрып, секіру. Жаттығу 4 рет қайталанады. | Тізені жоғары көтеріп, орнында тұрып, секіру. Жаттығу 4 рет қайталанады. | тұрып, секіру. Жаттығу 4 рет қайталанады. | | |
| **Таңғы ас** | Гигиеналық дағдылар<br>(мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет, тіл дамыту және көркем әдебиет)<br>Мақсат-міндеттері.<br>Тамақтанар алдында, дәретханаға барғаннан кейін, ластанған кезде қолды өз бетінше сабынмен жууға үйрету. Тарақты, қол орамалды пайдалана білуді бекіту.<br>Тамақтану әдебін сақтау. Тамақты асықпай шайнау, асхана құралдарын (қасық, шанышқы), майлықты дұрыс қолдану, тамақтанып болғаннан кейін ауызды шаю.<br>Балаларға ауызды жауып жеуді, асты дыбыссыз шайнауды, асты төкпей-шашпай жеуді үйретуді жалғастыру.<br>Балалардың түрлі әрекеттерінде өлеңдерді тыңдауға, көркем сөзге қызығушылыққа баулу.<br>Мәдени-гигиеналық дағдыларын жетілдіру.<br>Көркем сөз<br>Нан – ардақты адал ас,<br>Кәрі, жас одан аттамас.<br>Ақ дастархан үстінде,<br>Қол жумай оны ұстамас. | | | | |
| **Ұйымдастырылған іс-әрекетті өткізуге дайындық** | «Менің Қазақстаным» - Қазақстан Республикасының әнұранын орындау.<br>Балалар кітапханасы: қысқы ойындар, ата-аналармен бірге қысқы ойындарға қатысу жайында фотосуреттерді қарастыру; қыс туралы өлеңдер мен әңгімелерді оқу. | | | | |
| | Қыс ерекшеліктері туралы әңгімелесу.<br>(қоршаған әлеммен таныстыру, тіл дамыту және көркем әдебиет, қазақ тілі)<br>Мақсат-міндеттері. Диалогтік сөйлеуді жетілдіру: әңгімеге қатысуға баулу, диалогке қатысушы үшін түсінікті сұрақтар қоюға және қойылған сұрақтарға дұрыс, толық жауап беруге баулу.<br>Абдрахман Асылбеков «Қыс»<br>Қандай суық қыс деген,<br>Қалтырайды құс деген.<br>Құлақшынды кимесең,<br>Құлағыңды тістеген.<br><br>Қандай қызық қыс деген,<br>Бәрін шебер істеген.<br>Бақша-бауды, тауды да<br>Бояған ақ түспенен. | Дамытушылық ойын. "Не істейтінімізді айтпаймыз, не істейтінімізді көрсетеміз".<br>(дене тәрбиесі, әлеуметтік-эмоционалды дағдыларды қалыптастыру)<br>Мақсат-міндеттер. Балаларды адамгершілікке, өзара көмек беруге, әрекет еткен баланың әрекеттерін қолдауға, бірге, келісіп ойнауға, құрдастарымен эмоциялармен бөлісуге, қарапайымдылыққа, мейірімділікке және әділдікке, ересектерге құрмет көрсетуге, кішілерге көмектесуге тәрбиелеу; үйлесімді қимылдарды жасауға ынталандыру; ой-өрістерін, қиялдарын, логикалық ойлауларын, тапқырлық қабілеттерін дамыту.<br>1 Нұсқа. Педагог жұмбақты ым- | Қыс қызығы суретіне қарап, әңгіме, мәтін құрау.<br>(қоршаған әлеммен таныстыру, тіл дамыту және көркем әдебиет, қазақ тілі)<br>Мақсат-міндеттері. Балаларды әңгіме айтуға үйрету: суретті өз бетінше қарап, сипаттауға, әңгімелер құрастыруға баулу.<br>"Күміс қар" (Әли Ысқабаев)<br>Қырларды жапты күміс қар,<br>Далада жаңа тыныс бар.<br>Бұталар жалт-жұлт етеді<br>Кәдімгі бейне хрусталь. | | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | ишарамен көрсетеді, балалар затты, жан-жануарды, құбылысты көрсетеді.<br>2 Нұсқа. Белсенді балалар ортаға шығып, қимылдарды кезектесіп көрсетеді.<br>3 Нұсқа. Шеңберде отырған (тұрған) әр бала, қимылды кезек-кезек көрсетеді. Балалар ойланып, жұмбақты шешуді тырысады. | | | |
| **Кестеге сәйкес ҰІӘ** | Дене тәрбиесі<br>"Қысқы эстафеталар".<br>Мақсат-міндеттер: балаларды бір орында тұрып екі аяқпен секіруге үйрету. | Қазақ тілі<br>"Әңгімені мәнерлеп оқу "Біз қармен қалай ойнадық". Биік - аласа. Тар - жіңішке.".<br>Мақсат-міндеттер. Балаларды «Біз қармен қалай ойнадық» әңгімесімен таныстыру; әңгіме жанры туралы түсінік беру; қысқы өзгерістер туралы білімдерін кеңейту, қысқы қызықтар жайлы түсініктерін қалыптастыру; «биік - аласа», «тар - кең» шамалары туралы түсініктерін бекіту, сөйлеу барысында қолдануға жаттықтыру; көргенімен естігенін сәйкестендіре білу біліктілігін, еске сақтау, қиял, көру зейінін, жағымды эмоцияларын дамыту. Зейінділікке, ұйымшылдыққа тәрбиелеу; қысқы ойындарға қызығушылықтарын арттыру.<br><br>Музыка<br>"Шырша жыры". (Бекіту)<br>Мақсат-міндеттері. Балалардың шырша туралы мәнерлеп ән айтуға үйретуді жалғастыру. Әуеннің көңілді сипатын қабылдауға үйрету, музыканың кіріспесін ажырату, кіріспеден кейін қимылдарды бастау, | Дене тәрбиесі<br>"Жыланша жорғалау".<br>Мақсат-міндеттер: бір жағы 20-30 см биік еңкіс тақтайдың үстімен қолдарын жанына жіберіп, жүруге үйрету. | | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | музыканың сипатына сәйкес қимылдарды ауыстыруды жетілдіру. | | | |
| | Зерттеу іс әрекеті. «Ұлпа қар». (қоршаған әлеммен таныстыру) Мақсат-міндеттер. Ауа райының ерекшеліктері туралы біледі. Алғашқы түскен қарларға бақылау жүргізеді.<br><br>Қимылды ойын. «Аңшы мен қояндар» (дене тәрбиесі) Мақсат-міндеттер: Қос аяқпен секіруге және оң қолмен сол қолды кезектеп допты лақтыра білуге үйрету. Кеңестікті бағдарлай білу дығдысын қалыптастырады. | Сөздік ойын. «Сиқырлы қалта» (қазақ тілі, тіл дамыту және көркем әдебиет) Мақсат-міндеттер. Диалогтік сөйлеуде сөздерді дұрыс, анық айтуға, сұраулы сөйлемдерді дауыс интонациясын сақтап, дұрыс айтуға жаттықтыру. | Вариатив. Құрастыру "Қыс қызығы". Мақсат-міндеттер: балаларға қардан құрылыс немесе қамалдар жасауға үйрету: қойылған мақсатқа жетуге, ұжымдық жұмысты эстетикалық түрде жасауға үйрету; өз әрекетін жоспарлай білу дағдысын дұрыс дамыту.<br><br>(сюжетті ойындар, үстел үсті ойындар, театр қойылымдары, басқатырғыш, логикалық ойындар, қыс қызығына байланысты суреттер бояу)<br>Көркем сөзді мәнерлеп оқу жаттығуы.<br>(қоршаған әлеммен таныстыру, тіл дамыту және көркем әдебиет)<br>Мақсат-міндеттер: балалардың достық туралы ұғымдарын тиянақтау; көркемсөзге деген қызығушылықтарын арттыру; мәнерлеп оқуға ынтасын жетілдіру<br>Д. Бұланбаева, "Достық деген не?"<br>Педагог асықпай, өлеңді мәнерлеп оқиды.<br>Топ ішінде бірге ойнаған,<br>Достарыммен біргемін.<br>Бөлісіп бар ойыншықпен,<br>Жан сырын да білгенмін.<br><br>Достарменен бірге жүрсең,<br>Жақсы әуен тынбасын.<br>Қара бұлтта сейіледі,<br>Дос жүрегін тыңдасаң.<br><br>Достарменен қол ұстассаң,<br>Ешқашан қор болмайсың.<br>Ұқсағың кеп жан досыңа, | | |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | | | "Кең мұнара" салғайсың. | | | |
| **2-ші таңғы ас** | Тағамның атауын есте сақтауға, тазалыққа бейімдеу. "Тәбетіміз ашылды, ас болсын!" (мәдени-гигиеналық дағдылар) | | | | | |
| **Серуенге дайындық** | (мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет, қоршаған әлеммен таныстыру)<br>«Экологиялық тәрбие». Бақылау күнтізбесінде ауа райын белгілеу (суық, жылы, күн шуақты, қар, жаңбыр жауды, жел соқты), соған сәйкес киіну туралы анықтау.<br>Өзіне-өзі қызмет көрсету дағдыларын: өз бетінше киіну мен шешінуді, киімдерді жинауды, ілуді, ересектің көмегімен оларды тазалау, құрғатуды жетілдіру; барлық түймелерін түймелеуді, ілмекті салуды, бір-біріне көмектесуді үйрету; өз киімдерін тануды, атауды, күтуді бекіту.<br>«Қауіпсіздік». Қауіпсіздік жайында ескертулер: Өз өмірінің қауіпсіздігінің қарапайым дағдыларын меңгеру (электр құралдарынан сақ болу, сіріңкемен ойнамау, терезенің алдына шықпау, баспалдаққа көтерілгенде және түскенде таяныштан ұстау); қоршаған ортада, табиғатта қарапайым тәртіп ережелерін білу (қоқыс тастамау, өздігінен от жақпау). | | | | | |
| **Серуен** | Мұзды бақылау.<br>(қоршаған әлеммен таныстыру, тіл дамыту және көркем әдебиет)<br>Мақсат-міндеттері. Табиғат құбылыстары туралы ұғымдарын (қар) кеңейту. Қарапайым себеп-салдарлық байланыстарды бақылау және анықтау. Сөз өнеріне баулу. Зияткерлікке тәрбиелеу.<br>Сейіл Боранбаев "Көкше мұз"<br>Көл бетінде көкше мұз,<br>Көкше мұзда қызық көп.<br>Сырғанаймыз кеште біз,<br>Айқыш-ұйқыш сызып кеп.<br>Жұмбақ.<br>Отқа жанбайды,<br>Суға батпайды. (Мұз)<br>Бақылау: ауа температурасының күрт өзгеруіне байланысты судың қатты күйге айналуын анықтау, балаларға не себепті ауа температурасы өзгергенде судың қататындығын түсіндіру. Мұз бұл – қатты су құрамы екендігін түсіндіру; мұз медицинада тағамды салқын қалпында сақтап тұруға қолданылады. Мұз құрамы - тұнық, суық, қатты екендігін атау.<br><br>Ұлттық ойын - ұлт қазынасы».<br>Қазақтың ұлттық қозғалмалы ойыны «Ақ сандық, көк сандық». | «Экологиялық тәрбие». Теректі бақылау.<br>(қоршаған әлеммен таныстыру, тіл дамыту және көркем әдебиет)<br>Мақсат-міндеттері.<br>Өсімдіктердің жіктелуі туралы түсініктерді кеңейту: бұталар және ағаштар (бақша, орман).<br>Өсімдіктердің тірі тіршілік иелері екендігін, олардың өсуі үшін жарықтың, жылудың қажеттілігін анықтау.<br>Қазақстанның түрлі аймақтарында ауа райының түрліше болуы туралы түсінік беру.<br>Көк терек-ау, көк терек,<br>Суықта жаның – шүберек.<br>Қалайша өңің кеткен?<br>Жапырақтарың түскен.<br>Жалаңаш тұрсың, бозарып,<br>Ұшқан желге ұзарып.<br>Ызғарлыға тоңбайсың ба?<br>Жалғыздықтан тозбайсың ба? (Д. Ахметова)<br><br>«Өнегелі тәрбие».<br>Ересек адамдармен бірге орындалатын қарапайым еңбек тапсырмалары: қарды жинау.<br>(қоршаған әлеммен таныстыру, еңбек дағдылары)<br>Шамасы келетін жұмысты | «Қауіпсіздік». Қар тазалайтын машинаны бақылау.<br>(қоршаған әлеммен таныстыру, тіл дамыту және көркем әдебиет)<br>Мақсат-міндеттері.<br>Жұмбақ.<br>Ол бензинді сүтше ішеді,<br>Тез арада сыпыра алады,<br>Қарды жолдан тазартып,<br>Жолдарға топырақ себеді. (Қар тазалаушы көлік)<br>Мақал-мәтелдер.<br>Еңбек түбі –береке.<br>Көптің түбі –мереке.<br>Бақылау: адамдардың еңбегін жеңілдету үшін түрлі техниканы қолданады; адамдарға оның тиімді екенін көрсету. Қар жауғаннан кейін қардың көп болатынына назар аудару. Қолмен қарды тазалау өте қиын және көп уақыт кетеді. Сол себепті адамдар қар тазалайтын машина ойлап тапты, олар жұмысты тез істейді, машиналар да қарды тиеуге үлгермей кешігіп келіп жатады. Қарды машинамен қала шетіндегі арнайы орынға апарады. Ол көктемде еріп, өсімдіктің өсуіне ылғалы көп болады.<br><br>«Өнегелі тәрбие». Еңбек әс-әркеті. Түрлі түсті мұз айдынын жасау. | | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | (дене тәрбиесі)<br>Мақсат-міндеттер. Балалардың қимылды ойындарға қызығушылықтарын дамыту; физикалық қасиеттерді (шапшаңдық, күш, шыдамдылық, икемділік, ептілікті) дамыту; ойын ережелерін бұзбай, саналы түрде сақтауға, ойнай білуге баулу; ойын жүргізушіні мұқият тыңдай білуге, достыққа тәрбиелеу.<br>Екі бала бір-біріне арқаларын беріп, қол ұстасып отыру керек.<br>Жүргізуші былай жариялайды:<br>- Ертең ауылым көшеді,<br>Уық-буын шешеді.<br>Қара қойым қашады,<br>Құмалағын шашады.<br>Ақ сандық, көк сандық,<br>Арқан тарт, кілем арт!<br>Балалар "арт" сөзін естісе, бұны белгі деп түсініп, қол ұстасып, тез тұруы керек. Қайсысы қарсыны арқалап кетсе, сол шарт қояды. Қарсыласы айтылған үй жануарының (құсының) дыбыстағанын келтіреді.<br><br>«Кім белгіден асырады?» қимылды жаттығуы.<br>(дене тәрбиесі)<br>Мақсат-міндеттері. Заттарды (құм салынған қапшықтарды немесе қарды) қашықтыққа лақтыру (3,5–6,5 метрден кем емес); шапшаңдыққа, дәлдікке, жігерлікке баулу.<br><br>«Өнегелі тәрбие». Еңбек. Табиғат бұрышында құсты тамақтандыру<br>Табиғат бұрышында құсты өз беттерінше тамақтандыруға үйрету (тамақтандыру, суларын ауыстыру). Табиғат аясындағы құстарды аялай білуге тәрбиелеу. | орындау кезінде балалардың бастамасын қолдау. Еңбек жасауда қауіпсіздікті сақтауды қадағалау.<br><br>«Ұлттық ойын - ұлт қазынасы». «Қара сиыр» ұлттық қимыл-қозғалыс ойын.<br>(дене тәрбиесі)<br>Мақсат-міндеттер. Таныс ойындарды ұйымдастыруда бастамашылдық, дербестік танытуға баулу. Ойындарда физикалық қасиеттерді (жылдамдық, икемділік, ептілік) дамыту. Қимылды ойындарда жетекші рөлді орындауға үйрету, ойын ережелерін саналы түрде сақтауға баулу. Кеңістікті бағдарлай білуге, шапшаңдыққа, тапқырлыққа баулу, достыққа тәрбиелеу.<br><br>"Тым-тырақай" ойыны.<br>(дене тәрбиесі)<br>Мақсат-міндеттері. Балаларды ойын шартына сай ойнай білуге баулу; шапшаңдыққа, зеректікке, кеңістікті бағдарлау, жылдам жүгіре білу қабілеттерін дамыту.<br><br>«Ордан секіріп өт» ойын-жаттығуы.<br>(дене тәрбиесі)<br>Мақсат-міндеттері. 2–3 метр қашықтыққа алға ұмтылып қос аяқпен секіру техникасын жетілдіру; физикалық қасиеттерді (күш, шыдамдылық, икемділік, ептілік) дамыту.<br><br>Спорттық жаттығулар.<br>(дене тәрбиесі)<br>Шанамен сырғанау: бір-бірін сырғанату. | (еңбек дағдылары)<br>Судың қасиетін бекіту: ыдысқа су құйып бояу араластырып аязға қатыру; берілген тапсырманы өздері орындау (суды керек түске бояу, пішінін келтіру); бастаған істі соңына дейін жеткізу (жұмыс орнын жинау, столды сүртіп, жинау, ретке келтіру және т.б.).<br><br>«Ұлттық ойын - ұлт қазынасы». Қимылды ойын. «Қыз қуу» қазақ халқының ұлттық ойыны.<br>(дене тәрбиесі)<br>Мақсат-міндеттері. Таныс ойындарды ұйымдастыруда бастамашылдық, дербестік танытуға баулу. Ойындарда физикалық қасиеттерді (жылдамдық, шыдамдылық, икемділік, ептілік) дамыту. Қимылды ойындарда жетекші рөлді орындауға үйрету, ойын ережелерін саналы түрде сақтауға баулу.<br>Алаңда дұрыс қозғала білуді, бір-бірлеріне кедергі жасамауды, дабылға жылдам назар аудара білуді жетілдіру.<br><br>«Тепе-теңдікті сақтап жүрейік» қимылды жаттығуы.<br>(дене тәрбиесі)<br>Мақсат-міндеттері. Тепе-теңдікті сақтау: қолды екі жаққа созып, сызықтардар бойымен және заттардан аттап өту техникаларын жетілдіру; қимылдарды үлестіруді үйрету.<br><br>Қимылды ойын «Шаңғы жарысы».<br>(дене тәрбиесі)<br>Дыбыс белгісіне көңіл бөлу (шанада отырып, аяқпен итеру; үстінде отырып, қолмен итеру). | | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | (еңбек дағдылары)<br><br>Спорттық жаттығулар.<br>(дене тәрбиесі)<br>Шанамен сырғанау: бір-бірін сырғанату.<br><br>Өз бетімен ойындар: ойын барысында бір-бірімен араласа білуге, өз ойларын айта білуге, достарының ойымен келісіп, тату ойнау дағдыларын қалыптастыру. | | Дене тәрбиесі әрекетінде алған білімдерін іс жүзінде қолданып, жарыстарға қатысуға ынталандыру.<br><br>Өз бетімен ойындар: таңдалған тақырыпқа сай ойын барысында ойыншықтарды айырбастап, ойын көмегімен құрастырып, түрлілігін анықтай білуге үйрету. | | |
| **Серуеннен оралу** | Гигиеналық дағдылар<br>(мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет, тіл дамыту және көркем әдебиет)<br>Мақсат-міндеттері.<br>«Өнегелі тәрбие». Өзіне-өзі қызмет көрсету дағдыларын қалыптастыру: Балаларды киімдерін жүйелі түрде шешу, шкаф сөрелеріне киімдерін, кептіретін жерге қолғаптарын, аяқ-киімдерін орналастыру, қолдарын жуу.<br>Тамақтанар алдында, дәретханаға барғаннан кейін, ластанған кезде қолды өз бетінше сабынмен жууға үйрету. Тарақты, қол орамалды пайдалана білуді бекіту.<br>Балаларды ұқыптылыққа, тазалыққа, өзінің сыртқы келбетін қадағалауды әдетке айналдыруға баулу.<br>Балалардың түрлі әрекеттерінде көркем сөзге қызығушылыққа баулу. | | | | |
| **Түскі ас** | Гигиеналық дағдылар<br>(мәдени-гигиеналық дағдылар, сауықтыру-шынықтыру шаралары)<br>Тамақтану әдебін сақтау. Тамақты асықпай шайнау, асхана құралдарын (қасық, шанышқы), майлықты дұрыс қолдану, тамақтанып болғаннан кейін ауызды шаю. Ас ішу мәдениетімен таныстырып отыру. Қасық, шанышқыны дұрыс пайдалануды үйрету. Ас ішкенде сөйлемеу.<br>«Үнемді пайдалану». «Суды, тамақты, энергияны үнемді тұтыну» - табиғи ресурстарға ұқыпты қарауды қалыптастыру. Берілген асты құрметтеп, тауысып жеудің маңызды екенін түсіндіру. Астан соң беті-қолды жуу, тамақты шаю.<br>Көркем сөз<br>Нан – ардақты адал ас,<br>Кәрі, жас одан аттамас.<br>Ақ дастархан үстінде,<br>Қол жумай оны ұстамас. | | | | |
| **Күндізгі ұйқы** | Киімдерін ұқыпты орындыққа іліп (немесе арнайы сөреге) қоюды үйренеді.<br>(қоршаған әлеммен таныстыру, тіл дамыту және көркем әдебиет)<br>«Дос іздеген бота» ертегісін оқып беріп, балаларды ұйықтату.<br>Балалардың түрлі әрекеттерінде ертегілерді тыңдауға, көркем сөзге, кітапқа қызығушылыққа баулу. | Киімдерін ұқыпты орындыққа іліп (немесе арнайы сөреге) қоюды үйретуді жалғастыру.<br>(тіл дамыту және көркем әдебиет)<br>«Өнер» ертегісін тыңдату.<br>(BilimKids медиа бөліміндегі ертегісі) | Киімдерін ұқыпты орындыққа іліп (немесе арнайы сөреге) қоюды үйренеді.<br>Аудио тыңдау. Ж.Байырбекваның «Бесік жыры» әні<br>(музыка) | | |
| **Ұйқыдан** | Сауықтыру-шынықтыру шаралары. | | | | |

<table>
<tr><td>біртіндеп ояту, сауықтыру шаралары</td><td colspan="5">(дене тәрбиесі, дербес әрекет, қоршаған әлеммен таныстыру, еңбек дағдылары)<br>Мақсат-міндеттері. Балаларды ақырын (сипап, көркемсөз, музыканы қосу арқылы) ояту.<br>Төсектегі жаттығулар. Ұйқыдан тұрғанда , бірден төсектен тұруға болмайды. Біртіндеп тұру қажет.<br>1. Балалар төсекте, арқаға жатып, қолын жанына созу, демдерін еркін шығару.<br>2. Балалар төсекте, арқаға жатып қолды екі жаққа созу, жұдырықтарын жұму, қолдарын алға созып айқастыру, демалу.<br>3. Балалар төсекте, арқаға жатып қолдарын бастарына қойып кезекпен сол аяқтарын, он аяқтарын көтеру, екеуін бірге ұстап, жайлап түсіру.<br>4. Балалар төсекте, арқаға жатып, қолдарын жанында ұстап, аяқтарын көтеріп велосипед тебу.<br>Төсектен тұрғызу.<br>Жалпақтабандылықтың алдын-алу үшін "денсаулық" (қабырғалы) жолдармен жалаң аяқ жүру, аяқтарды уқалау, аяқтың бұлшықеттерін, денсаулықты нығайту, денені тік ұстауға тәрбиелеу; тыныс алу жолдарын шынықтыру.<br>Балаларды ұқыптылыққа, тазалыққа, өзінің сыртқы келбетін қадағалауды әдетке айналдыруға баулу. Дәретханаға барғаннан кейін, ластанған кезде қолды өз бетінше сабынмен жууға, тісін тазалауға үйрету. Тарақты, қол орамалды пайдалана білуді бекіту.<br>«Өнегелі тәрбие». Еңбек әрекеті: "Төсектерді төсеуде (жинауға) күтушіге көмек көрсету".<br>Мақсат-міндеттері. Балаларды өз төсек-орындарын ажыратуға үйрету; шамасы келетін жұмысты орындау кезінде балалардың бастамасын қолдау, ересектерге қол жетімді көмек көрсетуге, ұқыптылыққа тәрбиелеу.</td></tr>
<tr><td>Бесін ас</td><td colspan="5">Таза және ұқыпты тамақтану. Тамақтану мәдениетін қалыптастыру. Асты тауысып жеуге үйрету. (мәдени-гигиеналық дағдылар)</td></tr>
<tr><td>Балалардың дербес іс-әрекеті (қимылдық, ұлттық, сюжетті-рөлдік, үстел үсті-баспа және басқа ойындар), бейнелеу іс-әрекеті, кітап қарау және басқалары)</td><td>Дидактикалық ойын.<br>«Артығын тап».<br>(тіл дамыту және көркем әдебиет)<br>Әрбір балаға карточкалар ұсынады. Карточкадағы суреттен артық суретті тауып, мағынасын түсіндіруін ұсынады.<br>Карточкада не бейнеленгенін атап, артығын қарандашпен сызады.<br>Мысалы, мұнда қар артық. Қар қыста ғана болады.<br><br>Сюжетті-рөлдік ойын.<br>"Киімдер" дүкені.<br>(қоршаған әлеммен таныстыру, тіл дамыту және көркем әдебиет, қазақ тілі)<br>Мақсат-міндеттері. Балалардың "Киімдер" дүкені, киім сатушының жұмысы ерекшелігі жөніндегі ұғымдарын тиянақтау; сатушы мен сатып алушы рөлдеріндегі әрекеттерді игерту; жағымды қарым-қатынастарға, қоғамдық тәртіп ережелеріне тәрбиелеу.<br>Құралдар: сөрелер, қораптар, ілмектер, киім үлгілері (көрнекілік қуыршаққа арнайы тігілген);</td><td>Дидактикалық ойын: "Біреу және көп".<br>(математика негіздері)<br>Мақсат-міндеттер. Жиын сапасы бойынша әртүрлі заттардан тұратындығы туралы түсініктерін жетілдіру.<br>Ойын шарты. Педагог балаларға суреттер таратады. Балалар суреттердің арасынан бір және көп заттар бейнеленген суреттерді табады. Педагог балалардың жұмыстарына талдау жүргізеді.<br><br>Сюжетті-рөлдік ойын.<br>"Супермаркет".<br>(қоршаған әлеммен таныстыру, қазақ тілі, тіл дамыту және көркем әдебиет, основы математики)<br>Мақсат-міндеттері. Балаларға "Супермаркеттің" қызметі жайында түсіндіру; супермаркетте түрлі тауарлар сатылатыны туралы мәлімет беру; сатушы мен сатып алушы рөлдеріндегі әрекеттерді игерту;</td><td>«Ұшады, ұшпайды, өседі, өспейді» театрландырылған ойын.<br>(дене тәрбиесі)<br>Мақсат-міндеттер: балалардың танымдық қабілетін дамыту.<br>Барысы: педагог затты атайды, егер ол ұшса, балалар қолдарымен қанат қаққандай қимылдарды жасайды; егер ол ұшпаса, олар қолдарын тізеге қояды. Егер ол өссе, олар қолдарын жоғары көтереді, егер өспесе, олар қолмен жабады.<br><br>Сюжетті-рөлдік ойын.<br>"Үй құрылысы".<br>(қоршаған әлеммен таныстыру, тіл дамыту және көркем әдебиет, құрастыру)<br>Мақсат-міндеттер. Балалардың үй құрылысына қатысатын мамандар жөнінде білімдерін кеңейту, тиянақтау; нәтижелі қарым-қатынастарға, жауапкершілікке, еңбекқорлыққа тәрбиелеу.<br>Құралдар.<br>Құрылыс материалдары, қағаз беттері, қара қарындаштар,</td><td></td><td></td></tr>
</table>

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | ойыншық смартфондар, төлем карточкалары, сөмкелер, қаражат қағаздары; қуыршақтар.<br>Ойынның соңында қорытынды жасауға болады: тауарларды жақсы күтсе, олардың сапасы сақталады, жылдам сатылады; дүкендерде сатушы мен сатып алушы сыпайы сөздерді қолданып, әдептілік ережелерін ұстанулары тиіс; сатушының еңбегін құрметтеу керек; сатып алушының таңдауын құрметтеу керек.<br><br>«Ұлттық ойын - ұлт қазынасы»<br>Қазақ халқының ұлттық ойындары.<br>«Итеріспек» ойыны.<br>(дене тәрбиесі)<br>Мақсат-міндеттер. Таныс ойындарды ұйымдастыруда бастамашылдық, дербестік танытуға баулу. Ойындарда физикалық қасиеттерді (жылдамдық, күш, шыдамдылық, икемділік, ептілік) дамыту.<br>Ойын ережелерін саналы түрде сақтауға баулу. | жағымды қарым-қатынастарға, қоғамдық тәртіп ережелеріне тәрбиелеу.<br>Құралдар: сөрелер, қораптар, ілмектер, киім, аяқкиім үлгілері, ыдыс-аяқтар, жиһаздар, азықтар, ойыншықтар; ойыншық смартфондар, төлем карточкалары, сөмкелер, тауарларға арбалар, қаражат қағаздары; есептеу машинасының макеттері.<br><br>«Әділеттілік - адамгершілік».<br>"Дұрыс па, бұрыс па?" жаттығуы.<br>(қоршаған әлеммен таныстыру, тіл дамыту және көркем әдебиет, музыка)<br>Мақсат-міндеттері. Балаларды адамгершілікке, өзара көмек беруге, жанашырлық танытуға, әділдігіне көз жеткізіп себебін анықтауға, әділ әрекетті қолдауға, әділетсіз әрекетті мойындауға (кешірім сұрауға), әділ пікірін білдіруге баулу, әділдікке тәрбиелеу.<br>Балалардың өміріндегі (жақында болған) немесе көркем шығармада болған оқиғаны талқылау; әділетті шешімге келу жаттығуы.<br>Оқиға бойынша әділ шешім қабылдау үшін жағдайды балалар өздері таңдайды немесе педагог ұсынады.<br>Әділетті шешім үшін балаларға таныс көркем шығармадан мысал келтіру (немесе жаңаны оқып беру), әйгілі мақал-мәтелді қолдану, әйгілі әнді бірігіп айтуды ұсыну. | сызбалар, ойыншық жүк машиналары, құрылысқа қажет ойыншық құралдар (балға, бұрағыш, тістеуік, тағы басқалар).<br><br>«Ұлттық ойын - ұлт қазынасы».<br>"Бес тас" қимылды ойыны.<br>(дене тәрбиесі)<br>Мақсат-міндеттері. Балалардың қазақ ұлттық қимылды ойындарға қызығушылықтарын дамыту; физикалық қасиеттерді, қолдың ұсақ моторикасын дамыту; шапшаңдыққа, зеректікке, шыдамдылыққа тәрбиелеу. | | |
| **Балалармен жеке жұмыс** | Көркем сөзді мәнерлеп оқу жаттығуы. | Қыс мезгілінің ерекшеліктері туралы әңгімелесу. | «Табиғат жайлы әңгімелесу».<br>(қоршаған әлеммен таныстыру) | | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | (тіл дамыту және көркем әдебиет)<br>Мақсат-міндеттері. Балалардың өлеңдерді тыңдауға, көркем сөзге, кітапқа қызығушылыққа баулу. Тыңдалған шығарманың мазмұнын қайталап айтуға, қысқа өлеңдерді айтуға, шығарма мазмұны мен сипатына сәйкес тақпақтарды, оларды есте сақтауға баулу.<br>"Қар".<br>Жауды міне, қар аппақ,<br>Айналаның бәрі аппақ.<br>Жасырыпты жолдарды:<br>Тегістепті орларды.<br><br>Үстін жауып көлдердің,<br>Бетін бүркеп белдердің.<br>Жастық етіп тауды асқақ<br>Жаңтайыпты жамбастап.<br>Жаңтайыпты жамбастап.<br>(Тілеген Шопаев) | (қоршаған әлеммен таныстыру, тіл дамыту және көркем әдебиет, қазақ тілі)<br>Мақсат-міндеттері. Диалогтік сөйлеуді жетілдіру: әңгімеге қатысуға баулу, диалогке қатысушы үшін түсінікті сұрақтар қоюға және қойылған сұрақтарға дұрыс, толық жауап беруге баулу.<br>Абдрахман Асылбеков «Қыс»<br>Қандай суық қыс деген,<br>Қалтырайды құс деген.<br>Құлақшынды кимесең,<br>Құлағыңды тістеген.<br><br>Қандай қызық қыс деген,<br>Бәрін шебер істеген.<br>Бақша-бауды, тауды да<br>Бояған ақ түспенен. | Мақсат-міндеттері. Балаларды әңгіме айтуға үйрету: суретті өз бетінше қарап, сипаттауға, әңгімелер құрастыруға баулу. Түсінікті сұрақтар қоюға және қойылған сұрақтарға дұрыс, толық жауап беруге баулу. Балалардың дүниетанымын, тіл байлығын дамыту.<br>- Табиғат дегеніміз не?<br>Табиғат – жер, тау, ағаш, су, орман, өсімдіктерден және жан-жануарлардан тұратын қоршаған орта. | | |
| **Серуенге дайындық** | (мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет, қоршаған әлеммен таныстыру)<br>«Өнегелі тәрбие». Өзіне-өзі қызмет көрсету дағдыларын қалыптастыру: ауа райына сәйкес киіну; өз бетінше киіну мен шешінуді, киімдерді жинауды, ілуді, ересектің көмегімен оларды тазалау, құрғатуды жетілдіру; барлық түймелерін түймелеуді, ілмекті салуды, бір-біріне көмектесуді үйрету; өз киімдерін тануды, атауды, күтуді бекіту.<br>«Қауіпсіздік». Қауіпсіздік жайында ескертулер: Өз өмірінің қауіпсіздігінің қарапайым дағдыларын меңгеру (электр құралдарынан сақ болу, сіріңкемен ойнамау, терезенің алдына шықпау, баспалдаққа көтерілгенде және түскенде таяныштан ұстау); қоршаған ортада, табиғатта қарапайым тәртіп ережелерін білу (қоқыс тастамау, өздігінен от жақпау). | | | | |
| **Серуен** | Күннің ұзақтығын байқау.<br>(қоршаған әлеммен таныстыру, тіл дамыту және көркем әдебиет)<br>Мақсат-міндеттері. Ауа райы мен климаттық жағдайлардың өзгеруін бақылау. Қазақстанның түрлі аймақтарында ауа райының түрліше болуы туралы түсінік беру.<br>Мақал-мәтел.<br>Егер жұмыс болмаса, кешке дейін күн де ұзақ.<br>Бақылау: желтоқсанда күн қысқа, түн ұзақ, соған назар аудару.<br>Балалардың сөздік қорының құрамына көңіл бөлу, табиғатқа | «Экологиялық тәрбие». Қылқан жапырақты ағаштарды бақылау<br>(қоршаған әлеммен таныстыру, тіл дамыту және көркем әдебиет)<br>Мақсат-міндеттері.<br>Өсімдіктердің жіктелуі туралы түсініктерді кеңейту: бұталар және ағаштар (бақша, орман).<br>Өсімдіктердің тірі тіршілік иелері екендігін, олардың өсуі үшін жарықтың, жылудың қажеттілігін анықтау.<br>Фариза Оңғарсынова "Шырша"<br>Ақ қырауға малынған<br>Ақша қардай сақалы.<br>Көптен күтіп сағынған | «Өнелегі тәрбие». Аула тазалаушының еңбегін бақылау.<br>(экологиялық тәрбие, қарым-қатынас іс-әрекеті, танымдық іс-әрекет, зерттеу іс-әрекеті)<br>Мақсат-міндеттері. Аула тазалаушының еңбегімен таныстыру, қызметі маңызын түсіну,<br>Балалардың еңбек етуге деген оң көзқарасын тәрбиелеу.<br>Өзгенің еңбегінің нәтижесіне құрметпен қарауға тәрбиелеу, ересектерге көмек көрсету ниеттерін қолдау.<br>Қауісіздік. Еңбек құралдарын | | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | қызығушылығын арттыру.<br>Дала аппақ, жапалақтап,<br>Қар жауып тұр тынбастан.<br>Қалың орман, қар жамылған,<br>Маужырайды түнгі аспан.<br>Өз бетімен ойындар.<br>(қоршаған әлеммен таныстыру, дене тәрбиесі)<br>Балаларды адамгершілікке, өзара көмек беруге, ренжіген балаға жанашырлық танытуға, бірге, келісіп ойнауға, құрдастарының өтініші бойынша ойыншықтарымен бөлісуге баулу.<br>Дене шынықтыру құралдарын, спорттық және қимылды ойындарға арналған атрибуттарды пайдалануға ынталандыру.<br><br>«Суық – ыстық» азқимылды ойыны<br>(дене тәрбиесі)<br>Мақсат-міндеттері. Қимылды ойындарда жетекші рөлді орындауға үйрету, ойын ережелерін саналы түрде сақтауға баулу.<br>Есту қасиеттерін, физикалық қасиеттерін дамыту.<br>Жүргізуші затты жасырған кезде оған қарауға тыйым салынады.<br>Жүргізуші залдан шығып кетеді, балалар затты жасырады. Осыдан кейін жүргізуші залға кіріп, балалар жасырып қойған затты іздей бастайды. Балалар оның соңынан еріп: суық ... жылы ... ыстық ... сөздерін айтып, жасырылған затты табуға көмектеседі.<br><br>«Ордан секіріп өт» ойын-жаттығуы.<br>(дене тәрбиесі)<br>Мақсат-міндеттері. 2–3 метр | Көрдік Аяз Атаны.<br><br>Қуансын деп балаша,<br>Безендірдік шыршаны.<br>Жымыңдайды – тамаша<br>Шыршамыздың мың шамы!<br><br>Тақпақтарды жаттадық,<br>Би де үйрендік, көрсін деп,<br>Аяз Ата шаттанып,<br>Бізге риза болсын деп.<br><br>«Бірінші бол» қимылды ойыны.<br>(дене тәрбиесі)<br>Мақсат-міндеттері. Белгі бойынша іс-әрекет жасай білуін бекіту (шананы айналу және өз орнына тұру), қосымша жаттығуларды орындау (шанаға отыру, 5 рет отырып-тұру және т.б) жылдам және ептен іс-әрекет жасау.<br><br>«Кім белгіден асырады?» қимылды жаттығуы.<br>(дене тәрбиесі)<br>Мақсат-міндеттері. Заттарды (құм салынған қапшықтарды немесе қарды) қашықтыққа лақтыру (3,5–6,5 метрден кем емес); шапшаңдыққа, дәлдікке, жігерлікке баулу.<br><br>Өз бетімен ойындар.<br>(қоршаған әлеммен таныстыру, дене тәрбиесі)<br>Балаларды адамгершілікке, өзара көмек беруге, ренжіген балаға жанашырлық танытуға, бірге, келісіп ойнауға, құрдастарының өтініші бойынша ойыншықтарымен бөлісуге баулу.<br>Дене шынықтыру құралдарын, спорттық және қимылды | қолдануда қауіпсіздік ережелерін сақтауға үйрету.<br>Терезе сыртында не деген ғажайып!<br>Алақай! Қыс түсті аулаға марқайып.<br>Аппақ қар, үлпілдек, жер бетін жаулаған,<br>Аулада балалар қарларға аунаған.<br><br>Аулашы ағайдың, байқасақ, таң атпай<br>Қолынан түспейді күрегі алыптай.<br>Көппіз ғой, балалар, шығайық аулаға,<br>Көмекші болайық аулашы ағайға.<br>(Дина Ахметова)<br><br>«Бос орын» қимылды ойыны.<br>(дене тәрбиесі)<br>Мақсат-міндеттері. Таныс ойындарды ұйымдастыруда бастамашылдық, дербестік танытуға баулу. Ойындарда физикалық қасиеттерді (жылдамдық, икемділік, ептілік, шапшаңдық) дамыту. Ойын ережелерін саналы түрде сақтауға баулу.<br><br>Қимылды ойын. «Нысанаға тигіз».<br>(дене тәрбиесі)<br>Оң және сол қолмен, көздеп лақтыру кезінде қалыпты жағдайды сақтай білу. Ойын барысында балаларды шапшаңдыққа, икемділікке баулу.<br>Қызығушылықтарын арттыру.<br><br>Өз бетімен ойындар.<br>(қоршаған әлеммен таныстыру, дене тәрбиесі)<br>Балаларды адамгершілікке, өзара көмек беруге, ренжіген балаға жанашырлық танытуға, бірге, | | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | қашықтыққа алға ұмтылып қос аяқпен секіру техникасын жетілдіру; физикалық қасиеттерді (күш, шыдамдылық, икемділік, ептілік) дамыту.<br><br>«Өнегелі тәрбие». Еңбек әрекеті: ойыншықтарды жинау.<br>(еңбек дағдылары, қоршаған әлеммен таныстыру)<br>Балаларды ойыншықтарға ұқыпты қарауға, берілген тапсырмаға жауапкершілікпен қарауға, ойыншықтарды жинауда тәрбиешіге көмектесуге баулу. | ойындарға арналған атрибуттарды пайдалануға ынталандыру.<br><br>«Өнегелі тәрбие». Еңбек әрекеті: ойыншықтарды жинау.<br>(еңбек дағдылары, қоршаған әлеммен таныстыру)<br>Балаларды ойыншықтарға ұқыпты қарауға, берілген тапсырмаға жауапкершілікпен қарауға, ойыншықтарды жинауда тәрбиешіге көмектесуге баулу. | келісіп ойнауға, құрдастарының өтініші бойынша ойыншықтарымен бөлісуге баулу. Дене шынықтыру құралдарын, спорттық және қимылды ойындарға арналған атрибуттарды пайдалануға ынталандыру.<br><br>«Өнегелі тәрбие». Еңбек әрекеті: ойыншықтарды жинау.<br>(еңбек дағдылары, қоршаған әлеммен таныстыру)<br>Балаларды ойыншықтарға ұқыпты қарауға, берілген тапсырмаға жауапкершілікпен қарауға, ойыншықтарды жинауда тәрбиешіге көмектесуге баулу. | | |
| **Серуеннен оралу** | Гигиеналық дағдылар<br>(мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет, тіл дамыту және көркем әдебиет)<br>Мақсат-міндеттері.<br>«Өнегелі тәрбие». Өзіне-өзі қызмет көрсету дағдыларын қалыптастыру: Балаларды киімдерін жүйелі түрде шешу, шкаф сөрелеріне киімдерін, кептіретін жерге қолғаптарын, аяқ-киімдерін орналастыру, қолдарын жуу.<br>Тамақтанар алдында, дәретханаға барғаннан кейін, ластанған кезде қолды өз бетінше сабынмен жууға үйрету. Тарақты, қол орамалды пайдалана білуді бекіту.<br>Балаларды ұқыптылыққа, тазалыққа, өзінің сыртқы келбетін қадағалауды әдетке айналдыруға баулу.<br>Балалардың түрлі әрекеттерінде көркем сөзге қызығушылыққа баулу.<br>«Үнемді тұтыну». Жуынғанда суды үнемді пайдалануға үйрету. | | | | |
| **Кешкі ас** | Гигиеналық дағдылар<br>(мәдени-гигиеналық дағдылар)<br>Мақсат-міндеттер: мәдени-гигиеналық дағдыларын жетілдіру.<br>Көркем сөз<br>Нан – ардақты адал ас,<br>Кәрі, жас одан аттамас.<br>Ақ дастархан үстінде,<br>Қол жумай оны ұстамас. | | | | |
| **Балалардың дербес іс-әрекеті (қимылдық, ұлттық, сюжетті-рөлдік, үстел үсті-баспа және басқа** | Кітап бұрышында: өткен тақырыптар бойынша суреттерді қарау, сипаттау; ертегілерді есте жаңғырту, кейіпкерлердің сөздерін қайталау.<br>Міндеттер. Қазақстан халқының мәдениетімен, салт-дәстүрлерімен таныстыру арқылы түрлі балалар | Кітап бұрышында: өткен тақырыптар бойынша суреттерді қарау, сипаттау; ертегілерді есте жаңғырту, кейіпкерлердің сөздерін қайталау.<br>Міндеттер. Қазақстан халқының мәдениетімен, салт-дәстүрлерімен таныстыру | Кітап бұрышында: өткен тақырыптар бойынша суреттерді қарау, сипаттау; ертегілерді есте жаңғырту, кейіпкерлердің сөздерін қайталау.<br>Міндеттер. Қазақстан халқының мәдениетімен, салт-дәстүрлерімен таныстыру арқылы түрлі балалар | | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| **ойындар), бейнелеу іс-әрекеті, кітап қарау және басқалары)** | әрекетінде балалардың ауызша сөйлеуін дамыту.<br>(коммуникативті дағдылар, тіл дамыту және көркем әдебиет, қазақ тілі)<br>Музыкалық аспаптармен ойындар. Балабақша туралы әндер тыңдау. (музыка)<br>Міндеттер. Балалардың музыкаға деген қызығушылығын тудыру, оны тыңдауға ынталандыру, музыкалық шығармаларды эмоционалды қабылдауды дамыту.<br>Өнер бұрышында балабақшаны, ойыншықтарды мүсіндеу, жапсыру, суретін бояу.<br>(шығармашылық дағдылар, сурет салу, жапсыру, мүсіндеу)<br>Міндеттер. Жапсыру мен шығармашылық әрекетке қызығушылықты, шығармашылық қабілетті, қиялды дамыту. Жеке заттарды және бірдей заттарды қайталап салу және олардың қасына басқа заттарды бейнелеу арқылы сюжеттік композицияларды салу.<br>Қолдың ұсақ және ірі моторикасын дамытатын ойындар. (құрастыру)<br>Міндеттер. Құрылыс материалдарынан, «лего» конструкторлардан құрастыру. | арқылы түрлі балалар әрекетінде балалардың ауызша сөйлеуін дамыту.<br>(коммуникативті дағдылар, тіл дамыту және көркем әдебиет, қазақ тілі)<br>Музыкалық аспаптармен ойындар. Балабақша туралы әндер тыңдау. (музыка)<br>Міндеттер. Балалардың музыкаға деген қызығушылығын тудыру, оны тыңдауға ынталандыру, музыкалық шығармаларды эмоционалды қабылдауды дамыту.<br>Өнер бұрышында балабақшаны, ойыншықтарды мүсіндеу, жапсыру, суретін бояу.<br>(шығармашылық дағдылар, сурет салу, жапсыру, мүсіндеу)<br>Міндеттер. Жапсыру мен шығармашылық әрекетке қызығушылықты, шығармашылық қабілетті, қиялды дамыту. Жеке заттарды және бірдей заттарды қайталап салу және олардың қасына басқа заттарды бейнелеу арқылы сюжеттік композицияларды салу.<br>Қолдың ұсақ және ірі моторикасын дамытатын ойындар. (құрастыру)<br>Міндеттер. Құрылыс материалдарынан, «лего» конструкторлардан құрастыру. | әрекетінде балалардың ауызша сөйлеуін дамыту.<br>(коммуникативті дағдылар, тіл дамыту және көркем әдебиет, қазақ тілі)<br>Музыкалық аспаптармен ойындар. Балабақша туралы әндер тыңдау. (музыка)<br>Міндеттер. Балалардың музыкаға деген қызығушылығын тудыру, оны тыңдауға ынталандыру, музыкалық шығармаларды эмоционалды қабылдауды дамыту.<br>Өнер бұрышында балабақшаны, ойыншықтарды мүсіндеу, жапсыру, суретін бояу.<br>(шығармашылық дағдылар, сурет салу, жапсыру, мүсіндеу)<br>Міндеттер. Жапсыру мен шығармашылық әрекетке қызығушылықты, шығармашылық қабілетті, қиялды дамыту. Жеке заттарды және бірдей заттарды қайталап салу және олардың қасына басқа заттарды бейнелеу арқылы сюжеттік композицияларды салу.<br>Қолдың ұсақ және ірі моторикасын дамытатын ойындар. (құрастыру)<br>Міндеттер. Құрылыс материалдарынан, «лего» конструкторлардан құрастыру. | | |
| **Балалардың үйге қайтуы** | «Отбасының денсаулық бағдарламасы». | Баяндама «Бала неге өтірік айтады?» | Кеңес «Тұмаудың алдын алу жолдары» | | |